

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАҒИ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2025. 12 (1)
қаңтар-наурыз

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2025
© Авторлар ұжымы, 2025

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті, (АҚШ)

Көкбаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Мунинов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Қубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:

№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография, археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Коллектив авторов, 2025

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2025
© Group of authors, 2025

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagol Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)


ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ / ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ /
HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES


Published in the Republic of Kazakhstan
Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 1, pp. 7-20, 2025
Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>


FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_1_7-20

THE HISTORY OF THE PEOPLES OF THE EURASIAN SPACE FROM ANCIENT TIMES TO THE XIII CENTURY IN THE WORKS OF WESTERN AND RUSSIAN RESEARCHERS

Ganiy Mukashevich Karasaev^{1}, Gabit Kapezovich Kenzhebaev², Rysgul Ramazanovna Ospanova³*

¹Institute of State History
(8, Mangilik El Aven., 010000 Astana, Republic of Kazakhstan)
Doctor of historical sciences
 <https://orcid.org/0000-0002-8579-79222>. E-mail: karasayev_gm@mail.ru
*Corresponding author

²Abay Kazakh National Pedagogical University
(25, Zhambyl Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Dean of the Faculty of History and Law
 <https://orcid.org/0000-0001-5341-5603>. E-mail: kgabit62@mail.ru

³Abay Kazakh National Pedagogical University
(25, Zhambyl Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor at the Faculty of History and Law
 <https://orcid.org/0000-0002-6173-2286>. E-mail: ablai_angel@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025

© Karasaev G.M., Kenzhebayev G.K., Ospanova R.R., 2025

Abstract. *Introduction.* The history of the peoples of the Eurasian space is reflected, among other things, in the works of Western and Russian researchers, which at one time had broad scientific significance, and are now becoming even more important. From these works one can learn about the course of state administration, public, economic, social phenomena that took place among the population of Western Siberia and the Altai Territory of that period. These works present a comprehensive history of Turkic peoples, including Kazakhs and their ancestors, who inhabited the region from ancient times until the mid – 18th century, as reflected in the European and Russian scientific environments. By analyzing such factual data in the mentioned works, the authors have drawn attention to the significance of these works in the science of Kazakhstan's history. It looks like you're summarizing an article focused on the historical and cultural significance of the West Siberian Altai and the role of the Kazakhs in the Middle Zhuz region. Here's a more concise version of the aims, methods, results, and conclusions: *Research Goals and Objectives.* The article aims to assess and highlight the contributions of Western and Russian research in understanding the history of the West Siberian Altai, particularly regarding the Kazakhs of the Middle Zhuz. It emphasizes the importance and novelty of these studies in shedding light on the region's historical significance. *Results:* The studies reveal significant insights into the nomadic lifestyle, agricultural practices,

metallurgy, military systems, and cultural developments of the region's peoples. A key finding is the role of the Great Silk Road in facilitating cultural exchange and enhancing connections between Eurasian societies. *Conclusion:* The works of Western and Russian scholars are crucial to understanding the history of Eurasia. They offer valuable insights into the cultures, lifestyles, and interactions between the peoples of the region. These studies contribute to ongoing research in the ancient history and culture of Eurasia, highlighting the importance of using diverse methods for a comprehensive historical analysis.

Keywords: Altai, Siberia, Miller, Fischer, Radishchev, metallurgy, Irtysh River, century

Acknowledgments. The work was carried out with the financial support of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (IRN No. BR 21882308) within the framework of program-targeted funding “Evolution of political institutions and structures in the history of Kazakhstan (XIX–XXI centuries)”.

For citation: Karashev G.M., Kenzhebayev G.K., Ospanova R.R. The history of the peoples of the eurasian space from ancient times to the XIII century in the works of western and russian researchers // Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”. 2025. Vol. 12. No. 1. Pp. 7–20. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_7-20

ЕУРАЗИЯ ӨңІРІ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КӨНЕ ЗЕМАННАН ХҮШ ҒАСЫРҒА ДЕЙІНГІ ТАРИХЫ БАТЫС, ОРЫС ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА

Ганий Мұқашұлы Қарасаев^{1}, Габит Канезович Кенжебаев², Рысгуль Рамазановна Оспанова³*

¹Мемлекет тарихы институты

(8-үй, Мәңгілік ел даңғ., 010000 Астана, Қазақстан Республикасы)

Т.ғ.д.

 <https://orcid.org/0000-0002-8579-79222>. E-mail: karasayev_gm@mail.ru

*Автор-корреспондент

²Абай атындағы ҚазҰПУ

(25-үй, Жамбыл көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)


Т.ғ.д., академик ҚР ҰҒА, Тарих және құқық факультетінің деканы

 <https://orcid.org/0000-0001-5341-5603>. E-mail: kgabit62@mail.ru

³Абай атындағы ҚазҰПУ

(25-үй, Жамбыл көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих және құқық факультетінің доценті

 <https://orcid.org/0000-0002-6173-2286>. E-mail: ablai_angel@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Қарасаев Ғ.М., Кенжебаев Ғ.Қ., Оспанова Р.Р., 2025

Аңдатпа. *Kipicne.* Еуразия өңірі тұрғындарының тарихы батыс, орыс зерттеушілерінің өз кезінде кең ғылыми маңызға ие болған, қазір де келелігі арта түсіп отырған туындыларынан сол уақыттағы Батыс Сібір және Алтай өңірі тұрғындары арасында қалыптасқан мемлекеттік басқару, қоғамдық, шаруашылықтық, әлеуметтік, құбылыстардың барысын, осы бағыттағы нақты деректер негізіндегі орын алған жағдайларды білуге болады. Солардың қатарындағы жоғарыда аталған туындыларда кең байтақ Еуразия аңғарын ерте заманнан онсегізінші жүзжылдықтың ортасына дейін мекендеп келе жатқан осы өңірдің негізгі тұрғындары, солардың қатарында қазақтардың Орта жүзі құрамына кірген жекелеген руларының әлеуметтік, шаруашылықтық, тағы да басқа бағыттардағы барша өткен тарихы баяндалған. *Мақсаты мен міндеттері:* Зерттеушілер XVIII ғасырдың екінші жартысында жарияланып, бірден тарихи маңыздылығымен ерекшеленген осы кітаптарында өздеріне дейінгі нақты тарихи деректерге талдау жасай отыра, бұл туындылардың аталған өңір тұрғындарының

бірнеше ғасырлық тарихи маңызын айқындауға назар аударды. Сондықтан да осы мақаланың да алдына қойылған жоспары – Миллер, Фишер, Радищевтің жоғарыдағы аталған мақсатта жазылып, жарық көрген еңбектеріне талдау жасай келе, оларға ғылыми тұрғыда баға беру болды. Бұлармен бірге аталған шығармаларда баяндалатын осы өңірді мекендеп келген Орта жүзі руларының құрамында болып, өлкенің саяси, әлеуметтік және шаруашылықтық тарихында айтарлықтай із қалдырған, сонымен қатар Көшім хандығы тұрғындарының басым бөлегін құрап, оның қуаттылығын арттырудағы ерекше орны болған қазақтардың Батыс Сібір, Алтай аймағының сол уақыттағы тарихын жасаудағы істеріне баға беру де мақаланы жазудың басты міндеттерінің қатарына енді. *Нәтижелер.* Мақалада XVI ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың ортасына дейінгі Еуропа және Ресей тарихшылары, саяхатшылары, өлкетанушыларының Еуразия өңірі халықтарының, нақтылап айтқанда Батыс Сібір мен Алтай аймағын мекендеген байырғы тұрғындардың тарихы сипатталған. Осылардың қатарындағы құрамына қазақ рулары да енген түркілік тұрғындардың тарихына ғылыми негізде сипаттамалар жасалды. Осылардың ішінде көне замандардан бастап XVIII ғасырға дейінгі тарихы бойынша орта ғасырлардан XIX ғасыр ортасына дейінгі еуропа және ресейлік белгілі ғалымдар, өлкетанушылардың еңбектеріне қысқаша шолу жасалынып, неміс ғалымдары Миллер, Фишер және Ресей зерттеушісі Радищевтің шығармаларына кеңінен талдау берілді. *Қорытынды.* Батыс және орыс зерттеушілерінің еңбектері Еуразияның көне заманнан XVIII ғасырға дейінгі тарихын түсінуге үлкен үлес қосты. Олар әртүрлі ғылыми бағыттар арқылы Еуразия халықтарының мәдениеті мен тұрмысын, сонымен қатар аймақтық байланыстарды зерттеп, айтарлықтай нәтижелерге жетті.

Түйін сөздер: Батыс Сібір, Алтай, Миллер, Фишер, Радищев, Сібір хандығы, жоңғарлар, Тау-кен ісі, Ертіс өзені, XVIII ғасыр

Алғыс. Жұмыс «Қазақстан тарихындағы саяси институттар мен құрылымдардың эволюциясы (XIX–XXI ғғ.) (ЖТН № BR21882308) мақсатты-бағдарламалық қаржыландыру аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрілігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды.

Дәйексөз үшін: Қарасаев Ғ.М., Кенжебаев Ғ.Қ., Оспанова Р.Р. Еуразия өңірі тұрғындарының көне заманнан XVIII ғасырға дейінгі тарихы батыс, орыс зерттеушілері шығармаларында // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2025. Т. 12. № 1. 7–20 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_7-20


ИСТОРИЯ НАРОДОВ ЕВРАЗИЙСКОГО ПРОСТРАНСТВА С ДРЕВНЕЙШИХ ВРЕМЕН ДО XVIII ВЕКА В ТРУДАХ ЗАПАДНЫХ И РУССКИХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ

Ганий Мукашевич Карасаев¹, Габит Капезович Кенжебаев², Рысгуль Рамазановна Оспанова³

¹Института истории государства МНВО РК

(д. 8, просп. Мәңгілік ел, 010000 Астана, Республика Казахстан)

Д.и.н., профессор


 <https://orcid.org/0000-0002-8579-79222>. E-mail: karasayev_gm@mail.ru

*Автор-корреспондент

²КазНПУ имени Абая

(д. 25, ул. Жамбыла, 050010 Алматы, Республика Казахстан)


Д.и.н., Академик НАН РК, декан факультета истории и права

 <https://orcid.org/0000-0001-5341-5603>. E-mail: kgabit62@mail.ru

³КазНПУ имени Абая

(д. 25, ул. Жамбыла, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

К.и.н., доцент факультета истории и права

 <https://orcid.org/0000-0002-6173-2286>. E-mail: ablai_angel@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Уалиханова, 2025

© Карасаев Г.М., Кенжебаев Г.К., Оспанова Р.Р., 2025

Аннотация. *Введение.* История народов евразийского пространства отражена в том числе и в трудах западных и русских исследователей, которые в свое время имели широкое научное значение, а теперь становятся еще более важными. Из этих трудов можно узнать ход государственного управления, общественных, хозяйственных, социальных явлений, имевших место среди населения Западной Сибири и Алтайского края того периода. В этих произведениях представлена всесторонняя история тюркских народов, в том числе казахов и их предков, населявших регион с древних времен, до середины 18 века, отраженная в европейской и российской научной среде. Анализируя такие фактические данные в названных произведениях, авторы обратили внимание на определение значения указанных произведений в науке истории Казахстана. Данный текст представляет собой обзор научных исследований, касающихся истории населения Евразийского региона, в частности, Западно-Сибирского Алтайского края. *Цели и задачи:* Авторы статьи стремятся дать научную оценку произведениям, опубликованным с целью изучения истории Западно-Сибирского Алтая, особенно в контексте нахождения казахов в составе Среднего жуза. Работа ставит задачу подчеркивания новизны и значимости этих произведений для изучения истории региона. *Результаты:* Работа исследователей приводит к значимым выводам о жизни народов Евразии. В частности, анализируются особенности кочевого образа жизни, развитие сельского хозяйства, металлургии, военного дела и культуры. Одним из важных элементов является исследование Великого Шелкового пути, который способствовал обмену культурами и укреплению связей между народами региона. *Вывод:* Труды западных и российских исследователей сыграли ключевую роль в понимании истории Евразии, освещая культуру и быт народов, а также взаимодействие между регионами. *Результаты* этих исследований продолжают оставаться важным вкладом в науку о древней истории и культуре Евразии. Этот обзор подчеркивает важность комплексного подхода в исследовании истории, применяя различные методы для более полного и глубокого анализа прошлых эпох.

Ключевые слова: Западный Сибирь, Алтай, Миллер, Фишер, Радищев, Сибирское ханство, джунгары, Горное дело, река Иртыш, XVIII век

Благодарность. Статья подготовлена и опубликована при финансовой содействии Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках программно-целевого финансирования «Эволюция политических институтов и структур в истории Казахстана (XIX–XXI вв.)» (ИРН № BR21882308).

Для цитирования: Карасаев Г.М., Кенжебаев Г.К., Оспанова Р.Р. История народов евразийского пространства с древнейших времен до XVIII века в трудах западных и русских исследователей // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2025. Т. 12. № 1. С. 7–20. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_7-20

Кіріспе

Тақырып өз кезінде кең ғылыми маңызға ие болған, қазір де келелігі арта түсіп отырған туындыларынан сол кезеңдегі Батыс Сібір және Алтай өңірі тұрғындары арасында қалыптасқан мемлекеттік басқару, қоғамдық, шаруашылықтық, әлеуметтік, құбылыстардың барысын, осы бағыттағы нақты жағдайларды білуге болады.

Егер де жоғарыдағы авторлардың еңбектеріндегі баяндалған нақты тарихи деректердің мазмұндарын саралайтын болсақ, бұл шығармалардың негізгі тарауларында XVIII ғасырдың басына дейінгі Батыс Сібір, Алтай өңірін мекен еткен халықтардың, солардың ішінде осы жерлерде саяси, шаруашылықтық, сыртқы қатынастарда үлкен ықпалдылық жағдайға ие болған жаотылай көшпелі өмір салтын ұстанған, құрамында қазақтардың Орта жүзі рулары басымдық танытқан Сібір хандығының тарихынан молынан тың деректер келтіріледі.

Мақалада бұл айтылғандармен бірге Еуропа және ресей зерттеушілері тарапынан Еуразия аңғарына орналасқан қазіргі қазақ жерінің табиғатын, жергілікті тұрғындардың

мәдениеті, тұрмысы, салт-дәстүрлері мен шаруашылық жағдайларымен танысуға деген ұмтылыстың мақсаттары да баяндалған. Солардың қатарындағы маңыздысы, көптеген жерлерді өзіне қоса отыра, ықпалы әлемнің сол уақыттағы бірнеше құрлықтары жерлеріне тараған Шыңғысқанның көшпелі империясы және оның заңды мұрагері саналып келгендердің қатарындағы Сібір хандығының өздеріне дейінгі тарихының толығынан белгісіз болып келгендеріне орай, осы мемлекеттің өткеніне талдау жасап, Еуропа жұртшылығына таныстыру Еуропа, Ресейдің XVIII–XIX ғасырлар көлеміндегі негізгі жоспарларына айналғандығын көрсету де жазудың негізгі мақсаты болып табылды.

Осындай мақсаттағы Еуразия аймағы тұрғындары, соның ішінде бүгінгі уақыттағы Қазақ жеріне мақсатты негіздегі саяхаттар жасау осындай әлемдік деңгейдегі халықаралық қатынастардың орнай бастауына байланысты он үшінші жүзжылдықтан бастау алды.

Осы жүзжылдықтың бірінші жартысында Алтын Орда мемлекетіне арнайы тапсырмамен сапар шеккен Батыс Еуропалық дін қайратерлері тұңғыш рет Қазақ даласында болып, негізгі тапсырмаларының бірімен бірге жергілікті тұрғындардың, олардың кәсіптері, сенімдері мен шаруашылықтары, өлкенің табиғат жағдайлары туралы маңызды жазба деректер дайындап, жариялады.

Бұл алғашқы сапардан кейінгі мерзімдерде бұрын өздеріне жеткілікті тұрғыда болып келген Орталық Азия өңіріне, соның ішінде қазақ даласында әр түрлі мақсаттағы шетелдік зерттеушілердің одан ары болулары молая түсті.

Егер де жүйелі тұрғыда тоқталатын болсақ, олардың қатарында XVI ғасырда өмір сүріп, құнды тарихи кітаптар шығарған Қасиетті Рим империясының дипломаты, тарихшы, саясаткер Сигизмунд (Зигмунд) фон Герберштейнді ерекше атап кетуге болады. Оның негізгі шығармасы 1549 жазылып, жарық көрген «Записки о Московии» атты кітабына бұрын Еуропа жұртшылығына толық таныс болмаған қазақ даласы, оны мекендеген ру, тайпалар одағы, алғашқы мемлекеттік бірлестіктер туралы бағалы деректер (Герберштейн, 1884: 343) келтірілген.

XVIII ғасырдан бастап жергілікті қазақтардың жан-жақты тарихына арналған жазбаша шығармалар молайып, авторлардың бұл туындыларымен Еуропа, Ресей оқырмандарының танысуына мүмкіндік туды. Осылар арқылы сол мерзімдердегі Еуразия аңғарының орталығындағы кең байтақ өңірді тарихи ата қоныстары еткен қазақ руларының жан-жақты тарихы шет елдерге белгілі бола бастады.

Мысалы, XVIII ғасырдың басында Қазақстанның шығыс аймағында болған И.И. Гмелин де қазақтар туралы (Перевод с предисловия, 1749: 5–28), – көптеген мысалдар жазады.

XVIII ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында болған зерттеушілер мен саяхатшылардың қатарына гректік саяхатшы Христофор Барданесті жатқызуға болды. Аталған еңбек XVIII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ даласына жасаған сапары құнды (Фальк, 1771: 18), – анықтама береді.

Қазақстанның шығысы, Алтай өңірі қазақтарының XVIII ғасырдың соңына дейінгі тарихын зерттеумен орыс және швед зерттеушісі, натуралист және ботаник Иоганн Петер Фальк те шұғылданып, бұл тақырыпқа арналған еңбек жазып, шығарды (Записки путешествия Академика Фалька, 1824: 40).

Материалдар мен әдістер

Қазақ халқының осы кезеңдегі тарихын талдап, жариялауға таға да басқа еуропалық, ресей зерттеушілері, өлке танушылары қызығушылық танытты. Атап айтқанда бұл тақырыпқа неміс зерттеушісі Карл Риттер (География страны, 1859: 129–131), Н.Я. Бичурин (Историческое обозрение, 1854: 55–56), (Описание Джунгарии и Восточного Туркестана, 1829: 144–145), Александр Гумбольдт (Гумбольдт, 1857: 22), неміс ғалымы К. Ледебур (Путешествие по Алтайским горам и предгорьям Алтая, 1829: 36), венгрлік шығыстанушы А. Вамбери (Вамбери, 1868: 273) өз шығармаларын арнады.

Қазақ жері және оның байырғы тұрғындарының көпбағытты тарихына арналған еуропа және ресей ғалымдары, өлкетанушыларының мақалалары мен шолулары XIX ғ. бірінші

жартысында Санкт-Петербург қаласында шығарылып келген «Сибирский вестник», және «Азиатский вестник» журналы сандарында да жарияланып келді. Мысалы, «Сибирский вестник» журналының 1818 жылғы санының екінші бөлігінде «О Сибирских древних курганах» деген шолу жарияланып, онды Қазақстанның шығыс өңірінен табылған «Көне чюд кен орындары туралы баяндалған» (Спасский, 1818: 20).

Ал, 1826 жылғы «Азиатский вестник» атты басылымның 9 және 10 кітапшаларында еуропалық зерттеушілер Г. Лебедур, Мейер және Бунгенің Сібірдегі Алтай таулары мен Қырғыз-қайсақ даласының бір бөлегіне жасаған сапарының қорытындысы (Азиатский вестник, 1826: 131) жарық көрген.

«Азиатский вестник» журналының 1826 жылдың сәуір айындағы санында «Киргиз-кайсаки» деген көлемді шолу беріліп, XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдың басындағы олардың шығу тегі, тілдері мен көрші халықтармен қатынастары туралы мәліметтер (Азиатский вестник, 1826: 369–370), – келтірілген.

Батыс және орыс зерттеушілері еңбектерінде кең байтақ Еуразия аңғарын ерте заманнан онсегізінші жүзжылдықтың ортасына дейін мекендеп келе жатқан осы өңірдің негізгі тұрғындары, солардың қатарында қазақтардың әлеуметтік-экономикалық шаруашылық бағыттағы өмір тіршілігі баяндалған зерттеулер нысанаға алынды. Еуразия өңірі тұрғындарының тарихын зерттеу үшін көптеген әдістер қолданылған. Батыс және орыс зерттеушілері XVIII ғасырға дейінгі кезеңде Еуразияның көне тарихы мен мәдениетін түрлі тәсілдермен зерттеді. Олардың зерттеу әдістері түрлі кезеңдер мен тарихи жағдайларға байланысты әр түрлі болды. Этнографиялық әдістер, Картографиялық әдістер, салыстырмалы әдістер, құжаттар мен матиралдарды талдау, саралау, сараптамалық талдау жасау. Осы әдістерді қолдана отырып, батыс және орыс зерттеушілері Еуразияның көне тарихын, оның тұрғындарының мәдениетін, әлеуметтік құрылымын және этникалық құрамын түсінуге тырысты. Әрбір әдіс өзінің ерекшеліктері мен кемшіліктері бар, сондықтан оларды кешенді түрде қолдану маңызды. Еуразия өңірі тұрғындарының тарихы мен мәдениетін зерттеу барысында батыс және орыс зерттеушілерінің шығармаларын талдау ерекше маңызға ие.

Міне сондықтан да, бұл мақалада XVIII ғасыр мерзіміндегі Батыс Сібір, соның ішінде қазақтардың Орта жүзі руларының төл мекені болып келген Алтай өңірінде болып, жергілікті тұрғындар тарихынан әр бағыттағы құнды жазба деректер қалдырған бірнеше ауропалық, ресейлік зерттеушілердің шығармаларына талдау жасалады.

Зерттеу жұмысы барысында тарихи материалдарды жинақтау, жүйелеу, топтастыру, сипаттаумен қатар салыстырмалы әдістер қолданылды. Ғылыми жұмыста қалыптасқан тарихнамада шынайылыққа жетелеудің кешенділік, сұрыптау әдістері пайдаланылды. Тарихи принциппен қарауға мейлінше талпыныс жасалды.

Талқылау

XVIII жүзжылдықтың келесі бөлегінен аталған мерзімдегі танымал немістік және ресейлік зерттеушілер (Миллер, Фишер, Радищев) үздіксіз атқарылған жұмыстарының қорытындысында Орыс патшалығын біртіндеп мойындай бастаған барша Сібір халықтарының өткенін, сол мерзімдегі жағдайларын баяндайтын кітаптарын шығарды. Аталған тарихи еңбектер бүгінгі күнге дейінгі көрсетілген өлкенің жан-жақты тарихын қарастырып, қазіргі уақытқа дейін келелігі ескірмеген шығармалар болып отыр. Бұл туындыларда Еуропа елдері мен Ресейліктерге жоғарыдағы өңірлерді ерте уақыттан ата-қоныстарына айналдырған тұрғылықты халықтардың, солардың құрамындағы қазақтардың Орта жүзі руларының онсегізінші жүзжылдыққа дейінгі көпсалалы өткенінен мәліметтер беріледі. Атап айтқанда, сол мерзімдегі еуропалық ғылыми ортаға белгілі болған еуропалық зерттеуші, алайда Ресейде қызмет етіп, үлкен ғылыми туындылар жазған ресейлік императорлық Ғылым академиясының академигі Миллер Герхард Фридрих (1705–1783 жж.) өзінің көптеген шығармаларының ішіндегі маңыздысы – XVIII ғасырдың екінші жартысында өз уақытында әлемнің көптеген тілдерінде қайтадан шығарылған бесжүз беттен асатын тарихи кітабында (Миллер, 1750: 510) ұзақ жылдар бойы жинаған құнды жазба мәліметтерге талдау

жасай отыра, Сібірдің батыс аймағының, соның ішінде Алтай өңірінің ерте кезеңнен басталатын өткенін зерделеп, осы өңірлерді ата қоныстары етіп келген халықтардың шығу тегі, шаруашылықтары, мемлекеттік құрылымдары, тағы да басқаларға ғылыми сипаттама жасап, баға берген. Аталған кітабында зерттеуші «Сібірдегі бірінші және ең басты халық Тобыл, Ертіс, Обь және Енисей маңайын және осы өзендерден бастау алатын даланы мекендейтін татарлар» (Миллер, 1750: 12), – деген қорытынды жасайды. Ғалымның осы шығармасындағы баяндаған ұсыныстары негізінде бұл өңірлерді мекендеп келе жатқан шығу тектері тамырлас халықтарын «татар» деген жиынтық есіммен атаған. Бұдан кейін ол: «Қырғыздар деп аталатын халық Енисейдің жоғары ағысы арқылы Ішкі Сібірді мекендейді. Қырғыздардың бұрынғы қоныс еткен жерлеріне келетін болсақ, Ресей билігі кезіндегі жерлерінен айырмашылығы мол. Әбілғазы олардың жерлері оған 1. Көкмұран, 2. Онмұран, 3. Қараүйсін, 4. Себикан, 5. Икран-Мұран, 6. Ақмұран, 7. Цағанмұран, 8. Ходвамұран деп аталатын сегіз өзен келіп құятын Икар немесе Икран-Мұран өзенінен алыс емес жерлер» (Азиатский вестник, издаваемый Григорием Спаским, 1826: 369–370), - деген қорытынды жасай отыра, баяндалған мерзімдегі батыс Сібірдің қиыр шетін мекендеп келе жатқан түркі текетес тұрғындардың тарихи жерлеріне де талдау жасайды. Зерттеуші осы жазба туындысында: Тобольскіде болғанымда маған суреттері нашар «Тобольскіде болғанымда маған суреттері нашар орыс тілінде жазылған қағазды көрсетті. Онда Ишим (Есіл) өзені маңайындағы Он-Сом ханның иелігіне қараған Ертіс өзеніне құятын Красный яр жар (Татарлар Қызыл жар деп атайды) өзені бойында үш жағынан дуалмен қоршалған Қызыл тура деп аталған оның астаналық қаласы негізделген. Оның қазіргі атауы Ертіс деген ұғымна тарайтын Иртышак болған деп жазылған» (Миллер, 1750: 39), - деген мазмұндағы қорытынды жасап, аталған тарихи құрылыстың негізделу жолын жазған. Аталған тақырыпты жалғастыра келе автор: «Монғол ханы немесе патшасы Шыңғыс Бухарияны өз билігіне алды, ал Касак ордасының, немесе қазіргі күнгі атауы Қырғыз-Қасақтардың ханзадасы, Мамық-ханның ұлы Тайбұға одан Ертіс, Тобыл, Ишим мен Тура өзендері маңайындағы жерлерге иелік етуді сұрады және оған рұқсат алды, өзінің ұрпақтарына мұраға қалдырды» (Миллер, 1750: 41), - деген сипаттама жасап, Алтын Орда мемлекеті тарауынан бастау алатын жаңа хандықтың одан арғы істеріне талдау жасаған.

«Жоғарыда аталған Тайбұға. Алайда ол, - деген сипаттама жасайды Миллер, – Ишим өңіріне билік еткен Онханның немесе Қырғыз – Қасақ ханы Мамықтың ұлы болды ма, оны анықтау мүмкін емес.

Көшім өзінің көптеген адамдарымен Сібірге келіп, маңайындағы барлық жерлерге иелік ету арқылы хан болуға танылып, сол жерлерге иелік ете бастады. Ұлы Шыңғысханнан тараған Көшімханның және оның бабаларының шығу тегі туралы Әбілғазыдан қарау керек, алайда оның шығармаларын француз тіліне аударғанда жекелеген есімдер татарша оқып, айтылатын нұсқалары ескерілмей, дұрыс жазылмаған. Тобольскідегі Бұхарадан келген бір діни адам Абылғазының Татар тіліндегі қолжазба кітабынан родословияны төмендегідей мазмұнда аударды: Шыңғысханның баласы Жошы, ал оның ұлы Шейбани хан Бұхарада билік еткен және мұсылман дінін қабылдаған; оның ұлы Батур хан, оның ұлы Жуши хан, оның ұлы Бадькүль, оның ұлы Мунға темір, оның ұлы Беконди оғлан, оның ұлы Әли оғлан, оның ұлы Альцимет хан. Алцимет ханның екіұлы болған, біреуі Ибақ келесісі Мамут хан. Мамуттың ұлы Мұртаза, ал оның ұлы Көшім хан. Бұдан кейін Әбілғазы Көшім ханның мемлекетті басқарған кезі туралы жазады. Атап айтқанда, Әбілғазының дерегіне орай ол Сібірде 40 жыл билік құрған, мемлекетке билік жасауы 1595 жылға дейін жеткен» (Миллер, 1750: 4–5, 51).

Нәтижесі

Тарихи шындыққа сай пайдаланылған мағлұматтары негізінде зерттеуші Оңтүстік Сібірді мекендеп келген халықтардың басым бөлегі қазақ рулары өкілдері болған Көшім мемлекетінің ХҮІ ғасырдағы өткенінен құнды мысалдар келтіреді. Сонымен қатар өлкетанушының: «Олар (Төленгіттер, – Ғ.Қ.) Қалмақтар Монғол Алтын ханы мен ғана емес, қазір Қырғыз-қазақтар деп аталатын Қазақ Ордасымен де соғыс жағдайында. Мұнымен бірге

өздерінің ішінде де бірліктері жоқ» (Миллер, 1750: 141–415), - деген тұжырымы оналтыншы жүзжылдықтың бірінші жартысындағы орын алған екі хандық арасындағы өзара байланыстың нақты жағдайларын паш етеді.

Сібірдің, соның ішінде Алтай өңірінің онсегізінші жүзжылдықтың басына дейінгі өткен кезеңін зерттеумен осы мерзімдегі бұл өңірде болып, оның табиғаты, жер жағдайы, жергілікті тұрғындарының тұрмыстарымен барынша танысып, қорытындысын алдымен неміс, одан ары орыс тілінде жариялаған тарихшы, өлкетанушы сол уақыттағы Еуропа мен Ресей қоғамына белгілі болған неміс зерттеушісі Иоганн Эбергард Фишер (1697–1771) болды. Ол өзінің бұл туындысында ғылыми ортаға аса құнды деректері арқылы аталған өңірдегі жергілікті тұрғындар, солардың негізін құраған түркі тайпалары, олардың мемлекеттік бірлестіктері, тағы да басқалары туралы туралы деректер жеткізеді. Осылардың ішіндегі құндысы Сібірдің оңтүстік-батыс және Алтайдың оңтүстік жерлерін ата қоныстары еткен қазақтардың Орта жүзі руларына сипаттама береді. Оның баяндауынша «Барлық осы аймақтағы жерлердегі байырғы тұрғындардың көпшілігінің сенімдерінде пұтқа табынушылық басым. Бұл өңірлерді қоныс еткен әр түрлі халықтардың күнделікті тұрмыс-тіршіліктері, сенімдері, тілдері мен сыртқы бет-пішіндері ұқсас; солардың қатарындағы барлығына ортақ құбылыс-біраздаған пұтқа табынудан христиан дінін қабылдаған татарларды есепке алмағанда еш біреуі де егіншілікпен айналыспайды. Сібірдегі көне тұрғындардың қатарына Қара-Қытайлар мен Қырғыздар жатады; соңғысының көптеген наразылықтары әлі ұмытылған жоқ» (Фишер, 1866: 8). Осындай қорытындылары бойынша зерттеуші өңірді мекен еткен қазақ руларының патшалық отарлауды бірден мойындамағандығынан мысалдар келтіреді. Өз ойын жалғастыра отыра Фишер: «Қоныс аударып келген барлық Орда тұрғындарына бірден «Қырғыз» деген атау берілді деп есептеу дұрыс емес. Олар да тағы да басқа монғол халықтары сияқты жағдайға ұшырап, кейбіреулері бұрынғы мекендерінде қалды, ал, келесілері бір-бірлерінен алыс, жаңа жерлерге орналасты. Оған мысал, бұрынғы қоныстарынан ажырап, есімдері ұмытылып, батыста өзбектер арасына, ал шығыста Леаотонг провинциясынан жоғары өңірдегі Сира өзеніне келіп орналасқан наймандар болып табылады. Егер де қырғыздарға ерекше тоқтайтын болсақ, Әбілғазының жазуынша, олардың кейбіреулері өзбектердің арасына орналасқан» (Фишер, 1866: 57), - деген қорытындылауы арқылы осы өңірдегі сол мерзімдегі санының молдығымен ерекшеленген қазақтардың аталған руына арналған маңызды сипаттама жасайды.

Зерттеушінің одан кейінгі баяндауынша: «Қазақ ордасы, және Сырт өзенінің жоғары ағысын қоныс еткен олардың көршілері Бұрыттар да Қырғыздар деп аталады. Осыдан барып, кейбір нақты дәлелдердің негізінде «Қырғыздар» деп аталатын халықтардың барлығы шығу тегі ортақ деген пікірге келемін, солардың ішіндегі бұрыт қырғыздары мен өздерінің көршілері – Қырғыз – Козактармен ешқандай даусыз бір халықты құрайды және олардың екеуі де өзінің ағасы Батый ханнан үлес алған Шейбан-ханның ұлысының мұрагерлері» (Фишер, 1866: 59), - делінген қорытынды бағаның ғылыми келелігі үлкен екендігі анық. зерттеуші осы шығармасында: «...менің пікірімше, «Козак», ұғымы бір халықтың атауын бермейді, адамның тұрмыс жағдайын білдіреді. Бұл ұғымның татар тіліндегі мағынасы – жанұясы немесе тұрақты мекені жоқ адам. Міне, осыдан барып, мұндай адамдар көптеген істерге баруға мүдделі, солардың ішінде өздерінің жоғалтатын ештеңелері болмағандықтан және жанұяларының жағдайын ойламайтындықтан, осындай істері арқылы батылдығымен белгілі болған олар тонаушылық пен жаугершілікке бейім және бұйырық берілген әрбір жорыққа, әрекетке дайын болады. Мұндай ұғым жаугершілікке бейім, тынышсыз Қазақ ордасының істеріне дәл келеді, міне осылай, олар өздерінің жаугершіліктері, жорықтары арқылы әрқашан басқа халықтардан асып түскен болар, сондықтан да бұл атау тағы да басқа татар халықтарына берілген болар» (Фишер, 1866: 60), - дей келе өзінің тұжырымын баян еткен. «Қыпшақ» есімі осы өңірдегі бірнеше байырғы тұрғындарда кездеседі. Аталған анықтама ертеден бері пайдаланылып келеді. Орта ғасырлық шығыстық тарихшы Әбілғазының айқындауынша бұдан бірнеше ғасырдан бұрын белгілі. Оттаман түріктері билеушілері арасында аталған анықтама жоғары дәреже деп бағаланады» (Фишер, 1866: 62), -

деген мазмұндағы анықтамасы да жоғарыдағы көрсетілген ру есімінің түркілік тұрғындар арасында кеңінен белгілі болғандығын көрсетеді.

Зерттеуші бұл айтылғандармен қатар онжетінші жүзжылдықтың басындағы қалыптасқан қазақ-қалмақ байланыстары және осы мерзімдегі Ресей патшалығының жүргізген саясатына жаңа жазба мағлұматтар арқылы да сипаттама жасаған. Аталған орын алған жағдайлар туралы Фишер: «Насонов қайтып келген соң Тобол воеводасына өзіне тапсырылған істер туралы, атап айтқанда, 1643 жылы Қонтайшыға өзара орын алған келіспеушіліктер, соның ішінде Қырғыздардан өз жерін қорғаудың жолдары және оны бар күштерімен қорғаудың қажеттігі көрсетілген сенім хатын жеткізу туралы мәлімдеме жасады. Алайда, хатты жеткізуші Григорий Ильин Қонтайшыны Қырғыз-Қайсақтарға қарсы жорықта болғандықтан өзінің Ургасында («Урга» татар және монғол тілдерінде «Ханның Ұлысы» деген мағына береді) кездестіре алмай, елшіні оның бас әйелі Дара Уба Залча, Тайша Урлука (қызы) қабылдап, екі орам матадан тұратын оның силықтарын алды» (Фишер, 1866: 442), - деген сипаттама береді. Талдама берілген мерзімдегі Батыр хан билік еткен Қалмақ хандығы мен Есім, одан ары оның мұрагері Жәңгір басында болған Қазақ мемлекеті арасындағы шиеленісті оқиғалардың себептері және оның барысын сол уақыттағы әртүрлі жазба деректерді орнымен пайдалана отыра шеберлікпен жариялай білген. «Басында баяндалған, - деп жазады ғалым, – Қырғыз хандығы, немесе басқа мәліметтерде «түркістандықтар» деген есім алған «Қырғыз-қайсақтарға» қарсы жоңғарлардың шабуылына тоқтайтын болсақ, қалмақ билеушісі Батур 1635 жылы «Түркістан билеушісі» Есім ханға қарсы шапқыншылық жасады.

Осы Хан Есімнен Абулғазы жеке басына қатер төнгенде өзін қорғау үшін оған көшіп баруды сұраған. Есімнің мұрагері сұлтан Жәңгір бұл шайқаста «Қырғыз-Қайсақ» қолына жетекшілік етті, бірақ та байқамай кездейсоқта жоңғарлардың қамауына ұшырады.

Алайда, нақты себептері анықталмаған оқиғалар нәтижесінде қамаудан азат болып, өзінің жоңғарлармен күресін одан ары жалғастырды. Осындай себептерден барып Жоңғар ханы Батыр онжетінші жүзжылдықтың қырықүшінші жылы жақтастарының қолдауына сүйене отыра, 50000-нан астам әскер дайындап, 10000-дейін жасақ құрып үлгерген Алатау қырғыздары мен Тоқыман өңірі тұрғындарын өзіне қаратты. Тура осы мерзімде Сұлтан Жангир өзінің бар мүмкіндігінше 600-сәл ғана артық қол дайындай алды және осы әскерлерді шеберлікпен орғаластыра отыра, олардың бір бөлегін қарсы тау сайдың тура ортасына қалдырып, ұзын орлар қазып, жауды көрінбей қарсы алуды шешті. Қолының келесі бөлегімен жоңғар әскерлері терең сайлар арқылы шығуға деген қимылдарын тосу мақсатымен биік тау басына барып, бекінді.

Одан кейінгі жағдай Жангирдың жоспарлауымен ұласты. Жоңғар басшысы батырлықпен қарсылық көрсетіп жатқан қарсыласына қарай бар күштерімен ұмтылды. Тура сол уақытта осындай жағдайды күткендей, Қазақ ханы қарсыласының артқы жағына лап қойып, қолдарындағы мылтықтарымен толассыз атқылап, қарсыласы көптеген адамдарынан айырылды. Жағдайдың осындай шешуші сәтінде Татар қолбасы Жалантос 20000 әскермен жоңғарлардың келесі жағынан шығып үлгерді. Осындай күтпеген оқиға Жоңғар билеушісін састырып, ол жаңа келетін шығыннан сескеніп, әскерін кері алып кетуге мәжбүр етті. Алайда ол өзімен бірге алғашқы мерзімде қолдарына түскен қарсы жақ әскерлерін бірге алып кетті. Бұл шайқаста Жоңғар билеушісіне әкесі Гузихпн Коконор (Көк көл) өңірінде және келесі жақтас ордадан екі билеуші, есімдері-Өшурту мен Абылай тайша ықпалдастық жасады.

Орналасқан қонысын тастап кетерде «Тайша Учурту» қалмақ билеушісінің қызымен бас қосып, Нор-Зайсанның маңайына келіп, қоныс тепті. Келесі «Тайша Абылай» бүгінгі уақытқа дейін өзінің бастамасымен негізі қаланған, кейін қиратылып, басты құрылыстары сақталынып қалған Ертіс өзені бойындағы діни сиыну орнын қоныс етіп келді.

Жоңғар билеушісі олардан кейінгі тайшаны (Күнделен) жақтасы етуге барынша ұмтылды және оған Қырғыз хандығына қарсы соғысқа бірге қатысуды ұсынды; бірақ та Тайша Күнделен «баласының сұлтан Жәңгірмен жақсы қатынаста сондықтан да оны құрметтейтіндігін Қонтайшының есіне салып, оның өтінішін орындай алмайтындығын білдірді» (Фишер, 1866: 444–445). Ал, соңғысының: «Қонтайшы Батыр Орыс Патшасына ұзақ

ғұмыр сұрайды. Одан соң, менің айтарым, «Бүгінгі уақытқа дейін менің денсаулығым жақсы, Біз бір-бірімізге елшіліктер жібереміз: Біздің Қырғыздар сіздердің адамдарына шабуыл жасауда, ал сіздердің адамдарыңызда да Қырғыздарға жорық жасауда. Өзара бейбіт жағдайда өмір сүретін халықтардың арасында мұндай болмауы керек. Өзінен бұрын оқ өткізбейтін панцирь (қалқан) сұрағанымды жібермедің. Қазіргі өзімнің елшілерім арқылы саған екі бұлғын терісін, тағы да тағы да осындай екі тері жіберемін, - деген өтініші (Фишер, 1866: 449–450), Жоңғар хандығы билеушілерінің өзара қатынас деңгейінен хабардар етеді. Соңғысының келелі дәлелі Қазақ ханының шабуылынан барынша талқандалып, Орыс билігінен тірек іздеген Жоңғар билеушісінің тура аталған уақыттағы тығырыққа тірелген ахуалын паш етеді.

Барша Сібір аймағын, соның ішіндегі оның батысы, Алтай өңірінің тарихын талдап, жариялаумен он сегізінші жүзжылдықтың елуінші жылдарынан кейінгі мерзімде сол уақыттағы ойшыл, өлкетанушы, солармен бірге, Еуропа және Ресей қоғамына өзінің батыл пікірлерімен, туындыларымен таныс болған А.Н. Радищев (1749–1802) жүйелі түрде айналысты. Зерттеуші белгілі себептермен бұл өңірде көптеген жылдар болды. Аталған уақыт көлемінде өлкетанушының бірнеше кітаптардан тұратын көп тақырыпқа арналған құнды еңбектер жазылды. Сібірдің батыс аймағының тарихын қамтитын ғалымның туындылары жиырмамыншы ғасырдың тууынан жарық көрген (Радищев, 1907: 633) түгелдей қосылды. Батыс Сібірдің өткені жазылған бұл еңбегінде зерттеуші көрсетілген аймақты ерте уазыттан мекендеп келе жатқан қазақ руларының, олардың арғы аталарының тарихы жазылған келелі мағлұматтар береді. Атап айтқанда ғалымның көрсетуінше: «Сібір ресейліктерге Ермак Тимофеевичтің оған жасаған жорығына дейін белгілі болған еді. Бұл уақытта (орыс жылнамасында Алтын Орда деп аталатын) Дешті-Қыпшақта билік еткен Шыңғысханның ұрпақтары өздерінің үстемдіктерін бөлшектенген Ресей өңірлеріне таратты; Батыс Ресейден ормандар, таулар және батпақтар арқылы бөлектенген Новгород Татар билігінен құтыла алды» (Радищев, 1907: 105). Одан арғы өлкетанушының: «Тура осы уақыттан бастау алатын Орыс патшалығының Сібір тұрғындарымен арадағы қатынасы оналтыншы жүзжылдықтың екінші жартысы басталғанға дейін беймәлім болды. Бірақта осы уақыттағы табылған жалғыз жазба деректен, мұнымен бірге сол мерзімдегі ресми жазба журналдан анықталғанындай, кейбір аталған өңір (Сібір) иеліктері орыс мемлекетіне қосылған еді. Ол айтылғандарға дәлел – сол уақыттағы Орыс билеушісінен (Иван Васильевич) бағалы аң терілерімен жиналатын салық алу мақсатымен арнайы дәрежелі қызметкерлер аттандырылатын.

Қазақ зиялылары қажылардың дәстүрлі ауылдық киім үлгісінен бас тартып, қалалық үлгідегі киім киюін ұсынады. Себебі қажылық сапарының көп бөлігі ыстық климатта өтетіндіктен, киімнің ыңғайлылығы мен жеңілдігі аса маңызды. Азық-түлік мәселесіне қатысты: *«Азық-түлікті шамадан тыс көп алудың қажеті жоқ: қап-қап құрт, қарыңға салынған май, тең-тең жүкті арқалап жүру тек ауыртпалық туғызады. Бұдан бөлек, сапар барысында ескі азық-түлік тұтыну ауру жұқтыру қаупін арттырады»* деп ескертеді. Қажылық сапарының барысында теміржол мен теңіз көлігінде ақша үнемдеудің қажетсіздігі айтылып, қажылардың дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету қажеттігі баса көрсетіледі: *«Қажы сапары ауқатты адамдар үшін парыз. Ол адамның жол шығындарын және артында қалған отбасының қажеттіліктерін толық өтеуге мүмкіндігі болуы тиіс»*. Яғни, қажылыққа бару үшін адамның қаржылық жағдайы жеткілікті деңгейде болуы керектігі айтылып, қарыз алып сапарға шығудың дұрыс еместігі ескертілген.

Сонымен қатар, мақаланың соңында қажыларға артық жүк алудан бас тарту ұсынылады. Әр адамға қажет болатын негізгі заттар ретінде шапан, төсек-орын жабдықтары, іш киім, орамал, шамадан, ұсақ-түйек заттарға арналған шағын сандықша (корзина) көрсетілген. Қосымша жабдықтар ретінде ас пісіруге арналған шағын пеш (механикалық құрылғы), бір шелек су, қайнаған су үшін бөлек ыдыс, дәрет алуға арналған құман секілді құралдар ұсынылады. Мұның бәрі қажылардың жолда қиындыққа тап болмауы үшін алдын ала ойластырылған қажеттіліктер тізімі болып табылады (Brower, Daniel, Edward, Lazzerini, 1997: 152).

Қазақ зиялылары қажылық сапарының қауіпсіздігін арттыруға және қажылардың сапар барысында кездесетін қиындықтарды азайтуға бағытталған түрлі ұсыныстарын ұсынған. Олар қажыларға арнайы дайындық курстарын өткізу, қажылық сапары туралы ақпараттық материалдар тарату сияқты шараларды қолға алуды ұсынған. Бұл қажылық сапарын жеңілдетіп қана қоймай, оның діни талаптарға сай өтуіне де мүмкіндік беретін еді (Yalçınkaya, 1997: 127).

XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары қажылыққа дайындық мәселесіне ерекше мән беріп, қажылардың сапар барысында кездесетін қиындықтарды азайтуға бағытталған нақты ұсыныстарын ұсынған. Бұл еңбектер қажылық сапарының қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыруға септігін тигізген құнды дереккөз болып табылады. Қазақ зиялыларының қажылыққа қатысты жазған еңбектері бүгінгі таңда да өзектілігін жойған жоқ. Себебі қажылық сапары – тек діни парыз ғана емес, сонымен қатар, мұқият жоспарлауды қажет ететін жауапты іс. Осы орайда, өткен ғасырдағы қажылық сапарына байланысты қазақ зиялыларының пікірлері қазіргі қажылық сапарына шығушылар үшін де маңызды тәжірибе бола алады.

Қазақ халқының қажылық сапары: бағыттары мен кездескен қиындықтары

Қазақ халқының діни өмірінде қажылық сапары маңызды орын алған. Бұл сапардың маңыздылығы тек діни міндетті орындаумен ғана шектелмей, сонымен қатар саяхат мәдениетінің қалыптасуына, халықаралық байланыстардың нығаюына әсер етті. Қажылыққа бару – әрбір мұсылманның парызы болғандықтан, қазақтар бұл міндетті орындауға ерекше көңіл бөлген. Дегенмен, қажылық сапарының ұйымдастырылуы мен оны жүзеге асыру барысында көптеген қиындықтар кездескен. XX ғасырдың басында қажылыққа бару қазақ халқы үшін аса күрделі әрі қатерлі сапарлардың бірі болды. Бұл мәселе «Қазақ» газетінің 1913 жылғы № 23 санында жан-жақты талқыланған (Бекхожин, 1981: 31). Газеттің кіріспе бөлімінде қажылыққа аттанған қазақтардың сапар барысында көрген қиыншылықтары ашық баяндалған. Онда былай делінеді:

«Қазақтың қазіргі қажы жолында жүргенде көрген күні жан ашырлық: отарбаға, параходқа малша қамау, жолда түскен шаһарларында малша иіру, барып қайтқанша қажы жолы қазаққа тұтқын мен айдау. Өз еркімен жүру, өз еркімен тұру жоқ. Айналасы алдау мен арбау. Неше түрлі тәлімдер қазақ қажыларын қоршап, қамап, жем қылу»

Бұл үзінді қазақ қажыларының өз еркінен тыс әрекет етуге мәжбүр болғанын, олардың әлеуметтік жағдайының төмендігін, алдау-арбау мен қиындықтарға жиі ұшырағанын көрсетеді (Қабдолдина, 2022: 73). Мұндай жағдайларға түспеу үшін «Қазақ» газеті қажылық сапарын ұйымдастыруда нақты бағыт-бағдар берген. Газет қажылардың құжат рәсімдеуінен бастап, сапардың әр кезеңінде кездесетін қиындықтарды алдын ала ескертіп, қажетті кеңестер ұсынған.

Қажылық сапарының бағыттары мен логистикасы

«Қазақ» газетінің мәліметтеріне сүйенсек, ХХ ғасырдың басында қазақ қажылары Түркия арқылы Меккеге жету үшін бірнеше жолды таңдаған. Стамбұлға бару жолының екі негізгі бағыты көрсетілген:

Темір жол бағыты: Мәскеу, Варшава, Вена арқылы Стамбұлға жету;

Теңіз жолы бағыты: Одесса қаласынан кемемен Стамбұлға жету.

Газет мәліметтеріне сәйкес, қазақ қажылары көбіне Одесса арқылы теңіз жолын таңдаған, себебі бұл бағыт уақыт пен қаржылық шығын тұрғысынан тиімдірек болған. Одесса мен Стамбұл арасындағы теңіз сапары 23 сағатқа созылып, билет құны төрт сомды құраған. Темір жол бағытымен жүргенде бұл сапар алты күнге созылып, 120 сомға дейін жеткен (Kurat, 1993: 293).

Қажылық сапары барысында қажылардың жолға дайындығы, азық-түлік қорын қамдау, қауіпсіздік шараларын сақтау аса маңызды болған. Сол кезеңде қажылық ұйымдастыруға жауапты адамдардың болмауы себепті көптеген қажылар жолда әртүрлі қиындықтарға тап болған. Қаржылық мүмкіндігі бар қажылар жеке тасымалдаушылардың қызметіне жүгінсе, жағдайы төмендеріне бұл сапар ауыр сынаққа айналған. Кейбір қажылар жолда азық-түлік тапшылығына ұшырап, ауру-сырқауға душар болған. Сондықтан қажыларға алдын ала сапар барысын жоспарлап, сенімді адамдармен бірігіп жолға шығу ұсынылған.

Қажылардың құжаттық мәселелері де маңызды болған. Олардың паспорты Түркияның Одессадағы консулдығында рәсімделген. Мұнда қажылар «Стамбұл арқылы Меккеге кету» деген жазба енгізуді қадағалауы керек болған. Егер «Стамбұлға ғана барады» деп жазылса, қажыларға қосымша құжаттық рәсімдеулер жасауға тура келген, бұл олардың уақытын ұзартып, сапарын қиындатқан.

Қажылық сапары кезінде қазақ қажыларының алдынан шығатын тағы бір мәселе – медициналық бақылау болды. Ол кезеңде көптеген елдер қажылардың денсаулығына ерекше мән берген. Әсіресе, жұқпалы аурулардың таралуын болдырмау үшін медициналық тексеруден өту міндеттелген. Қажылар Меккеге жету үшін міндетті түрде вакцина алып, арнайы медициналық анықтамалармен жолға шығуы тиіс болған. Осындай талаптардың күрделілігі көптеген қажылардың сапарға шығуын қиындатқан.

Сонымен қатар, қажыларға қаражатты ұқыпты жұмсау қажеттілігі туралы ескертулер жасалған. Себебі сапар барысында түрлі алыпсатарлар қажыларды алдап, олардан артық ақша талап еткен. Кейбір қажылар қаржылық қиындықтарға тап болып, шетелде көмекке мұқтаж болған жағдайлар да кездескен. Сондықтан қажыларға сапар алдында нақты қаржылық жоспар жасап, жолда кездесетін күтпеген шығындарды ескеруге кеңес берілген (Пірманов, Қапеева, 1997: 47).

Қауіпсіздік мәселелері және қажылардың алданып қалу қаупі

Қазақ қажылары жол бойында түрлі алдау-арбау әрекеттеріне тап болған. Оларды «судырлар» деп аталған алаяқтар түрлі әдістермен алдап, сапар барысында қиындықтар туындатқан. Бұл туралы «Қазақ» газеті қажыларға келесі кеңестер берген:

Одессадан тікелей Жиддаға баратын кемелерден сақтану: Бұл кемелерде қажыларды алдау мен қанау жағдайлары көп кездескен. Алаяқтар қажыларға арзан жол ұсынып, сапар барысында қосымша төлемдер талап еткен немесе дұрыс қызмет көрсетпеген.

Алаяқ «судырлардан» аулақ болу: Олар қажыларды сапалы қызмет көрсетеміз деп алдап, кейіннен түрлі қиындықтарға ұшыратқан. Бұл алаяқтар көбіне құжат рәсімдеу, жол шығындарын төмендету немесе арзан баспана ұсыну секілді қызметтерді ұсынып, қажыларды қиын жағдайға қалдырған.

Құжат рәсімдеуді дұрыс жүргізу: «Қазақ» газеті қажыларға паспорттарын дұрыс толтыруға ерекше назар аударуға кеңес берген. Себебі кейбір қажылар құжаттарында қателіктер жіберіп, сапар барысында түрлі қиындықтарға тап болған.

Ақша айырбастауды ресми банктерде ғана жүргізу: Түркияда ақша айырбастау кезінде қажыларға сақ болу ұсынылған, себебі делдалдар арқылы айырбастау кезінде көптеген қажылар алданған. Делдалдар қажыларға тиімді бағам ұсынып, кейіннен шын бағамнан әлдеқайда төмен мөлшерде ақша беріп отырған.

Теміржол желілерінің дамуы және қажылық сапарына әсері

1913 жылғы «Қазақ» газетінің №13 санында қажыларға арналған жаңа ақпарат жарияланған. Онда қажыларға теміржол желісінің кеңейіп келе жатқандығы туралы айтылған. Атап айтқанда, Стамбұлдан Кония арқылы Сирияның Шам қаласына, одан әрі Мәдинеге дейін теміржол желісі салынғаны баяндалған. Бұл қажылар үшін жаңа мүмкіндік туғызған, өйткені бұл бағыт теңіздегі қиындықтардан сақтануға және қауіпсіз сапар жасауға жағдай жасаған.

Теміржол көлігінің дамуы қажылар үшін маңызды өзгерістердің бірі болды. Бұрын қажылардың негізгі көлік құралы түйе керуендері мен кемелер болғандықтан, олар ұзақ және қауіпті сапарға мәжбүр болатын. Ал теміржолдың дамуы қажыларға қауіпсіз, жылдам және салыстырмалы түрде ыңғайлы жолмен сапар шегуге мүмкіндік берді. Бұл әсіресе Египет пен Түркия арқылы өтетін қажылық сапарларына оң әсерін тигізді (Муминов, 1996: 15).

Қазақ халқы Ислам дінінің қағидаларын берік ұстанып, қажылық сапарына ерекше мән берген. «Қазақ» газетінің түрлі нөмірлерінде қажылыққа кеткен адамдардың тізімі мен сапар барысы туралы хабарлар үздіксіз жарияланып отырған. 1913 жылғы № 25, № 26, № 33, № 35 және № 72 нөмірлерінде қажылардың сапары туралы ақпараттар берілген.

Мысалы: *«Темір уезі Жем болысының қазақтары Жолмұхамед ишан Құрымбаев бастаған топ қажылыққа аттанды»*

«Орал облысы Темір уезінің белгілі тұлғаларының бірі Жолбатыр қажы Шонтиев он адаммен бірге қажылыққа кетті»

«Құрметті Қазақ газетінің редакциясы! Біз, қажылар, сапарымыздың жағдайы туралы хабарлаймыз. Қара теңізден бір жарым тәулік ішінде өттік, сапарымыз жақсы өтіп жатыр»

Осындай хабарламалар қазақ зиялыларының қажылық сапарына деген қызығушылығы мен діни міндеттерін орындауға деген құлшынысын көрсетеді. Бұл сапар тек діни парызды орындау ғана емес, сонымен қатар мәдени және рухани тәжірибені арттырудың маңызды жолы болған. Қажылар өз сапарлары барысында түрлі мұсылман қауымдастықтарымен кездесіп, өзара тәжірибе алмасты. Бұл олардың рухани дүниетанымының кеңеюіне, сондай-ақ қазақ халқының басқа мұсылман халықтарымен байланысын нығайтуға мүмкіндік берді.

«Қазақ» газетінің қажыларға арналған бағыт-бағдарлары қазақ зиялыларының қажылық сапарын ұйымдастырудағы рөлін айқындайды. Қажылардың алданып қалмауы, сапарын қауіпсіз өткізуі үшін жасалған ұсыныстар бұл сапардың қаншалықты күрделі болғанын көрсетеді. Жаңа теміржол бағыттарының ашылуы, ұйымдастырушылық мәселелердің шешілуі қажылыққа бару ісін жеңілдеткенімен, бұл сапарды жасау үшін қажылар көптеген қиындықтарға төтеп беруге мәжбүр болған. Қаржылық шығындар, ұзақ жолдың ауыртпалығы, күтпеген кедергілер қажылар үшін үлкен сынақ болған (Нұртазина, 2011: 77).

Осылайша, «Қазақ» газетінің қажыларға арналған мақалалары бұл тақырыпты зерттеуде құнды тарихи дереккөз болып табылады. Мұндай деректер ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының діни өміріне, олардың қажылық сапарын ұйымдастырудағы ерекшеліктеріне және сол кезеңдегі қауіпсіздік мәселелеріне тереңірек үңілуге мүмкіндік береді.

Қасиетті мекендегі қазақ тәкиелері: тарихи және мәдени маңызы

Қажылық – ислам дініндегі бес парыздың бірі болып саналады. Тарихи деректерге сүйенсек, қазақ халқы арасында бұл парызды орындауға деген ұмтылыс ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап ерекше қарқын алды. Қазақ зиялылары мен дәулетті азаматтары қажылық сапарын ұйымдастырумен қатар, мұсылман қауымына қызмет ету мақсатында қасиетті қалаларда арнайы тұрғын орындар – «тәкиелер» (кейде «тақия» деп те аталған) салдырған.

Бұл тәкиелер қажылардың қажылық сапары кезінде демалуы үшін ғана емес, сонымен қатар діни білім алғысы келген қазақ жастарының тұрақтайтын мекені ретінде де маңызды рөл атқарды (Мустафина, 1992: 65).

Алайда уақыт өте келе бұл тәкиелер қазақ қауымының меншігінен шығып, өзге халықтардың иелігіне өтіп кеткені туралы тарихи деректер кездеседі. Мұның негізгі себептерінің бірі – олардың құқықтық мәртебесінің нақты белгіленбеуі және жергілікті билік органдарында тіркелмеуі. Сонымен қатар, XIX ғасырдың соңында және XX ғасырдың басында орын алған саяси өзгерістер, Осман империясының күйреуі, Араб түбегіндегі билік құрылымының өзгеруі де қазақ тәкиелерінің жағдайына ықпал етті.

Қазақ дәстүрінде қажылыққа аттанған жандар сапар барысында түрлі қиындықтарға тап болған. Қаржылық шығындардан бөлек, олар ұзақ жолдың ауыртпалығын көтеріп, ауа райының ерекшеліктеріне бейімделуге мәжбүр еді. Осыған байланысты дәулетті азаматтар қажылар үшін арнайы паналау орындарын салдырды. Бұл ғимараттар тәкие (араб.: التكية – «пана, тұрақ» мағынасында) деп аталып, олар қажыларға демалу және тұруға мүмкіндік берді. Сонымен бірге, тәкиелер діни білім ордасы ретінде де қызмет етті. Мұнда білім ізденуші қазақ шәкірттері ілім алып, медреселерде оқуға жол ашылды (Кенжетәев, 1998: 8). Осындай орындардың болуы қажылар үшін үлкен қолдау болғанын тарихи деректер айғақтайды.

Тарихи құжаттарда Мәдина қаласында қазақ қажыларының салдырған алты тәкиесі бар екендігі айтылады. Дегенмен, олардың көпшілігі кейіннен қазақтың игілігінен тыс қалған. Қазақ қажылары салдырған бұл тұрақжайлар сол замандағы мұсылман қауымына қызмет еткенімен, уақыт өте келе басқа ұлт өкілдерінің иелігіне өткен.

1913 жылғы «Қазақ» газетінің № 33 санында жарық көрген «Мәдина хаты» мақаласында қазақ тәкиелері туралы мынадай мәлімет келтірілген: *«Осы кезде Мәдина Мунаууарада 30-ға жақын қазақ шәкірті бармыз. Үш-төрт жыл мұнан бұрын Мәдинада оқу үшін тұрған шәкірт 5–6-дан артық болмаушы еді, соңғы екі-үш жылдан бері көбейіп келеді..»*. Бұл дерек қазақ жастарының қасиетті қалаларда діни білім алуға деген ұмтылысы арта түскенін көрсетеді. Алайда, олардың көпшілігі қажетті материалдық қолдаусыз қалып, өз бетімен күн көруге мәжбүр болды. Бұл жағдай қазақ қауымының діни-ағартушылық қызметін институционалды деңгейде ұйымдастырудың әлсіздігін де көрсетеді (Crews, Robert, 2006: 75).

Газетте келтірілген дерекке сәйкес, бұл тәкиелердің біреуі ғана қазақтардың пайдалануында қалған. Ол кіші жүзден шыққан Жаббас Мырқы мырзаның иелігінде болған. Бұл тәкие оның баласын оқытқан түрік молдасының қарындасы атынан рәсімделіп, ресми түрде Мәдина билігі тарапынан тіркелген. Алайда, бұл тәкие шәкірттер үшін толыққанды қамқорлық көрсете алмады. Онда қазақ қажылары уақытша тоқтағанымен, тұру ақысын төлеуге мәжбүр болды, ал қазақ шәкірттері онда тегін тұра алғанымен, бұл құқық үй иесінің қалауы бойынша шектелетін еді.

Қазақ тәкиелері тарихи, мәдени және діни тұрғыдан алғанда айрықша маңызға ие болды. Олар қажылар мен шәкірттер үшін сенімді баспана, діни білім ордасы қызметін атқарды. Дегенмен, бұл орындардың болашағы ойластырылмай, ұзақ мерзімді құқықтық негізде рәсімдемегендіктен, көпшілігі қазақ иелігінен шығып қалды (Khalid, 1998: 133).

Бұл жағдай қазақ халқының сол кезеңдегі діни-ағартушылық қызметінің қаншалықты ауқымды болғанын көрсетумен қатар, тарихи меншік құқығы мәселесіне де назар аудартады.

Бүгінгі таңда бұл тәкиелердің тағдырына байланысты зерттеулер жүргізу маңызды. Қазақ қажыларының Мекке мен Мәдина қалаларында салған рухани мұрасы қазіргі қазақ қоғамының тарихи санасын жаңғыртуда ерекше орын алуы тиіс. Осы себепті, мұндай тарихи деректерді зерттеу және олардың мәдени мұра ретіндегі маңызын жаңғырту бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, бұл нысандардың тарихи маңызын қалпына келтіру және қазақтың діни-ағартушылық мұрасын сақтау үшін арнайы ғылыми жобалар мен археологиялық зерттеулер жүргізу қажеттігі туындап отыр. Қазақ тәкиелерінің тағдыры – біздің өткенімізді тану жолындағы маңызды тарихи сабақтардың бірі.

Қорытынды

XX ғасырдың басында қажылық сапарына қатысты мәселелер қазақ зиялыларының назарынан тыс қалмады. Бұл кезеңде қажылыққа бару діни міндет болуымен қатар, ұйымдастыруды, дайындықты және қаржылық жоспарлауды қажет ететін күрделі процесс болды. Қазақ зиялылары қажылардың кездесетін қиындықтарын талдап, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін нақты ұсыныстар жасады.

Қажылық сапары үшін қажетті құжаттарды рәсімдеу күрделі және ұзақ процесс болды. Бұл мәселе «Қазақ» газетінде жан-жақты талқыланып, қажыларға қажетті құжаттарды дұрыс рәсімдеу жөнінде кеңестер берілді. Сонымен қатар, басылым қажылардың жол қауіпсіздігін сақтау, алаяқтардан сақтану, сапар барысында кездесетін әкімшілік кедергілерді алдын ала болжау қажеттігін ерекше атап өтті.

Қажылар үшін маңызды мәселелердің бірі – жол шығындарын тиімді ұйымдастыру болды. Қазақ зиялылары қажыларға сапарға алдын ала қаржылай дайындалу, жол бойында шығындарды үнемдеу жолдарын қарастыру, сондай-ақ қажылыққа барушылардың өзара бірігіп, көлік шығындарын бөлісу секілді ұсыныстарын айтты. Сонымен қатар, қажылардың денсаулығы мен медициналық тексерулерден өту қажеттілігіне де баса назар аударылды.

«Қазақ» газеті қажылық сапарына байланысты материалдарды жариялау арқылы қазақ халқының діни парызын орындауда кездесетін қиындықтарды азайтуға тырысты. Басылым қажылық сапарын мұқият жоспарлаудың маңыздылығын атап өтіп, қазақ қажыларына құнды кеңестер ұсынды. Осылайша, XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының қажылыққа қатысты жазған еңбектері қажылардың сапарға дайындығын арттыруға және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды дереккөз болып табылады. Бүгінгі күні де бұл еңбектер қажылық сапарын жоспарлауда өзекті ақпарат ретінде қызмет ете алады.

Сонымен қатар, қажылық сапары қазақ халқы үшін тек діни парызды орындаумен ғана шектелмей, мәдени және сауда қатынастарының дамуына да ықпал еткенін атап өту маңызды. Қажылар сапар барысында басқа мұсылман елдерімен байланыс орнатып, олардың діни-мәдени өмірімен танысу мүмкіндігіне ие болды. Бұл өз кезегінде қазақ қоғамындағы діни білімнің кеңеюіне, жаңа діни әдебиеттер мен ақпараттардың келуіне ықпал етті. Сондай-ақ, қажылар сапардан оралғаннан кейін өз ауылдастарына жаңа тәжірибелер мен діни білімдерін жеткізіп отырған.

Жалпы, «Қазақ» газетіндегі қажылыққа байланысты материалдарды талдау арқылы қазақ халқының діни өмірінің белсенділігі мен қажылыққа деген құлшынысын анық көруге болады. Бұл деректер қазақ қоғамының рухани дамуын зерттеуде маңызды тарихи мәліметтер ретінде қызмет етеді. Алдағы уақытта қажылық мәселесін басқа қазақ басылымдары арқылы кеңінен қарастыру бұл тақырыптың өзектілігін арттыра түспек. Бұл зерттеулер болашақта қазақ халқының діни-мәдени тарихының маңызды аспектілерін ашуға көмектеседі.

Дереккөздер

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві

Sources

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan

Әдебиеттер тізімі

Абдакимов, 1994 — *Абдакимов, А.* История Казахстана (с древнейших времен до наших дней): Учебное пособие. Алматы: ТОО Издательский дом «Казахстан», 1994. 235 с.

Аллаберген, т.д., 1996 — *Аллаберген Қ., Нұқабайұлы Ж., Оразайұлы Ф.* Қазақ журналистикасының тарихы. Алматы: Рауан, 1996. 236 б.

Бекхожин, 1981 — *Бекхожин Х.* Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1866–1958 жж). Алматы: «Мектеп», 1981. 79 б.

Кенжетаев, 1998 — *Кенжетаев Б.А.* Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX – начале XX вв. Казань, 1998. 8 с.

Қабдолдина, 2022 — *Қабдолдина К.* Ресей империясының исламға қатысты саясаты: қазіргі шетелдік тарихнама. Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. Тарих сериясы, 2022. Б. 69–74.

Қажы жолы, 1913 — «*Қажы жолы*» // «Қазақ» газеті, 1913. 23 шілде. № 23.

Қажылар хабары, 1913 — «*Қажылар хабары*» // «Қазақ» газеті, 1913. 24 қазан. № 35.

Қажылар хаты I–II, 1913 — «*Қажылар хаты I–II*» // «Қазақ» газеті, 1913. 9 қазан. № 33.

Қажылар, 1913a — «*Қажылар*» // «Қазақ» газеті, 1913. 8 тамыз. 25 б.

Қажылар, 1913b — «*Қажылар*» // «Қазақ» газеті, 1913. 15 тамыз. № 26.

Қажылар, 1913c — «*Қажылар*» // «Қазақ» газеті, 1913. 31 шілде. № 72.

Стамбұлдан Меккеге дейін, 1913 — «*Стамбұлдан Меккеге дейін отарба жолы*» // «Қазақ» газеті, 1913. 8 мамыр. № 13.

Қойгелдиев, 1995 — *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995. 368 б.

Муминов, 1996 — *Муминов А.* Святыя места в Центральной Азии (Взаимодействие общеисламских и местных элементов) // Маяк Востока. Ташкент, 1996. № 1–2. 15 с.

Мустафина, 1992 — *Мустафина Р.М.* Представления, культы, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX–XXв.). Алматы: Қазақ университеті, 1992. 176 с.

Нұртазина, 2011 — *Нұртазина Н.* Ислам және Қазақстан тарихындағы қажылықтың рөлі. Алматы: Қазақ университеті хабаршысы, 2011. Б. 72–78.

Оспанова, Шораев — *Оспанова А.К., Шораев Б.К.* Қажылық сапар барысында Стамбұлдың негізгі транзитке айналуы (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы). «Қазақстан шығыстануы» ғылыми журналы № 3, 2024. Б. 296–312.

Пирманов, Қапеева, 1997 — *Пирманов, А., Қапеева. А.* Қазақ интеллигенциясы. Алматы, Атамұра, 1996. 66 б.

Biray, 1999 — *Biray N.* Ahmet Baytursunoğlu ve Eserleri (1873–1937). Pamukkale Üniversitesi Eğitim Fakültesi Dergisi, 1999. Pp. 10–17.

Brower, et. al, 1997 — *Brower, Daniel R., Edward J. Lazzerini*, редакторлар. Russia's Orient: Imperial Borderlands and Peoples, 1700–1917. Indiana University Press, 1997. Pp. 150–155.

Crews, Robert, 2006 — *Crews, Robert D.* For Prophet and Tsar: Islam and Empire in Russia and Central Asia. Harvard University Press, 2006. Pp. 72–78.

Frank, Allen, 2001 — *Frank, Allen J.* Muslim Religious Institutions in Imperial Russia: The Islamic World of Novouzensk District and the Kazakh Inner Horde, 1780–1910. Brill, 2001. Pp. 112–118.

Khalid, 1998 — *Khalid A.* The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia. University of California Press, 1998. Pp. 130–135.

Kurat, 1993 — *Kurat A.N.* Rusya tarihi: başlangıçtan 1917'ye kadar. Ankara, 1993. Pp. 384–386.

Yalçinkaya, 1997 — *Yalçinkaya A.* Sömürgecilik-Panislamizm Işığında Türkistan, 1856'dan Günümüze. 2006. 268 p.

References

Abdaqimov, 1994 — *Abdaqimov A.* Istoriya Kazakhstana (s drevneyshikh vremen do nashikh dney): Uchebnoe posobiye [History of Kazakhstan (from ancient times to the present day): Textbook.]. Almaty: TOO Izdatel'skiy dom "Kazakhstan", 1994. 235 p. (In Russ.).

Allabergen, et al., 1996 — *Allabergen Q., Nuqabayuly J., Orazayuly F.* Qazaq jumalistikasynyn tárihy [The History of Kazakh journalism]. Almaty: Rauan, 1996. 236 p. (In Kaz.).

Bekhozhin, 1981 — *Bekhozhin H.* Kazah baspasozı tarihinyn ocherki (1866–1958 zh.zh.) [Historical essay stamp of Kazakh (1866–1958 yy.)]. Almaty: Mektep, 1981. 79 p. (In Kaz.).

Biray, 1999 — *Biray N.* Ahmet Baytursunoğlu ve Eserleri (1873/1937) [Ahmet Baytursunoğlu and His Works (1873/1937)]. Pamukkale Üniversitesi Eğitim Fakültesi Dergisi, 1999. Pp. 10–17. (In Turk.).

Brower, et al., 1997 — *Brower, Daniel R., Edward J. Lazzerini*. Russia's Orient: Imperial Borderlands and Peoples, 1700–1917. Indiana University Press, 1997. Pp. 150–155.

Crews, Robert, 2006 — *Crews, Robert D.* For Prophet and Tsar: Islam and Empire in Russia and Central Asia. Harvard University Press, 2006. Pp. 72–78.

Frank, Allen, 2001 — *Frank, Allen J.* Muslim Religious Institutions in Imperial Russia: The Islamic World of Novouzensk District and the Kazakh Inner Horde, 1780–1910. Brill, 2001. Pp. 112–118.

Kenjetaev, 1998 — *Kenjetaev B.A.* Kazanskıe uchebnye zavedeniya i protsess formirovaniya kazakhskoy intellektsii v seredine XIX-nachale XX vv. [Kazan's Educational institutions and the process of formation of the kazakh intelligentsia in the mid-19th to early 20th centuries]. Kazan', 1998. 5 p. (In Russ.).

Khalid, 1998 — *Khalid A.* The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia. University of California Press, 1998. Pp. 130–135.

Kurat, 1993 — *Kurat A.N.* Rusya tarihi: başlangıçtan 1917'ye kadar [The history of Russia: from the beginning to 1917]. Ankara, 1993. Pp. 384–386. (In Turk.).

Muminov, 1996 — *Muminov A.* Svyatyje mesta v Tsentral'noy Azii (Vzaimodeystviye obshcheislamskikh i mestnykh elementov) [Holy places in Central Asia (Interaction of general Islamic and local elements)]. Mayak Vostoka [Lighthouse of the East]. Tashkent, 1996. No. 1–2. 15 p. (In Russ.).

- Mustafina, 1992 — *Mustafina R.M.* Predstazleniya, kul'ty, obryady u kazakhov (v kontekste bytovogo islama v Yuzhnom Kazakhstane v kontse XIX – XX v.) [Representations, cults, rituals among the Kazakhs (in the context of everyday Islam in Southern Kazakhstan at the end of the XIX – XX centuries)]. Almaty: Kazakh university, 1992. 176 p. (In Russ.).
- Nurtazina, 2011 — *Nurtazina, N.D.* Islam jane Qazaqstan tarihyndagy qajylyqtyn roli. Qazaq universiteti habarshysy, no. 1, 2011. Pp. 72–78. (In Kaz.).
- Ospanova, Shoraev — Ospanova A.K., Shoraev B.K. Qajylyq sapar barasynda Stambül'dyñ negizgi tranzitke aynaluy (XIX ğ. soñy – XX ğ. basy). «Qazaqstan syǵıstanuy» ǵılymi jurnaly № 3, tom 11, 2024. Pp. 296–312. (In Kaz.).
- Pırmanov, Qapeeva, 1997 — *Pırmanov A., Qapeeva A.* Qazaq intellektsiyasy [Kazakh intelligentsia]. Almaty: Atamura, 1996. 66 p. (In Kaz.).
- Qabdol'dina, 1993 — *Qabdol'dina, K.* Resei imperiasynyñ islamǵa qatysty saiásaty: qazirgi şeteldik tarihnama. Al-Farabi atyndagy Qazaq ulttyq universitetiniñ Habarshysy. Tarih seriasy, no. 4 (107), 2022. Pp. 69–74. (In Kaz.).
- Qajy zholy, 1913 — “*Qajy zholy*” [Pilgrim's way] // Qazaq gazet, 1913. No. 23. (In Kaz.).
- Qajylar habary, 1913 — “*Qajylar habary*” [Pilgrim message] // Qazaq gazet, 1913. No. 35. (In Kaz.).
- Qajylar haty I–II, 1913 — “*Qajylar haty I–II*” [Letter of pilgrims I–II] // Qazaq gazet, 1913. No. 33. (In Kaz.).
- Qajylar, 1913a — “*Qajylar*” [Pilgrims] // Qazaq gazet, 1913. No. 25. (In Kaz.).
- Qajylar, 1913b — “*Qajylar*” [Pilgrims] // Qazaq gazet, 1913. No. 26. (In Kaz.).
- Qajylar, 1913v — “*Qajylar*” [Pilgrims] // Qazaq gazet, 1913. No. 72. (In Kaz.).
- Stambuldan Mekkege deiin, 1913 — “*Stambuldan Mekkege deiin otarba zholy*” [From Istanbul to Mecca] // Qazaq gazet, 1913. No. 13. (In Kaz.).
- Qoigeldiev, 1995 — *Qoigeldiev M.* Alash qozǵalysy. Almaty: Sanat, 1995. 368 p. (In Kaz.).
- Yalçınkaya, 1997 — *Yalçınkaya A.* Sömürgecilik-Panislamizm Işıǵında Türkistan, 1856'dan Günümüze [Colonialism-pan-islamism in the context of Turkistan, 1856 to the Present]. 2006. 268 p. (In Turk.).


ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan
 Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 12. Is. 1, pp. 49-65, 2025
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_1_49-65


CHANGES IN EDUCATION: THE DEVELOPMENT OF THE SCHOOL SYSTEM AND THE FIGHT AGAINST ILLITERACY IN SEMIPALATINSK IN THE 1920s

Atantayeva Bakhyt Zhumagazievna¹, Mukhametkaliyeva Karlyga Berikovna^{2*},
 Abenova Gulnur Atymtaevna³

¹Semey University named after Shakarim
 (20A, Glinki Str., 071412 Semey, Republic of Kazakhstan)
 Doctor of Historical Sciences, Professor
 <https://orcid.org/0000-0001-6104-9797>. E-mail: batantaeva@mail.ru

²Semey University named after Shakarim
 (20A, Glinki Str., 071412 Semey, Republic of Kazakhstan)
 PhD Doctoral Student of Semey University named after Shakarim
 <https://orcid.org/0009-0009-9934-8149>. E-mail: karlyga.m@mail.ru

*Corresponding author

³Semey University named after Shakarim
 (20A, Glinki Str., 071412 Semey, Republic of Kazakhstan)
 Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer
 <https://orcid.org/0000-0001-7845-182X>. E-mail: b.gulnur@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025

© Atantayeva B.Zh., Mukhametkaliyeva K.B., Abenova G.A., 2025

Abstract. *Introduction.* In the 1920s, the education system in the Semipalatinsk region underwent significant changes. The Soviet government implemented a series of measures aimed at establishing a new school network and reducing illiteracy among the population. The reforms of this period contributed to both structural and content-related modernization of the educational sphere, laying the foundation for further development. This article examines the key challenges faced by the Soviet authorities in the first decades, including the shortage of qualified personnel, lack of educational materials, material and technical difficulties, and resistance from conservative forces. *The purpose and objective of the study.* The study's objective is to analyze the development of the education system in the Semipalatinsk region during the 1920s, including the process of school establishment and the implementation of literacy eradication initiatives. Based on archival documents and statistical data, the study examines the dynamics of changes in the number of primary schools and literacy centers and the number of students. Additionally, it explores the key factors that contributed to the development of higher-level schools and assesses their impact on the regional education system. *Results.* The article identifies the factors contributing to the low literacy rate, especially among women, and analyzes the government's policies and actions aimed at eradicating illiteracy. Furthermore, it demonstrates the progress made in eradicating illiteracy among the adult population and notes the positive state of Kazakh schools in the region. The findings of the study will


provide a more detailed understanding of the processes occurring in the field of education in the early 1920s and their impact on the development of the education system in the Semipalatinsk region. *Conclusion.* The educational reforms of the 1920s not only led to an increase in the number of educational institutions in the region but also expanded access to education for the population. The establishment of national schools and the training of teaching staff laid the foundation for a new educational system. At the same time, literacy eradication initiatives enhanced the social role of education and contributed to a shift in public consciousness. These processes created the prerequisites for the formation of a universal education system in the future.


Keywords: Semipalatinsk region, education system, schooling, eradication of illiteracy, literacy eradication centers, advanced schools, Soviet rule

For citation: Atantayeva B.Zh., Mukhametkaliyeva K.B., Abenova G.A. Changes in education: the development of the school system and the fight against illiteracy in Semipalatinsk in the 1920s // Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”. 2025. Vol. 12. No. 1. Pp. 49–65. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_49-65


БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР: 1920 ЖЫЛДАРДАҒЫ СЕМЕЙ ӨНІРІНДЕГІ МЕКТЕП ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ МЕН САУАТСЫЗДЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Атантаева Бакыт Жумагазиевна¹, Мухаметкалиева Карлыга Бериковна^{2*},
Абенова Гульнур Атымтаевна³

¹Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(20А-үй, Глинка көш., 071412 Семей, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының докторы, профессор
 <https://orcid.org/0000-0001-6104-9797>. E-mail: batantaeva@mail.ru

²Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(20А-үй, Глинка көш., 071412 Семей, Қазақстан Республикасы)
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің PhD докторанты
 <https://orcid.org/0009-0009-9934-8149>. E-mail: karlyga.m@mail.ru

*Автор-корреспондент

³Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(20А-үй, Глинка көш., 071412 Семей, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
 <https://orcid.org/0000-0001-7845-182X>. E-mail: b.gulnur@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Атантаева Б.Ж., Мухаметкалиева К.Б., Абенова Г.А., 2025

Аңдатпа. *Kipicne.* 1920 жылдары Семей өңірінде білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер орын алды. Совет билігі жаңа мектеп жүйесін қалыптастыруға және халықтың сауатсыздық деңгейін төмендетуге бағытталған ауқымды шараларды жүзеге асырды. Осы кезеңдегі реформалар білім беру саласының құрылымдық және мазмұндық жаңаруына ықпал етіп, оқу-ағарту ісінің жаңа бағытта дамуына негіз қалады. Зерттеу барысында советтік биліктің алғашқы онжылдығында кездескен басты қиындықтар мен кедергілер: білікті кадрлардың жетіспеушілігі, оқу құралдары мен оқулықтардың тапшылығы, материалдық-техникалық қиындықтар және консервативті күштердің қарсылығы туралы мәліметтер беріледі. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері* – 1920 жылдары Семей өңіріндегі білім беру жүйесінің дамуын, мектептердің құрылуы мен сауатсыздықты жою шараларының үрдістерін қарастыру. Бұл тұрғыда архивтік құжаттар мен статистикалық мәліметтер негізінде І-ші басқыштағы мектептер мен сауатсыздықты жою пункттерінің санының өзгеру динамикасын және ондағы оқушылар санын анықтау көзделеді. Сонымен қатар, жоғары типтегі мектептердің жүзеге


асырылуына ықпал еткен негізгі факторларды талдап, олардың өңірдің білім беру жүйесіне қосқан үлесін бағалау қарастырылады. *Нәтижелер.* Мақалада халықтың, әсіресе әйелдердің сауатсыздығының себептері айқындалып, биліктің сауатсыздықты жоюға бағытталған іс-шаралары мен саясатына талдау жасалды. Сондай-ақ, ересек тұрғындар арасындағы сауатсыздықты жоюдағы жетістіктер көрсетіліп, аймақтағы қазақ мектептерінің оң нәтижелері атап өтіледі. Зерттеу нәтижелері 1920 жылдардың басында білім беру саласында болған үрдістерді және олардың Семей өңірінің білім беру жүйесінің дамуына әсерін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. *Қорытынды.* 1920-жылдары жүргізілген білім беру реформалары аймақта оқу орындарының санын арттырып қана қоймай, халықтың білім алуға қол жетімділігін кеңейтті. Ұлттық мектептердің ашылуы мен педагогикалық кадрларды даярлау ісі жаңа білім беру жүйесінің іргетасын қалады. Сонымен бірге, сауатсыздықты жоюға бағытталған шаралар білімнің әлеуметтік рөлін күшейтіп, қоғамдық сананың өзгеруіне ықпал етті. Бұл үдерістер болашақтағы жалпыға бірдей білім беру жүйесінің қалыптасуына алғышарт жасады.


Түйін сөздер: Семей өңірі, білім беру жүйесі, мектеп ісі, сауатсыздықты жою, сауатсыздықты жою пункттері, жоғары типтегі мектептер, совет үкіметі

Дәйексөз үшін: Атантаева Б.Ж., Мухаметкалиева К.Б., Абенова Г.А. Білім берудегі өзгерістер: 1920 жылдардағы Семей өңіріндегі мектеп жүйесінің дамуы мен сауатсыздыққа қарсы күрес // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2025. Т. 12. № 1. 49–65 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_49-65


ПЕРЕМЕНЫ В ОБРАЗОВАНИИ: РАЗВИТИЕ ШКОЛЬНОЙ СИСТЕМЫ И БОРЬБА С НЕГРАМОТНОСТЬЮ В СЕМИПАЛАТИНСКЕ В 1920 ГОДЫ

Атантаева Бакыт Жумагазиевна¹, Мухаметкалиева Карлыга Бериковна^{2},
Абенова Гульнур Атымтаевна³*

¹Университет имени Шакарима города Семей
(д. 20А, ул. Глинки, 071412 Семей, Республика Казахстан)
Доктор исторических наук, профессор
 <https://orcid.org/0000-0001-6104-9797>. E-mail: batantaeva@mail.ru

²Университет имени Шакарима города Семей
(д. 20А, ул. Глинки, 071412 Семей, Республика Казахстан)
Докторант PhD Университета имени Шакарима города Семей
 <https://orcid.org/0009-0009-9934-8149>. E-mail: karlyga.m@mail.ru

*Автор-корреспондент

³Университет имени Шакарима города Семей
(д. 20А, ул. Глинки, 071412 Семей, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, старший преподаватель
 <https://orcid.org/0000-0001-7845-182X>. E-mail: b.gulnur@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Атантаева Б.Ж., Мухаметкалиева К.Б., Абенова Г.А., 2025

Аннотация. *Введение.* В 1920-е годы система образования в Семипалатинском регионе претерпела значительные изменения. Советская власть реализовала комплекс мер, направленных на формирование новой школьной сети и сокращение уровня неграмотности среди населения. Реформы рассматриваемого периода способствовали как структурному, так и содержательному обновлению образовательной сферы, заложив основу для дальнейшего развития просвещения. В статье рассматриваются ключевые проблемы, с которыми столкнулась советская власть в первые десятилетия: нехватка квалифицированных кадров,

дефицит учебных материалов, материально-технические сложности, а также противодействие со стороны консервативных сил. *Цель и задачи исследования* – изучение развития системы образования в Семипалатинском регионе в 1920-е годы, включая процесс создания школ и проведения мероприятий по ликвидации неграмотности. В рамках исследования на основе архивных документов и статистических данных анализируется динамика изменения числа школ I ступени и пунктов ликвидации неграмотности, а также численность обучающихся. Кроме того, изучаются ключевые факторы, способствовавшие развитию школ более высокого типа, и оценивается их вклад в региональную систему образования. *Результаты.* В статье определены факторы малограмотности населения, особенно женской его половины, приводится анализ мероприятий и политики власти, направленные на ликвидацию безграмотности. Кроме того, показан прогресс искоренения неграмотности среди взрослого населения, отмечается положительное состояние казахских школ в регионе. Результаты исследования позволяют более детально изучить процессы, происходившие в сфере образования в начале 1920 годов, и их влияние на развития системы образования в Семипалатинском регионе. *Вывод.* Реформы в образовании 1920-х годов не только способствовали увеличению количества учебных заведений в регионе, но и расширили доступ населения к образованию. Открытие национальных школ и подготовка педагогических кадров заложили фундамент новой образовательной системы. В то же время мероприятия по ликвидации неграмотности усилили социальную роль образования и способствовали изменению общественного сознания. Эти процессы создали предпосылки для формирования системы всеобщего образования в будущем.

Ключевые слова: Семипалатинский регион, система образования, школьное дело, ликвидация неграмотности, пункты ликвидаций, школы повышенного типа, советская власть
Для цитирования: Атантаева Б.Ж., Мухаметкалиева К.Б., Абенова Г.А. Перемены в образовании: развитие школьной системы и борьба с неграмотностью в Семипалатинске в 1920 годы // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2025. Т. 12. № 1. С. 49–65. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_49-65

Кіріспе

1920-жылдардағы Қазақстанның білім беру жүйесі ел тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл кезең әлеуметтік-саяси өзгерістердің күрделілігімен ғана емес, мәдени және прогрессивті жаңғыруға деген ұмтылысымен де ерекшеленеді. Октябрь революциясынан кейінгі қиыншылықтар Совет үкіметін қоғамның әртүрлі салаларында, оның ішінде білім беру саласында да ауқымды реформаларды іске асыруға итермеледі. Реформалардың басты мақсаты – сауатсыздықты жою, жаңа білім беру жүйесін құру және социалистік идеяны қоғамға енгізу болып көзделді.

Жаңа үкімет елдегі өз ықпалын нығайту үшін халыққа патшалық империализмнің жалғасы емес, керісінше, совет азаматтарының мүддесін көздейтін жаңа әрі бейтарап үкімет екенін көрсету маңызды болды. Шетелдік зерттеуші Д. Тоимбек пікірінше, институционализация үрдісі жедел индустриаландыру, урбанизация және «өркениетті» совет азаматының бейнесін қалыптастырумен қатар жүрсе де, көшпелі халықтың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері назарға алынбағанын атап өтеді (Тоимбек, 2024: 21).

Елдегі өзгерістер барысында тарихи және мәдени мұраға бай Семей өңірі де назардан тыс қалған жоқ. Бұл аймақтағы білім беру жаңа мәнге ие бола бастады. Семей облысы республиканың негізгі өнеркәсіптік орталықтарының бірі болғандықтан, жаңа билік ауыл тұрғындарының, әсіресе, өңірдегі өнеркәсіптік кәсіпорындарда еңбек еткендердің сауаттылығын арттыруға ерекше көңіл бөлді. Осыған байланысты халық саны қарқынды өсіп жатқан Семей облысында мектептер желісін құру және дамыту басты міндеттердің біріне айналды. Әртүрлі әлеуметтік топтардың, оның ішінде шаруалар мен жұмысшылардың балалары, сондай-ақ ұлттық азшылық өкілдері үшін білім алу мүмкіндіктерін беру басты басымдықтардың бірі болды. Реформаның маңызды бөлігі ретінде қазақ тілін білім беру

жүйесіне енгізу қарастырылып, бұл ұлттық мәдениет пен сана-сезімнің сақталуы мен дамуына шешуші ықпал етті.

Осы тұрғыдан алғанда, 1920 жылдардағы білім беру саласының дамуын жан-жақты зерттеу қажеттілігі туындайды. Әсіресе, Семей аймағының білім беру жүйесін талдау бұл үдерістің ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді, себебі оның өзектілігі бірнеше маңызды факторлармен айқындалады. Біріншіден, Семей өңірі қазақ даласындағы ағартушылық қозғалыстың орталығы ретінде танылған, сондықтан білім беру саласындағы өзгерістердің аймақтағы әлеуметтік құрылымға қалай ықпал еткені маңызды. Екіншіден, советтік биліктің мектеп жүйесін қайта құруға бағытталған саясаты жергілікті халықтың білім алу мүмкіндіктерін арттырғанымен, оның іске асырылуында көптеген кедергілер болды. Оқу орындарының жетіспеушілігі, кадр тапшылығы және материалдық базаның әлсіздігі сынды мәселелер білім беру реформаларының толыққанды іске асуына кедергі келтірді. Үшіншіден, 1920 жылдардағы білім беру реформалары тек білім алудың ұйымдастырушылық құрылымын өзгертіп қана қоймай, сонымен бірге жаңа идеологиялық мазмұнмен толықты. Осы кезеңде мектептер тек сауат ашу орындары ғана емес, советтік биліктің идеологиялық құралына айналды. Сондықтан Семей өңіріндегі білім беру жүйесін зерттеу арқылы жаңа биліктің білім саласын қандай тәсілдермен реформалағанын, дәстүрлі оқу жүйесінің қандай өзгерістерге ұшырағанын және осы үдерістің жергілікті халықтың мәдени өміріне ықпалын анықтау маңызды. Бұл өз кезегінде, Семей өңіріндегі білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуын зерттеу Қазақстандағы ағарту ісінің жалпы тарихын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Советтік модернизация үдерісінің ұлттық білім беру жүйесіне ықпалы мен оның ұзақ мерзімді салдарын талдау тарихи тәжірибені бағамдап, өткен реформалардың тиімділігі мен кемшіліктерін айқындауға жол ашады. Сонымен қатар, зерттеу қарастырылып отырған кезеңдегі білім саясатының әлеуметтік және мәдени өмірге ықпалын анықтап, қазіргі заманғы білім беру жүйесін жетілдіруге қажетті тарихи сабақтарды алуға септігін тигізетіндігі анық.

Материалдар мен әдістер

Ғылыми зерттеудің маңызды дереккөздерінің бірі – архивтік құжаттар. Олар қарастырылып отырған тақырыптың маңыздылығын айқындап, кешенді сараптамалық талдау жүргізуге негіз болды. Құжаттардың басым бөлігі Абай облысының мемлекеттік архивінің (бұдан әрі – АОМА) 415-қорында, яғни Семей губерниялық халық ағарту бөлімінің материалдары жинақталған қорда сақталған және осы зерттеуде кеңінен пайдаланылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (одан әрі – ОМА ҚР) 81 қоры – Қазақ КСР Халық комиссариатының және Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінің (одан әрі – ПА ҚР) 141 қоры – РКП (б) партиясының жаңа қазақ өлкелік комитетінің құжаттары маңызды мәліметтер ұсынды. Архив құжаттары 1920 жылдардағы білім беру саласын ұйымдастыру мен дамыту мәселелерін қамтитын шешімдер, қызметтік хаттар, мектеп әкімшілігінің есептері және түрлі тарихи ақпараттарды қамтиды. Бұл құжаттар білім беру шараларының нәтижелерін, олардың өткізілу мерзімдерін, сондай-ақ бұл шараларды жүзеге асырылуына кедергі келтіретін объективті және субъективті факторларды бағалауға мүмкіндік берді.

Мақалада статистикалық есептер, анықтамалықтар, республикалық және жергілікті білім беру органдарының жылнамалары, оның ішінде 1920 және 1926 жылғы Совет Одағындағы халық санағының нәтижелері пайдаланылды. Бұл деректер әлеуметтік-демографиялық құрам мен білім деңгейі туралы ақпарат ұсынды. Берілген дереккөздерді пайдалану өңірдегі халықтың сауаттылық эволюциясын бақылауға мүмкіндік беріп, оның қоғамның мәдени дамуына әсерін бағалауға жол ашты, білім мен әлеуметтік-экономикалық үдерістер арасындағы байланыстарды көрсетуге мүмкіндік берді. Мұндай көпқырлы талдау тарихи үрдістер мен олардың Семей облысының білім беру жүйесін қалыптастыруға тигізген ықпалын тереңірек түсінуге септігін тигізеді.

Зерттеудің әдіснамалық негізін ғылыми объективтілік пен ғылыми талдаудың кешенді қағидаттары құрайды. Жалпы ғылыми әдістермен (талдау және синтез) қатар арнайы тарихи

әдістер (тарихи-генетикалық, тарихи-типологиялық, салыстырмалы-тарихи) және статистикалық әдіс қолданылып, зерттеу нысанының объективті заңдылықтары мен сандық сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік берді. Ғылыми объективтілік қағидаты өңірдегі білім беру тарихын шынайы анықтауға, үкіметтің сауатсыздықты жою мәселесі бойынша саясатын әзірлеуі мен жүзеге асыруының әлеуметтік-экономикалық және саяси себептерін ашуға бағытталды. Тарихи-генетикалық әдіс мектептік білім беру жүйесіндегі құрылымдық өзгерістердің тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде советтік мектептің негізгі түрі қалыптасты. Тарихи-типологиялық әдіс Совет үкіметінің оқу-ағарту ісіне бағытталған шараларын, олардың іске асырылу формалары мен әдістерін жүйелеу, сондай-ақ халық арасындағы сауатсыздықтың негізгі себептерін анықтау үшін қолданылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс зерттеліп отырған кезеңдегі Совет үкіметінің білім беру саясатының эволюциясын талдауға мүмкіндік берді. Статистикалық әдіс жүргізілген саясаттың тиімділік дәрежесін айқындауға, қойылған мақсаттар мен нақты қол жеткізілген нәтижелердің арақатынасын сандық деректер негізінде анықтауға септігін тигізді. Мәселе тарихи дамудың объективті заңдылықтары, өткен тәжірибенің сабақтары және нақты тарихи қажеттіліктер тұрғысынан қарастырылды. Осылайша, зерттеуде қолданылған әдістер аймақтағы білім беру жүйесінің қалыптасу үдерісін жан-жақты қарастырып, оның негізгі даму бағыттарын талдауға және объективті бағалауға мүмкіндік берді.

Талқылау

XX ғасырдың бірінші жартысындағы халықтық білім беру мәселесі әлі күнге дейін өз мәнін жоғалтпай, зерттеушілердің қызығушылығын тудыра отырып, өзекті болып қалуда. Совет дәуірінде қарастырылып отырған тақырып ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарының бірі болды, ал қазіргі таңда зерттеушілер осы мәселені белсенді түрде зерттеп, жаңа аспектілерін ашып, білім беру жүйесінің даму үрдістерін жаңа көзқараспен қарастырып келеді.

Советтік кезеңдегі зерттеулерде, мысалы, А.И. Сембаевтың «Очерки по истории казахстанской советской школы» (Сембаев, 1962) және Ш.К. Биткенбаеваның «Реализация ленинского декрета о ликвидации неграмотности в Казахстане (1917–1940 гг.)» (Биткенбаева, 1982) еңбектерінде идеологияландырылған көзқарас айқын байқалады. Бұл көзқарас халықтық білім беру жүйесінің жетістіктерін революциялық өзгерістер мен совет моделі арқылы көрсетуді басты назарға алады, бұл өз кезегінде білім беру реформалары мен олардың салдарын объективті бағалауға шектеулер қояды.

Қазіргі зерттеу жұмыстарында 1920 жылғы халықтық білім беру мәселелері әртүрлі көзқарастар мен аналитикалық әдістермен зерттеледі. Бірқатар авторлар реформалардың оң аспектілеріне, мысалы, сауатсыздықты жоюға, қолжетімді білім беру жүйесін қалыптастыруға және білім алу теңдігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөледі. Ал өзге зерттеушілер реформалар барысында пайда болған проблемаларға, мәселен, кадр жетіспеушілігіне, идеологиялық сананың басымдылығына және ресурстардың тапшылығына сыни көзқарас танытады.

Мысалы, О.Х. Мұхатова өз еңбегінде «Қазақстандағы 1920 жылдардағы оқу-ағарту» (Мұхатова, 2021) советтік білім беру жүйесінің алғашқы онжылдығындағы жетістіктерімен қатар, оның кемшіліктерін де қарастырады. Автор халықтық білім беруді қайта ұйымдастыруға қатысты маңызды құжаттарды зерттей отырып, Халық ағарту комиссариатының білім беру парадигмасын қалыптастыру мен дамытуға байланысты қаулыларының мәні мен мазмұнын ашады. Бұл құжаттар республикадағы жаңа білім беру жүйесінің негізін қалауға ықпал етті.

А.М. Әбікей, А.Т. Қайыпбаева және Р.Р. Оспанова ұсынған «Қазақстандағы сауатсыздықты жою науқанының жүзеге асырылуы» (Әбікей және т.б., 2022) атты ұжымдық мақаласында авторлар большевиктік тәртіптің енгізілуімен бірге сауатсыздықты жоюдың кезең-кезеңімен жүзеге асырылуын талдайды. Бұл талдауда науқанның ағартушылық және идеологиялық аспектілерін салыстыра отырып, олардың өзара байланысы мен жаңа мәдени тәжірибелердің қалыптасуына тигізген әсері айқындалады.

«Қазақстандағы 1920–1930 жылдардағы қоғамдық негізде ағартушылық қызмет атқарған ұйымдардың тарихы» (Ұйымдардың тарихы, 2023) атты ұжымдық монографияда 1920 жылдары Қазақстанда құрылған «Талап», «Сауатсыздықты жою» қоғамдық ұйымдардың тарихы мен Совет үкіметінің құрылу кезеңіндегі қазақ интеллигенциясының қоғамдық ұйымдардағы қызметі талданады. Бұл еңбекте авторлар бұрынғы патшалық және совет кезеңдеріндегі Қазақстандағы қоғамдық ұйымдардың жарғыларының құрылымдық ұқсастығына, мақсаттары мен міндеттеріне назарларын аударады. Сонымен қатар, олар қазақ интеллигенциясының қазақ еліне білім беру, ғылым және мәдениетіне қосқан өлшеусіз ағартушылық қызметінің жаңа қырларын ашуға тырысады.

Бұл авторлардың зерттеулері негізінен ұлттық деңгейде жүргізіліп, 1920 жылғы білім беру жүйесінің жалпы бағыттары мен нәтижелері анықталды. Дегенмен, мұндай тәсіл көбінесе өңірлік тәжірибенің әртүрлілігін және әрбір өңірдің кездестірген арнайы қиындықтарын назардан тыс қалдырады. Сондықтан, тереңірек түсінік алу мен объективті талдау үшін өңірлік аспектіде ғалымдардың ғылыми зерттеулерін қарастыру қажет. Мысалы, Шығыс Қазақстан тарихын зерттеуде елеулі үлес қосқан К.Ш. Керейбаевтың «Культурная жизнь Восточного Казахстана в 20-е годы» (Керейбаев, 1989) және А.К. Богенбаеваның «История развития народного образования в Восточном Казахстане в 20–30-е гг. XX века» (Богенбаева, 2003) атты еңбектерін атауға болады. Авторлар 1920-жылдардағы білім беру реформаларының амбициозды әрі іске асыруда күрделі болғанын мойындайды. Дегенмен, олардың реформалардың жетістіктері мен сәтсіздіктерін бағалау тәсілдері айтарлықтай айырмашылық көрсетеді, бұл тарихи кезеңнің көпқырлылығы мен күрделілігін білдіреді. Бұл көзқарастарды талқылау қазіргі зерттеушілерге советтік білім беру жүйесінің жетістіктері мен кемшіліктерін тереңірек түсінуге көмектесіп, қарастырылып отырған кезеңнің объективті көрінісін ұсынады.

Шетелдік зерттеулер бойынша, біздің тақырыпқа қатысты арнайы еңбектер анықталған жоқ. Дегенмен, біз үшін маңызды болып табылатын зерттеу – D.Toimbek-тің «Fighting Illiteracy and Political Enlightenment: Soviet Educational Policies in the 1920s» (Toimbek, 2024) атты жұмысы. Бұл еңбек советтік Қазақстандағы білім беру саласындағы трансформациялық үрдістерді түсінуге зор үлес қосады. D.Toimbek 1920 жылдары Совет үкіметінің білім беру саясатын сауатсыздықпен күресу және халықты саяси тұрғыдан ағарту мақсатында қалай пайдаланғанын талдайды. Зерттеуде советтік білім беру саясатының тап болған түрлі кедергілері қарастырылады, мәселен, Орталық Азия аймақтарының өзіндік мәдени ерекшеліктері сынды сыртқы факторларыда қамтылған. Бұл аспектілер сауатсыздықты жою үрдісінің күрделі әрі көпқырлы болғанын түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақстандағы білім беру тарихы шетелдік зерттеушілер тарапынан арнайы зерттелмегенімен, советтік білім беру жүйесі КСРО мәдениетінің тарихы аясында қарастырылады. Батыс және американдық ғылыми әдебиетте советтік білім беру жүйесінің ерекшеліктері мен кемшіліктері параллельді түрде талданады. Мысалы, педагогика саласындағы американдық ғалым Дж.С. Каунтс (Каунтс, 1957) Совет Одағына қарсы сынымен танымал. Оның «Советское просвещение бросает вызов» атты кітабында Совет Одағының сауатсыздықты жоюдағы табыстары көрсетілгенімен, 1940-жылдардың басында мәселенің толық шешілгеніне күмән келтірілген.

Осылайша, жоғарыда аталған зерттеулердің нәтижелері мен қорытындылары қарастырылып отырған кезеңдегі халықтық білім беру жүйесінің дамуындағы күрделі және өзара қайшылықты үрдістердің тарихи көрінісін қайта қалпына келтіруге ықпал етеді. Бұл мәліметтер Семей өңірі мысалында зерттеу жұмысының барысында пайдаланылатын болады.

Зерттеу нәтижелері

Архивтік құжаттар мен деректердің талдауы совет билігінің Семей өңірінде сауатсыздықты жою жұмыстары екі негізгі бағытта жүзеге асырылғанын көрсетеді. Біріншіден, мектеп жасындағы балалар үшін жалпы білім беретін мектептердің желісін кеңейту және оқу үрдісіне көбірек балаларды тарту арқылы жүзеге асырылса, екіншіден, ересек тұрғындар арасында оқу мен жазу, есептеу негіздері үйретіліп, бастапқы дағдыларды

менгеруге арналған сауат ашу мектептері мен сауатсыздықты жою пункттерін ашу арқылы, сауаттылық деңгейін арттыру көзделді.

Жаңа билік жаңа ұрпақты білімді азаматтар ретінде қалыптастыруды мақсат етті. Патшалық дәуіріндегі білім беру мекемелері, «Құдай заңына» негізделген, большевиктердің білім беру жүйесіне қойған талаптарына сәйкес келмеді. Большевиктердің көзқарасы бойынша, мектеп-медреселер тек діни білім беру мекемелері ретінде қарастырылды (Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі, 2022: 68). Осыған орай, совет билігінің алғашқы жылдарындағы саясат ескі білім беру мекемелерін түбегейлі өзгерту бағытында болды. Медреселер, діни мектептер және орыс-қазақ мектептері совет білім беру жүйесіне белсенді түрде қайта құрылды. 1918 жылғы 20 қаңтарда қабылданған ХКК декреті діни ықпалды оқу үрдісінен алыстатты.

Дегенмен, совет билігінің декреті мұсылман діни қызметкерлері мен діни мектептер мұғалімдері тарапынан елеулі қарсылыққа ұшырады, себебі білім беру негізінен діни заңдарға сәйкес жүргізілді. Совет мектептеріне қарсы наразылық қарапайым шаруалардан да, ауқатты кулактардан да келіп түсті. Бұл топтар мектептерді жабу, мұғалімдерді қудалау, белсенділерге қауіп-қатер төндіру, тіпті кісі өлтіруге белсенді түрде қатысты. Мысалы, Семей облысының Архат ауылында мұғалім Саулық Кемелбайұлы мен оның әйелі Күлекен жұқа киізге оралып, мектеппен бірге өртелді. Сол аймақта 1918 жылы совет мұғалімі Рамазан Әбішев басы кесіліп өлтірілді (Әбікей және т.б., 2022: 172).

1918–1919 оқу жылына қарай Қазақстанның үлкен бөлігін азаматтық соғыс қамтып, ақ гвардияшылардың бақылауындағы аумақтардағы мектептердің қиратылуына әкелді. Семей губерниясындағы білім беру жүйесінің ақ гвардияшылардан босатылғаннан кейінгі жағдайын бағалай отырып, Қазақстанның Халық ағарту комиссариатының өкілі өз баяндамасында: «Семей губерниясындағы халықтық білім беру жағдайы өте ауыр болды, әсіресе қазақ халқы арасында», - деп атап өтті. Бұның себебі, ең алдымен, Колчактың кезінде мектеп құрал-жабдықтарының қалдықтарының айтарлықтай бүлінгенімен байланысты деп көрсетті (Сембаев, 1962: 44).

1920-жылдардың басында аймақта мектеп білімін терең реформалау үрдісі аяқталды. Совет үкіметінің мектеп құрылысындағы басты мақсаты кең көлемде, қолжетімді, тегін және дінсіз еңбек мектебін құру көзделді. Бұл қағидалар 1918 жылы қабылданған «РСФКР-дың біртұтас еңбек мектебі туралы ереже» және «Біртұтас мектептің негізгі принциптері туралы декларация» заңдық актілерінде бекітілді. Осы құжаттарға сәйкес, бұрынғы білім беру жүйесі жойылып, жаңа мектеп үшін: I деңгей – 5 жылдық оқу (8–13 жас аралығындағы балалар үшін), II деңгей – 4 жылдық оқу (13–17 жас) деңгейлер белгіленді. I және II деңгейлерде оқу барлық мектеп жасындағы балалар үшін міндетті болып бекітілді (Развитие народ. образования, 2016: 14).

Егер, 1918–1921 жылдар аралығында губернияларда революцияға дейінгі мектептерді жою мен советтік білім беру жүйесін құру жолдарын іздеу үрдісі орны алса, онда 1921–1924 жылдар аралығы білім беру мекемелерінің құрылымын тұрақтандыру мен нығайту, сондай-ақ ең тиімді білім беру ұйымының түрін анықтау кезеңі болды. Жалпы ел көлемінде және Семей облысында саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзгеруі мектептік білім беру жүйесінде құрылымдық өзгерістерге әкелді, соның нәтижесінде жетіжылдық мектеп советтік мектептердің негізгі түрі ретінде бекітілді.

Совет үкіметі елдегі ресурстардың жалпы тапшылығын және халық шаруашылығын қалпына келтіру үшін барлық күш-жігерді жұмылдыру қажеттілігін ескере отырып, халыққа білім беру жұмысының ауқымын едәуір қысқартуға мәжбүр болды. 1922 жылғы 31 тамыздағы қаулы қабылданғаннан кейін, орталықтандырылған басқару және мәдени-ағарту мекемелерін қамтамасыз ету жүйесі жойылып, өңірдегі мектептік білім беру дамуы баяулады, нәтижесінде мектептер саны азайды. Қырғыз (қазақ) РКП(б) обкомының пленум материалдарына сәйкес, мектеп жүйесін қысқарту үрдісі 1922 жылы ең жоғары шиеленіске жеткен. Мысалы, Семей өңірінде 536 орыс мектептерінің 83-і жабылып, 453-і қалған, ал 507 қазақ және татар мектептерінің 40-ы жабылып, 467-сі қалған. Осылайша, статистика орыс мектептерінің саны

қазақ және татар мектептерінен екі есе көп жабылғанын көрсетеді. Қалған 920 мектеп Губерниялық халыққа білім беру бөлімі тарапынан Семей облысындағы халықтың білім қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ең төменгі қажеттілік деп танылып, оларды одан әрі қысқарту қабылданбайтын болып шешілді (ҚР ОМА. Қ. 81., Т. 1., Іс. 335., П. 129).

Қысқартылған мектептерде жабдық жетіспеушілігі және жеткіліксіз қамтамасыз ету тапшылығы байқалды. Семей губерниялық басқармасының есептерінде «қазақ мектептері қажетті жиһаздармен жабдықталмаған, көбінесе ең қарапайым үстелдер мен орындықтар да болмаған. Кейбір оқу орындарында оқушылар еденде отыруға мәжбүр болды. Орыс мектептерінде де жиһаздардың айтарлықтай тозғаны және жөндеу мен ауыстыруды талап ететіні байқалады. Сонымен қатар, тақталар, шкафтар және басқа да қажетті заттар жетіспеді» деп көрсетілген (Сембаев, 1962: 78). Бұл деректер мектеп ғимараттары мен олардың жиһазбен қамтамасыз ету мәселесінде қазақ және орыс мектептерінің өте қиын жағдайда болғанын көрсетеді.

Аймақтағы бірқатар мектептерде отын мен жарықтандырудың тапшылығы айқын байқалды, өйткені жылу үшін бөлінген қаржы неғұрлым аз, не болмаса жергілікті органдар тарапынан мүлде бөлінбеді. Мектептерді отынмен қамтамасыз етуге негізінен жергілікті тұрғындар көмек көрсетті. Павлодар уезінің ағарту мекемелерін тексеруші инспектор Қыдырбаевтың есебінде кейбір мектептерде жылу халық тарапынан дұрыс қамтамасыз етілмегені және бұл оқыту бөлмелерінің шектен тыс ылғалдылыққа әкеліп соқтырғаны туралы айтылады (ҚР ОМА. Қ. 81., Т. 1., Іс. 997., П. 142.). Осы тұста, татар және қазақ ата-аналарының оқу орындарын отынмен қамтамасыз етуге көбірек белсенділік танытқандықтан ұлттық мектептерде отынмен қамтамасыз ету жағдайы айтарлықтай жақсы болды. (ҚР ОМА. Қ. 81., Т. 1., Іс. 335., П. 17қ).

Анықталған кемшіліктерді жою мақсатында біріншіден, мектептердің материалдық қамтамасыз етілуін жақсарту жоспарланды. Бұл міндет кәсіптік одақ және басқа қоғамдық ұйымдарға жүктелді. Бұл құрылымдар мектептерді жөндеу, жарықтандыру, отын жеткізу және басқа қажетті ресурстармен қамтамасыз етуге тиіс болды. Мысалы, Снегировка ауылындағы мектептің қаржыландыруы жергілікті ресурстар есебінен жүзеге асырылды: мұғалімдердің жалақысы, отын шығындары, оқулықтар сатып алу және мектеп ғимараттарын жөндеу жергілікті кооперативтердің қаражаты есебінен төленді. Кейбір ауыл мектептерінің қамтамасыз етілуі толықтай қоғамдық қаражатпен жүзеге асты. Нәтижесінде, еңбекшілердің келісімімен Өскеменде – 23 мектеп, Бұқтырмада – 30 және Семейде – 33 жаңа мектептер салынды (Биткенбаева, 1982: 31–49). Сонымен қатар, ауыл мектептеріне жергілікті халық та айтарлықтай көмек көрсетті. Мысалы, Прохладный ауылында тұрғындар мектепті өз қаражатымен ұстауға келісіп, тек мұғалімнің жалақысын төлеуді сұрады (ҚР ОМА. Қ. 81., Т. 1., Іс. 997., П. 57).

Екіншіден, бастауыш мектептер үшін оқу құралдарын шығару үрдісін жеделдету қажеттілігі туындады. 1920-жылдары республикада орын алған баспа дағдарысы және оқу құралдарының жеткізілуіндегі кідірістер мектептерді қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету үрдісін баяулатты. Егер орыс мектептері оқу құралдарымен орташа есеппен 50% қамтамасыз етілген болса, қазақ мектептері ана тіліндегі оқу әдебиеттерінің тапшылығы салдарынан 10%-дан кем қамтамасыз етілді (АОМА. Қ. 415., Т. 1., Іс. 12., П. 2). Ахмет Байтұрсыновтың екі жыл бойы қазақ Халық комиссариатын басқаруы Семей өңірінде білім беру мен ағарту қызметінің жағдайын жақсартуға ықпал етті. Оның күш-жігерінің арқасында Мәскеуден Семейге үлкен көлемде оқу құралдары мен мектеп әдебиеттері, оның ішінде дәптерлер, шамамен 30 мың қарындаш және кеңсе құралдары жеткізілді (Мухаметкалиева, 2022: 102).

Үшіншіден, мектептер желісін кеңейту, оқушылар санын арттыру және оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін жеткілікті педагогикалық кадрларды тарту қажет болды. Дегенмен, барлық мұғалімдер бірден Совет үкіметінің ұстанымын қолдамады және кейбір жағдайларда олар ағартушылық реформаларға қарсылық білдірді. Мысалы, Семей облысының II мұғалімдер съезінде өкілдер «саясатсыз мектеп» және «мұғалімнің еркін тұлғасы» қажеттілігін атап көрсетіп, өз қарсылығын білдірді (Развитие народного образования,

2016: 3–4). Жергілікті есептерде кейбір мұғалімдердің жеке ауылдарда қарсылық көрсеткенін атап көрсетеді. Мысалы, Нарым және Күршім аудандарында мұғалімдердің қоғамдық жұмыстарға аз қатысуы салдарынан мәдени-ағартушылық жұмыстар іс жүзінде жүзеге асырылмады (Дурнова, 2019:62). Осы қиыншылықтарға қарамастан, советтік білім беру жүйесі мұғалімдердің сенімін жеңіп, оларды ағартушылық үдерісіне тартуды жалғастырды.

Мектептерді қажетті педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету үшін жергілікті советтер мен халыққа білім беру бөлімдері әртүрлі әдістерді қолданды, оның ішінде мектеп қызметкерлерін мобилизациялау және оларды Семей губерниясының бірнеше қаласында құрылған педагогикалық курстар жүйесі арқылы даярлау болды. Мәселен, 1920 жылы осы аймақта мектеп мұғалімдерін даярлау үшін қысқа мерзімді және жылдық курстар ұйымдастырылды. Әрбір курс 150–200 мұғалімді даярлап, оларды губерния ауылдарына жіберді (Рахматуллина, 2019: 46).

Халық ағарту бөлімі, қазақ мұғалімдерін жедел даярлау үшін жылдық және қысқа мерзімді педагогикалық курстар ұйымдастыра отырып, өңірдегі қазақ тілінде оқытылатын мектептердің санының айтарлықтай артуына ықпал етті. 1920 жылдан 1927 жылға дейінгі аралықта Семей губерниясындағы қазақ мектептерінің саны шамамен 10 есеге өсіп, 24-тен 220-ге дейін жетті (АОМА. Қ. 73., Т. 1., Іс. 42., П. 83).

Келесі жылдары өңірдегі халықтық білім беру жүйесі тұрақтала бастады. Мысалы, 1923–1924 оқу жылында 441 бірінші басқыштағы мектеп жұмыс істеп, онда 25263 оқушы білім алды. 1924–1925 оқу жылында бірінші басқыштағы мектептердің саны 555-ке жетіп, оқушылар саны 39,449-ға ұлғайды. Бұл көрсеткіш мектептер санының 114-ке, ал оқушылар санының 14186-ға артқанын көрсетеді. Осы кезеңде, екінші басқыштағы мектептер саны айтарлықтай аз болды, бұл бірінші және екінші басқыштағы мектептер арасындағы теңсіздіктің бар екенін айқын байқатады. Мысалы, 1923–1924 оқу жылында екінші сатыдағы мектептердің саны 6 болса, 1925–1926 оқу жылында бұл көрсеткіш 9-ға көтерілді, бірақ 1925–1926 оқу жылында олардың саны тек 5-ке жетті (Ежегодник, 1927: 340).

Берілген мәліметтерден бірінші басқыштағы мектептердің саны екінші басқыштағы мектептермен салыстырғанда едәуір көп болғанын аңғарамыз, яғни бұл олардың даму қарқынының баяу болғандығын көрсетеді. Мұндай жағдайдың басты себептерінің бірі – зерттеліп отырған кезеңдегі аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайлары атанды. Жоғары типтегі мектептер көп материалдық ресурстарды талап етті, ал барлық отбасылардың оқу ақысын төлеуге мүмкіндігі шектеулі болды. Дегенмен, 1930 жылы БКП(б) Орталық Комитетінің «Бастауыш және орта мектептердегі режим туралы» қаулысының қабылдануымен жағдай өзгере бастады. Бұл қаулы міндетті жалпы бастауыш білім беруді енгізіп, нәтижесінде орта мектептерге түсуші оқушылар саны едәуір өсті. Алғашқыда оқу мерзімі жеті жыл болса, кейіннен тоғыз жылға дейін ұзартылды (Развитие народного образования, 2016: 21).



Сурет 1. Екінші басқыш мектебіндегі сабақ. Павлодар, 1926 жыл.

(Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар және дыбыс жазбалар архиві, 5–3452).

[Figure 1. Lesson in the Second Step School. Pavlodar, 1926. The Central State archive of film and photo documents and sound recordings, 5–3452]

Семей аймағында зерттеліп отырған кезеңде орыс мектептерімен қатар ұлттық мектептерді қалпына келтіру және жаңадан ашу жұмыстары белсенді жүргізілді. 1920 жылдың соңына қарай губернияда 62 оқушысы бар 24 мұсылмандық бірінші басқыштағы мектеп жұмыс істеді. 1921 жылдың ақпан айында аймақта 16057 оқушысы бар 380 өзге ұлттық бірінші басқыштағы мектеп болды, олардың басым көпшілігі мұсылмандық мектептер еді (АОМА Қ. 73, Т. 1, Іс. 42, П. 75). 1925 жылдың басында аймақта 2009 оқушысы бар 17 татар мектебі және 1200 оқушысы бар 23 неміс мектебі жұмыс істеді. Көріп отырғанымыздай, сол кезеңнің қиыншылықтарына қарамастан, ұлттық мектептер саны мен ондағы оқушылардың санын арттыру бойынша жұмыстар табысты шешімін тапқан.

1927 жылғы 15 желтоқсандағы Бүкілодақтық мектеп санағының мәліметтеріне сәйкес, Семей аймағында І-ші басқыштағы 522 мектеп жұмыс істеп, оларда 36943 оқушы білім алды, оның 25 219-ы ұлдар, ал 11724-і қыздар еді. Сонымен қатар, аймақта 3036 оқушысы бар 21 жетіжылдық мектеп және 396 студент білім алған шаруа жастарына арналған 4 мектеп жұмыс істеді. Бұдан бөлек, 1488 оқушы оқитын 3 екінші басқыштағы мектеп те қызмет етті.

Бірінші басқыштағы мектептерде қыздардың үлесі 31,7%-ды, жетіжылдық мектептерде – 35,9%-ды, ал шаруа жастарының мектептерінде – 16,9%-ды құрады. Екінші басқыштағы мектептерде бұл көрсеткіш 51,2%-ға жеткен. Осы деректерге қарап, шаруа жастарының мектептерін қоспағанда, жоғары типті мектептерде қыздардың үлесі І-ші басқыш мектеппен салыстырғанда едәуір жоғары болғанын көруге болады. ІІ-ші басқыштағы мектептерде қыздардың саны ұлдардың санына жақындап, жалпы аймақтағы білім алатын қыздардың санымен теңесе түскен. 1927 жылы олардың үлесі жалпы оқушылардың 39,37%-ын құраған. Осылайша, Семей өңірінде қыздардың білім алуы тұрақты түрде өсіп отырғанын байқаймыз (Ежегодник, 1929: 271).

Зерттеліп отырған кезеңде жоғарғы типтегі мектептердің саны 28-ге дейін өсті, дегенмен қазақ халқының үлесі бұл мектептерде төмен деңгейде қалып, небәрі 15,7%-ды құрады. Бұл жағдай жоғарғы типтегі мектептердің желісін кеңейту шараларын қабылдауды қажет етті. Ол үшін қаржыландыруды арттыру, материалдық-техникалық базаны нығайту және білікті кадрларды даярлау қажеттіліктері туындады. Бұл өз кезегінде аталған жылдары педагогикалық техникумдардың ашылуына ықпал етті. Сондай-ақ, мұндай мектептердің дамуы 1920-жылдардың соңы мен 1930-жылдардың басында құрылған орыс педагогикалық техникумы, қазақ педагогикалық техникумы және кешкі педагогикалық институт сияқты оқу орындарының табысты жұмысының нәтижесінде мүмкін болғанын атап өткен жөн.

1920-жылдары Семей өңірінде мектеп жүйесін қалпына келтірумен қатар, жергілікті билік сауатсыздықты жою мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Бұл шаралар 1919 жылдың 26 желтоқсанында РСФКР ХКК-нің сауатсыздықты жою туралы декрет шығарғанға дейін-ақ басталған еді. Мысалы, 1918 жылдың сәуір айында Семей уездік Советтік білім беру бөлімі жартылай сауатты балалар үшін үш айлық курстар, сондай-ақ сауатсыз ересектерге арналған арнайы курстар ұйымдастырған (Әбікей және т.б., 2022: 172). Совет үкіметі орнағаннан кейін бұл іс-шаралар жүйелі түрде жүзеге асырыла бастады.

Архив деректеріне сүйене отырып, 1920 жылы Семей облысының тұрғындарының сауаттылық деңгейінің төмен болғанын атап көрсетуге болады. Мәселен, Семей губерниясындағы сауаттылық көрсеткіші небәрі 13,3% құрады, бұл 1897 жылғы бүкілресейлік халық санағының мәліметтерімен (5,9%) салыстырғанда екі онжылдықта аздаған ғана прогресс болғаны байқалады (Статистикалық шолу, 1923: 97). Қалаларда сауаттылық деңгейі 40,5%-ға жеткенімен, ауылды жерлерде бұл көрсеткіш төрт есеге төмен болып, 10,4%-ды құрады (Казахстанский город, 2023: 46). Бұл, негізінен, қалаларға қарағанда халықтың көпшілігі басым өмір сүрген ауылдарда сауатсыздықты жою жөніндегі шаралардың баяу жүзеге асырылуымен түсіндіріледі.

Губерниядағы сауатсыздықты жою негізінен сауатсыздар үшін арнайы пункттер, сауат ашу мектептері мен ересектерге арналған мектептер арқылы жүзеге асырылды. Бұл шаралар ересек тұрғындардың оқу үрдісін жеделдетуге бағытталды. Арнайы губерниялық комиссиялар мен сауатсыздықты жою комитеттері 14-тен 60 жасқа дейінгі ешқандай білім алмаған

жергілікті тұрғындарды, соның ішінде сауатсыз және аз сауатты 14–25 жас аралығындағы азаматтарды есепке алып, оларды жақын маңдағы сауат ашу мектептеріне баруға міндеттеді. Дегенмен, сауатсыздықты жою пункттерінің мен олардың жұмысы туралы жүргізілген зерттеулер мен есептер көрсеткендей, бұл пункттер сауатсыз ересек тұрғындарды тиімді оқытумен қамтамасыз ете алмады. Жалпы мектеп құрылысында кездескен проблемалар мен қиындықтар бұл пункттердің жұмысында да орын алды.

Мәселен, сауатсыздықты жою барысына білікті мамандардың жетіспеушілігі теріс әсер етті. Құжаттарға сәйкес, сауатсыздықты жою жұмыстарында қатысқан адамдардың көпшілігі тек алғашқы жылдарда ғана қызмет етсе, қалған 10–12%-ы ғана ұзақ мерзімді жұмыс істеді. Уездік білім бөлімі есептерінің талдауы көрсеткендей, сауатсыздықты жоюшылардың өздері көбіне сауатсыз болып шықты, ересектермен жұмыс жасау әдістерін білмеді, кейбіреулері мектептік білімнің негіздерін де меңгермеген еді. Сауатсыздықты жою пункттерінде қолданылған әдістер әртүрлі болды: көпшілік ескірген «дыбыстық» әдісті пайдаланса, тек аз ғана бөлігі толық жүйелі әдісті қолданды.

Сауат ашушылардың беделінің болмауы, олардың оқушылардың қызығушылығын тудыра алмау мен оқыту үрдісін дұрыс ұйымдастыра алмау қабілетсіздігінен халықтың бұл іске деген сенімі жойылып, сауаттылық пункттерінде білім алуға деген ынтасын бәсеңдетті. Нәтижесінде, оқушылардың көп пайызы сауат ашу пункттерінен шығып кетуі мен сауатсыздардың білім алу үрдісіне төмен қатысуы байқалды. Мысалы, әр сауатсыздықты жою пунктінде оқу басталғанда 25–30 адам болғанымен, оқу соңында тек 10–20 адам ғана сауат ашқан деп есептелді. Ағарту мекемелерінің есептік мәліметтері көрсеткендей, сабақтарға қатыспау себептері ретінде киімнің жоқтығы, сабан мен отын жинау қажеттілігі, үй міндеттері және басқа да факторлар келтірілді. Дегенмен, бұл себептер сауаттылық пункттеріндегі қызықсыз және жалықтыратын сабақтардан қашу үшін тек формальды сылтаулар болғаны анық.

Сонымен қатар, сауатсыздықты жоюға теріс әсер еткен факторлар қатарына: көрнекі құралдардың жетіспеушілігі, сауат ашу пункттерінің ересектерге арналған қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілмеуі және оқушыларға жазу құралдарының тұрақты түрде жетіспеуі жатады. Осы жағдайда билік органдары сауатсыздықты жою жұмысының маңызын дұрыс бағаламай бұл салада үнемдеуге тырысты. Архивтік мәліметтер бойынша, оқу бөліміне жыл сайынғы қаржыландырудың тек 20–30% ғана бөлінді. Нәтижесінде, кейбір губернияларда пункттерде парталар мен орындықтар болмады, мысалы, Зайсан уезінде «сауат ашушы мұғалімге де отыруға орын болмады, ал оқушылар тасқа немесе жай еденге отырып оқуға мәжбүр болды, жазуға қажетті құралдар не бор не тақта жоқ еді» - деп мәлімденеді (ҚР ПА. Қ. 141., Т. 1., Іс. 1526., П. 8).

Ересектердің әлсіз қатысуын тек сауат ашу пункттердің төмен сапасымен ғана емес, сонымен қатар халықтың мәдени артта қалушылығымен, тұрмыстық жағдайлардың қолайсыздығымен, материалдық қамтамасыз етілмеумен, жұмысшы халықтың ішінара қарсылығымен және басқа да себептермен түсіндіруге болады. Семей уезінің болыстық саяси ағарту комитеті есебінде былай делінеді: «Сауатсыз әйелдерді тіркеу үшін үйлерге барғанда еркектер: «Мен де сауатсызбын, өмір бойы осылай өмір сүріп келемін, ал әйелім оқу оқып, кітаппен отырса, үйде бірде-бір тауық көрмей қаламыз..», - деп жауап қатқан. Ересектер арасында сауатсыздықты жоюға ең үлкен қарсылық көрсеткендер көбінесе қариялар еді, олар сауатсыздықты жою жұмысын қажетсіз, жоғарыдан таңылған шара ретінде қарады. «Новая деревня» газетіне келген хаттарда да ересектер арасындағы сауатсыздықты жою жұмысына наразылық танытқан, бірақ балаларды оқыту үшін мектептер ашуды сұрағаны айтылған. Мысалы, Павлодар уезінің Октябрь ауылынан келген бір хатта: «Біздің балаларымызды сауатқа үйретіңіздер, ал біз өз өмірімізді өткіздік» деп жазылған. Сонымен қатар, кейбір хаттарда Совет үкіметінің сауатсыздықты жою шаралары қолдау тауып, тұрғындар ауылдарда сауатсыздықты жою пункттерін ашуды сұраған (ҚР ПА. Қ. 141., Т. 1., Іс. 1526., П. 6).

Ересектерді оқытуда қиындықтар оқу әрекетін еңбекпен ұштастырумен де байланысты болды. Ауылдық сауат ашу мектептерінде жұмыс маусымдық сипатта болғандықтан, ауыл шаруашылығы жұмыстарының маусымдылығын және елді мекендер арасындағы қашықтықты ескере отырып, сауатсыздықты жою бойынша ағарту шаралары қазақ ауылдарында тек жаз мезгілінде жүргізілетін болды. Мысалы, 1925–1926 жылдары жаз айларында 6405 адам сауатын ашса, қыста оқушылар саны екі есе аз — 3431 адамды құрады (АОМА. Қ. 73., Т. 1., Іс. 409., П. 110). Демек, екіжылдық тәжірибе жазғы маусымның тиімділігі жоғары болғанын көрсетеді. Ағарту мекемелерімен бұл тәжірибені кейінгі жазғы науқандарда ұйымдастыру ескерілді.

1924 жылы ересек тұрғындарды сауатсыздықты жою ісіне тарту мақсатында «Сауатсыздықты жою» атты қоғамдық ұйымы құрылды, оның негізгі ұраны «Все на борьбу с темнотой» атанды (Ұйымдардың тарихы, 2023: 98). Бұл ұйымның басты мақсаты ауылдар мен елді мекендердегі халыққа білім беру болып көзделді. Зерттеуші Ш.К. Биткенбаева монографиялық еңбегінде сауатсыздықты жою жұмыстары қалаға қарағанда ауылдық кедейлер арасында тиімді жүргізілгенін атап өтеді. Дегенмен, қазақ халқының көпшілігі бұл ұйымның бар екендігін алғашқы кезде білмегендіктен, бұл салада айтарлықтай жетістіктер орын алмады. Көптеген уездерде (Қарқаралы, Зайсан, Бұқтұрма, Павлодар) сауатсыздықты жою жөніндегі ұйымдар құрылмады, тек кейбір ауылдарда ғана шектеулі бөлімшелер болған. Бұл бөлімшелердің жағдайы туралы ақпарат ағарту органдарында да болмады. Осыған байланысты, сауатсыздықты жою жұмыстары алғашқы кезеңде губерния бойынша тек 18%-ды құрады. (ҚР ОМА. Қ. 766., Т. 1., Іс. 4., П. 18).

Негізгі кемшіліктердің қатарына «Сауатсыздықты жою» қоғамы бөлімдерінің нақты мақсатты бағыттарының болмауын да жатқызуға болады, нәтижесінде қоғамның қызметі көбінесе тек мүшелік жарналарды жинаумен шектеліп отырды. Бұл бірінші жылдары қоғамды ұйымдастырумен байланысты болса, кейінгі жылдары төменгі деңгейдегі ұйымдарын нығайта отырып, қоғам кейбір жетістіктерге жетті. Мысалы, 1925–1926 оқу жылында қоғам арқылы бар болғаны 300 адам оқытылса, 1926–1927 жылдары оқытылғандардың саны 1,5 есеге артты деп болжанады (488 адам), олардың ішінде 40 орыс және 448 қазақ (ҚР ПА. Қ. 141., Т. 1., Іс. 1526., П. 13). Мүшелер санының айтарлықтай өсуі жұмысшылар мен шаруалардың есебінен жүзеге асты, бұл өз кезегінде қоғамның ұйымды кеңейту бағытындағы саясатының дұрыстығын дәлелдейді (Мухаметкалиева, 2024: 101).

1923 жылы БОАК пен ХКК-нің РСФКР халқын сауатсыздықтан толық арылту жоспарына байланысты, Семей губерниясындағы халық білім беру бөлімдеріне 1923–1926 жылдары сауатсыздықты жою шараларын күшейту туралы нұсқаулар берілді. Жергілікті деректер бойынша, губернияда сауатсыз адамдар саны шамамен 370.066 болды және олардың 169.000-ын оқыту жоспарланды (орыс халқы – 100%, қазақ халқы – 101.000 адам немесе 50%). Негізгі контингент ретінде 14–25 жас аралығындағы жұмысқа жарамды әскерге шақырылушылар мен жастар анықталды. Дегенмен, 1927 жылға қарай қолда бар желілер сауатсыздықты толық жоюға мүмкіндік бермеді, тапсырма тек 8,9% деңгейінде орындалды, яғни жоспарланған 270.000 адамның тек 24.000-ы ғана сауатын ашты (АОМА. Қ. 73., Т. 1., Іс. 409., П. 105).

Берілген сандық деректерді талдай отырып, сауатсыздықты жою жалпы жоспардың орындалуының әлсіз жүргізілгенін және белгіленген мерзімде толық аяқталмағанын айтуға болады. Егер, жылдық жоспардың жүзеге асырылуына назар аударсақ, есептік статистика жұмыстың қарқынды жүргізілгенін көрсетеді. Мысалы, 1923–1924 жылдары губернияларда 118 сауат ашу пункттері жұмыс істеп, онда 3000 адам білім алса, 1925–1926 жылдары олардың саны екі есе өсіп, 213 пунктке жетті, оқушылар саны 4 есеге (12741 адамға) артты. 1926–1927 жылдары 217 пунктте 12735 адам сауаттылыққа үйретілді (ҚР ПА. Қ. 141., Т. 1., Іс. 1526., П. 4). Осылайша, орташа алғанда, әр пункт жыл сайын 58 адамға хат танытқан.

Бұл мәліметтер әрбір білім беру пунктіндегі оқу деңгейінің салыстырмалы түрде жақсы екенін көрсете отырып, шын мәнінде жағдайдың әлдеқайда нашар болғанын растайды. Семей өңіріндегі, әсіресе қазақ халқы арасында, сауаттылықтың өсуі баяу қарқынмен жүрді.

1926 жылы губернияда сауатты еркектердің үлесі 57,1%, ал әйелдер арасында 40,9%-ды құрады. Қазақтар арасында сауаттылықтың көрсеткіші тиісінше 13,8% және 1,2% болса, басқа ұлттар арасында бұл көрсеткіш 43,5% және 16,7% деңгейінде болды (Календарь-справочник, 1928:49). Көрсетілген деректер қазақ халқының сауаттылығы басқа ұлттарға қарағанда, әсіресе әйелдер арасында, төмен болғанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, әйелдердің сауаттылығы ерлерден әлдеқайда төмен болды. Семей губерниясында әйелдердің сауаттылық деңгейі орыс ауылдарындағы ерлердің сауаттылық деңгейінен екі есе, ал қазақ ауылдарындағы ерлердің сауаттылық деңгейінен үш есе төмен болды. Мысалы, абсолюттік көпшілігі қазақтардан тұратын Қарқаралы уезінде, әр 1000 тұрғынға шаққанда сауатты ерлердің саны 44 адамды, ал әйелдердің саны 9 адамды құрады (ҚР ПА. Қ. 141., Т. 1., Іс. 1526., П. 2.).

Әйелдер арасында сауатсыздықтың жоғары деңгейін бірнеше себептермен түсіндіруге болады. Біріншіден, патша үкіметі кезіндегі халықтың мәдени деңгейінің төмендігімен байланысты болды. Екіншіден, қарастырылып отырған кезеңде қазақ әйелдер арасында сауатсыздықты жою жұмыстары орыс әйелдермен салыстырғанда сандық та, сапалық та тұрғыдан айтарлықтай артта қалған еді. Үшіншіден, ауылдық өмір салтының ерекшеліктері, көпшілік халықтың ауылда тұруы, сауатсыздықты жоюға тарту жұмыстарын қиындатты. Сонымен қатар, консервативті көзқарастар, стереотиптер және отбасылық тұрмыстық жағдайлар да әсер етті. Қазақ мұғалімдерінің аз болуы да қосымша қиындық туғызды.

Ересек тұрғындар арасындағы сауатсыздықты қысқа мерзім ішінде толық жою қарастырылып отырған кезеңде мүмкін болмады. Бұған дәлел ретінде 1920–1927 жылдар аралығында Губерниялық саяси ағарту бөлімінің мәліметтері бойынша 57900 ересек адам сауаттылыққа үйретілсе де, Семей аймағында 16 жастан асқан, яғни мектеп жасынан үлкен 483545 адам сауатсыз деп танылды. Олардың барлығы сауатсыздықты жою пункттерінде оқып, хат тануға тиіс еді (ҚР ПА. Қ. 141., Т. 1., Іс. 1526., П. 2., Календарь-справочник, 1928: 50).

Өңірде сауатсыздықты жою бағдарламасын жүзеге асыру барысында жауапты мекемелердің сауаттылық деңгейі туралы деректерді бұрмалап беруі, науқан аясында көзделген шаралардың ішінара немесе толыққанды орындалмауы, сондай-ақ бұл бастамаларға одақтағы халықтың біржақты қолдау көрсетуі 1927 жылдың 20 қаңтарында үкіметті сауатсыздықты жою жөніндегі төтенше комиссияны қайта құруға мәжбүр етті (Мухаметкалиева, 2024: 107). Осыдан, 1920-жылдары биліктің сауатсыздықпен күрес шаралары жеткіліксіз болса да, белгілі бір жетістіктерге қол жеткізгендігін байқаймыз.

Қорытынды

1920 жылдары Семей өңірінде халықтық білім беру жүйесін дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылғанымен, бұл үдерістің тиімділігі шектеулі болды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, орталық және жергілікті биліктің бастамалары мектептік білім беру жүйесінде сандық және сапалық өзгерістерге ықпал еткенімен, білім беру саласындағы түйткілдерді толық шешуге мүмкіндік бермеді. Бұл кезеңдегі реформалардың табысты жүзеге асуы ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлау мен тұрақты қаржылық қолдауды қажет еткендіктен, бұл талаптар толық көлемде орындалмады.

Соған қарамастан, қарастырылып отырған кезеңде білім беру жүйесі революцияға дейінгі мектеп үлгілерінің негізінде дамып, советтік биліктің жаңа идеологиялық және әлеуметтік талаптарына бейімделді. Біріншіден, 1920 жылдардың басында советтік білім беру жүйесінің құрылымы айқындалып, бастауыш, орта, I және II басқыш мектептерді ұйымдастыруға ерекше назар аударылды. Екіншіден, ұлттық мектептердің ашылуы арқылы ана тілінде білім алу мүмкіндігі кеңейтілді, бұл өз кезегінде жергілікті халықтың білім деңгейін көтеруге және жаңа қоғамның талаптарына сай мамандар даярлауға ықпал етті. Үшіншіден, зерттеліп отырған кезеңнің соңына қарай мектептер саны артты, бұл жоғары типтегі оқу орындарының қалыптасуының негізін қалады. Төртіншіден, өңірдегі экономикалық жағдайдың біртіндеп тұрақталуы педагогикалық оқу орындарының ашылуына

мүмкіндік берді, нәтижесінде қазақ және орыс педагогикалық кадрларын даярлау үрдісі жолға қойылды. Бесіншіден, алғаш рет білім беру жүйесіне тек балалар ғана емес, бұрын сауат ашу мүмкіндігі болмаған ересек шаруалар мен қарттар да тартылды. Бұл мақсатта өңірде сауатсыздықты жою пункттерінің желісі құрылып, халықты оқыту ісімен айналысатын «Сауатсыздықты жою» қоғамы белсенді қызмет атқарды.

Осылайша, 1920 жылдары жүзеге асқан реформалар мен білім беру саласындағы алғашқы құрылымдық өзгерістер Семей өңіріндегі білім беру жүйесінің негізін қалыптастыруға ықпал етті. Бұл үрдіс 1930 жылдары республика көлемінде «жалпы білім беру» жүйесінің енгізілуімен жалғасын тауып, халықтың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге серпін берді. Тарихи тұрғыдан алғанда, 1920 жылдардағы білім беру саласындағы өзгерістер кейінгі онжылдықтардағы оқу-ағарту жүйесінің дамуы үшін берік іргетас қалады.

Дереккөздер

АОМА — Абай облысының мемлекеттік архиві
ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві
ҚР ПА — Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві

Sources

AP RK — Archive of the President of the Republic of Kazakhstan
ARSA — Abai Region State Archive
CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan

Әдебиеттер тізімі

Біткенбаева, 1982 — *Біткенбаева Ш.К.* Қазақстанда сауатсыздықты жою жайында лениндік декреттің жүзеге асуы (1917–1940 жж.). Алматы: Ғылым, 1982. 176 б.

Богенбаева, 2001 — *Богенбаева А.К.* Преобразование школьного дела в Семипалатинской области (1920–1930 гг.) // Вестник КазГУ им. Аль-Фараби. Серия историческая, 2001. № 4(23). С. 82–87.

Богенбаева, 2003 — *Богенбаева А.К.* История развития народного образования в Восточном Казахстане в 20–30-е гг. XX века: дис. ... канд. ист. наук. Алматы, 2003. 166 с.

Всесоюзная перепись населения, 1926 — *Всесоюзная перепись населения 1926 года.* М.: ЦСУ Союза СССР, 1926. Том 8. 261 с.

Дурново, 2019 — *Дурново И.В.* Из истории народного образования в Восточно-Казахстанской области в 1920-е годы XX века // Материалы конференции «Ползуновские чтения–2018». Барнаул: Алтгту, 2019. С. 59–63.

Ежегодник Семипалатинского округа, 1927 — *Ежегодник Семипалатинского округа.* Обзор за 1925–26 год. Семипалатинск: издание Семипалатинского Губисполкома. 1927. 430 с. URL: <http://e-kitap.kz/book/3946/read> (24.08.2024)

Ежегодник Семипалатинского округа, 1929 — *Ежегодник Семипалатинского округа.* Обзор за 1927–28 год. Семипалатинск: издание Семипалатинского окрплана. 1929. 293 с. URL: <https://kazneb.kz/ru/bookView/view?brId=1543102> (24.08.2024)

Әбікей және т.б., 2022 — *Әбікей А.М., Кайыпбаева А.Т., Оспанова Р.Р.* Қазақстандағы сауатсыздықты жою науқанының жүзеге асырылуы // Отан тарихы, 2022. № 2(98). С. 170–178.

Казахстанский город: социально-демографический взгляд, 2023 — *Казахстанский город: социально-демографический взгляд.* Монография / Ж.С.Аубакирова, А. Н. Алексеенко, Э.О. Столярова, Г.А. Сарсембаева, Н.П. Краснобаева, Т.Е. Өмірзақ. Усть-Каменогорск: издательство «Медиа Альянс», 2023. 260 с.

Календарь-справочник и записная книжка, 1928 — *Календарь-справочник и записная книжка* добровольного корреспондента и волостного статистика на 1928 год. Кызыл-орда: Краевая типография Казгоскдата № 1, 1928. 301 с. URL: <https://nabr.kz/bookView/view/?brId=1540665&simple=true&green=1#> (06.08.2024)

Каунтс, 1958 — *Каунтс Дж.С.* Советское просвещение бросает вызов. В 2-х вып. М., 1958. 489 с.

Керейбаев, 1989 — *Керейбаев К.Ш.* Культурная жизнь Восточного Казахстана в 20-е годы: дисс...канд. ист. наук. Алма-Ата: Институт истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова, 1989. 182 с.

Қазақстандағы 1920–1930-шы жылдардағы, 2023 — *Қазақстандағы 1920–1930-шы жылдардағы* қоғамдық негізде ағартушылық қызмет атқарған ұйымдардың тарихы / Ұжымдық монография. Алматы: ИП «Радуга», 2023. 269 б.

Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі, 2022 — *Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі:* тарихы мен тағылымы (1920–1930 жылдар) / Ұжымдық монография. Алматы: ЖК «Мадияр», 2022. 320 б.

Мухаметкалиева, 2022 — *Мухаметкалиева К.Б.* Просветительская деятельность Ахмета Байтурсынова и состояние народного образования в Семипалатинской губернии в 1920-е годы XX века // Сборник материалов международной научно-практической конференции «Педагогическое наследие Ахмета Байтурсынулы, проблемы современного образования: настоящее и будущее», посвященная 150-летию со дня рождения педагога нации А. Байтурсынулы. Алматы: КазНПУ им. Абая, 2022. С. 143–148.

- Мухаметкалиева, 2024 — *Мухаметкалиева К.Б.* Борьба с неграмотностью в Семипалатинском крае в 1920-е годы: проблемы и результаты // Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия историческая. 2024. № 2(113). С. 95–110. DOI: <https://doi.org/10.26577/JH.2024.v113i2-08>
- Мұхатова, 2021 — *Мұхатова О.Х.* Қазақстандағы 1920 жылдардағы оқу-ағарту // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. «Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану» сериясы, 2021. № 2(135). Б. 35–47. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2021-135-2-35-47>
- Развитие народного образования, 2016 — *Развитие народного образования* в Восточном Казахстане XIX – начало XX вв. Т2/ сост. Г.Т. Касымова и др. Семей, 2016. 717 с.
- Рахматулина, 2019 — *Рахматулина Е.Ю.* Художественная интеллигенция Восточного Казахстана в условиях советской модернизации 1920–1930-х гг.: дисс...канд. ист. Наук. Барнаул, 2019. 256 с.
- Сембаев, 1962 — *Сембаев А.И.* История развития советской школы в Казахстане. Алма-Ата: Казучпедгиз, 1962. 367 с.
- Статистико-экономический обзор, 1923 — *Статистико-экономический обзор* Киргизской Советской Социалистической Республики. Оренбург: Типография № 1. Управпромгуба. 1923. 409 с. URL: <https://nabr.kz/bookView/view/?brId=1093260&simple=true&green=1#> (02.08.2024)
- Toimbek, 2024 — *Toimbek D.* Fighting Illiteracy and Political Enlightenment: Soviet Educational Policies in the 1920s. In *The Political Economy of Education in Central Asia: Evidence from the Field*. –Singapore: Springer Nature Singapore, 2024. Pp. 19–36.

References

- A'bikej et. al, 2022 — *A'bikej A.M., Kajypbaeva A.T., Ospanova R.R.* Qazaqstandaғы sauatsyzdyqty zhoу nauqanynyn zhuzege asyrylyу [Implementation of the campaign to eliminate illiteracy in Kazakhstan] // Otan tarihy, 2022. No. 2(98). Pp. 170–178. (In Kaz.).
- Bogenbaeva, 2001 — *Bogenbaeva A.K.* Preobrazovanie shkol'nogo dela v Semipalatinskoy oblasti (1920–1930 gg) [Transformation of school business in Semipalatinsk region (1920–1930)] // Vestnik KazGU im. Al'-Farabi. Seriya istoricheskaya, 2001. No. 4(23). Pp. 82–87. (In Russ.).
- Bogenbaeva, 2003 — *Bogenbaeva A.K.* Istoriya razvitiya narodnogo obrazovaniya v Vostochnom Kazahstane v 20–30-e gg. XX veka [The history of the development of public education in East Kazakhstan in the 20–30s of the twentieth century]: dis. ... kand. ist. nauk. Almaty, 2003. 166 p. (In Russ.).
- Bitkenbaeva, 1982 — *Bitkenbaeva SH.K.* Qazaqstanda sauatsyzdyqty zhoу zhajynda lenindik dekretin zhyzege asuy (1917–1940 zh.zh.) [Implementation of the lenin decree on the elimination of illiteracy in kazakhstan (1917–1940)]. Almaty: Qylym, 1982. 176 p. (In Kaz.).
- Durnovo, 2019 — *Durnovo I.V.* Iz istorii narodnogo obrazovaniya v Vostochno-Kazahstanskoy oblasti v 1920-e gody XX veka [From the history of public education in the East Kazakhstan region in the 1920s of the XX century] // Materialy konferencii «Polzunovskie chteniya–2018». Barnaul: Altgtu, 2019. Pp. 59–63. (In Russ.).
- Ezhegodnik Semipalatinskogo okruga, 1927 — *Ezhegodnik Semipalatinskogo okruga*. Obzor za 1925–26 god [The Yearbook of the Semipalatinsk district, 1927] Semipalatinsk: izdanie Semipalatinskogo Gubispolkoma, 1927. 430 p. <http://e-kitap.kz/book/3946/read> (24.08.2024) (In Russ.).
- Ezhegodnik Semipalatinskogo okruga, 1929 — *Ezhegodnik Semipalatinskogo okruga*. [The Yearbook of the Semipalatinsk district, 1927]. Obzor za 1927–28 god. Semipalatinsk: izdanie Semipalatinskogo okrplana. 1929. 293 p. URL: <https://kazneb.kz/ru/bookView/view?brId=1543102> (24.08.2024) (In Russ.).
- Kalendar'-spravochnik i zapisnaya knizhka, 1928 — *Kalendar'-spravochnik i zapisnaya knizhka* dobrovol'nogo korrespondenta i volostnogo statistika na 1928 god [Calendar-reference book and notebook of a volunteer correspondent and volost statistician for 1928] Kzyl'-orda: Kraevaya tipografiya Kazgoskdata No. 1, 1928. 301 p. <https://nabr.kz/bookView/view/?brId=1540665&simple=true&green=1#> (06.08.2024) (In Russ.).
- Kaunts, 1958 — *Kaunts Dzh. S.* Sovetskoe prosveshchenie brosaet vyzov. [The Soviet Enlightenment is challenging]. V 2-h vyp. M., 1958. 489 p. (In Russ.).
- Kazahstanskij gorod: social'no-demograficheskij vzglyad, 2023 — *Kazahstanskij gorod: social'no-demograficheskij vzglyad*. [Kazakhstan city: socio-demographic view] Monografiya / Zh.S. Aubakirova, A.N. Alekseenko, E.O. Stolyarova, G.A. Sarsembaeva, N.P. Krasnobaeva, T.E. O'mirzaq. Ust'-Kamenogorsk: izdatel'stvo «Media Al'yans», 2023. 260 p. (In Russ.).
- Kerejbaev, 1989 — *Kerejbaev K.SH.* Kul'turnaya zhizn' Vostochnogo Kazahstana v 20-e gody [Cultural life of East Kazakhstan in the 20s]: diss...kand. ist. nauk. / K.Sh. Kerejbaev. Alma-Ata: Institut istorii, arheologii i etnografii im. Ch.Ch. Valihanova, 1989. 182 p. (In Russ.).
- Muhatova, 2021 — *Muhatova O.H.* Qazaqstandaғы 1920 zhyldardaғы oqu-aqartu [Education in Kazakhstan in the 1920s] // L.N. Gumilev atyndaғы Euraziya u'l'tyq universitetinin habarshysy. “Tarihi gylymdar. Filosofiya. Dintanu” seriyasy, 2021. No. 2(135). Pp. 35–47. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2021-135-2-35-47> (In Kaz.).
- Mukhametkaliyeva, 2022 — *Mukhametkaliyeva K.B.* Prosvetitel'skaya deyatel'nost' Ahmeta Bajtursynova i sostoyanie narodnogo obrazovaniya v Semipalatinskoy gubernii v 1920-e gody XX veka [Educational activities of Akhmet Baitursynov and the state of public education in Semipalatinsk province in the 1920s of the twentieth century] // Sbornik materialov mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii “Pedagogicheskoe nasledie Ahmeta Bajtursynuly, problemy sovremennogo obrazovaniya: nastoyashchee i budushchee”, posvyashchennaya 150-letiyu so dnya rozhdeniya pedagoga naciі A. Bajtursynuly. Almaty: KazNPU im.Abaya, 2022. Pp. 143–148. (In Russ.).

Mukhametkaliyeva, 2024 — *Mukhametkaliyeva K.B. Bor'ba s negramotnost'yu v Semipalatinskom krae v 1920-e gody: problemy i rezul'taty* [The fight against illiteracy in the Semipalatinsk region in the 1920s: problems and results] // Vestnik KazNU im. Al'-Farabi. Seriya istoricheskaya. 2024. No. 2 (113). Pp. 95–110. DOI: <https://doi.org/10.26577/JH.2024.v113i2-08> (In Kaz.).

Qazaqstandaqy 1920–1930-shy zhyldardaqy, 2023 — *Qazaqstandaqy 1920–1930-shy zhyldardaqy qogamdyq negizde aqartushylyq qyzmet atqargan ujymdardyn tarihy* [The history of organizations that conducted educational activities on a public basis in Kazakhstan in the 1920s–1930s] / Uzhymdyq monografiya. Almaty: IP “Raduga”, 2023. 269 p. (In Kaz.).

Qazaqstandaqy oqu-aqartu zhyjesi, 2022 — *Qazaqstandaqy oqu-aqartu zhujesi: tarihy men taqylymy (1920–1930 zhyldar)* [Educational system in Kazakhstan: history and lessons (1920–1930)] / Uzhymdyq monografiya. Almaty: ZHK “Madiyar”, 2022. 320 p. (In Kaz.).

Rahmatulina, 2019 — *Rahmatulina E.Yu. Hudozhestvennaya intelligenciya Vostochnogo Kazahstana v usloviyah sovetskoy modernizatsii 1920–1930-h gg.* [The artistic intelligentsia of East Kazakhstan in the conditions of Soviet modernization of the 1920s–1930s]: diss...kand. ist. Nauk / E.YU. Rahmatulina. Barnaul, 2019. 256 p. (In Russ.).

Razvitie narodnogo obrazovaniya, 2016 — *Razvitie narodnogo obrazovaniya v Vostochnom Kazahstane XIX – nachalo XX vv.* [Development of public education in East Kazakhstan XIX – early XX centuries]. Semey, 2016. 717 p. (In Russ.).

Sembaev, 1962 — *Sembaev A.I. Istoriya razvitiya sovetskoy shkoly v Kazahstane.* [The history of the development of the Soviet school in Kazakhstan]. Alma-Ata: Kazuchpedgiz, 1962. 367 p. (In Russ.).

Statistiko-ekonomicheskij obzor, 1923 — *Statistiko-ekonomicheskij obzor Kirgizskoy Sovetskoy Socialisticheskoy Respubliki.* [Statistical and Economic review of the Kyrgyz Soviet Socialist Republic] Orenburg: Tipografiya No. 1. Upravpromguba, 1923. 409 p. <https://nabr.kz/bookView/view/?brId=1093260&simple=true&green=1#> (02.08.2024) (In Russ.).

Toimbek, 2024 — *Toimbek D. Fighting Illiteracy and Political Enlightenment: Soviet Educational Policies in the 1920s.* In *The Political Economy of Education in Central Asia: Evidence from the Field.* – Singapore: Springer Nature Singapore, 2024. Pp. 19–36.

Vsesoyuznaya perepis' naseleniya, 1926 — *Vsesoyuznaya perepis' naseleniya 1926 goda.* [The All-Union Population Census of 1926] Tom 8. M.: CSU Soyuzna SSSR, 1926. 261 p. (In Russ.).

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan
 Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 12. Is. 1, pp. 66-80, 2025
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>


FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_1_66-80

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20

ON THE ISSUE OF TRAINING CULTURAL AND ART PERSONNEL FOR THE KAZAKH SSR IN MOSCOW AND LENINGRAD (1930–1950S)

Saule Baidildina Fellan^{1*}, Ardak Abdiraiymova², Anarbay Rajapov³

¹Almaty University of Power Engineering and Telecommunications named after Gumarbek Daukeev (126/1, Baitursynov Str., 050013 Almaty, Republic of Kazakhstan)
 Cand.Sc.(History), Associate Professor
 <https://orcid.org/0000-0002-5237-7032>. E-mail: Saulehair@mail.ru

²ALT University named after M.Tynysbayev, (97, Shevchenko Str., 050012 Almaty, Republic of Kazakhstan)
 Cand. Sc. (History), Professor
 <https://orcid.org/0000-0002-7896-418X>. E-mail: ardak.abdiraiymova@gmail.com

³Kazakh Academy of Sports and Tourism, Almaty, Kazakhstan (85, Abai Ave., 050013 Almaty, Republic of Kazakhstan)
 Cand.Sc.(History), Associate Professor
 E-mail: rajapov1960@gmail.com

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025

© Baidildina Fellan S., Abdiraiymova A., Rajapov A., 2025

Abstract. *Introduction.* In the 1930s and 1950s, the centers for training specialists in culture and art for Kazakhstan were mainly large cities of the RSFSR, the Ukrainian SSR and the Uzbek SSR. The assistance of the Union republics was carried out mainly in two directions: the sending of qualified specialists to the Kazakh SSR and the sending of Kazakh youth to all-Union centers for the training of cultural and art workers for training. During this period, educational institutions and prominent figures of culture and art in Moscow and Leningrad played a special role in training personnel for the republic. *The purpose* of this article is to analyze the historical experience of training cultural and art personnel for the Kazakh SSR in educational institutions in Moscow and Leningrad. To achieve this goal, we set the following tasks: to determine the historical conditions of personnel training, to identify the contribution of specific figures and educational institutions of culture and art, as well as to show successful results, accompanied by certain obstacles caused by socio-economic difficulties that developed in those years. *Results.* The article examines the historical and social aspects of the problem involving a wide range of archival and narrative documents and materials. The role and contribution of educational institutions and prominent representatives of culture and art of Moscow and Leningrad in the training and establishment of educational institutions of culture and art in Kazakhstan are analyzed. *Conclusion.* The training of specialists in culture and art for Kazakhstan is the result of the successful policy of the Government of Kazakhstan and the Central Union

departments, the tremendous work of the leadership and staff of large educational institutions in Moscow and Leningrad, as well as the great efforts of Kazakh youth, characterized by socio-economic difficulties of that period.

Key words: Kazakh SSR, Moscow, Leningrad, culture and art, personnel training, educational institutions, everyday life


For citation: Baidildina Fellan S., Abdiraimova A., Rajapov A. On the issue of training cultural and art personnel for the Kazakh SSR in Moscow and Leningrad (1930–1950s) // Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”. 2025. Vol. 12. No. 1. Pp. 66–80. (In Russ.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_66-80

МӘСКЕУ МЕН ЛЕНИНГРАДТА ҚАЗАҚ КСР ҮШІН МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕСІ (1930–1950 ЖЖ.)

Сауле Хайрулловна Байдильдина Феллан^{1*}, Ардак Серикбаевна Абдирайымова², Анарбай Ускенбаевич Раджапов³

¹Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, (126/1-үй, Байтурсынов көш., 050013 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

 <https://orcid.org/0000-0002-5237-7032>. E-mail: Saulehair@mail.ru

²М. Тынышбаев атындағы АЛТ университеті

(97-үй, Шевченко көш., 050012 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

 <https://orcid.org/0000-0002-7896-418X>. E-mail: ardak.abdiraimova@gmail.com

³Қазақ спорт және туризм Академиясы

(85-үй, Абая даңғ., 050013 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

E-mail: radjapov1960@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Байдильдина Феллан С.Х., Абдирайымова А.С., Раджапов А.У., 2025

Аңдатпа. *Kipicne.* 1930–1950 жылдары Қазақстан үшін мәдениет және өнер мамандарын дайындайтын орталықтар негізінен РКФСР, ӨзКСР және УкрКСР-нің ірі қалалары болды. Одақтас республикалардың көмегі негізінен екі бағытта жүргізілді: Қазақ КСР-не білікті мамандарды жіберу және қазақ жастарын жалпыодақтық мәдениет және өнер қызметкерлерін дайындау орталықтарына оқуға жіберу. Бұл кезеңде республика үшін кадрлар даярлауда Мәскеу мен Ленинградтың оқу орындары мен көрнекті мәдениет және өнер қайраткерлері ерекше рөл атқарды. *Бұл мақаланың мақсаты* – Мәскеу мен Ленинградтың оқу орындарында ҚазКСР үшін мәдениет және өнер кадрларын даярлаудың тарихи тәжірибесін талдау. Осы мақсатқа жету үшін алдымызға келесідей міндеттер қойылды: кадрлар даярлаудың тарихи алғышарттарын анықтау, мәдениет пен өнер мекемелерінің қосқан үлесін көрсету, кезеңнің тарихи және әлеуметтік-экономикалық қиындықтары жағдайында қол жеткізілген нәтижелерді анықтау. *Нәтижелер.* Мақалада мәселенің тарихи және әлеуметтік-экономикалық аспектілері ауқымды архив құжаттары мен материалдарын пайдалана отырып қарастырылады. Мәскеу мен Ленинградтың оқу орындарының кадрлар даярлаудағы рөлі мен үлесі талданады. *Қорытынды.* Қазақстан үшін мәдениет пен өнер мамандарын даярлау орталық және республикалық органдар мен ведомстволардың келісілген және өзара үйлестірілген жұмысының, Мәскеу және Ленинград оқу орындарының басшылығы мен қызметкерлерінің орасан зор еңбегінің, сондай-ақ, 1930–1950 жылдардағы орын алған әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтарға қарамастан қазақ жастарының күш-жігерінің

арқасында қол жеткізген нәтижелері болып табылады.


Түйін сөздер: Қазақ КСР, Мәскеу, Ленинград, мәдениет және өнер, кәсіби маман даярлау, оқу орындары, күнделікті өмір

Дәйексөз үшін: Байдильдина Феллан С.Х., Абдирайымова А.С., Раджапов А.У. Мәскеу мен Ленинградта Қазақ КСР үшін мәдениет және өнер мамандарын даярлау мәселесі (1930–1950 жж.) // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2025. Т. 12. № 1. 66–80 бб. (Орысш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_66-80

К ВОПРОСУ ПОДГОТОВКИ КАДРОВ КУЛЬТУРЫ И ИСКУССТВА ДЛЯ КАЗССР В ЛЕНИНГРАДЕ И МОСКВЕ (1930–1950-Е ГГ.)

Байдильдина Феллан Сауле Хайрулловна^{1}, Абдирайымова Ардак Серикбаевна², Раджапов Анарбай Ускенбаевич³*

¹Алматинский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукеева
(д. 126/1, ул. Байтурсынова, 050013 Алматы, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор

 <https://orcid.org/0000-0002-5237-7032>. E-mail: Saulehair@mail.ru

²Академия логистики и транспорта
(д. 97, ул. Шевченко, 050012 Алматы, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, профессор

Abstract. *Introduction.* This article describes the social situation of the citizens of the Republic of Poland who were forcibly relocated (deported) to Soviet Kazakhstan, their difficult fate, and their desire to return to their homeland. In addition to documenting the tasks of the Soviet authorities regarding where to relocate Poles, how to welcome them, provide them with housing and employment, archival documents also contain statements by Poles and correspondence with organizations representing the national interests of the Polish people and the Polish government in exile. These contributed to improving the social status of the Polish population. *The purpose and objectives* of this article are to examine the settlement of the population from the Polish state who were forcibly relocated to Soviet Kazakhstan, as well as resolutions and decrees regarding their placement in those regions, the social conditions, and the political and legal status of these relocated peoples. The analysis and reflection on the relations between the people who took refuge in Kazakhstan and the local population, as well as the relations with the Soviet authorities and state structures in the Republic of Poland, are relevant. *The results.* The archival documents contain information about the forced resettlement of Poles and their involvement in socially useful work, but they also reveal injustice and inequality on the part of the government towards these special settlers. Despite providing them with jobs, the government did not provide them with housing or substantial financial assistance. The Polish embassy and representatives of the Polish army worked to provide maximum assistance to the Polish population by building schools and housing, in order to meet their basic needs. *Conclusion.* Poles, faced with repression and injustice, found themselves in the center of attention of the Soviet government because of anti-Soviet sentiments. Representatives of the Embassy of the Polish Republic, who tried to help the Polish people, were prosecuted by the Soviet authorities under the pretext of objections to the Soviet government and imprisoned. The political rights of Poles who were forcibly resettled in Kazakhstan in 1936 were more limited than those of Poles who resettled between 1939 and 1941.

Keywords: Poles, archival documents, deportation, representation of the Embassy of the Republic of Poland, social condition

For citation: Bissembayuly M. The political and social conditions of Poles deported to Kazakhstan // Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”. 2025. Vol. 12. No. 1. Pp. 81–95. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_81-95

ҚАЗАҚСТАНҒА ЕРІКСІЗ КӨШІРІЛГЕН ПОЛЯКТАРДЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ

Бисембайұлы Мирас¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
(71-үй, Әл-Фараби даңғылы, 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

2-курс докторант

 <https://orcid.org/0009-0008-3743-0991>. E-mail: bissembaiuly7776@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Бисембайұлы М., 2025

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада Кеңестік Қазақстанға еріксіз көшірілген (депортацияланған) Польша Республикасының азаматтарының әлеуметтік жағдайы, олардың көрген азапты тағдыры, өз Отандарына қайтуға деген талпынысы сипатталады. Архив құжаттарында бар ақпараттарда кеңестік билік органдарының поляктарды белгілі бір жерге қоныстандырып, қабылдап, оларды баспанамен және жұмыспен қамтамасыз ету міндеті, поляктардың арыз-шағымдары және поляк халқының ұлттық мүддесін қорғайтын ұйымдар мен қуғындағы Польша Республикасының поляк халқының әлеуметтік жағдайын арттыруды көтерген хат-жазбалары баяндалды. Мақаланың *мақсаты мен міндеттері* – Кеңестік Қазақстанға күштеп қоныстандырылған Польша мемлекетінің тұрғындарының қоныстанған аймақтарын, оларды сол аймақтарға орналастыру туралы қаулы мен жарлықтарды, қоныстандырылған халықтардың әлеуметтік жағдайы мен саяси-құқықтық жағдайын зерделеу. Қазақстанда пана тапқан халықтардың жергілікті халықпен байланысын, кеңестік органдар мен қуғындағы Польша Республикасының мемлекеттік құрылымдарымен байланысын, арыз-шағымдарын ой елегінен өткізіп, ой толғау өзекті. *Нәтижелер.* Архив құжаттарына «аса құпия» деген белгімен Польша тұрғындарын мәжбүрлеп қоныстандыру, қоғамдық пайдалы жұмысқа тарту туралы қаулылар баршылық. Арнайы қоныс аударушыларды жұмыспен қамтамасыз еткенмен, тұрғын үй және қомақты материалды көмекмен қамтамасыз етілмеді. Билік тарапынан арнайы қоныстанушыларға деген әділетсіздік және теңсіздік орын алды. Поляк халқының негізгі қажеттіліктері өтелмегенін көрген Польша Республикасы елшілігінің өкілдігі және поляк армиясының өкілдері поляк халқы үшін мектептер, үйлер салып, барынша көмек беруге тырысты. *Қорытынды.* Поляк халқы азап пен қуғын-сүргін көріп, басынан кешірген әділетсіздік салдарынан кеңестік жүйеге қарсы саяси көңіл-күйімен билік органдарының назарына ілінді. Поляк халқына көмек беруге тырысқан Поляк Республикасы Елшілігі өкілдерін кеңес билігі үкіметке қарсылық білдірді деген желеумен тергеп, бас бостандығынан айырған. 1936 жылы Қазақстанға еріксіз көшірілген поляктардың саяси құқықтары 1939–1941 жылдары аралығында қоныстандырылған поляктармен салыстырғанда көбірек шектелген.

Түйін сөздер: Поляктар, архив құжаттары, депортация, Польша Республикасы елшілігінің өкілдігі, әлеуметтік жағдай

Дәйексөз үшін: Бисембайұлы М. Қазақстанға еріксіз көшірілген поляктардың саяси және әлеуметтік жағдайы // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2025. Т. 12. № 1. 81–95 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_81-95

ПОЛИТИЧЕСКОЕ И СОЦИАЛЬНОЕ ПОЛОЖЕНИЕ ПОЛЯКОВ, ВЫНУЖДЕННО ПЕРЕСЕЛЕННЫХ В КАЗАХСТАН

Бисембайұлы Мирас¹

¹Казахский Национальный университет им. аль-Фараби
(д. 71, проспект аль-Фараби, 050010 Алматы, Республика Казахстан)
Докторант 2-курса

 <https://orcid.org/0009-0008-3743-0991>. E-mail: bissembaiuly7776@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Бисембайұлы М., 2025

Аннотация. *Введение.* В статье описывается социальное положение граждан Республики Польша, вынужденно переселенных (депортированных) в советский Казахстан, их мучительная судьба, стремление вернуться на родину. В архивных документах, помимо того, что были записаны задачи советских властей о том, где переселить поляков, как принять их, обеспечить их жильем и работой, а также были изложены заявления поляков и переписка с организациями, представляющих национальные интересы польского народа, и Польской Республики в изгнании, которая способствовала повышению социального положения польского населения. *Цель и задачи* статьи – изучение населенных пунктов населения Польского государства, насильственно переселенного в советский Казахстан, постановлений и указов об их размещении в этих регионах, социального положения и политико-правового положения переселенных народов. Актуален анализ и размышления о связях народов, укрывшихся в Казахстане, с местным населением, связях с советскими органами и государственными структурами Республики Польша в изгнании. *Результаты.* В архивных документах сохранились постановления о принудительном расселении, привлечении жителей Польши к общественно полезной работе. Хотя они обеспечивали их работой, им не давали жилья и существенной материальной помощи. Со стороны власти произошла несправедливость и неравенство по отношению к спецпереселенцам. Видя, что основные потребности польского населения не были удовлетворены, представительство посольства Республики Польша и представители польской армии стремились оказать максимальную помощь польскому народу, построив школы и дома. *Вывод.* Поляки, столкнувшиеся репрессиями и несправедливостью, привлекли внимание властей своими политическими настроениями против советской системы. Представители посольства Польской Республики, пытавшиеся оказать помощь польскому народу, были привлечены к ответственности советскими властями под предлогом контрреволюционной деятельности против правительства и лишены свободы. Политические права поляков, вынужденно переселенных в Казахстан в 1936 году, были более ограничены по сравнению с поляками, переселившимися в период с 1939 по 1941 год.

Ключевые слова: Поляки, архивные документы, депортация, представительство посольства Республики Польша, социальное положение

Для цитирования: Бисембайұлы М. Политическое и социальное положение поляков, вынужденно переселенных в Казахстан // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2025. Т. 12. № 1. С. 81–95. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_81-95

Кіріспе

Кеңес Одағы көпұлтты мемлекеттердің бірі болды. Елге күштеп қоныстандырылған халықтардың бірі – поляктар еді. Американдық тарихшы Т. Пиотровскидің айтуы бойынша, шетел халықтарының ішінде ең көп зардап шеккен халықтардың бірі – поляктар (Piotrowski, 1998). Қызыл репрессия және депортацияны бастарынан кешіріп, әлеуметтік ахуалы мүшкіл болды. Поляктарды алғаш рет 1936 жылы Украина мен Беларусь жерінен

депортациялаған еді. Депортациялау жөніндегі кезекті саяси шешім 1939 жылы Польша Республикасы бөліске салынып, мемлекеттілігінен айырылған соң басталды.

Зерттеу жұмысының өзектілігі – поляк халқының әлеуметтік және құқықтық жағдайын зерттеу, күштеп көшірудің әлеуметтік салдары мен жаңа ортаға бейімделудің қиындықтарын қарастыру. Бұл көші-қон поляктардың өмір сүру деңгейіне, экономикалық жағдайы мен әлеуметтік құрылымына қатты әсер етті. Көшірілген поляктар жаңа ортада ұзақ уақыт бойы бейімделе алмай, мемлекет тарапынан жеткілікті көмек ала алмады. Поляк халқының Қазақстанға депортациялануы туралы Көкебаева, Сманова сынды Отандық ғалымдар жазғанымен, кеңес үкіметінің поляк халқының қажеттіліктерін өтей алған-алмағаны жөнінде жан-жақты зерттеулер әлі де жеткіліксіз (Көкебаева, Сманова, 2013). Бұл халықтың депортацияға ұшырау себептері мен көші-қонның барысы жазылғанмен, арнайы қоныстанушылардың құқықтық және әлеуметтік жағдайына жеткілікті деңгейде назар аударылмай келеді.

Бұл мақалада кеңестік органдардың әлеуметтік мәселелерді көтеруі қажеттілігі қарастырылады. Поляктардың бастан кешкен қиындықтары мен азапты тағдырлары, жазған арыз-шағымдары баяндалады. Сондай-ақ, поляк халқының мүддесін қорғауда Польша Республикасы елшілігінің өкілдігі мен Делегатура қызметкерлерінің атқарған рөлі сипатталады. Поляк халқының жағдайын жақсарту қажеттігі жөніндегі арыз-шағымдары мен билік органдарының оларға деген жауаптары да талданады. Сонымен қатар, қуғындағы Польша Республикасының өкілдері мен кеңестік билік органдары арасындағы байланыстар арқылы депортацияланған қауымға қатысты тың ақпараттар толықтырылады.

Материалдар мен әдістер

Мақалада тарихи зерттеудің бірқатар ғылыми әдістері қолданылды. *Салыстырмалы-тарихи әдіс* арқылы 1936 жылғы және 1939–1941 жылдар аралығындағы поляк халқының депортациялау толқындарының ерекшеліктері мен олардың әлеуметтік жағдайының өзгерістері салыстырылып талданды. *Тарихи талдау әдісі* архивтік құжаттарды, бұйрықтар мен қаулыларды, сондай-ақ поляк халқының тұрмысы, саяси көңіл-күйі және Польша Республикасы Елшілігі өкілдігімен байланысы туралы мәліметтерді сараптауға мүмкіндік берді. *Жүйелеу әдісі* депортацияланған поляктардың еңбекпен қамтылуы, олардың жаңа ортаға бейімделу үдерісі және кеңес билік органдарымен өзара қарым-қатынасына қатысты деректерді топтастырып, құрылымдауға негіз болды.

Зерттеу барысында 1936 жылғы және соғыс кезіндегі көші-қон процестері мен олардың салдары хронологиялық тәсілмен қарастырылып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарына салыстырмалы талдау жүргізілді. Сонымен қатар, поляк халқының кеңес билік органдарымен және Польша Республикасы Елшілігі өкілдігімен байланысы жан-жақты талданып, бұл қарым-қатынастың әлеуметтік жағдайға тигізген ықпалы анықталды.

Зерттеу үшін негізгі дереккөздер ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві (ҚР ПА), Қостанай облысының Мемлекеттік Архиві (ҚОМА), Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві (ҚР ОМА) және Солтүстік Қазақстан облысының Мемлекеттік Архиві (СҚОМА) қорларындағы құжаттар пайдаланылды. Бұл архив қорларында ресми бұйрықтар мен қаулылардан бөлек, поляк халқының тұрмыс-тіршілігі, саяси көңіл-күйі және олардың Польша Республикасы Елшілігі өкілдігімен байланысына қатысты маңызды материалдар сақталған.

Талқылау

Кеңестік Қазақстанға күштеп көшірілген халықтар саны көп болғанымен, олардың жаңа ортадағы тұрмыс-салты, әлеуметтік жағдайы мен психологиялық ахуалы ғылыми еңбектерде жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Дегенмен, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіндегі (ҚР ПА) құжаттар жинақтарында поляк халқының әлеуметтік жағдайы мен шаруашылығына қатысты құнды мәліметтер сақталған.

Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің құжаттар жинақтарында поляк халқының әлеуметтік тұрмысы мен шаруашылығы жайында толағай ақпараттар баршылық. 1936–1956 жылдар аралығын қамтитын Қазақстандағы поляк халқының тарихы туралы (Дегитаева, 2000), 1935–1939 жылдарды қамтитын Қазақстандағы еріксіз көшірілгендер жайлы (Шепель, 2014) және 1939–1945 жылдарды қамтитын елдегі депортация толқындары хақында жазылған кезекті жинақта Польша тұрғындарының қайғылы тағдыры баяндалған еді. Аталған жинақтарда кеңес басшылығының арнайы қоныстанушыларға қатысты жариялаған жарлықтары мен қаулылары, өтініш-хаттары мен заң жобалары қамтылды. Легкий Д.М. Екінші Речь Посполита елі тұрғындарының қазақ жеріне күштеп қоныстандырылуына бірнеше еңбектер арнаған. Онда ол Қостанай облысын мысалға келтіре отырып, поляктарды жұмысқа орналастыру ретін, олардың тұрмысын, жергілікті халықпен қарым-қатынасын сипаттады (Легкий, 2013). Жұматай және басқа авторлар өздерінің бірлескен мақаласында кеңес билігінің репрессиялық шаралары боямасыз келтірілген (Zhumataу және т.б., 2024). Абуова Н.А. Солтүстік Қазақстандағы арнайы қоныстанушылардың тарихын зерттеп, алғашқылардың бірі болып поляктардың әлеуметтік-экономикалық ахуалын сипаттады (Абуова, 2013).

Бұл зерттеулер Қазақстанға күштеп көшірілген поляк халқының тарихын айқындауға елеулі үлес қосқанымен, олардың әлеуметтік және құқықтық жағдайына, күнделікті тұрмысына, бейімделу үдерісіне қатысты кешенді әрі жан-жақты талдаулар әлі де толық зерттелмеген. Осы орайда, бұл мақала аталған мәселелерді нақтылау мен архив материалдары негізінде жаңа деректер ұсынуға бағытталады.

Зерттеу нәтижелері

Қазақстанға жер аударылған поляктардың әл-ауқатымен қатар олардың саяси құқықтары мен міндеттерін айқындап жетік білген жұрыс. Польша елі екі алып держава тарапынан бөліске салынған соң, елдің тұрғындарының тағдырлары екі елдің билеушілеріне тәуелді болғаны түсінікті. Шығыс Польша оккупацияланғаннан кейін Кеңес Одағы бұл ел мен тұрғындары хақында бірқатар шешімдер қабылдады:

- 1) Польша армиясында қызмет еткендерді, офицерлерді, кадрларды тіркеуден өткізу;
- 2) Жылжымалы және жылжымайтын жеке мүлікті тіркеу;
- 3) Қашқындарды тіркеу;
- 4) Польша елінің тарихын карикатура арқылы бұрмалау;
- 5) Зейнетақы мен жинақ салымдарын төлеуден бас тарту;
- 6) Мектептегі білім беру жүйесін, өзін-өзі басқаруды, сот ісін жүргізуді, қаржы жүйесін, теміржол көлігін және т.б. жүйелерді қайта ұйымдастыру;
- 7) Шіркеуді қоғамдық өмірден алып тастау. Діни институттардың саясатқа араласуға тыйым салу;
- 8) Әлеуметтік өмірдің барлық салаларынан поляк тілін (және кейінірек украин тілін) алып тастау және оларды орыс тілімен алмастыру (Тихомирова, 2011: 304);

Осыдан кейін поляктарды Ресейдің солтүстік өңірлері мен Қазақстанға күштеп көшіру арқылы қазіргі Батыс Беларусь пен Украина жерінде олардың сандық үлесін азайтуды көздеген. Алғашқы депортация толқыны 1936 жылдың басында тіркелді. «Украинадан қоныс аударушылар туралы» 1936 ж. 23 қаңтар мен 16 ақпан аралығындағы № 3 БКП (б) Қазкрайком қаулысының жобасы бойынша, Қазақстанға қоныс аударатын 15 мың неміс және поляк ұжымшар шаруашылықтарын орналастыру бойынша мынадай тәртіп пен іс-шаралар белгіленді:

- 1) 12 мыңы ұжымшарларға орналастырылды, 3 мыңы жаңадан қалыптасқан тәуелсіз ұжымшарларға көшірілді;
- 2) Оңтүстік Қазақстан облысына 7 мың шаруашылықты қызылша шаруашылығымен айналысуға көшірілу бұйрылды;

3) Алматы облысына 3 мың шаруашылық көшіріліп, оның 100-ы Талдықорған ауданы қызылша өсіру базасына, 1500-і шаруашылық темекі өсіру базасына және Шелек, Еңбекшіқазақ, Іле, Қаскелең аудандары мен Қаратал ауданындағы 500 шаруашылықты қызылша ұжымшарына қоныстандыру бұйрығы берілді.

4) Шығыс Қазақстан облысына Шемонаиха ауданына қызылша егуді дамыту үшін 2 мың шаруашылық көшіру керектігі бекітілді;

5) Жаңадан қоныстанушылардың 80–85 пайызы жаңа үй салып алуға міндеттелді, ал 10–15 пайызы үйлерге жөндеу жұмыстарын жүргізу керек еді;

6) Қоныстанушылар жер-суландыру ісімен, жерге орналастыру ісімен, тұрғын үй мен қосымша ғимараттар салумен, ауыл шаруашылығы мүкәммалын жасаумен, үйді шатырлармен жабдықтаумен, тасымалдау ісімен, мектеп, клубтар, фельдшерлік дүкендер салумен, жұмыс малын күтумен айналысуға міндеттелді;

7) Бұл қаулы бойынша 20–25 мың қоныстанушыларды Қазақстанның мақта өсіретін облыстарына көшіру, алғашқы 5 мың шаруашылықтың 2 мыңын мақта өсіретін аудандарға, оның ішінде Мақтаарал ауданына 800, Келес ауданына 500, Сайрам ауданына 500 шаруашылықты көшіру мақсат етілді. 2 мың шаруашылықты қызылша егу үшін, оның ішінде Мирзояновскке 500, Меркіге 500, Талдықорғанға 1 мың, темекі дайындау үшін 1 мың шаруашылықты Еңбекшіқазақ, Шелек, Іле және Қаскелеңге жұмысқа жұмылдыру көзделді (ҚР ПА. Қ. 141., Т. 1., Іс. 9541., Пп. 58–61).

1936 жылы 10 маусымда поляктар Қарағанды облысына көшірілді. 25 маусымға дейін 5535 отбасы, яғни 26778 адам қоныстандырылды. 29 тамызда 1000 отбасыны Алматы облысындағы ұжымшарларға көшіруге өтініш жасалып, ол өтініш орындалды (Абуова, 2013: 176). Көшірілген халықтар құқық жағынан жергілікті халықтармен теңестірілмеді. Оларға ешқандай да саяси немесе экономикалық бостандық берілмеді. 1936 жылы депортацияланғандардың құқықтары мен міндеттері келесідей болды:

1) Қоныстанушылар сайлауға қатысуға, ұжымшарға кіруге, салықтан 3 жылға босатылу құқығына ие болды;

2) Үй салуға көп мерзімді несие алды;

3) Олар тек белгіленген аймақта ғана көшуге құқылы болды;

4) Ауылдағы кеңеске бағынуға міндеттелді;

Қоныстандырылған поляктарға берілген құқықтарға қарамастан, олардың әлеуметтік жағдайы мүшкіл еді. Бір адамға шаққанда үй 2,28 шаршы метрді құрады. Сондықтан антисанитария белең алды. 43 медициналық орталықтар салынды. Көбісі қатты ауырды. Қызылшадан 669 адам, қызамықтан 38 адам көз жұмған (Абуова, 2013: 178).

Басқа архив құжаттарының бірінде арнайы қоныстанушылардың міндеттері мен жеңілдіктері жазылған. Арық-Балық аудандық атқару комитетінің басшысы Филипповке 1936 жылы 2 қыркүйекте жазылған хатта қоныстанушылардың құқықтары мен міндеттері жайында жазылған.

Құқықтары:

1) Қоныстанушылар кеңестерге сайлана алады;

2) Қоныстанушылар аудандық кеңестің рұқсатымен әкімшілік аудан ішінде көшіп жүре алады. Белгіленген ауданнан тыс жерлерде жүруге тыйым салынады;

3) Қоныстанушылар артельдің жарғысына сәйкес өз еркімен ұжымшарларға бірігеді;

4) Ауылшаруашылық артелінде жұмыс істейтін қоныстанушылар және жеке шаруашылықтар мемлекетке астық, картоп және ет өнімдерін тапсырудан, сонымен қатар салық төлеуден 1937 жылдан бастап 3 жылға босатылады;

5) Үй салуға ынталандыру үшін құрылыс жабдықтарын сатып алуға мемлекет тарапынан 8 жылға несие беріледі;

6) Қоныстанушылар тұтынушы және кәсіптік кооперациялардың белсенді мүшелері бола алады, онда басшылыққа сайлана алады;

7) Қоныстанушылар әдеби кітап жазу, хат жіберумен шектелмей, мәдени-ағартушылық ұйым құрумен айналыса алады;

Міндеттері:

1) Қоныстанушылар ауылдық кеңестің, ұжымшардың, жер басқармасының және жергілікті биліктің жоғарғы органдарының жарлықтарын орындауға және жүзеге асыруға міндетті;

2) Қоныстанушылар ұжымшардың жұмыстарына, ауладағы құрылыстарды және коммуналды ғимараттарды салуға атсалысу керек;

3) Қоныс аударушыларға барлық ұжымшар қызметкерлеріне сияқты міндеттер жүктеледі; Поляк халқына осындай құқықтар берілгенмен, оны іс жүзінде орындау қиынға соқты (Гривенная, Чинишилов, 2022: 17).

ГУЛАГ бастығы М.Д. Берманның ПХК халық комиссары Г.Г. Ягодаға Украинадан отбасыларды қоныстандыру жөніндегі іс-шаралар туралы 1936 жылғы шілдедегі баяндауында № 14 қосымшада 1936 жылы 25 маусымда барлығы 5535 отбасы Қарағанды облысына келіп, жайғасқаны, 40 % қоныстанушыларда мал жоқтығы, барлығы 43 ауыл салу керектігі, қоныстанушылар монша салумен, құдық қазумен, санитарлық пункттер, наубайхана, ас үй салумен айналысатындығы егжей-тегжейлі сипатталған. Ары қарай М.Д. Берман поляк қоныстанушылардың үйсіз, сусыз, шөл далаға қаңғыртқанына көңілі толмай, олардың арасында кеңес үкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізіле бастағанын да мәлімдейді (Шепель, 2014: 66).

1936 жылы 26 қыркүйекте Н.И. Ежов атына жазылған хатта Украинадан Қарағанды облысына (Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысына) 45 мың адамы бар 15 мың поляк және неміс шаруашылықтары қоныстандырылғаны, 5 мың шаруашылық маусым айында жер аударылғаны, еш баспанасыз өмір сүріп жатқандар көп екендігі баяндалды. Хатта жоспарланған 45 мың адамның орнына 70 мың адамды қоныстандыруға тура келгені, Лагерьлер Бас Басқармасы 3181 екі бөлмелі үйді және 561 коммуналды-тұрмыстық және медициналық-санитарлық қызмет көрсету ғимараттарын салуды жоспарлағаны мәлімделді. Алайда жоспар уақытында орындалмай, 2079 үй 25 қыркүйекке дейін салынып, жоспарлаған үйлердің 67 %-ы салынған. Аталған мақсаттар орындалғанның өзінде де, 4 мыңға жуық отбасы баспанасыз қалушы еді. Хатта орын алған ауыр әлеуметтік тұрмыстың салдарынан 382 адам көз жұмғаны мәлімделеді. Онымен қоса, 400-ден астам бала ауырғанын, мектептің аздығы, жанармайдың жетіспейтіндігі және қоныстанушылардың жағдайын көтеру бойынша қабылданған жарлықтардың жүзеге асырылуын қадағалау қажеттілігі басып айтылды. Осыдан поляктарды Қазақстанға қоныс аударту асығыстықпен және белгілі бір жоспарсыз жасалғандықтан, оларды, тіпті, материалды қажеттіліктермен қамтамасыз ете алмағанын көруге болады. Биліктің ұйымдастырушылық қабілетінің төмендігі, немқұрайлылығы және жауапсыздығы байқалады (Шепель, 2014: 72–74).

Сонымен қатар, арнайы қоныс аударушылардың еңбегі, жетістіктері және оларға жасалған жеңілдіктер туралы есеп те берілді. 1936 жылғы 5 қазандағы жағдай бойынша қоныс аударушылардың ауыл шаруашылығы құрылысы бойынша мынадай іс-шаралар орындалды:

1. 390 095 га жер бөлінді және бекітілді, бұл 1 шаруашылыққа орта есеппен 35,4 га жерді құрайды.

2. 1937 жылғы көктемгі егіске арналған 45000 га тың жерлер жыртылды, бұл 1936 жылы бекітілген тың жерлерді көтеру жоспары бойынша жердің 100 % -ын құрайды.

3. 2 221 315 п шөп шабылды.

4. Қоныс аударатын ұжымшарлар үшін 198 асыл тұқымды бұқа әкелінді.

5. Көші-қон ұжымшарларына Летовочный және Блюхеров ет-кеңшарларынан алынған 4295 га астық дақылдары, 270 жылқы, 1895 ірі қара мал, 1727 қой, 123 шошқа несиеге берілді (Шепель, 2014: 78).

Поляктарды белгілі бір аймақта қоныстандырып, қоғамдық істерге тарту қызу жүрді. 1936 жылы бұрынғы поляк шекарасынан 6833 отбасы қоныс аударушылар Солтүстік Қазақстан облысында, Чкалов және Кемерово аудандарында орналасып, 28 ұжымшар құрды. Сол ұжымшарларға ұжымшар жұмысшыларының пайдалануындағы тұрғын үйлер мен

қоғамдық үйлер: мектептер, балалар мекемелері, клубтар, ауруханалар ұзақ мерзімді несиелетінде 8 жылға берілді (Бугай, 1992: 30).

Поляктардың әлеуметтік жағдайын көтеру керектігі де көтерілді. 1937 жылғы 15 сәуірдегі отырықшыландыру бөлімшесінің басшысы Дублицкийдің Қазақ КСР Ауылшаруашылығы Халық Комиссары Панкратовқа жазған хатында Алматы облысына Батыс Украинадан 1000 қоныс аудару шаруашылықтары көшірілгенін мәлімдейді. Темекі өсіретін Еңбекшіқазақ ауданына 300 шаруашылық, қызылша өсіретін Іледе 350, Талдықорғанға 250, Қараталға 100 шаруашылық көшірілді. Тілді білмегендіктен, шаруашылықтар қазақ ұжымшарларынан басқа ұжымшарларға көшуді бастағанын хабарлады.

Шаруашылықтар санының өзгергенін, қоныс аударушылардың әлеуметтік жағдайларға байланысты арыз-шағымдардың көптігін айта келіп, қоныстанушыларға 5-6-7 сыныптық мектептер ашу керектігін, құрылыс материалдарды беру керектігін, астықты оларға қайтару қажеттігін және сиыр шаруашылығын дамытуға 300 мың рубль несиелену және шошқа шаруашылығын дамытуға 1000 рубль беру қажеттігін баяндады. Қоныс аударушыларды орыс тіліне үйрету қажеттілігі көтерілді. Біз осыдан арнайы қоныс аударушыларды тек орыс тіліне үйретуді мақсат еткенін көре аламыз. Үкімет тарапынан поляктарды орыс тіліне үйретіп, орыстандыруды басты мақсат еткенін көруге болады. Құжаттарда арнайы қоныстанушыларды қазақ тіліне үйрету мәселесі, тіпті, көтерілген де жоқ (Дегитаева, 2000: 49).

Поляк халқының жағдайын кеңес билігі емес, Польша Республикасы Елшілігі өкілдігі және арнайы поляк армиясы көтере алды. 1939 жылғы санақ бойынша, Қазақ КСР елінде 55 мың поляктар өмір сүрді. 1941 жылы 30 шілдеде Лондонда Сикорский-Майский атты пактке қол қойылды. Келісімшарт бойынша шекара мәселесі шешілмесе де, КСРО Польша Республикасы Елшілігін мойындап, елде қызметін жүргізуге рұқсат берді. 1941 жылы қыркүйекте Польша Республикасының елшілігі жұмыс істей бастап, басында Мәскеуде, кейін Куйбышевте елшілік орналасты. Амнистия жарияланған поляктарға көмек беру үшін елшілік Делегатура, сенім білдірілген тұлғалар мен оларға бағынышты қызметкерлері арқылы поляк халқына көмегін аямады (Худзио, 2015: 13). КСРО-да құрылған 19 делегатураның 9-ы қазіргі Қазақстанда қызмет етті. Олардың штаб-пәтерлері Алматыда, Ақмолада, Чкаловта, Шымкентте, Таразда, Қостанайда, Павлодарда, Петропавлда, Семейде орналасты. Делегатура Ақмолада 1942 жылдың қаңтарынан маусымына дейін поляк балаларына 247 778 рубль жәрдемақы, 833 рубль медициналық көмек, 2987 рубль тамаққа, 37559 рубль қамқоршылық мекемеге материалдық көмек берді (Худзио, 2015: 14).

Бұндай өкілдіктер жер-жерде пайда болды. Ақтөбеде елшілік өкілдігі белсенді қызмет атқарды. Ақтөбеде облысаралық поляк базасы құрылды. Ақтөбе облысына шетелден тауарларды Қызыл Крест арқылы жеткізіп отырды. Нан карточкалары пайда болды. Жетімдер, мүгедектер, көпбалалы отбасылар нан паегін және азық-түлік алатын. Ақтөбеде әскерге шақыру пункті ашылып, әскерлерді Чкаловтағы Бұзылық қаласына жеткізіп отырған. Армияға тек қана поляктарды жинаған (Степаненко, 2015: 43).

Ақтөбе облысына рақымшылық жарияланған поляктар «Северо-Двинский» (Котлас), «Безымянный» (Куйбышев), «Ивдель лаг» (Свердловск), «Ижемский лагерь» (Ухта) деген лагерьлерден ағыла бастады. Делегатура 150–200 рубль жәрдемақыны әр әскер отбасысына беріп отырды. Делегатурада Ақпараттық Пункт жұмыс істеді. Жоғалған әскердің әйелдері күйеуін іздеуге сала алатын (Степаненко, 2015: 44).

Поляктар киім тігетін және ойыншық жасайтын «Рекорд» артелінде, «Ақжар» атты кірпіш артелінде, етік, қолғап, тон сынды ауылшаруашылық шикізатын өңдеумен айналысатын «Дружба» артелінде жұмыс жасаған (Степаненко, 2015: 45).

Делегатура мен Елшіліктің басқа өкілдіктері жұмысын бастағанға дейін бірнеше мәжбүрлі көші-қондар болды. 1940 жылдан бастап депортациялаудың тағы да бір толқыны басталады. 1940 жылы 61 мыңға жуық поляктар Қазақстанның 6 облысына қоныстандырылды. Олар Ақтөбеге, Семей, Ақмола, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарына көшірілді. 20064 адам Солтүстік Қазақстандағы ұжымшарлар мен кеңшарларда жұмыс тапты.

2–3 ай бойы жалақы алмағандықтан көбісі ашығып, ауырған жайттар белгілі болды (Абдукадырова, 2019: 124).

Депортацияланған қауым антисанитариялық күйде өмір сүрді және оларды ауыр жұмыс жасаттырды. Қостанайдағы Ленин атындағы ұжымшарда поляктар жұмыс жасаудан бас тартып, қарсылық танытқаны белгілі болды (Абдукадырова, 2019: 126).

1940 жылы ақпанда Ақмола облысының аумағына келген Беларусь елінің батыс облыстарынан 411 отбасы (жалпы саны 2036 адам) қуылған арнайы поляк қоныс аударушылары осадниктер(қоршаудағылар) деп аталып, Ақмола облысының Сталин, Степняков, Шортанды аудандарындағы 4 арнайы кентке орналастырылды (Бугай, 1992: 31).

КСРО Ішкі Істер Халық Комиссары, мемлекеттік қауіпсіздік майоры Бабкин және КСРО Ішкі Істер Халық комиссарының орынбасары, мемлекеттік қауіпсіздік лейтенанты Харитоновтың Л.Берияға жазған 1940 жылғы 15 қазандағы хатында поляктардың ауыр халін былайша сипаттайды:

- 1) Оларға тамақ, ақша бермей, әдейі ауыр жұмысқа жұмылдырады;
- 2) Соның салдарынан поляктардың арасында наразылық туындап, жұмыс орнынан кетіп қалу жайттары жиі орын алады;
- 3) Поляктар арасында биліктің пайдасына қызмет жасамау қажеттілігі жайында саяси көңіл-күй белең алуда;

Бұдан поляктардың жергілікті халықпен салыстырғанда көбірек жұмыс жасап, элеуметтік теңсіздікке ұшырағанын тұжырымдай аламыз (РФ МА. Қ. Р-9479., Т. 1., Іс. 59., Пп. 24–58).

Аталған олқылықтардың орнын толтыру үшін Қазақ КСР 1-хатшысы қоныстанушылардың құқығын басқа ұжымшар қызметкерлерімен теңестіру, қоныстанушылардың балаларын оқыту, сауатты қылу, оларға баспана беру жөнінде қарар қабылдады (ҚР ПА. Қ. 708. Т. 1/1. Іс. 1. Б. 346–351).

Біраз уақыт өтсе де, элеуметтік-экономикалық ахуалдың еш өзгермегенін аңғаруға болады. «КСРО мен БКСР батыс облыстарынан Қостанай облысына арнайы қоныстандырылғандардың еңбекке орналасу және тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар туралы» 1940 жылғы 21 қазандағы қаулыда поляк отбасылары бұрын ат қора болған және монша болған ғимараттарға орналастырылғаны, олардың жағдайын арттыру қажеттілігі айтылған. 120 адам монша болған ғимаратқа, ал 68 адам бұрын атқора болған үйге орналастырылды. Оларға тамақ, тауар, азық-түлік берілмейтіндіктен, олардың элеуметтік жағдайын арттыруға бұйрық берілді.

1940 жылы 23 қыркүйек пен 17 қазан аралығында Л. Берияның арнайы қоныстанушылар мен қоршаудағылардың жағдайын тексеру туралы нұсқауы шығады. Онда Федоровский ауданының хатшысы П.Т. Антонов ұжымшар мен кеңшар төрағаларының жиналысында поляк қоныс аударушыларына ең ауыр жұмыстарды беріп, нормадан 2 есе көбірек жұмыс жасатып, ұжымшар қызметкерлерімен салыстырғанда 2 есе аздау жалақы төлеуді доғаруды талап еткені баяндалды. Онымен қоса, Қарабалық ауданындағы астық кеңшарында 120 адамды тұрғын емес үй-жайларда орналастырғандықтан, түрлі аурудан 7 адам көз жұмғаны анықталды (Легкий, 2013б: 113–117).

Қазақстанға күштеп қоныстандырылған поляктардың жалпы санына да тоқталған дұрыс. 1936 жылы 60283 поляктар, 1940 жылы 66072 және 1941 жылы 15679 поляктар Қазақстанға мәжбүрлі түрде көшірілген. Олардың көбісі шекарада өмір сүрген поляк әскери офицерлерінің, жандармдардың, мемлекеттік қызметкерлердің отбасы мүшелері еді (Zhumatay және т.б., 2024: 424).

Үйсіз, баспанасыз, тамақсыз қаңғырып жүретін поляктар билікке қарсы үгіт-насихат жүргізді, жұмыс орнын тастап кетті деп айыпталатын. Поляктарды құл ретінде санап, ең нашар тамақты, баспананы, ең ауыр жұмысты оларға беретін (Zhumatay және т.б., 2024: 432).

1940 жылы поляктар көбіне Қостанай облысына көшірілді. Поляк әскерлерін әскери қызметке тарту пункті қазіргі Орынбор облысындағы Бұзылықта орналасқандықтан, жақын жердегі Қостанайға көпшілік поляктар көшірілгендігін ұғуға болады. 1940 жылы Қазақстанға

1206 отбасы, 5394 арнайы қоныстанушы-қоршаудағылар депортацияланды. 1941 жылы 1 қаңтарда Қостанай облысындағы алтын өндіретін Жетіғарда 193 отбасы, яғни 884 адам өмір сүрді. Қоршаудағылардың саны-246 болды (Легкий, 2013: 104).

1941 жылы 29 қарашадағы Қазақ КСР ІХК анықтамасында 61 092 поляк азаматтарының 8705-і Қостанай облысында тұратыны белгілі болды. Ұжымшар мен кеңшарларда 8672 адам қызмет етті. Өндіріс орындарында тек 15 адам, мемлекеттік ұйымдарда тек 30 адам жұмыс істеген. Бұдан арнайы қоныстанушыларды қасақана ауыр жұмыстарға тартқаны туралы пікірдің жаңсақ еместігіне көз жеткіземіз (Легкий, 2013а: 106).

1941 жылғы 28 мамырдағы Украина мен Беларусьтың батыс облыстарынан келген арнайы қоныстанушылардың шаруашылық және мәдени-тұрмыстық жағдайы туралы Калинин ауданының ІХК аудандық бөлімшесінің бастығы В.Колесовтың ақпараттық хатында 283 адамы бар 107 шаруашылық Калинин ауданында орналасқанын, жұмыс жасай алатын 131 адамның тек 66-сы жұмыс жасайтынын, киім, азық-түлік жетіспейтіндігін, 88 жастардың тек 27-сі оқып жүргенін, май, көкөністердің жоқтығынан балалар арасында қыркұлақ ауруымен ауыратындығын, поляктардың бейшара халін жан-жақты сипаттады (Дегитаева, 2000: 114–116).

Қазақ КСР аумағына 1941 жылдың маусым мен шілде айларында Кеңес Одағы, БКСР, Молдавия КСР және Балтық елдерінің батыс облыстарынан 15 413 адам, оның ішінде батыс облыстардан 4803 адам, Молдавия КСР елінен 9954 және Балтық елдерінен 656 адам келіп, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Қызылорда облыстарына, Қарағанды, Гурьев және Ақмола облыстарына қоныстанды (Абдукадырова, 2019: 152).

1941 жылы Балтық республикалары, Молдова КСР және КСРО мен БКСР батыс облыстарынан Алтай өлкесіне, Киров облысына, Коми АКСР, Красноярск өлкесіне, Қазақ КСР, Новосібір және Омбы облыстарына 20 жыл мерзімге жер аударылған қоныс аударушылар ретінде қуғын-сүргінге ұшыраған отбасылар жіберілді. Барлығы 88097 адам арнайы қоныстандырылды (Абдукадырова, 2019: 153).

Жер аударылған 85716 қоныс аударушылар КСРО Ішкі Істер Халық комиссарының нұсқауы бойынша, 1941 жылдың мамыр-маусым айларында Балтық жағалауы республикаларынан, Молдова КСР және КСРО мен Беларусь Кеңестік Социалистік Республикасының батыс облыстарынан жер аударылды. 15413 қоныстанушы Қазақстаннан орын тапты (Абдукадырова, 2019: 156).

Мәжбүрлі көші-қон осымен аяқталмады. 1941 жылдың қыркүйек айына дейін Кеңес Одағының тыл аудандарына Беларусь және Украинаның батыс аймақтарынан 389 382 Польшаның тұрғындары көшірілді. Олардың ішінен 120962 адам түрмелерде, лагерьлерде, жер аударылған жерде, 243 106 адам «қоршаудағылар» деп аталып, арнайы қоныстарда, 25 314 адам әскери тұтқындардың лагерьлерінде жұмыс жасауға жұмылдырылды (Бугай, 1992: 33).

Польша армиясының басқармасының өкілі М.Ф. Романьскийдің Еңбекшілер Кеңесі Депутаттарының Облыстық Атқару Комитетіне 1941 жылы 6 желтоқсанда жазған хатында поляк еңбекшілері уақыты айлығын алмайтынын және жергілікті биліктің поляк азаматтарына деген әділетсіз қарым-қатынасы туралы баяндайды: «Аманқарағай және Комсомольская теміржол стансаларында жұмыс істейтін поляктар жалақыларын ала алмай жүр. Басшылар дәрежелік танытып, жұмыс жасамаған жағдайда, пәтерлерін тартып аламыз, нан бермейміз, дүкенге кіре алмайсыңдар деп доқ көрсетеді. Поляктарда киім мен аяқ киім жоқ. Олар өз қолымен табыс көре алмайды. Федоров ауданындағы, Молотовский астық кеңшарындағы Уйская фермасындағы директор Исембаев поляктар кеңшардан кеткісі келгенде, автомобиль пайдалануға рұқсат бермеді. Поляктар автомобиль рұқсат сұрағанда, оларды қуып тастады. Әйелі Ахмедова поляктарға Қостанайға кетудің қажеті жоқ, өйткені, Поляк елшілігі штабының өкілдерін тыңшылық үшін ІХК тұтқындады деп өзеуреді».

Ары қарай капитан бұл жағдайға таңданысын білдіріп, бірнеше рет өтінішін білдіреді:

1) Құсмұрындағы поляк азаматтарына жеткізілетін вагондарды және Федоровка баратын 50 вагонды аман-есен жеткізіп, оларды құрал-жабдықтармен толтырып, Чкалов стансасына апарып, оны Жамбылға жеткізу;

2) Поляк азаматтары уақытылы жалақы алуларын қадағалау;

3) Поляк азаматтарын жұмысқа мәжбүрлемей, оларға нан мен азық-түлік беруге бұйрық беру;

4) Поляк халықтарына баласыз адамдарға салынатын салықтарды төлеуге мәжбүрlemeу. Өйткені, олар сол жерге өз еркімен келген жоқ;

5) Поляк елшілігі штабының қызметкерлерінің тыңшылық үшін тұтқындалған деген жабылған жаланы тексеру. Аталған басшыларды жауапқа тарту (ҚОМА. Қ. 268., Т. 11., Іс. 27., Б. 4);

М.Ф.Романский осы хатта Құсмұрында 75 поляк азаматы қыркүйек айынан бері теміржолда жұмыс істеп, поляк армиясы штабының қаулысы бойынша, оңтүстікке баруы тиіс еді. Алайда, теміржол қатынастарының билігі оларға вагонға мінуге жол бермей, азық-түлік сатпайтынын, пәтерлерден қуатынын айтып, таңданыс білдірді. Тура сондай жағдай Қарабалық ауданындағы Федоровка стансасында орын алып, олар аштыққа ұшырап, өлім мен өмір арбақан қиямет көпірдің бел ортасында екеніне күйінушілік білдірді (ҚОМА. Қ. 268., Т. 11., Іс. 27., Б. 4).

Романскийден басқа да поляк халқына жанашырлық танытқандар да болды. Польша елшілігінің мүшесі әрі Поляк армиясы басқармасының өкілі Эрнст 1942 жылы 23 қаңтарда поляктарға қатысты көрсетілетін әділетсіздікті баяндады. Орджоникидзе ауданындағы Қызыл Октябрь кеңшарында және Федоровский ауданындағы Тракторной кеңшарында поляктарды жұмысқа мәжбүрлеп шығаратынын, сонымен қатар, Убаганский ауданында, Свердловкада, Лихачевка, Федоровский, Тракторный, Қоскөл, Пешковский ауданыдағы Батмановка, Назаровкада, Ұзынкөлдегі Ново-Покровкада поляктарға ешқандай азық-түлік сатпайтынын қынжыла баяндады (ҚОМА. Қ. 268., Т. 11., Іс. 27., Б. 22).

Поляктарды депортациялаудың соңғы толқыны 1941 жылы аяқталды. Қазақстандағы Ішкі Істер Халық Комиссариаты Әскери Комиссариатқа жіберген 1942 жылғы қаңтардағы анықтамасында 103757 поляк Қазақстанда тұратынын анықталды. 4000 әскер Ақмола-Қарталы теміржолында жұмыс істейді. Поляктар 14 облыста өмір сүреді. Оңтүстік Қазақстан облысында 25998 адам тұрса, Жамбыл облысында 22051 адам болды (ҚР ОМА. Қ. Р-1146., Т. 1., Іс. 287., Б. 9).

1942 жылғы 14 ақпандағы Поляк Республикасы Елшілігінің өкілі Эрнст хатта поляк халқы азық-түлік тапшылығын басынан өткеріп жатқандығын, түрлі аурулар жайлап, оларға тиісті дәрі-дәрмек, көлік әрі медициналық көмек берілмей, ауруханалар мен олар орналасқан пәтерлерден қуып, демалыс уақытында да аяқ киімсіз болғанына қарамастан, жұмысқа шығуға мәжбүрлейтінін мәлімдеді. Елшілік пен КСРО арасындағы келісімшартқа сәйкес, поляктар арнайы қоныстанушылар емес, еркін азаматтар екенін кеңес билігі жергілікті билеушілерге дұрыс түсіндірмегенін, поляк халқының жағдайы жақсартылмаса, армияға адам жинала алмайтынын да ескерткен (ҚОМА. Қ. 268., Т. 11., Іс. 27., Б. 40).

1942 жылғы 23 ақпандағы телеграммада талап етілген тексерістер жасалып, поляктардың пәтер, киім және азық-түлік бойынша өтініштері мен арыздары қанағаттандырылды деп мәлімделді (ҚОМА. Қ. 268., Т. 11., Іс. 27., Б. 39.).

Қостанайдағы Аудандық Атқару комитеті Кеңесінің төрағасы Чуйкиннің 1942 жылы 12 наурызда Керімбаевқа жазған хатында поляк азаматтарының көбісі азық-түлікпен, пәтермен, құралдармен қамтамасыз етілгенін жазады. Алайда, хаттың соңында Фелиповская Амалиядан басқадан басқаның бәрі азық-түлікті алғанына қарамастан, поляктар жылы киім мен аяқ киімнің жоқтығына налып, жұмысқа шықпайтынын мәлімдеді. Кейбір поляктардың жанармаймен қамтамасыз етілмегенін де жеткізді. Авторитарлы биліктің осылайша поляк халқының хал-жағдайын көтеруге мәжбүр болғандығын, бірақ Польша Республикасы елшілігі

өкілдігінің және поляк армиясы басқармасы мүшелерінің талаптарын орындай алмағандығын көре аламыз (ҚОМА. Қ. 268., Т. 11., Іс. 27., Б. 84).

Кеңес билігі поляк халқының әлеуметтік жағдайын арттыруға тырысқан азаматтарды қудалауды бастайды. 1942 жылы 23 шілдеде Мечислав Романьский Қостанай облысындағы экономикалық және саяси жағдай туралы мәліметтерді жинаумен және берумен айналысты деп айыпталды. Романьскийдің ісі қаралып, Польша Республикасы үкіметіне мемлекеттік құпияны жеткізді деп қамауға алынды (Легкий, Логвинчук, 2024: 148).

Архив деректерінде қазіргі Қостанай облысы Пешковский ауданындағы Давыдовка ауылындағы белгісіз бір қыздың 1941 жылы салған суреттері сақталды. Поляктарды немістер көп тұратын жерге қоныстандырған. Онда антисанитариялық күйде өмір сүрген поляктардың әлеуметтік тұрмысын бейнелеген суреттерге талдау жасалады. Суреттер Ішкі Істер Халық Комиссариатының қызметкерлерінің құжаттарында сақталды. Суреттердің авторы белгісіз. Поляктардың Қазақстанға қоныстандырылып, құрт-қоңыздар толған үйлерде күн көріп, жоқшылық азабын тартқаны сипатталады. Давыдовка ауылында небәрі 5 әйел болған. Олар: Нина Тузеневич, Ирина Шмидт, Янина Волянская, Стефания Липко, Янина Коханская. Осы аталған әйелдердің бірі өзінің өкінішін, ыза мен наласын суреттер арқылы жеткізе білген (Borissova және т.б., 2023: 360).

Арнайы қоныстанушылар ең ауыр жұмыспен айналысты. 1943 жылы 18 қазанда 1000 арнайы еңбек қоныстанушыларын Қарағанды көмір бассейніне жұмысқа жұмылдырылды (Карина, 2022: 89).

Қазақстан КП(б) Жезқазған аудандық комитеті бюросының отырысының «Орналастыру мен жұмысқа орналастырудың алдын ала қорытындылары туралы арнайы қоныс аударушылар контингенті» туралы 1944 жылғы 21 наурыздағы қаулысы бойынша арнайы қоныс аударушыларды жұмысқа орналастыру, Қарсақбай, Жезқазған және Жезді зауыттарында орын алған түрлі аурулардың таралуын тоқтату, қоныстанушылардың жағдайын жақсарту туралы бұйрық берілді. Алайда, поляк жұмысшыларының жағдайы дереу жақсара қоймады (Карина, 2022: 118).

Бөртпе ауруларының таралуын жою үшін ауруханаларда қосымша төсек желісін орналастыруды, ауруханаға жатқызылатын науқастарға көлікпен қызмет көрсетуді және емдеу мекемелері мен дезинфекциялық пункттерді отынмен бірінші кезекте қамтамасыз етуді қамтамасыз етуді, оларды дәрі-дәрмектермен қамсыздандыруды мақсат етті (Карина, 2022: 119). Орын алған жағдайды реттеу үшін билік бірқатар шешімдер қабылдады. 1944 жылы 5 сәуірде бұрынғы поляк азаматтарына азық-түлік паек беру туралы қаулы қабылданды. 2 кг ұн, 1 кг жарма, 500 г май, 500 г тәтті тағам бұйымдарын, 500 г тұзды және поляк армиясының әскери қызметкерлеріне 500 рубль беру жөнінде бұйрық берілді (СҚОМА. Қ. 1189., Т. 1., Іс. 1198., Б. 12).

1945 жылы 8 қаңтарда Кеңес Одағы ХКК № 35 «Арнайы қоныстанушылардың құқықтық жағдайы туралы» қаулысы шықты. Онда арнайы қоныстанушылар Кеңес Одағының барлық азаматтары сияқты құқықтарға ие екендігі, олардың қоғамдық жұмыстармен айналысуға міндетті екендігі, ІХК арнайы комендантураның комендантының рұқсатынсыз қоныстану аймағынан тыс жерлерге көшуге тыйым салынатындығы, 3 күн ішінде отбасында баланың туылуы, адам өлімі, қашып кету сынды оқиғалар жайында дереу хабарлап тұру қажеттілігі, қоғамдық тәртіпті бұзған жағдайда арнайы қоныс аударушылар 100 рубльге дейін айыппұл және 5 күнге дейін қамауға алу түрінде әкімшілік жазаға тартылатындығы айтылды. Тек соғыстың аяғына таман ғана арнайы қоныстанушылардың құқықтары қорғалып, тұрмыстық жағдайы артты. Алайда, олардың құқықтары жергілікті халықпен теңестірілмегенін ескерген жөн (СҚО ҚАЖД СМБА. Қ. 3., Арх. 264., Б. 4.).

Поляк елшілігі өкілдігі мен поляк армиясының қызметкерлерінің араласуының нәтижесінде 1944–1945 жылдары қазіргі Қазақстан аумағында поляк балаларына арналған 50 мектеп ашылған болатын (Абдукадырова, 2019: 160). Бұл бастама Қазақстанға күштеп көшірілген поляктардың ұлттық бірегейлігін сақтауға және білім алуға деген қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды.

Архив деректеріне сәйкес, депортацияланған халықтардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселесі кеңестік биліктің күн тәртібінде тұрды. Мысалы, 1948 жылы 19 қаңтарда Батыс Украинадан Қазақстанға көшірілгендердің тұрмысын жақсарту мақсатында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Н. Оңдасынов пен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Іс Басқарушысы Д. Сырцов арнайы қаулы қабылдап, қоныстанушыларды киім-кешекпен, тамақпен, 200 төсектік уақытша стационармен және балалар үйімен қамтамасыз етуді тапсырды. Сонымен қатар, олардың қажеттіліктеріне 150 мың рубль бөлінді.

Бұл шешім, бір жағынан, кеңестік биліктің депортацияланған халықтарға ресми түрде әлеуметтік көмек көрсетуге тырысқанын көрсетсе, екінші жағынан, мұндай шаралардың кешіктіріліп немесе жеткіліксіз жүргізілгенін де меңзейді. Поляктар сияқты күштеп көшірілген халықтардың өмір сүру жағдайы ауыр болғаны белгілі, сондықтан бұл көмек олардың барлық қажеттіліктерін өтей алмады. Дегенмен, бұл әрекеттер арнайы қоныстанушылардың ең ауыр кезеңдерді еңсеруіне ішінара ықпал етті.

Қорытынды

Архив материалдары негізінде 1936 және 1939–1941 жылдары депортацияланған поляктардың құқықтық мәртебесіндегі айырмашылықтар, олардың еңбекке орналастырылуы, жергілікті билік органдарының әрекеттері және арнайы қоныстанушылардың жағдайын жақсарту бағытында жүргізілген іс-шаралар сараланды. Сонымен қатар, 1941 жылғы Сикорский-Майский келісімінің әсері мен 1943 жылы Кеңес Одағы мен Польшаның дипломатиялық қарым-қатынасының үзілуі депортацияланған поляктардың жағдайына қалай ықпал еткені архив деректері негізінде айқындалды.

Осылайша, зерттеу барысында архив құжаттарына сүйене отырып, соғыс кезінде арнайы қоныстанушылардың саяси бостандығы шектеліп, арнайы белгіленген аймақтарда көшуге ғана мүмкіндікке ие болғанын тұжырымдай аламыз. Поляк халқының әлеуметтік жағдайын арттыруға қатысты шаралар соғыс аяқталғаннан кейін ғана жасала бастаған.

Зерттеу жұмысының нәтижелері Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі халықтардың мәжбүрлі қоныс аударуының әлеуметтік және құқықтық салдарын зерделеуге арналған болашақ зерттеулерге дереккөз ретінде қызмет етеді. Мәжбүрлеп көшірілген поляктардың тарихи жадын сақтау және ұрпаққа жеткізу мәселелеріне жаңа көзқарас қалыптастыруға ықпал етеді.

Дереккөздер

ҚОМА — Қостанай облысының Мемлекеттік Архиві
 ҚР ОМА — Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві
 ҚР ПА — Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві
 СҚОМА — Солтүстік Қазақстан облысының Мемлекеттік Архиві
 СҚО ҚАЖД СМБА — Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаментінің Қылмыстық-атқару жүйесінің Арнайы Мемлекеттік Архиві
 РФ МА — Ресей Федерациясының Мемлекеттік Архиві

Sources

AP RK — Archive of the President of the Republic of Kazakhstan.
 SA RF — The State Archive of the Russian Federation.
 SAKR — State Archive of Kostanay region.
 CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.
 NKSA — North Kazakhstan State Archive.
 SSA PES PD NKR — Special State Archive of the Penal Enforcement System of the Police Department of the North Kazakhstan region

Әдебиеттер

Абдукадырова, 2019 — *Из истории депортаций*. Казахстан. 1939–1945 гг. Сборник документов.; Архив Президента Республики Казахстан. Т. 3. Алматы: LEM, 2019. 708 с.

Абуова, 2013 — *Абуова Н.А.* К вопросу о правовом и социально-экономическом положении спецпереселенцев-поляков в северо-казахстанской области в предвоенные годы // *Из истории депортации поляков в Казахстан в период II Мировой войны*. Алматы, 2013. С. 174–181.

- Бугай, 1992 — *Иосиф Сталин — Лаврентию Берии: «Их надо депортировать...»*: Документы, факты, комментарии. М.: Дружба народов. 1992. 288 с.
- Гривенная, Чинишилов, 2022 — *Гривенная Л.А., Чинишилов В.В.* Польские спецпоселенцы в Северо-Казахстанской области (1936–1955 гг.). Сборник архивных документов и материалов. Составители: Алматы: Литера-М, 2022. 384 с.
- Дегитаева, 2000 — *отв. ред. Дегитаева Л.Д.* Из истории поляков в Казахстане (1936–1956 гг.). Сборник документов; Архив Президента Республики Казахстан; [сост.: Грибанова Е.М., Зулкашева А.С., М.У. Маскеев М.У.]. Алматы: Қазақстан, 2000. 344 с.
- Карина Е.Т., 2022 — *Под общ. ред. Карина Е.Т.* Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20–50 жылдары) = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20–50 годы XX века). Т. 7: Депортированные в Казахстан народы и спецпоселенцы. Сборник документов и материалов. Астана, 2022. 334 с.
- Көкебаева, Сманова, 2013 — *Көкебаева Г.К., Сманова А.М.* Кеңес өкіметінің поляк халқына қарсы жазалау саясаты // ҚазҰУ хабаршысы, Тарих сериясы, 2013. № 3(70). Б. 62–69.
- Легкий, 2013 — *Легкий Д. М.* Постановления бюро Кустанайского областного Комитета КП (б) Казахстана за 1940 г. // Из истории депортации поляков в Казахстан в период II мировой войны. Алматы, 2013. С. 113–117.
- Легкий, 2013 — *Легкий Д.М.* Депортация польских граждан в Казахстан в начале Второй мировой войны (на примере Кустанайской области) // Из истории депортации поляков в Казахстан в период II Мировой войны. Алматы, 2013. Б. 100–109.
- Легкий, Логвинчук, 2024 — *Легкий Д.М., Логвинчук А.А.* Уполномоченных штаба польской армии в Кустанайскую область...: к истории формирования армии генерала Андерса в Казахстане в годы второй мировой войны // Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 4, История. Регионоведение. Международные отношения. – 2024. – Т. 29, № 3. С. 138–152. // DOI: <https://doi.org/10.15688/jvolsu4.2024.3.12>
- Степаненко, 2015 — *Степаненко Н.В.* Представительство Польши в Актюбинске в годы Великой Отечественной Войны (1941–1943 гг.) // Польские дипломаты в Казахстане 1941–1943 годы. Сборник статей и документов. Астана, 2015. С. 39–48.
- Тихомирова, 2011 — *Тихомирова В.Я.* Советский человек на «Кресах» в 1939–1941 годах: свидетельства очевидцев и художественные образы // Западная Белоруссия и Западная Украина в 1939–1941 гг.: люди, события, документы. Санкт-Петербург.: Алетейя, 2011. 424 с.
- Худзио, 2015 — *Худзио. Х.* Из Сибири в свободный мир через польские представительства в Казахстане // Польские дипломаты в Казахстане 1941–1943 годы. Сборник статей и документов. Астана, 2015. С. 13–17.
- Шепель, 2014 — *Из истории депортаций.* Казахстан. 1935–1939 гг. Сборник документов.; Архив Президента Республики Казахстан; [отв. ред. Шепель В.Н.]. Т. 2. Алматы: LEM, 2014. 740 с.
- Borissova and others, 2023 — *Borissova, Anna Legkiy, Dmitriy Chazbijewicz, Selim.* (2023). “Nad przepaścią” (Над пропастью). Рисунки неизвестной польской девушки, сосланной в Казахстан. Przegląd Wschodnioeuropejski. Vol. 14. Pp. 351–365.
- Piotrowski, 1998 — *Piotrowski T.* Poland's Holocaust: Ethnic Strife, Collaboration with Occupying Forces and Genocide in the Second Republic, 1918–1947. McFarland, 1998. 437 p.
- Zhumatay et. al, 2024 — *Zhumatay G., Yskak A., Magier D., Kruszynski M.* The Deportation of the Poles to Kazakhstan: Ethnic Cleansing, Collective Suffering, and Cultural Assimilation. Historia I Świat, 13, 2024. Pp. 413–438.

References

- Abdukadyrova, 2019 — *отв. ред. Abdukadyrova D.Ju.* *Iz istorii deportacij. Kazakhstan. 1939–1945 gg.* Sbornik dokumentov: Arhiv Presidenta Respubliki Kazakhstan [From the history of deportations. Kazakhstan. 1939–1945. Collection of documents.; Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. Алматы: LEM, 2019. Vol. 3. 708 p. (In Russ.).
*Таблица составлены авторами. Всесоюзная перепись населения 1959 года. – *Всесоюзная перепись населения 1959 года*. Городское и сельское население республик СССР по полу и национальности. СССР [электронный ресурс] // Демоскоп Weekly http://demoscope.ru/weekly/ssp/ussr_nac_59.php (дата обращения: 30.10.2024). [* Table compiled by the authors. All-Union population census of 1959. † All-Union population census of 1959. Urban and rural population of the republics of the USSR by gender and nationality. USSR [electronic resource] // Demoscope Weekly http://demoscope.ru/weekly/ssp/ussr_nac_59.php (accessed: 30.10.2024)]; *Таблица составлена авторами. Всесоюзная перепись населения 1989 года. – *Всесоюзная перепись населения 1989 года*. Городское и сельское население областей республик СССР (кроме РСФСР) по полу и национальности [электронный ресурс] // Демоскоп Weekly http://demoscope.ru/weekly/ssp/resp_nac_89.php (дата обращения: 30.10.2024). [* Table compiled by the authors. All-Union population census of 1989. All-Union population census of 1989. Urban and rural population of the regions of the republics of the USSR (except for the RSFSR) by gender and nationality [electronic resource] // Demoscope Weekly http://demoscope.ru/weekly/ssp/resp_nac_89.php (circulation date: 30.10.2024)].

Результаты

Переписи 1970, 1979 и 1989 г. показали существенное, если не сказать больше, падение рождаемости в областях Северного Казахстана и катастрофическое снижение естественного прироста. Если в 1960 г. в Павлодарской области был отмечен исторический максимум естественного прироста – 37,5 промилле, то к 1970 г. он снизился до 20,0, в 1980 г. – до 17,6 и в 1989 г. – до 16,6. Наибольшими были темпы и значения падения естественного прироста в Северо-Казахстанской и Целиноградской областях – с 25,7 до 13,4 и 34,7 до 16,2 промилле, соответственно. Падение естественного прироста по областям Северного Казахстана в 1960–1989 гг. составило от 44 до 52 %.

Причинами такого резкого падения рождаемости и естественного прироста явился переход европейских этносов, особенно в среде горожан, к малодетной семье. Причем, малодетность стала демографической особенностью населения региона. Большинство семей, особенно среди европейских этносов имели наименьший показатель по сравнению с другими регионами Казахстана. К примеру, в 1979 г. средний размер семьи по республике составлял 4,1 чел., а в Северном Казахстане – 3,6. При этом долгое время, вплоть до начала 1980-х г. размер семьи существенно различался по этнической принадлежности. Традиционно размер казахской, а еще более узбекской семьи значительно превышал показатели европейских семей. Однако, к 1980 г. в Северном Казахстане вследствие наступления нового этапа демографического перехода к суженному типу воспроизводства произошло снижение размеров семьи среди казахского населения. Отметим, что этот переход не коснулся, к примеру, узбекских семей, по-прежнему, являвшимися традиционно многодетными. Но, поскольку большинство этносов стали участниками демографического перехода, то это оказало самое серьезное влияние на падение рождаемости и связанное с этим сокращение численности населения в Северном Казахстане.

Заключение

Демографическая структура населения Северного Казахстана за исследуемый период претерпела ряд существенных изменений, которые ярко проявились в гендерной дифференциации, и были четко выражены в разных этнических группах.

Перепись 1959 г. выявила резкие диспропорции в гендерном составе населения региона, так соотношение мужчин и женщин составляло 37/63. Это самый низкий показатель по всей республике, образовавшийся вследствие значительных потерь мужского населения вследствие голода, ссылок и депортаций, смертей во время Великой Отечественной войны. Самая искаженная деформация в соотношении полов в начале исследуемого периода наблюдалась у казахов, последствия вышеперечисленных событий для которых имели самые тяжелые результаты.

В период между переписями 1959–1989 г. казахам удалось восстановить благоприятное соотношение между гендерами. Напротив, имевшие вследствие значительного механического прироста более комфортную гендерную структуру, европейские и славянские этносы, первоначально несколько улучшив, но уже с 70-х г. стали терять это преимущество. Женское население стало серьезно доминировать над мужским.

Главную роль в восстановлении гендерного баланса у казахов сыграл естественный прирост. С 1960 г. он становится ключевым фактором в увеличении численности населения, оттесняя на второй план главный до этого времени миграционный. В результате в Северном Казахстане был достигнут исторический максимум естественного прироста – более 33 %, что на 2–3 % превышало среднереспубликанский показатель. Уровень рождаемости был высоким среди всех этносов, что было вызвано значительной долей мигрантов репродуктивного возраста. Но при этом он был выше среди представителей азиатских этносов, поскольку европейское население демонстрировало суженный тип воспроизводства, обусловленный разницей демографического поведения.

В начале 1960-х г. достигнутый ранее максимум естественного прироста сменяется снижением. Если темпы падения рождаемости по Казахстану в 1959–1970 г. составили 25–50 %, причем в городах эти показатели были выше, чем на селе, то в северных областях темпы падения рождаемости сельского населения были даже выше, чем среди городского и колебались в пределах 37–78 %. Коэффициент естественного прироста в северных областях по сельской местности снизился в 1959–1989 г. в два и более раз, что выше средних республиканских показателей. Более низкие темпы рождаемости, в том числе и в сельской местности, были связаны с абсолютным преобладанием в структуре населения северных областей славянских этносов, которые здесь и на селе составляли большинство, в то время как в других регионах Казахстана они расселялись преимущественно в городах.

Казахское население еще придерживалось традиционного типа воспроизводства, но уже обозначились подвижки в приближении к типу воспроизводства, характерного для европейского населения, что было связано с процессами урбанизации и формированием нового демографического поведения, характерным для которого является малодетная семья.

Список литературы

- Алексеевко, 1993 — *Алексеевко А.Н.* Население Казахстана, 1920–1990 гг. Алматы: Гылым, 1993. 126 с.
- Алексеевко, 1999 — *Алексеевко Н.В.* Население Казахстана за 100 лет, 1897–1997 гг. Усть-Каменогорск: Вост.-Казахст. гос. ун-т, 1999. 157 с.
- Алексеевко, 2009 — *Алексеевко Н.В., Алексеевко А.Н.* Славянское население Казахстана XVIII–XX вв.: историко-демографическое исследование. Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс, 2009. 131 с.
- Андреев, 1993 — *Андреев Е.М., Дарский Л.Е., Харькова Т.Х.* Население Советского Союза. 1922–1993. М.: Российская Академия наук, 1993. 140 с.
- Асылбеков, 1991 — *Асылбеков М.Х., Галиев А.Б.* Социально-демографические процессы в Казахстане, 1917–1980 гг. Алма-Ата: Гылым, 1991. 192 с.
- Асылбеков — *Асылбеков М.Х.* О социальной, политической и этнической структуре Казахстана // Изв. Акад. наук Каз. ССР. Сер. обществ. Наук, 1991. № 3. С. 43–47.
- Асылбеков — *Асылбеков М.Х., Козина В.В.* Казахи: демографические тенденции 80–90-годов. Алматы: Өркениет, 2000. 102 с.
- Базанова — *Базанова Ф.Н.* Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР: национальный аспект. Алма-Ата: Казахстан, 1987. 152 с.
- Всесоюзная перепись населения, 1959 года. — *Всесоюзная перепись населения 1959 года.* Городское и сельское население республик СССР по полу и национальности. СССР [электронный ресурс] // Демоскоп Weekly http://demoscope.ru/weekly/ssp/ussr_nac_59.php (дата обращения: 30.10.2024).
- Всесоюзная перепись населения 1989 года — *Всесоюзная перепись населения 1989 года.* Городское и сельское население областей республик СССР (кроме РСФСР) по полу и национальности [электронный ресурс] // Демоскоп Weekly http://demoscope.ru/weekly/ssp/resp_nac_89.php (дата обращения: 30.10.2024).
- Есимова, 2005 — *Есимова Ж.К.* Влияние миграционных потоков на этническую картину населения северных областей Казахстана в период освоения целины // Вестн. Каз. нац. ун-та. 2005. № 12. С. 39–45.
- Жумасултанов, 2000 — *Жумасултанов Т. Ж.* Население Казахстана с древнейших времен до наших дней: учеб. пособие. Алматы, 2000. 152 с.
- Жумасултанов, 2013 — *Жумасултанов Т.Ж.* Целине – 60. Алматы: Казхстатинформ, 2013. 76 с.
- Какенова, 2002 — *Какенова А.А.* Социально-демографические процессы в Северном Казахстане в 1926–1959 гг. автореф. дис. ... канд. ист. наук. Алматы, 2002. 25 с.
- Козина, 1994 — *Козина В.В.* Социально-демографические процессы в Казахстане в межпереписной 1979–1989 гг. период: автореф. дис. ... канд. ист. наук. Алматы, 1994. 27 с.
- Переписи населения Российской Империи, СССР — *Переписи населения Российской Империи, СССР, 15 новых независимых государств* [электронный ресурс] // Демоскоп Weekly http://demoscope.ru/weekly/ssp/census_types.php?ct=6 (дата обращения: 30.10.2024 г.).
- Сарсембаева*, 2010 — *Сарсембаева Г.А.* Изменения в этнической и социальной структуре населения Казахстана в условиях суверенитета, 1991–2009 гг.: дис. ... канд. ист. наук. Алматы, 2010. 162 с.
- Скопим, 1994 — *Скопим А.* Миграционные процессы в Казахстане: прошлое, настоящее, будущее // Миграционные процессы после распада СССР: сб. ст. / Рос. акад. наук, Ин-т проблем занятости, Лаб. миграции населения РЭНД; рук. программы: Д. Р. Азраэл, Ж. Зайончковская. М., 1994. С. 167–177.
- Статистический сборник, 2024 — *Статистический сборник* по отдельным показателям всесоюзных переписей населения 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 гг. [электронный ресурс] // Агентства по стратегическому планированию и реформам РК Бюро национальной статистики, 2024. stat.gov.kz/getImage?id=ESTAT094615 (дата обращения: 30.10.2024).
- Такижбаева, 1999 — *Такижбаева Н.* Изменение социальной и национальной структуры сельского населения Казахстана, 1946–1992 гг. автореф. дис. ... д-ра ист. наук. Алма-Ата, 1999. 58с.
- Тапаева, 2010 — *Тапаева Б.* Половозрастной состав населения Казахстана: региональные различия // ҚМПИ Жаршысы. 2010. № 2. С. 58–61.
- Тарасова, 2004 — *Тарасова Е.В.* Миграционный обмен с Россией как фактор формирования этнического состава населения Казахстана: XVIII – начало XXI века. дис. ... канд. ист. наук. М., 2004. 135 л.
- Уалиева, 1995 — *Уалиева С.К.* Структура городской и сельской семьи Казахстана: этнодемографический аспект // Сборник научных трудов преподавателей и сотрудников Высшего Российско-Казахстанского свободного колледжа / Высш. Рос. Казахст. свобод. колледж. Алматы, 1995. С. 3–13.
- Шамшудинова, 2014 — *Шамшудинова Г.Т.* Материалы переписи населения как источник изучения демографической истории Казахстана: на примере Павлодарской области. Павлодар: Кереку, 2014. 155 с.

References

- Alekseenko, 2009 — *Alekseenko N.V., Alekseenko A.N.* Slavyanskoye naseleniye Kazakhstana XVIII–XX vv.: istoriko-demograficheskoye issledovaniye [Slavic population of Kazakhstan of the XVIII–XX centuries: historical and demographic research]. Ust-Kamenogorsk: Media Alliance, 2009. 131 p. (In Russ.).
- Vsesoyuznaya perepis' naseleniya, 1959 — *Vsesoyuznaya perepis' naseleniya* 1959 goda. Gorodskoye i sel'skoye naseleniye respublik SSSR po polu i natsional'nosti. SSSR [All-Union population census of 1959. Urban and rural population of the republics of the USSR by gender and nationality. USSR] // Demoscope Weekly, 1959. URL: http://demoscope.ru/weekly/ssp/ussr_nac_59.php (accessed: 30.10.2024). (In Russ.).
- Vsesoyuznaya perepis' naseleniya, 1989 — *Vsesoyuznaya perepis' naseleniya* 1989 goda. Gorodskoye i sel'skoye naseleniye oblastey respublik SSSR (krome RSFSR) po polu i natsional'nosti [All-Union population census of 1989. Urban and rural population of the regions of the republics of the USSR (except for the RSFSR) by gender and nationality] // Demoscope Weekly, 1989. URL: http://demoscope.ru/weekly/ssp/resp_nac_89.php (accessed 30.10.2024). (In Russ.).
- Andreev, et. al, 1993 — *Andreev E.M., Darsky LE, Kharkiv T.Kh.* Naseleniye Sovetskogo Soyuza. 1922–1993 [Population of the Soviet Union. 1922–1993]. M.: Russian Academy of Sciences., 1993. 140 p. (In Russ.).
- Asylbekov, 1991 — *Asylbekov M.Kh.* O sotsial'noy, politicheskoy i etnicheskoy strukture Kazakhstana [On the social, political and ethnic structure of Kazakhstan] // Izv. Acad. sciences Kaz. SSR. Ser. societies. science.1991. No. 3. Pp. 43–47. (In Russ.).
- Asylbekov, Galiev, 1991 — *Asylbekov M.Kh., Galiev A.B.* Sotsial'no-demograficheskiye protsessy v Kazakhstane, 1917–1980 gg. [Sociodemographic processes in Kazakhstan, 1917–1980]. Alma-Ata: Kylym, 1991. 192 p. (In Russ.).
- Asylbekov, 2000 — *Asylbekov M.Kh., Kozina V.V.* Kazakhi: demograficheskiye tendentsii 80–90-godov [Kazakhs: demographic trends of the 80–90s]. Almaty: Orkeniet, 2000. 102 p. (In Russ.).
- Bazanova, 1987 — *Bazanova F.N.* Formirovaniye i razvitiye struktury naseleniya Kazakhskoy SSR: natsional'nyy aspekt [Formation and development of the population structure of the Kazakh SSR: national aspect]. Alma-Ata: Kazakhstan, 1987. 152 p. (In Russ.).
- Perepisi naseleniya Rossiyskoy Imperii, 2024 — *Perepisi naseleniya Rossiyskoy Imperii, SSSR, 15 novykh nezavisimyykh gosudarstv* [Censuses of the population of the Russian Empire, the USSR, 15 new independent states] // Demoscope Weekly, 2024. URL: http://demoscope.ru/weekly/ssp/census_types.php?ct=6 (circulation date: 30.10.2024). (In Russ.).
- Kakenova, 2002 — *Kakenova A.A.* Sotsial'no-demograficheskiye protsessy v Severnom Kazakhstane v 1926–1959 gg. [Socio-demographic processes in Northern Kazakhstan in 1926–1959]. author. dis.... cand. east. sciences. Almaty, 2002. 25 p. (In Russ.).
- Kozina, 1994 — *Kozina V.V.* Sotsial'no-demograficheskiye protsessy v Kazakhstane v mezhperepisnoy 1979–1989 gg. [Socio-demographic processes in Kazakhstan in the census 1979–1989] // period: author. dis.... Candidate of Historical Sciences. Almaty, 1994. 27 p. (In Russ.).
- Sarsembayeva, 2010 — *Sarsembayeva G.A.* Izmeneniya v etnicheskoy i sotsial'noy strukture naseleniya Kazakhstana v usloviyakh suvereniteta, 1991–2009 gg. [Changes in the ethnic and social structure of the population of Kazakhstan under the conditions of sovereignty, 1991–2009] // dis.... Candidate of Historical Sciences. Almaty, 2010. 162 pp. (In Russ.).
- Shamshudinova, 2014 — *Shamshudinova G.T.* Materialy perepisi naseleniya kak istochnik izucheniya demograficheskoy istorii Kazakhstana: na primere Pavlodarskoy oblasti [Census materials as a source of studying the demographic history of Kazakhstan: on the example of Pavlodar region]. Pavlodar: Kereku, 2014. 155 p. (In Russ.).
- Skopim, 1994 — *Skopim A.* Migratsionnyye protsessy v Kazakhstane: proshloye, nastoyashcheye, budushcheye [Migration processes in Kazakhstan: past, present – future] // Migration processes after the collapse of the USSR: Sat. Art./Ros. acad. sciences, Institute of employment problems, Lab. RAND population migration; hands. programs: D.R. Azrael, J. Zayonchkovskaya. M., 1994. Pp. 167–177. (In Russ.).
- Statisticheskyy sbornik, 2024 — *Statisticheskyy sbornik* po otdel'nym pokazatelyam vsesoyuznykh perepisey naseleniya 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 gg. [Statistical collection on individual indicators of all-Union censuses 1939, 1959, 1970, 1979, 1989] // Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan Bureau of National Statistics, 2024. <https://stat.gov.kz/> (date of reference: 30.10.2024). (In Russ.).
- Takizhbaeva, 1999 — *Takizhbaeva N.* Izmeneniye sotsial'noy i natsional'noy struktury sel'skogo naseleniya Kazakhstana, 1946–1992 gg. [Change in the social and national structure of the rural population of Kazakhstan, 1946–1992]. Author. dis.... Dr. ist. Sciences. Alma-Ata, 1999. 58 p. (In Russ.).
- Tapaeva, 2010 — *Tapaeva B.* Polovozrastnoy sostav naseleniya Kazakhstana: regional'nyye razlichiya [Age and sex composition of the population of Kazakhstan: regional differences] // MPI Zharshysy, 2010. No. 2. Pp. 58–61. (In Russ.).
- Tarasova, 2004 — *Tarasova E.V.* Migratsionnyy obmen s Rossiyei kak faktor formirovaniya etnicheskogo sostava naseleniya Kazakhstana: XVIII – nachalo XXI veka [Migration exchange with Russia as a factor in the formation of the ethnic composition of the population of Kazakhstan: XVIII – beginning of the XXI century] // dis.... Candidate of Historical Sciences. M., 2004. 135 p. (In Russ.).

Ualieva, 1995 — *Ualieva S.K.* Struktura gorodskoy i sel'skoy sem'i Kazakhstana: etnodemograficheskiy aspekt [Structure of the urban and rural family of Kazakhstan: ethnodemographic aspect] // Collection of scientific works of teachers and employees of the Higher Russian–Kazakhstan Free College / Higher. Ros. Kazakhst. freedoms. college. Almaty, 1995. Pp. 3–13. (In Russ.).

Yesimova, 2005 — *Yesimova Zh.K.* Vliyaniye migratsionnykh potokov na etnicheskuyu kartinu naseleniya severnykh oblastey Kazakhstana v period osvoyeniya tseliny [The influence of migration flows on the ethnic picture of the population of the northern regions of Kazakhstan during the development of virgin lands] // Vestn. Kaz. nat. University, 2005. No. 12. Pp. 39–45.

Zhumasultanov, 2000 — *Zhumasultanov T.Zh.* Naseleniye Kazakhstana s drevneyshikh vremen do nashikh dney: ucheb. posobiye [The population of Kazakhstan from ancient times to the present day: study. Manual]. Almaty, 2000. 152 p. (In Russ.).

Zhumasultanov, 2013 — *Zhumasultanov T.J.* Celine – 60 [Tseline – 60]. Almaty: Kazkhstatinform, 2013. 76 p. (In Russ.).

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan
 Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 12. Is. 1, pp. 125-142, 2025
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>


FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_1_125-142

FTAMP / МПНТИ / IRSTI 03.20

KYZYLORDA REGIONAL “KNOWLEDGE” SOCIETY: PROMOTING SCIENCE AND POLITICAL-ATHEISTIC EDUCATION ACTIVITIES (1948–1964)

Talgat Zholdassuly¹, Zhansaya Oidanova²

¹Korkyt Ata Kyzylorda university
 (29A, Aiteke Bi Str., 120000 Kyzylorda, Republic of Kazakhstan)
 Doctor of philosophy (PhD), acting Associate Professor
 <https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. E-mail: zholdassuly2018@gmail.com

²Korkyt Ata Kyzylorda university
 (29A, Aiteke Bi Str., 120000 Kyzylorda, Republic of Kazakhstan)
 Master's student of the “History and Archaeology” Department
 <https://orcid.org/0009-0008-8979-3583>. E-mail: zhansayaoz01@icloud.com

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025
 © Zholdassuly T., Oidanova Zh., 2025

Abstract. *Introduction.* The article discusses the history of the Kyzylorda regional branch of the “Knowledge” (*Bilim*) Society, a Soviet organization established in the mid-20th century to disseminate political and scientific knowledge. Drawing primarily on archival data, including newly introduced documents, the study examines the organization’s formative period (1948–1965) in the Kyzylorda region. *Research objective and tasks.* It analyzes its structure, efforts to promote science, and activities in atheist propaganda, reflecting the Communist Party’s strategies for educating the population and instilling Soviet ideology. *Results.* The Kyzylorda branch, founded as a volunteer organization, used strict Soviet administrative methods to propagate the Communist Party's charter and program through lectures. It engaged local intelligentsia, scientists, cultural figures, teachers, doctors, and engineers to promote science, education, and technological achievements. The organization also opposed religion and Sufi traditions, providing atheist education. This elevated the prestige of technical professions, inspiring young people to pursue careers in engineering, science, and research. *Conclusion.* Despite improving cultural and scientific awareness, the organization infringed on religious freedoms. Its activities facilitated the dissemination of scientific innovations and discoveries. The study sheds new light on the organization’s establishment, membership, and impact, offering valuable insights into a significant chapter of Kyzylorda's regional history.


Keywords: Soviet Union, “Knowledge” Society, Kazakhstan, Kyzylorda, Propaganda, Atheism, Ishanism


Acknowledgment. The article was prepared within the framework of the scientific project titled AP22787282 “Sufism in Soviet Kazakhstan: on the Example of Yassawism and History of Ishan Tradition” funded by the grant from the Education Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

For citation: Zholdassuly T., Oidanova Zh. Kyzylorda regional “knowledge” society: promoting science and political-atheistic education activities (1948–1964) // Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”. 2025. Vol. 12. No. 1. Pp. 125–142. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_125-142

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ «БІЛІМ» ҚОҒАМЫ ҰЙЫМЫ: ҒЫЛЫМДЫ ДӘРІПТЕУ ЖӘНЕ САЯСИ-АТЕИСТІК ТӘРБИЕ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ (1948–1964 жж.)

Жолдасұлы Талғат¹, Ойданова Жансая Жаңабайқызы²

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
(29А-үй, Әйтеке Би көш., 120000 Қызылорда, Қазақстан Республикасы)
Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а.
 <https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. E-mail: zholdassuly2018@gmail.com

²Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
(29А-үй, Әйтеке Би көш., 120000 Қызылорда, Қазақстан Республикасы)
«Тарих және археология» кафедрасының магистранты
 <https://orcid.org/0009-0008-8979-3583>. E-mail: zhansayaoz01@icloud.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТӘИ, 2025

© Жолдасұлы Т., Ойданова Ж.Ж., 2025

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада Совет Одағында ХХ ғасырдың орта тұсында саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамы атымен құрылған «Білім» қоғамы ұйымының Қызылорда облысы бөлімшесінің тарихы баяндалады. Зерттеу түрлі дерек көздерімен қатар негізінен архив деректері негізінде жазылған және кейбір архив құжаттары тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізілген. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Аталған ұйымның 1948–1965 жылдардағы қалыптасу кезеңін Қызылорда облысы мысалында зерттеу және ұйымның құрылымын, ғылымды дәріптеу және атеистік үгіт-насихат қызметін ашып көрсету. Ұйым тарихы арқылы коммунистік партияның халықты тәрбиелеу немесе советтік дүниетанымды сіңіру саясатын талдау. *Нәтижелер.* Ұйымның Қызылорда облыстық бөлімшесі облыс тұрғындары арасында коммунистік партияның жарғысы мен бағдарламасын лекциялар беру әдісі арқылы насихаттай отырып, бүкіл халықты советтік рухта тәрбиелеуге талпынды. Еріктілер ұйымы болып құрылған ұйым, өз үгіт-насихат ісін қатаң советтік әміршіл-әкімшіл тәсілдер арқылы жүргізді. Ұйымның жұмысына Қызылорда қаласы интеллигенциясы, ғалымдар, мәдениет қайраткерлері, мұғалімдер, дәрігерлер, инженерлер тартылды. Ағартушылықпен айналыса отырып, дінге және сопылық дәстүрлерге қарсы күресті және азаматтарға атеистік тәрбие берді. Нәтижесінде қоғамда инженер, ғалым немесе зерттеуші болу үлкен бедел саналды және жастар техникалық салаларға ұмтылды. *Қорытынды.* Халықтың мәдениеті көтерілгенімен, халықтың дінге сену құқығы бұзылып отырды. Ұйымның ғылыми білімді қалың жұртшылық арасында кеңінен насихаттай алуы өнертабыстар мен ғылыми жаңалықтардың халыққа жетуіне де ықпал етті. Сонымен қатар мақалада Қызылорда өңірі тарихының бір бөлігін құрайтын бұл ұйымның қалыптасуы, қызметі, мүшелік құрамы, салалары және басқа да мәселелер туралы тың мағлұматтар арқылы беріледі.


Түйін сөздер: Совет одағы, «Білім» қоғамы, Қазақстан, Қызылорда, пропаганда, атеизм, ишанизм


Алғыс. Мақала ҚР ҒжЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен AP22787282 «Советтік Қазақстанда сопылық: Яссауилік және ишандық дәстүр тарихы мысалында» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында дайындалды.

Дәйексөз үшін: Жолдасұлы Т., Ойданова Ж.Ж. Қызылорда облыстық «білім» қоғамы ұйымы: ғылымды дәріптеу және саяси-атеистік тәрбие беру қызметі (1948–1964 жж.) // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2025. Т. 12. № 1. 125–142 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_125-142

КЫЗЫЛОРДИНСКОЕ ОБЛАСТНОЕ ОБЩЕСТВО «ЗНАНИЕ»: ПРОПАГАНДА НАУКИ И ПОЛИТИКО-АТЕИСТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ (1948–1964)

Жолдасұлы Талгат¹, Ойданова Жансая Жанабайқызы²

¹Қызылординский университет имени Коркыт-Ата
(д. 29А, ул. Айтеке Би, 120000 Кызылорда, Республика Казахстан)
Доктор философии (PhD), и.о. доцента
 <https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. E-mail: zholdassuly2018@gmail.com

²Қызылординский университет имени Коркыт-Ата
(д. 29А, ул. Айтеке Би, 120000 Кызылорда, Республика Казахстан)
Магистрант кафедры «История и археология»
 <https://orcid.org/0009-0008-8979-3583>. E-mail: zhansayaoz01@icloud.com

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025
© Жолдасұлы Т., Ойданова Ж.Ж., 2025

Аннотация. *Введение.* В статье рассматривается история Кызылординского областного отделения общества «Знание», созданного в середине XX века для распространения политических и научных знаний. Исследование основано на архивных данных, включая документы, впервые вводимые в научный оборот. *Цель и задачи исследования.* Цель исследования — изучить период формирования организации (1948–1965) в Кызылординской области, её структуру, деятельность по популяризации науки и атеистической пропаганде, а также анализировать политику коммунистической партии по воспитанию и внедрению советского мировоззрения. *Результаты.* Кызылординское отделение «Знания» активно популяризировало советскую идеологию, распространяя устав и программу коммунистической партии через лекции. Используя строгие административные методы, организация вовлекала местных интеллигентов, учёных, культурных деятелей, учителей, врачей и инженеров. Она также боролась с религией и суфийскими традициями, проводя атеистическое воспитание. Это повысило престиж профессий инженеров и учёных среди молодёжи, побуждая её выбирать технические специальности. *Заключение.* Хотя культурный уровень населения повысился, право на религиозную веру было нарушено. Деятельность организации способствовала распространению научных знаний и открытий среди населения. Статья представляет новые данные о создании и деятельности организации, её членском составе и влиянии на историю Кызылординского региона.

Ключевые слова: Советский Союз, общество «Знание», Казахстан, Кызылорда, пропаганда, атеизм, ишанизм

Благодарность. Статья подготовлена в рамках научного проекта AP22787282 «Суфизм в Советском Казахстане: на примере истории традиций Ясавия и ишанизма», финансируемого грантом Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

Для цитирования: Жолдасұлы Т., Ойданова Ж.Ж. Кызылординское областное общество «знание»: пропаганда науки и политико-атеистическое воспитание (1948–1964) // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2025. Т. 12. № 1. С. 125–142. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_125-142

Кіріспе

Советтік идеологияның немесе коммунистік партияның үгіт-насихат жұмысының тарихы маңызды зерттеу саласының бірі. Себебі большевизм идеологиясы мен оның атеизм саясаты советтік адам (*homo sovieticus*) жасап шығаруға ұмтылды. Советтік билік үшін өз идеологиясына қайшы келетін кез келген түсінік немесе дәстүр оған жау болып саналды. Ортақ құндылықтары бар, ортақ әдеттері мен мәдениеті бар советтік қоғамды құру үшін барлық салада үгіт-насихат ұйымдары жұмыс жасады. Соның бірі басында Саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамы деп аталған «Білім» қоғамы ұйымы еді. Советтік мемлекет марксизм-ленинизм түсінігін кең көлемде насихаттауға және коммунистік партияның шешімдерін қолдау үшін саяси және ғылыми білімдерді таратуға және атеистік насихатқа мұқтаж еді. Бұл үдеріске «Білім» қоғамымен бірге әртүрлі ұйымдар мен мекемелер тартылды. Осы мақсатта большевиктер соғыстан кейін одақ құрамындағы барлық республикаларда саяси-ағартушылық қызмет атқаратын, советтік мемлекеттің ғылыми-техникалық жетістіктерін насихаттайтын ұйым құруды көздеді. Осылайша бұрынғы Жауынгер Құдайсыздар одағы ұйымының орнына 1947 жылы Коммунистік партия Орталық комитеті тарапынан Саяси және ғылыми білімді тарату қоғамы атты ұйым құру туралы шешім шығарылып, сол жылы шілде айында бұл ұйым мүшелерінің алғашқы отырысы өтті. Ұйымның негізгі міндеті одақтас республикаларда коммунистік партия саясатын насихаттау және оның жүзеге асырылуына ықпал ету болды. Ұйым мүшелері совет тұрғындары арасында саяси және ғылыми білімді тарату қызметімен қатар, дінге қарсы үгіт-насихат жұмысымен де айналысты. Сол мақсатта аталған ұйым дәрістер жүргізіп қана қоймай, тиісті атеистік әдебиеттер де шығарды.

Бұл зерттеуде осы аталған ұйымның Қазақстандағы, оның ішінде Қызылорда облысындағы бөлімшесінің тарихына тоқталатын боламыз. Бұл үгіт-насихат ұйымының Қызылорда облыстық бөлімінің тарихы арнайы зерттелмеген, дәл осы аспект оның өзектілігін айқындайды. Советтік адам жасап шығару үшін және халықты коммунистік идеология шеңберінде «тәрбиелеу» мақсатында құрылған бұл үгіт-насихат ұйымның тарихы Советтік Қазақстан халқының мәдени өмірін тереңірек түсіну үшін арнайы зерттеуді талап етеді. Сонымен қатар, аталған ұйымның Қызылорда облысындағы бөлімінің құрылуы мен қызметі туралы мәліметтердің жетіспеуі, ұйым тарихы жөнінде архив құжаттарының ғылыми айналымға енбеуі зерттеу жұмысының қажеттілігін көрсетеді. Сондықтан да Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Совет Одағында ұйымдастырылған «Білім» қоғамының Қызылорда аймағындағы 1948–1965 жылдардағы жұмысын зерттеу советтік Қазақстан тарихын басқа қырынан тануға мүмкіндік береді. Осыған байланысты аталған жылдардағы «Білім» қоғамының Қызылорда облысындағы үгіт-насихат қызметі мен саяси-ағарту жұмысын ашып көрсету; осы ұйымның жұмысы арқылы советтік биліктің көздеген мақсатын анықтау; архив деректері арқылы аталған ұйымның Қызылорда облысы халқы арасындағы ықпалы мен дінге қарсы жұмысын талдау зерттеу жұмысының негізгі мәселесі мен мақсат-міндеттеріне кіреді.

Материалдар мен әдістер

Саяси және ғылыми білімдерді тарату ұйымы атауымен құрылған «Білім» қоғамының Қызылорда өңірі мысалындағы тарихы негізінен архив құжаттары арқылы беріледі. Атап айтқанда, тақырыптың деректік негізін Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (ҚР ОМА) 1810-қоры (*1947–1963 жылдары Қазақ ССР-і бойынша саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамы, 1963 жылдан «Білім» қоғамы*) мен Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалының (ҚОҚСТМА) Р-1562-қорының (*Қызылорда облыстық «Білім» қоғамы ұйымы*) құжаттары (жарғылар, есептер, хаттамалар, бұйрықтар және басқа да ресми құжаттар) құрайды. Қолданылған түпдеректер (*primary sources*) ішінде Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалының аталған ұйым тарихына қатысты кейбір құжаттары алғаш рет ғылыми айналымға еніп отыр. Сонымен қатар, советтік кезеңде аталған

ұйымның баспасынан жарияланған еңбектер мен советтік, Ресейлік және Қазақстандық авторлардың зерттеулері де қосымша дереккөз (secondary sources) ретінде қолданылды. Зерттеу бағыты – негізінен осы түпдеректер арқылы бұл ұйымның құрылу мақсатын; сол кезеңдегі Қызылорда аймағында ғылымды дәріптеудегі оның рөлін; коммунистік партияның идеологиясын насихаттау ісін; дінге қарсы үгіт-насихат қызметін; ғылыми және саяси білімдердің халық арасына таратуын ашып көрсету. Жалпы «Білім» қоғамы өз жұмысында ғылыми жаңалықтарды советтік идеологиямен байланыстырды және ғылымды идеологиялық құрал ретінде пайдаланды. Сонымен қатар саяси идеология мен атеизм жергілікті халықтың саяси-діни көзқарастарының өзгеруіне әсер етті. Бұл тұжырымдама ғылым мен саясат арасындағы байланысты, атеизмнің қоғамға ықпалы мен советтік идеологияның көпшіліктің өмір сүру жағдайына әсерін Қызылорда облысы мысалында зерттеуге бағытталады.

Мемлекеттік архив құжаттарын қолдану кезінде үкіметтің ішкі саясатымен байланысты ол деректердің мемлекеттің идеологиясымен айналысқан һәм советтік қоғам құру жолында халыққа саяси және атеистік тәрбие берумен, ғылымды дәріптеумен айналысқан ұйымға қатысты мемлекеттік-партиялық құжаттар екендігі естен шығарылмады. Осыған орай бұл зерттеуде негізінен құжаттық талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы аталған ұйымның жұмысын бейнелейтін құжаттар талданып, Қызылорда облыстық «Білім» қоғамы ұйымының мақсаты мен қызметі, сондай-ақ қоғамның аймақтағы мәдени-саяси жағдайға әсері сарапталды. Одан бөлек жұмыстың әдіснамалық негізін тарих ғылымындағы тарихилық әдіс, контент-талдау әдісі, салыстырмалы әдіс, әлеуметтік-саяси анализ әдісі, және квантитативтік әдістер де құрайды. Сонымен қатар, жалпыдан жекеге қарай ой қорытындысы (дедукция) және жүйелі талдау әдістері де қолданылды. Хронологиялық, объективтілік принцип арқылы советтік идеология тарихындағы «Білім» қоғамының алар орны жүйелі және бейтарап түрде көрсетілді.

Талқылау

Қолданысымыздағы ғылыми зерттеулерді советтік, Ресейлік және Қазақстандық деп үшке бөліп қарастыруға болады. Мысалы, советтік авторлардан Н.Н. Мурашов және В.А. Мезенцевтің еңбектерінде сол кезеңдегі «Білім» қоғамы ұйымының советтік Ресей аймағындағы ғылымды дәріптеу жұмысы мен бұл ұйымның мүшелеріне партия тарапынан беріліп отырған тапсырмалар мен нұсқаулықтар жөнінде қарастырылса (Мурашов, 1969; Мезенцев, 1972), Н.С. Афонин мен Ф.Л. Бурдаков болса Саранск аймағындағы аталған ұйымның лекциялық үгіт-насихат қызметінің теориялық және практикалық қызметіне және халық универсиеттерінің еңбекшілер арасындағы жұмысын жан-жақты қарастырған (Афонин, Бурдаков, 1976). Сонымен қатар Бүкілодақтық «Білім» қоғамы ұйымының тарихына арналған зерттеуші А.И. Чинённыйдың еңбегінде аталған ұйымның баспа ісі туралы, сонымен қатар ұйым бөлімшелері мен қызметкерлерінің мемлекет тарапынан марапатталып отырғандығы жөнінде қызықты мәліметтер келтіріледі (А.И. Чинённый, 1988). Бірақ советтік идеологияның ықпалымен жазылған бұл аталған еңбектердің барлығында да ғылыми объективтілік тұрғысынан кемшіліктер бар екені сөзсіз. Оған қоса бұл еңбектерде бұл ұйымның Қазақстандағы жұмысы қарастырылмаған деуге болады. Ал, советтік авторлардан В.П. Неруштың зерттеуінде Қазақ ССР-і Саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамының құрылуы мен оның алғашқы басшылары жөнінде құнды мәліметтер берілгенін де айта кету қажет (Неруш, 1978). Совет Одағы тарағаннан кейін Ресейде аталған ұйымның тарихына қатысты сапалы зерттеулер жасалғанын айта аламыз. Мысалы, А.С. Халимованың мақаласында, Бүкілодақтық Саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамының жарғыларының тарихына жан-жақты талдау жасалса (Халимова, 2018), А.В. Селезнев есімді автордың зерттеуінде ұйым тарихын кезеңдерге бөлу мәселесі салыстырмалы және функционалдық тұрғыда талданған (Селезнев, 2018). Ал, Д.А. Пинаеваның мақаласынан «Білім» қоғамы ұйымының партия тарапынан басқарылып, бақыланып және керек кезінде қатаң түрде сыналып отырғандығын көруге болады (Пинаева, 2015). Бірақ байқалғанындай бұл зерттеулерде де «Білім» қоғамы ұйымның Қазақстандағы бөлімінің тарихы қарастырылмаған.

«Білім» қоғамының Қазақстандағы қызметімен байланысты тарихшы А.Т. Еспенбетованың кандидаттық диссертациясының алар орны ерекше. Бұл зерттеуде коммунистік партияның халықты шындықтан жаңылыстыру мақсатында үгіт-насихат әдістері арқылы өзіне құлшына қызмет етуге ықыласты топ құруға ұмтылған әрекеті өз жемісін бергендігі баяндалады. Қоғам қызметінің ғылыми-практикалық өмірдің сан-саласын қамтып, кезекті идеологиялық науқандарға сай ғылымның әр саласынан лекциялық насихат өрістетіліп отырғаны айтылады. Ғылымның қандай саласынан лекция оқылса да олар социализм идеяларымен, партия қызметімен, совет қоғамының артықшылықтарымен байланыстырылмай оқылмағандығы туралы құнды тұжырымдар бар. Партияның қатаң талабы бойынша аталған ұйымның лекторлары советтік кезеңдегі қазақ халқының өміріндегі түбегейлі өзгерістер туралы, Екінші дүниежүзілік соғыс уақытындағы Қазақстандықтардың майдандағы ерлік істері мен соғыстан кейінгі кезеңдегі еңбек саласындағы ерліктері жөнінде большевиктік принциптер мен партия рухына сай көркемдік дәрежесі жоғары лекциялар дайындауға тиіс болғандығы атап өтіледі (Еспенбетова, 2000: 64). Бірақ аталған зерттеуде «Білім» қоғамы ұйымының Қызылорда аумағындағы атқарған істері туралы мәліметтер келтірілгенімен, Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің құжаттары қолданылмаған. Сондықтан да, Қызылорда облыстық «Білім» қоғамы ұйымы тарихы, құрылуы және оның атқарған қызметі мен аталған ұйымның Сыр өңірі тарихында алар орны туралы арнайы ғылыми зерттеулердің жоқ екендігін айта аламыз. Бұл мақала аталған ұйым тарихына қатысты осы олқылықтың орнын толтырады дей аламыз және зерттеудің ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы да осында.

Нәтижелер

1947 жылы мамырда бір топ совет ғалымы мен өнер қайраткері саяси және ғылыми білімдер тарататын қоғам құруға шақырған үндеу жариялады. Үндеу қолдау тауып, 1947 жылы мамыр айында Мәскеуде Бүкілодақтық Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы құрылып, оның төрағалығына академик С.И. Вавилов сайланды (Еспенбетова, 2000: 12–13). Ал, сол жылдың шілде айында ССРО-да ғалымдар, қоғамдық-саяси қызметкерлер, мәдениет және өнер майталмандары тобының бастамасымен Бүкілодақтық Саяси және ғылыми білімдер тарататын қоғам ресми түрде өз жұмысын бастады. Сол уақытта Қазақстанда да 5000 мүшесі бар республикалық Саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамы ұйымы ұйымдастырылды. Бастапқы кезде Қазақстанда республика бойынша ол ұйымның 11 облыстық бөлімі ашылды. Оның ішіне Қызылорда бөлімі де бар еді. Құрылған уақытында Қызылорда облыстық Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы құрамында барлығы 733 мүше болды. Олардың 332-сі шынайы мүше (действительные члены), 384-і жарысушы мүше (члены-соревнователи) және 27-сі ұжым мүшелері (члены-коллективы) еді. Қызылорда облысы бойынша 8 аудандық бөлімнің 49 бастауыш ұйымы ұйымдастырылып, 49 лекторий құрылды және оның 23-і ауылдық жерлерде болды. Қоғам мүшелері өнеркәсіп, транспорт, құрылыс және ауыл шаруашылығы еңбекшілері арасында, әсіресе далалық жерлер мен мал фермаларында көпшілік алдында түрлі тақырыптарда лекция оқып, баяндама жасады (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 294-іс. 36-п.).

1947 жылы қыркүйекте Қазақ ССР Саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамын құру жөніндегі бастамашыл топ мүшелері Ұйымдастыру комитетін сайлады. Оның құрамына республиканың көрнекті ғалымдары: академиктер Қ.И. Сәтбаев, А. Тілеубердин, И.Т. Галузо, корреспондент-мүше А.И. Полосухин кірді (Неруш, 1978: 4). Ұйымның негізгі мақсаты марксизм-ленинизм ұстанымдарын насихаттау және халық арасында идеология жұмыстарын жүргізу болды. Ұйым бұқара халыққа саяси жүйе, партиялық саясат, тарих пен күнделікті оқиғаларды ресми түрде түсіндірумен, ақпараттандырумен, ғылыми зерттеулерді мемлекеттің басымдықтарына сәйкес ілгерілету және ғылыми білімдерді социалистік мемлекеттің игілігі үшін пайдалану істерімен айналысты. Ұйымның осы мақсаттағы іс-шаралары оқу орындарында коммунистік идеология мен партияға адал болуға баса назар аударатын оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асты. Үгіт-насихат жұмыстарында газеттер, радиолар және

теледидар қолданылды. Жалпы советтік жүйеде бұқаралық ақпарат құралдары саяси хабарламалар арқылы қоғамдық пікір қалыптастыру үшін пайдаланылғаны белгілі. Ғылыми ұйымдардың жұмысы да мемлекеттің экономикалық, әскери және технологиялық мақсаттарын қолдайтын зерттеулер жүргізуге бағытталды. Мәдени ұйымдар социалистік құндылықтарды бейнелейтін және совет мемлекетінің жетістіктерін дәріптейтін өнерді, әдебиетті және музыканы насихаттады. Бұл іс-шаралар коммунистік партияның мақсаттарына сәйкес халықтың сенімдері мен мінез-құлықтарын қалыптастыруға және дінге қарсы ақпарат пен білімді таратуға бағытталды.

Сәл кері шегініс жасар болсақ, Совет Одағында үгіт-насихат ұйымы тек Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана қалыптаспады. Мысалы, аталған ұйым құрылғанға дейін 1920 жылдардан бастап дінге қарсы үгіт-насихат жүргізу үшін Құдайсыздар Одағы атты ұйым қызмет етті. Кейін Жауынгер Құдайсыздар Одағы ұйымы деп аталған бұл ұйымның Қазақстанда 1926–1927 жылдары өз бөлімшелері мен үйірмелері пайда болды (Жолдасұлы, Байжанова, 2022: 58). Ол ұйым Совет Одағындағы халықтардың атеистік дүниетанымын қалыптастыру мақсатында белсенді қызмет етті. 1947 жылы сәуір айында Жауынгер Құдайсыздар Одағы ұйымын тарату және ол ұйымның Орталық Кенесінің барлық материалдық құралдарын жаңадан құрылатын Бүкілодақтық Саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамы ұйымына беру туралы қаулы қабылданды (Президенты общества «Знание», 2008: 32), яғни жаңадан құрылатын бұл ұйым сол дінге қарсы үгіт-насихат ұйымының мұрагері еді. Жаңадан жасақталған ұйымда тіпті Жауынгер Құдайсыздар одағы ұйымының бұрынғы қызметкерлері қызмет етіп, дінге қарсы жұмыс жүргізді. Сол салада дәрістер оқып, әдістемелік материалдар дайындады. Атеистік тақырыптарда кітаптар мен брошюралар жазды. Соның бірі Жауынгер Құдайсыздар Одағы орталық аппаратының қызметкері И.Н. Узков еді. 1941 жылға дейін Құдайсыздар одағы құрамындағы «Безбожник» журналының бас редактор орынбасары қызметін атқарған М.М. Шейнман да жаңадан құрылған Саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамының тұрақты оқытушысына айналды (Сердюк, 2012: 230). Ұйым қызметінің басты назары тек дінге қарсы насихат емес, коммунистік қоғам құрылысының практикалық міндеттерін орындауға еңбекші халықтың күші мен қайрат-жігерін жұмылдыруға, коммунистік партиясының бағдарламасы мен жарғысын кеңінен насихаттап, терең меңгертуге бағытталды. Большевиктер осы әрекеттер арқылы діни түсініктер өздігінен жойылады деп сенді.

1948 жылдың наурызында Қазақстанның Саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамының Қызылорда облыстық бөлімі толық құрылып бітті (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 4-іс. 15-п.). Сол жылдың 5 қазанында Алматы қаласында Қазақ ССР-і Саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамы басқармасының отырысы болып өтті. Басқарма президиумының төрағасы академик Қ.И. Сәтбаев болса, жауапты хатшысы Т. Жангелдин еді. Мұнда талқыланған мәселелердің бірі Қызылорда облысындағы бөлімшеге шынайы және жарысушы мүшелерді қабылдау болды (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 1-іс. 6-п.). Бұл өңірлік ұйым жұмысын бастаудың алғышарты әрі бастамасы еді. 1948 жылы 25 желтоқсанда Қ.И. Сәтбаев төрағалық еткен Қазақ ССР-і Саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамы басқармасы Президиумының отырысы өтіп, ондағы негізгі мәселе аталған ұйымға шынайы мүшелерді қабылдау болды. (ҚР ОМА. 1810-қ. 2-т (қосымша). 15-іс. 1-п.). Жиында Қызылорда облысы бойынша ұсынылған түрлі саладағы 20 адамды шынайы мүшелікке қабылдауға шешім шығарылды (ҚР ОМА. 1810-қ. 2-т (қосымша). 15-іс. 2-п.).

1949 жылы 15 қаңтарда Алматы қаласында республикалық Саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамы басқармасының отырысы өтіп, ол жиында Бүкілодақтық қоғам президиумының Саяси және ғылыми білімдерді тарату жөніндегі Қазақстандық қоғамының жұмысы туралы қаулысын орындау жөніндегі іс-шаралар сөз болды. Онымен қоса, 1949 ж. I ширегінде колхоздық лекториялар ашу жоспарын бекіту, қоғамдық-саяси ғылымдар секциясын бөлу, «Аралсульфат» комбинаты ұжымының өтініштері және ұйымдастыру ісі мәселелері тыңдалды (ҚР ОМА. 1810-қ. 2-т (қосымша). 15-іс. 7-п.). Сонымен қатар аталған жиында ұйымның Қызылорда облысы бойынша өкілі ұсынған тұлғаларды, атап айтқанда

Қызылорда облыстық ЛИТО басшысы Н. Сарсембекованы, Қазрадиокомитеттің Қызылорда облысы бойынша өкілі Н. Оспановты, Тереңөзек аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бас ветеринар дәрігері Қ. Нұрмағамбетовты және Калинин атындағы орта мектеп мұғалімі Қ. Бердалиевті жарысушы мүшелікке қабылдау туралы шешім шыққан (ҚР ОМА. 1810-қ. 2-т (қосымша). 15-іс. 15–18-пп.). Сол жылы қоғамдық-саяси ғылымдарды насихаттау көлемінің өсуіне байланысты қоғамдық-саяси білімдерді насихаттау секциясы ірілендіріліп, төмендегі секциялар құрылған: 1. Тарих, философия секциясы. Оның қызметіне педагогика, халықаралық саясат мәселелерін насихаттау кірген (жетекшісі А.А. Цыхтина), 2. Экономика ғылымы секциясы. Оған қосымша мемлекет және құқық пәндері кірді (С.Б. Бәйішев), 3. Тіл және әдебиет секциясы (С. Аманжолов). Республикалық ұйым Бүкілодақтық қоғамның қабылдаған жарғысы негізінде жұмыс істеді (Еспенбетова, 2000: 30).

Ұйымның құрылу кезеңінде оның жұмысында кемшіліктер көп болып, партия тарапынан сыналып отырғанын байқауға болады. 1949 жылдың 12 шілдесінде Мәскеу қаласында Бүкілодақтық Саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамы басқармасының пленум қаулысында ұйым мүшелерінің саяси және ғылыми білімді таратудағы белсенділігі мен шеберлігінің төмен екендігі сөз болған. Бөлімшелер орталықта да, жергілікті жерлерде де секция жұмысына басшылық ете алмағандығы, нәтижесінде секциялардың нашар жұмыс істегені баяндалған. Ұйым атынан оқылатын дәрістердің сапасының әрдайым тиісті идеялық саяси деңгейде бола алмағаны және кейбір дәрістерде идеологиялық қателіктер жіберілгені айтылған. Бүкілодақтық және республикалық ұйымдар және облыстық бөлімшелер басқармасының президиумы дәрістің сапасы мен идеялық мазмұнын бақылауды нашар жүргізгені сөз болған. Осыған орай, пленум қорытындысында қоғам мүшелері ғылым мен техниканың неғұрлым өзекті мәселелерін түсіндіруге, отандық ғылыми-техникалық ой жетістіктерінің тарихы бойынша дәріс оқуды ұйымдастыруға, ай сайын жаңа дәрістер жоспарын құруға, ұйым жұмысының маңызды мәселелерін талқылау үшін тұрақты жиналыс жасауға және жүйелі нұсқау жүргізуге міндеттелген (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 6-іс. 33–36-пп.). Насихатты кеңінен жүргізу мақсатында аудандардағы орта мектептерде, колхоз-совхоздарда, механикалық зауыттарда және басқа да мекемелерде лекторлық топтар құрылған.

Деректерден ұйымның өз жиындарында керісінше оның жетістіктері сөз болып отырғанын да байқай аламыз. Мысалы, 1949 жылдың 27 қыркүйегінде ұйымның Қызылорда бөлімшесінің жалпы жиынында ұйым басқармасының жағдайы және оны жақсарту шаралары сөз болған. А. Жалғасбаевтың баяндамасына орай, екі жарым жылда бөлімше еңбекшілер арасында нәтижелі жұмыстар атқарғаны айтылған. Бұл дерек бойынша, партиялық, советтік, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының көмегімен, қолдауымен қоғамға мүше облыстың алдыңғы қатарлы интеллигенциясы барлық жерде ашық дәрістер өткізген. 1949 жылдың 1 қыркүйегіндегі есеп бойынша, 307 адамды қамтыған 426 лекция оқылып, 29 лекторий құрылған және қалалық-аудандық өкілдіктері ұйымдастырылған. Сонымен қатар, ұйым саяси және ғылыми білімдерді тарату ісінде өз алдына қойған тапсырманы халықтың кең топтары арасында жоғары деңгейде орындауды жүзеге асыра алмағаны да айтылған (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 2-іс. 1-п.). Ұйымда 75 шынайы және 50 жарысушы мүше болған. Әсіресе, қоғам жұмысына жарысушы мүше ретінде ауыл интеллигенциясы саналған мұғалімдер, агрономдар, дәрігерлер аз тартылған. Оған қоса, ұйымдастыру базасына бөлінген бөлменің тарлығы да ірі кемшілікке жатқызылған (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 2-іс. 2-п.). Ұйымдастыру бюросы мен секция жетекшілері өз тақырыптарында сталиндік сыйлыққа ие болған агробиология, ауылшаруашылық ғылымдарын, әдебиет және өнер туындыларының жұмысын кеңінен насихаттауға жеткілікті көңіл бөлмегені білдірілген. Осы орайда ұйымның Қызылордалық бөлімшесі басқармасының жалпы жиналысы жоғарыда аталған олқылықтарды жоюға, дәрістердің сапасы мен идеялық мазмұнын жоғарылатуға, марксистік-лениндік теорияны кеңінен насихаттауға, отан тарихы, марксистік-лениндік философия, экономика, жаратылыстану, мичуриндік оқу дәрістерінің санын арттыруға қаулы еткен. Сонымен қатар ай сайын лекция жоспарын ұйымдастыруға, кәсіпорындарда, колхоздарда, машина-трактор станцияларында және совхоздарда өз дәрістерін арттыруға, 1949 жылдың 1 қарашасына дейін

мүшелерді ұйымға қабылдау жұмысына, мүшелік жарнасын енгізуге және атқарылған жұмыстарға анализ жасауға шешім шығарған (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 2-іс. 3–5-пп.). Осыған орай ұйымның Қызылорда облыстық бөлімі басқармасы президиумының төрағасы Б. Ермекбаев болса, жауапты хатшысы А. Жалғасбаев болып тағайындалған (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 3-іс. 7-п.). 1949 және 1950 жылдың бірінші жартысында ұйымның шынайы және жарысушы мүшелері саяси және ғылыми тақырыптарда 2463 дәріс оқыған (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 2-іс. 7-п.).

Ұйым есебінде 1950 жылы оқылған дәрістер белгіленген жоспардан 191,4 пайызға артық орындалғаны да айтылып отырған. Яғни, 1950 жылы Қызылорда облысында 850 лекция өткізу жоспарланып, 1627 лекция оқылған. 1950 жылы лекциялардың басым бөлігі ауылдық жерлерде оқылған және бір лекцияның құны 40 рубльді құраған. Облыс орталығында көпшілікке дәріс оқу жоспарының толық орындалмауы ұйымның облыстық бөлімшесінің өз ғимараты болмағандығымен түсіндірілген. Ұйым әрдайым ғимаратты жалға алуына тура келген. Ал, ауылдық жерлерде дәріс оқу жоспарының асыра орындалуы заңдылық еді, өйткені Қызылорда облысының экономикасы негізінен ауыл шаруашылық саласына негізделген болатын. Сондықтан ұйым тарапынан ауылдық жерлерде саяси және ғылыми білімдерді насихаттау қажеттілігі жоғары еді (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 4-іс. 15-п.). Сол жылы 1143 ақысыз дәріс оқылса (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 4-іс. 16-п.), оның ішінде наурыз айында 6540 адамды қамтыған 210 дәріс оқылған. Ол лекциялар мемлекет және құқық (1325 тыңдаушы), ауылшаруашылығы (1100), халықаралық қатынас (750), биология (750), философия (730), тарих (560), педагогика (400), экономика (335), әдебиет (310) және физика-математика (280) салалары бойынша оқылған (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 4-іс. 131-п.).

1953 жылы 1 маусымдағы мәлімет бойынша, ұйымның облыстық бөлімін 305 шынайы мүше, 163 жарысушы мүше және 20 әріптес мүше құраған (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 5-іс. 14-п.). Қызылорда қаласында 116, аудандардан Аралдық бөлімде 56, Қазалыда 24, Қармақшыда 33, Жалағашта 43, Тереңөзекте 39, Сырдарияда 32, Шиеліде 45 және Жаңақорғанда 43 мүше болған. Демек қала тұрғындары саны көп болғаны үшін аудандардан ілгері тұрса, одан кейін саны жағынан Арал, Шиелі аудандық бөлімдері ілескен. Жалпы ұйым мүшелерінің 14-нің ғылыми дәрежесі мен атағы, 183 адамның жоғары білімі болса, 213-і партия мүшесі мен кандидаты, 57-сі БЛКЖО (Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы) мүшесі болған. 163 жарысушы мүшенің 52-нің жоғары білімі, 31-нің орта, 19-ның төменгі білімі бар еді. Ал, ұлттық құрамына келер болсақ 353 қазақ, 44 орыс, 9 украин, 24 кәріс және басқа да этнос өкілдері болған. Барлығы 252 шынайы және 100 жарысушы мүшеге мүшелік билеті берілген. Ұйым құжаттарында ұйым мүшелерінің білікті екендігі, саяси және ғылыми білімдерді облыс тұрғындары арасында сәтті насихаттауға қабілетті екендігі жазылған. Аталған жылдың басынан маусымға дейін аудан бөлімшелерінің жұмысын жақсартуға және оқылатын дәрістердің сапасын арттыруға бағытталған облыстық Президиумның 7 отырысы болып өткен (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 5-іс. 15–16-пп.).

Пікір алмасуларда ұйымның көптеген мүшелері формальды түрде тізімге енгізілгені, соған сай лекциялар мен баяндамалар оқылмағаны және ұйымның басқа жұмыс түрлеріне қатыспағаны да айтылған. Аудандық бөлімшелер өз мүшелеріне тапсырма бермеген және оларды бақылауда ұстамаған. Жиындарда ұйымның облыстық бөлімінің осындай адам төзгісіз фактілерге шыдап отырғаны сөз болған. Ұйымның облыстық бөлім басқармасының белсенділігі төмен болғандықтан көптеген аудандық бөлімдер аймақта облыстық бөлімнің бар екенін сезінбегені, мойындамағаны және сол себептен облыстық бөлім жұмысына жауапсыздықпен қарағаны айтылған. Әскери ғылым, халықаралық қатынас тақырыптарында, адамдардың санасындағы «ескіліктің сарқыншақтарын» жеңу үшін ғылыми-атеистік, жаратылыстану тақырыптарында лекциялардың аз оқылғаны (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 5-іс. 3–4-пп.), лекторларға гонорардың лайықты төленбегені (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 5-іс. 5-п.), көрнекі құралдардың қолданылмағаны, аудандық басқару органдарында лектор кадрды таңдау, лекторды жеке бекіту және оларға методикалық көмек беру жұмысының жасалмағаны келтірілген (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 5-іс. 9-п.). Осылайша мемлекет бұл ұйымның жұмысын

бақылауда ұстап, қызметін жақсарту мақсатында оның жұмысына талдау жасап, сынып отырған. 1953 жылы ұйымның облыстық бөлім басқармасы мүшелері дәріс беруде өз жоспарын 100 пайызға жеткізе алмаған, әсіресе дәрігерлер, заңгерлер және ауылшаруашылығы мамандары. Жалағаш, Тереңөзек, Сырдария және басқа да аудандарда ауылшаруашылығы мамандары өте аз дәріс берген. Облыстық бөлімнің 20 әріптес мүшесінің ішінде Аралсульфат кәсіпорны, Жосалы механикалық зауыты, балық тоңазыту комбинаты мен облыстық кәсіподақ мамандары болған. Облыстық бөлімнің әріптес мүшелермен негізгі жұмысы ақысыз дәрістер оқу еді. Осыған орай Аралсульфат балық тоңазыту комбинатында, Жосалы механикалық зауытында, Қазалы ауданы «Қызылту» колхозында әр түрлі тақырыптарда 6-7 дәріс оқылған (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 5-іс. 28-п.). Ұйым СОКП-ның XIX съезінің материалдары мен Сталиннің «ССРО-дағы социализмнің экономикалық мәселелері» атты еңбектері бойынша дәрістердің идеологиялық және теориялық мазмұнына ерекше назар аударып отырып, саяси және ғылыми білімдерді дәріс арқылы насихаттауды қамтамасыз етуді жоспарлаған (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 5-іс. 10-п.).

Советтік кезеңде Бүкілодақтық Саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамының (кейін «Білім» қоғамы) 1947, 1955, 1964, 1968, 1973 және 1984 жылдары бірнеше жарғысы қабылданған. (Халимова, 2018: 191). Ұйымның 1947 жылғы жарғысында Бүкілодақтық Саяси және ғылыми білімді тарату жөніндегі қоғамы «ерікті қоғамдық саяси-ағартушылық ұйым» екендігі айтылған (Селезнев, 2018: 6). Бірақ байқалғанындай аты еріктілер ұйымы болғанымен, жұмысы партия тарапынан бақыланып, жиі сыналып отырған. Мысалы, ұйымның бірінші жарғысын бекіту туралы пікірталаста академик М.Б. Митин «ұйым большевиктер партиясының саяси-идеялық және тәрбие жұмысының үлкен тәжірибесін үлгі етуі керек» деген (Пинаева, 2015: 115). Сонымен қатар, 1947 жылғы жарғысына өзгеріс енгізілгені үшін, 1955 жылғы жарғысын ұйымның алғашқы жарғысы деп аталған. Онда ұйымның республикалық мүшелерінің жалпы жиналыстары (съездері), республикалық қоғамның басқармасы мен президиумы – республикалық ұйымдарының басқару органдары болып саналатындығы айқындалған. Басқарма пленумының функциялары кеңейе түскен. Яғни оның жаңа функциялары пайда болып, таратылатын білімнің жекелеген салалары бойынша үгіт-насихаттың міндеттерін анықтау қызметі берілген. Президиумға жаңа функциялар қосылып, оған секцияның ұсынысы бойынша лекция тақырыптарының үлгісін бекіту, лекциялық насихаттың әдістері мен ұйымдастыру мәселелері бойынша қоғам мүшелерінің, лекторлардың жиналыстары мен семинарларын шақыру, баспа жоспарын бекіту міндеті жүктелген (Халимова, 2018: 192). Ұйым құжаттарында жоғары оқу орны мен мектеп жастарының дәрістің сапасына (мазмұны мен формасына) өте талапшыл екендігі, шын мәнінде мазмұнды дәріс пен оның жақсы иллюстрациялық сүйемелденуі ғана аудиторияның тақырыпқа деген қызығушылығын оята алады делінген (Мурашов, 1969: 16).

Қазақ ССР Саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамы басқармасы президиумының 1955 жылдың 18 қарашасындағы отырысына ұйымдардың сол жылдың алғашқы үш маусымындағы лекция беру жұмысы күн тәртібіне енген. Аталған жылдың үш маусымында республика бойынша 45 мың дәріс оқылған және бұл бекітілген жылдық лекция жоспарының 79,1 %-ын құраған (жоспар бойынша 57 мың болуы керек болған). Қызылорда бөлімшесінің ақылы дәріс беру жоспарын орындамағаны, ал ақысыз лекция оқуды 70,0 процентке ғана орындағаны баяндалған (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 15-іс. 156-п.). Ұйымның Қызылорда бөлімшесі 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясының 50 жылдығына орай дәрістер оқып, «Гитлерлік Германияны жеңудің он бесінші жылы мерейтойы» сипатындағы атаулы күндерде іс-шара өткізуді жоспарлаған. Соның бірі Арал ауданында 1956 жылдың қаңтарынан 1958 жылдың сәуір аралығында Қазан социалистік революциясының 40 жылдығын атап өтуге дайындық кезінде, ССРО Жоғарғы Кеңесінің IX мерейтойлық сессиясы мен СОКП-ның желтоқсан және ақпан пленумдарының материалдарын түсіндіру бойынша және сайлауда, сайлауға дайындық кезеңінде ұйымның қоғамдық-саяси секциялары үлкен белсенділік көрсеткен (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 24-іс. 13-п.). 1961 жылы ұйымның облыстық бөлімшесі облыстық кинопрокатпен бірлесе отырып Қазақ ССР Компартиясының

40 жылдығы туралы кинофестиваль және облыстық денсаулық басқармасымен бірігіп санитарлық-ағартушылық фильмдер айлығын да өткізген. Қалалық комитетпен бірге комсомол-жастар кинолекторийін ұйымдастырған. Онда «XX ғасыр – коммунизмнің салтанат құру ғасыры», «Өмірде әрқашан ерліктерге орын бар», «Арыңды жастайыңнан таза ұста», «Әрқашан қырағы бол», «Облысымыздың өткені, қазіргі күні және болашағы» секілді тақырыптарда лекциялар болған. Сонымен қатар дәстүрлі құрылысшылар күні мерекесіне дайындық жүргізген (ҚОҚСТМА. Р-1562-к. 1-т. 43-іс. 342-п.).

Құрылғанына он жылға жуықтаса да бұл ұйымның партияның сындарынан айтарлықтай нәтиже шығара алмағанын байқауға болады. Мысалы, ұйымның Тереңөзек аудандық бөлімінде медициналық, экономикалық, жаратылыстану және ғылыми-атеистік тақырыптарда, тұрмыс мәдениеті мәселелері бойынша дәрістер өте аз оқылған. Басқарма дәріс оқығаны үшін дебиторлық берешекті жоюмен айналысуды мүлдем тоқтатқан. 1958 жылғы мүшелік жарналар ұйым мүшелерінің тек үштен бір бөлігіне ғана төленген (ҚОҚСТМА. Р-1562-к. 1-т. 32-іс. 67-п.).

1957 жылы 1 қаңтардағы есепке сәйкес, ұйымда облыс бойынша 748 адам болса, оның 54-і ғана (7,2 %) әйелдер болған. Партия мүшесі және мүшелікке кандидат саны 558, БЛКЖО мүшесі 116 деп көрсетілген. Бағыты және дәрежесі бойынша ЖОО оқытушылары саны 50, орта арнаулы білім мұғалімдері 15, мектеп ұстаздары 278, инженер және техниктер 17 болса (ҚОҚСТМА. Р-1562-к. 1-т. 17-іс. 3-п.), дәрігерлер 27, ауылшаруашылығы мамандары 106, заңгер 1, әдебиетшілер 10, әскерилер 16, партия қызметкерлері 101, кеңес жұмысшылары 36, кәсіподақ жұмысшылары 16, комсомол жұмысшылары 25, өндіріс, транспорт, құрылыс директорлары 3, МТС қызметкерлері 3, совхоз директорлары, колхоз басшылары 5, совхоз-колхоз жұмысшылары 4 және басқа бағыттарда 23 адам болған (ҚОҚСТМА. Р-1562-к. 1-т. 17-іс. 4-п.). Ұйым мүшелері СОКП тарихы, ССРО және жалпы тарих, философия, логика, психология, экономика, мемлекет және құқық, халықаралық қатынас, әдебиет, өнер, педагогика, ғылыми-атеизм, ауылшаруашылығы және ондағы үздіктер, новаторлар тәжірибесі, биология, медицина, геология және география, астрономия, физика және математика, химия, ғылыми-техника, өндіріс және транспорттағы үздіктер, әскер сала, дене тәрбиесі және спорт салалары мен тақырыптарында лекциялар оқыған (ҚОҚСТМА. Р-1562-к. 1-т. 17-іс. 5-п.).

Тарих саласындағы мәселелер бойынша Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің арнайы қаулысы жарияланғаннан кейін бұл ұйым (1963 жылдан бастап Бүкілодақтық «Білім» қоғамы деп аталды) Қазақстан тарихы, әдебиеті, өнері секілді салаларды пайдаланып, партия саясатында «ұлтшылдық-буржуазиялық бұрмалау көріністеріне соққы беру» науқанын жүргізген. Оқылатын лекцияларда халықтар достығы, шынайы патриотизм, совет халықтарының моральдық-саяси бірлігі секілді мәселелер ерекше маңызға ие болған. Облыстық, қалалық, аудандық «Білім» қоғамы бөлімшелеріне көмек тұрғысында тарих ғылымдарының кандидаты Т.Ж. Шойынбаевтың «Против националистических извращения в освещении реакционного, феодально-монархического движения Кенесары Касымова», «Прогрессивное значение присоединение Казахстана к России», А.А. Пыхтин мен Ш. Юсуповтың «За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана» деген тақырыптарда жазған лекциялары ротапринт арқылы көбейтіліп, жан-жақтағы «Білім» қоғамы бөлімшелеріне жіберілген (Берлібаев және басқалар, 2014: 181-182). Бұл жерден аталған ұйымның тарихшылардың еңбегін идеологиялық мақсатта пайдаланып, халықтың тарихи түсінігі мен санасын қалыптастыруға барынша талпынғанын да көруге болады.

1957 жылдың 12 наурызында Қызылорда облыстық саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамының басқарма президиумы отырысы өткен. Басқарма төрағасы А. Алтынбеков, СОКП Орталық комитетінің елде дәріс арқылы насихат жүргізуді жақсарту мақсатында дәрістік насихат жүргізу функцияларын ССРО Мәдениет министрлігінен алып Бүкілодақтық Саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамына бергенін хабарлаған (ҚОҚСТМА. Р-1562-к. 1-т. 28-іс. 14-п.). Осыған байланысты бұл ұйымға 1957 жылға арналған дәрістік насихатқа бюджеттен арнайы қаражат бөлінген. Сонымен қатар дәріс өткізуге арналған шарттар

бойынша кәсіпорындар мен мекемелерден де арнайы қаражат бөлініп қызметкерлер санына, штаттық және штаттан тыс қызметкерлеріне жалақы төленген (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 28-іс. 15-п.). 1960 жылдың 8 желтоқсанында Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің «Қазақ ССР Саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамының түрлі топқа біріккен мүшелерінің жағдайын жақсарту туралы қаулысы» қабылданған. Қаулыға сәйкес 1961 жылы Қызылорда облысында қоғам мүшелерінің 152 тобы құрылып, оның 12-сі өнеркәсіп орындарында, 79-ы ауыл шаруашылығында, 41-і мекемелерде, 20-ы жоғарғы оқу орындарында жұмыс істеген. Бұл топтарда «Екі дүние, екі жүйе және екі өмір салты», «Советтік Қазақстан ССРО халықтарының туысқан жанұясы», «Еңбекке құрмет» деген тақырыптарды циклдік лекциялар оқылған. Сонымен қатар Шиелі ауданының «Гигант», Қармақшы ауданының «ІІІ интернационал» және Арал ауданының «Арал» ауылдарында «Біздің облыс Қазақ ССР-нің 40 жылдығында» атты циклдік лекциялар өткізілген (Еспенбетова, 2000: 73-74).

Ұйымның баспа ісі де белсенді жұмыс атқарған. Ұйым жарғысы бойынша қоғам жұмысына табыс әкелу әрі лекторларға көмек беру мақсатында брошюра-стенограммалар шығару ісі де қолға алынған. 1951 жылы Бүкілодақтық Саяси және ғылыми білімдерді тарату жөніндегі қоғамның құрамында «Білім» баспасы құрылған (Чинённый, 1988: 54). Ұйымның баспа ісі бірте-бірте кеңейтілген. Егер V пленумына дейінгі екі жыл ішінде жалпы таралымы 25 миллион дананы құрайтын 600 брошюра-лекция стенограммасы шығарылса, ол пленумнан кейін таралымы 65 миллион данадан асатын 1705 брошюра-лекция стенограммасы басылып шыққан (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 2-іс. 11-п.). Ұйымның бөлімдері 1948 жылдан 1952 жылдың маусымына дейінгі аралықта тарихи тақырыптар бойынша 27 миллион данадан астам таралыммен лекциялардың 520 брошюра-стенограммасын жариялаған (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 2-іс. 20-п.). Ал, 1958 жылдың 15 қазанынан 1959 жылдың сәуіріне дейін ұйымның Қызылордалық бөлімшесі де өз баспа ісін қолға алып, «Коммунистік құрылыстағы еңбекші бұқараның шығармашылық бастамасы мен белсенділігінің маңызы», «Күнделікті өмірдегі исламның сарқыншақтары және оларды жену жолдары», «Коммунистік партияның күші мен жеңілмейтіндігінің қайнар көздері», «Қазақстандағы жұмысшылар мен шаруалар одағын дамыту және нығайту» және «Оқушылар арасында атеистік насихаттың әдістері мен формалары туралы» тақырыптарында брошюралар шығарған (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 32-іс. 99-101, 103-104 пп.). Қызылордада исламға қарсы насихатқа, атеистік жұмысқа көбірек көңіл бөлінгенін байқай аламыз. Осымен қатар өңірде мерзімді басылымдар жұмысы да айтарлықтай жақсы жүрген. Мәселен, облыста «Ленинский путь», «Ленин жолы», «Ленин кичи» газеттері жұмыс жасаған (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 5-іс. 20-п.).

1960 жылдың 11 наурызындағы Қызылорда қаласы зиялыларының жиналысында Бүкілодақтық Саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамының ІІІ-съезінің қорытындысы мен қала зиялыларының міндеттері сөз болған. Академик А.Н. Туполев сөз алып, ұйымның сол кезеңде елде кеңінен танылып, мемлекеттің идеялық және мәдени өмірінің маңызды, ажырамас бөлігіне айналғанын жеткізген. Коммунистік партияның құттықтауында көпшілікке білім беретін ұйым мүшелерінің асыл және риясыз еңбегін жоғары бағалайтыны жазылған және совет халқының саяси және мәдени күресінде, коммунистік құрылыста, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде ұйымның партияға адал қызмет ететініне сенімі жеткізілген (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 37-іс. 5-п.).

1960 жыл жылы ұйымның облыстық бөлімшесінде атеист үйі құрылып өз жұмысын бастаған. Онда түрлі секциялар жұмыс жасаған. Мысалы, Дурлештер қала мен аудандарда «Ғылым қалай діни ғажайыптарды әшкерелейді?» деген секілді тақырыптарда химиялық тәжірибелер көрсете отырып дәріс берген (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 37-іс. 12-п.). Сонымен қатар діни идеологияны «әшкерелеу» үшін 1961 жылы ақпан айында облыстық Мәдениет басқармасы жанынан құрылған жылжымалы атеистік насихат клубы бір жыл ішінде облыс көлемінде 17 сапар ұйымдастырып, Жаңақорған, Шиелі, Сырдария және Теренөзек аудандарының Қызылқұмдағы қысқы жайылымдарына, Қармақшы, Жалағаш және Теренөзек аудандарының Қарақұм аймағына, Теренөзек аудандарының Арысқұм, Сырдария және

Шиелі аудандарының Сарысу аумағына, Шиелі және Жаңақорған аудандарының Қаратау жазғы жайылымдық учаскелеріне барып атеистік дәрістер берген. Сапарға шығатын үгіт-насихат бригадасының құрамына лекторлар, дәрігерлер, өнер адамдары, кинооператор, шаштараз және кітапханашылар кірген. Атеистік насихат клубы дінге қарсы жұмысты «сұрақ-жауап» кештері, лекция оқу және әңгімелесу әдістерімен жүргізген. Ұйым есебінде, «сұрақ-жауап» кештерінің жоғары деңгейде өтіп, өте жақсы нәтиже бергені, тындаушылардың белсенді түрде қатысқаны айтылған (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 43-іс. 264-п.). Ұйымның ғылыми-атеистік секциясында салауатты тұрмыс пен ғылыми-атеистік тақырыптарында лекция мәтіні дайындалып, «Адамдар санасындағы діни сарқыншақтарды жеңу жайлы» тақырып талқыланған және лекциялар циклының тақырыптық жоспары бекітілген. Дінге қарсы насихат жүргізуде діни моральдің табиғатын, «жұмысшы табына қайшы болмысын» ашып, оған жаңа коммунистік моральді қарсы қою шешімі ұсынылған (Крупская, 1957: 41). Ұйымның атеистік насихатына қарсы шыққан мүшелері де болғанын айта кету керек. Мысалы, қоғам ісіне белсенді, жүйелі қатысатын сол кездегі облыстық пединституттың физика-математика факультетінің оқытушысы Понькинге қала тұрғындары арасында атеистік тақырыптарда дәріс оқуды ұсынғанда, ол дінге сенуші адам ретінде халық арасында ол тақырыптарда сөз сөйлеуге шыға алмайтынын ашық мәлімдеген (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 34-іс. 6-п.). Архив деректері бойынша, ұйымның дәрістері облыста 1000 адамға 24-25 дәрістен, ал бір елді мекенге жылына 8,5 немесе айына 1, 2 дәрістен келген (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 39-іс. 83-п.).

1950 жылдардың аяғы мен 1960 жылдардың басындағы дінге қарсы науқан кезінде, орталық және жергілікті баспаларда және мерзімді басылымдарда «сектанттарға» қарсы әдебиеттер мен басылымдар көбейтілген. Хрущевтің бастамасымен «Білім» қоғамы аясында дінге қарсы жаңадан «Наука и религия» журналы жариялана бастаған еді. «Білім» қоғамы ұйымы дін тарихшысы А.И. Клибанов пен Л.И. Климович сияқты танымал советтік дінтанушыларды да пайдаланған. Белгілі ғалымдар, зерттеушілер халықты «исламның реакциялық сипаты» туралы, әсіресе исламдық қасиетті жерлерді зиярат ету туралы ақпараттандыруға бағытталған материалдарды белсенді түрде жариялап отырған (Тасар, 2017: 200). «Безбожник» (1925-1941) секілді дінге қарсы мерзімді басылымдар соғыстан бұрынғы кезеңдерде де жұмыс жасаған еді. Ол басылымның орнына 1959 жылдан бастап «Наука и религия» журналы келді. Дінге қарсы басылымдарда елдің діни өмірі, үкімет пен қоғамның дінге қарсы күрес жұмыстары, дінге қарсы үгіт-насихаттың бағыттары мен әрекеттері туралы ақпараттар беріліп отырған (Никольская, 2003: 13).

Бұл кезеңде партияның исламға, халықтың діни дәстүрлеріне қарсы үгіт-насихат жұмыстарында «Білім» қоғамы ұйымы қатты белсенділік көрсеткен. Коммунистік партияның 1954 жылғы 7 шілдедегі «Ғылыми-атеистік насихаттағы үлкен кемшіліктер және оны жою бойынша қолға алынған шаралар туралы» қаулысында исламдық қасиетті жерлерге, яғни әулие-ишандардың кесенелеріне зиярат етушілердің көбейгені және мұндай діни наным-сенім мен «ырымдар» совет адамдарының сана-сезімін улайтындығы және олардың коммунизм құрылысына белсенді түрде қатысуына кедергі болатыны айтылған (Zholdassuly, Baizhanova 2022: 196). Қазақстанның оңтүстік аймағында көп зиярат етілетін Ахмет Яссауи, Арыстан Баб, Ибрахим Ата, Марал ишан және Айқожа ишан кесенелері сияқты көптеген сопылық қасиетті жерлер бар еді. Сол кесенелердің дінге сенушілер тарапынан зиярат етілуіне қарсы саясат күшейтілген. Исламдық қасиетті жерлерге ғана емес, сол жерлерде жерленген халық тарапынан «әулие», «сопы» деп танылған ишандарға және ишандық дәстүрге де қарсы үгіт-насихат жүргізілген. Коммунистердің сопылыққа, ишанизмге қарсы үгіт-насихаты сонау 1920 жылдардан басталған еді. Ишандар мен дәруіштер «алдамшы», «өтірікші» деп аталып, оларды қаралауға Жауынгер Құдайсыздар Одағы ұйымы ерекше күш салған болатын. Мысалы, Құдайсыздар одағы ұйымы тарапынан шығарылған «Безбожник» журналының 1928 жылдың қазанындағы санына жарияланған «Ишандар мен мүридтер» атты мақалада ишандар «алаяқ» ретінде сипатталған. Ишандар келемежденіп, олардың карикатуралары салынған. Коммунист насихатшылар өз дәрістерінде ишандарды «қанаушы бай табына» жатқызып, оларды

«паразит» деп атаған (Keller, 2001, 162-165, 226). Сол кезеңнен келе жатқан дінбасыларға, ишанизмге, сопылардың кесенелеріне, қасиетті жерлерге және ол жерлердегі шырақшыларға және осындай «исламның сарқыншақтарына» қарсы жан-жақты насихат жұмысы 1950–1960 жылдары да өз жалғасын тапқан (Zholdassuly, 2024: 61–67). Мәселен, «Білім» қоғамы ұйымы жұмысына тартылған атақты ғалым Л.И. Климович өз еңбегінен мұсылман халықтардағы қасиеттілік культі мен Ахмет Яссауи секілді әулиелердің кесенелерін зияраттау дәстүрін исламнан тыс етіп көрсетуге, қаралауға талпынғанын көруге болады (Климович, 1965: 263–276).

1960 жылғы ұйымның облыстық бөлімшесі басқармасының IV-пленумында сөз алған Қазақстан коммунистік партиясы облыстық комитеті дәріс тобының жетекшісі тарихшы М. Кереев бұл ұйымның жұмысын сынаған. Ол өз сөзінде: *Ұйым жұмысында кемшіліктер көп. Дәрістердің сапасы өмір талаптарына сай келмейді. Қазіргі уақытта көптеген лекторлар жаңалығы, өзектілігі жоқ тақырыптарда дәріс оқып жүр. Ауылдардағы топтардың жұмысын жолға қою керек, олардың тек жиыrmасы ғана қалыпты жұмыс істейді, ал қалған елуі жұмыс істемейді. Ауыл топтарына өндіріс үздіктерін көбірек тарту қажет. Дәрістердің сапасын бірінші орынға қоюымыз керек. Дәрістердің сапасын арттыру арқылы ғана біз соңғы уақытта белсенділігі арта бастаған дінбасылардың әрекетіне қарсы сәтті күрес жүргізе аламыз* деген (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 32-іс. 357-п.). Халық университеттеріне арналған оқу жоспары мен бағдарламаларына ислам дінінің пайда болуы және оның әлеуметтік-таптық мәні, исламның негізгі бағыттары, исламдағы мистицизм, суфизм және дервишизм, исламның теңсіздікті, қанаушылық пен ұлт араздығын жақтауы деген секілді көптеген тақырыптар кіргізілген (ҚР ОМА. 1810-қ. 2-т. 698-іс. 38-п.). Көріп отырғанымыздай, ұйым атеистік салада исламға, сопылыққа қарсы насихатқа көп көңіл бөлген.

Дінге қарсы бағыттан бөлек ұйымның облыстық бөлімшесінде қоғамдық-саяси, халықаралық байланыс, ғылыми-жаратылыстану, ауылшаруашылық, техникалық-экономикалық, педагогикалық, әдеби, әскери-дене тәрбиесі салалары секілді 8 бағыт жұмыс істеген (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 43-іс. 328-п.). Ұйымның тігін фабрикасымен, вагон депосымен, аяқ киім және жиһаз фабрикасымен байланысы біршама артып, оларға лекциялар өткізіп отырған. Қала мектептерінде 10 ата-ана лекторийінде «Отбасында балаларға коммунистік тәрбие беру» дәрісі өтіп тұрған. Одан басқа «Совет билігі жылдарында Қызылорда облысындағы халықтық білім берудің дамуы», «Баланың сабақты жақсы оқуына отбасында қалай көмектесуге болады», «Отбасы бала тәрбиесінде ескінің сарқыншақтарын жеңу» тақырыптары да жүргізілген (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 43-іс. 341-п.). Дін және діни дәстүрлер ескінің сарқыншағы саналған.

Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық кеңесі хатшысы өз кезегінде кәсіподақ, мәдениет үйлері, кітапханалар мен клубтар, оқу орындары мен парктер дәрістер жүргізуге қолдау көрсетуі керектігін ұсынған. ССРО мәдениет министрі өз сөзінде мәдениет органдарымен бірге халықтық университеттерді де қолға алу керектігін айтқан (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 34-іс. 7-п.). Халық университеттері пайда болған күннен бастап партияның назарында болған. СОКП Орталық комитетінің 1960 жылдың 16 қазанындағы «Мәдениет университеттерінің жұмысы туралы» қаулысында халық университеттері еңбекшілерге идеялық-эстетикалық тәрбие берудің, олардың өндірістік және қоғамдық белсенділігін арттырудың, саяси және мәдени ой-өрістерін кеңейтудің тиімді нысаны екендігі атап өтілген (Афонин, Бурдаков, 1976: 109). Коммунистік құрылыс бағдарламасын жүзеге асыруда ұйым қызметкерлерін ынталандыру да кем болмаған. Мысалы, ұйымның марапаттауына дәрістік насихатта белсенділік көрсеткені үшін облыстық бөлімшенің басқарма төрағалығынан 20 адам ұсынылған, олардың 10-ы Қызылорда қаласынан болған (Чинённый, 1988: 13). Ұйымда дінге қарсы ғылым мен білім дәріптелген. Ғылымға қатысты атақты ғалымдардың сөздері жиі келтіріліп отырды. Мысалы, С.И. Вавиловтың «Ғылымның өзі – барлық әлеуметтік топтардың қызметімен байланысты. Деректер, бақылаулар, логикалық тұжырымдар арқылы және ғылыми нәтижелерді ұжымдық талқылау, оларды сынау,

салыстыру, жарамсыздарын жою ескіден бері ғылымның негізгі қажетті қасиетін құрады. Орыс тіліндегі «ғылым» сөзінің «білім» сөзінен айырмашылығы оның әлеуметтік табиғатын айқын көрсетеді. Ғылым үйретіледі, білім бір адамнан екінші адамға беріледі. Қазір адамзат кітап, радио, кино, дыбыс жазу сияқты ғылым жаюдың керемет құралдарына ие» деген сөзі басшылыққа алынған (Мезенцев, 1972: 15).

1963 жылы Қазақ ССР Саяси және ғылыми білімдерін тарату жөніндегі қоғамның Қызылорда бөлімшесі басқармасы атауы «Білім» қоғамының Қызылорда облыстық бөлімшесінің басқармасы болып ресми түрде өзгертілген (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 294-іс. 36-п.). 1964 жылы 4 маусымда өткен ұйымның IV-съезіндегі жаңа жарғы бойынша қоғам бөлімдері одан соң қоғам ұйымдары деп аталатын болған. Жарғыда республикалық қоғамның облыстық ұйымдарының басқармалары жанынан халық университеттеріне жетекшілік ету мақсатында арнайы кеңестер құру көрініс тапқан. Ұйым өзін-өзі қаржыландыруға көшуіне байланысты ұйымның мүшелік жарналары да жойылған (ҚР ОМА. 1810-қ. 2-т (қосымша). 15-іс. 38-п.). 1965 жылы облыстағы колхоз-совхоздарда, өндіріс орындарында, мекемелерде, ұйымдар мен оқу орындарында «Білім» қоғамының 278 бастауыш ұйымы құрылған (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 53-іс. 22-п.). Ұйымның Қызылорда облыстық бөлімшесі әр түрлі салада ағартушылық жұмыстарды белсенді жүргізуге ат салысты. Лекторлар «Коммунистік партияның қуаты мен оның жеңілмейтіндігінің қайнар көзі» тақырыбында оқушылар арасындағы атеистік насихат дәрістерінің әдістері мен формаларын дайындаған. Лекторлар біліктілік пен тәжірибе алмасу үшін Алматы, Мәскеу, Баку сияқты қалаларға республикалық, халықаралық семинарларға, ұйымның пленумдарына іс-сапарларға жіберіліп отырған. Облыста 1314 адамды қамтыған мектептен тыс білім беретін 21 халықтық университет жұмыс істеген (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 53-іс. 34-п.).

Одақта халықтық университеттер тәжірибесі бұрыннан бар еді. Мысалы, қала тұрғындары арасында құқықтық білімдерді кеңінен насихаттау мақсатында 1951–1952 оқу жылында Облыстық прокуратурамен бірлескен құқықтық білімдер университеті ұйымдастырылған еді. Университет сабақтары аптасына бір рет, әр сәрсенбі өткізілген (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 43-іс. 80-п.). Ал, 1964 жылдың қыркүйегінде Қызылорда қаласындағы С. Сейфуллин атындағы мектептің ата-ана университеті құрылған. Оған тұрақты түрде 300 тыңдаушы қатысып тұрған. Дәрістерді мектеп мұғалімдерінен, пединститут оқытушыларынан, «Білім» қоғамы мүшелерінен құралған лекторлар жүргізген (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 47-іс. 42-п.). Осылайша 1965 жылы өтілген дәрістер саны 1948 жылмен салыстырғанда 8 есеге, 1954 жылмен салыстырғанда 5 есеге артқан. Дәрістердің 80%-дан астамы ақысыз оқылған. Колхоз және совхоздарға дәріс өткізуге, баяндама оқуға, аудандарға практикалық көмек көрсетуге ұйымның облыстық орталығынан лекторлар жүйелі түрде іс-сапарға шығып тұрған. Тек, «СОКП-ның халықаралық коммунистік қозғалыстардың бірігуі үшін күресі» мәселесі насихаты бойынша аудандарға 30 лектор іссапар жасап, 150 дәріс пен баяндама оқыған. Облыс еңбекшілері арасында облыстық әскери комиссариаттың саяси бөлім басшысы подполковник Н.Н. Маторованың «Соғыс, бейбітшілік пен революция мәселелері» тақырыбында, пединститут оқытушысы Қ. Асқаровтың «Марксизм-ленинизм қағидасында бейбіт коммунистік қозғалыстардың бірлігі үшін!» тақырыбында және облыстық «Ленин жолы» газеті редакторы У. Багаевтің «Қытай басшыларының дүниежүзілік коммунистік қозғалысты жікке бөлуі» секілді тақырыптағы дәрістері үлкен танымалдыққа ие болған (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 52-іс. 92-п.). Байқалғандай, сол кезеңдегі мемлекеттің сыртқы саясаты ұйым дәрістерінде белсенді түрде талқыланып отырған. «Білім» қоғамының облыстық бөлімі, облыстық мәдениет басқармасымен және облыстық кәсіподақ кеңесімен бірлесе отырып сәрсенбі күндері кинофильм көрсету әрі дәріс беру ұйымдастырған. Қызылордадағы Ленин атындағы теміржол клубында, Гагарин кентіндегі клубта, құрылыс клубында және басқаларында ашық дәрістер жиі берілген (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 52-іс. 95-п.).

Ұйымның құрылғаннан бастап 1960 жылдардың ортасына дейін дамып, ілгерілеп отырғанын байқауға болады. Сандық деректерге сүйенер болсақ, 1965 ж. 1 сәуірде облыс көлемінде жоғары және орта білімі бар 13 211 маман болса, соның екі мыңнан астамы немесе барлық маман санының 26 % осы ұйымның мүшесі болған. Оның өзіне партия қанағаттанбай, облыс бойынша қоғам мүшелігіне, ағартушылық қызметке мамандарлы тартудың баяу жүргенін сынаған. Тіпті ұйым лекторларына жаза беріліп отырған. Мысалы, 1964–1965 жылдары «Білім» қоғамының белсенді мүшелері болған Қызылорда қаласының тарих мұғалімі Әбілбаев, облыстық сот төрағасының орынбасары Ботабаев, Жалағаш ауданынан Бекжанов, Шиелі ауданынан Б.С. Ким және бірнеше адам лектор қызметінен босатылған (ҚОҚСТМА. Р-1562-қ. 1-т. 53-іс. 21-п.). Мемлекеттің ұйым жұмысына қатты көңіл бөліп, дамытып, сынап, мүшелерін керек кезде жазалап отырғанын көруге болады.

Қосымша 1: Ұйым тарапынан облыста өткізілген дәрістер туралы кесте
[(Appendix 1: Table of Lectures Conducted in the Region by the Organization)]

Жылы	Оқылған лекция саны
1950	1627
1951	1597
1954	1227
1955	2616
1956	3647
1964	21105

Қосымша 2: Ұйым мүшелерінің саны туралы кесте
[(Appendix 2: Table of the Number of Organization Members)]

Жылы	Ұйым мүшелері саны
1951	724
1953	504
1954	576
1955	617
1956	748
1958	905
1960	1199
1963	1978

Қорытынды

«Білім» қоғамы ұйымының негізгі жұмысы аймақ азаматтарын ғылым мен техниканың жетістіктерінен хабардар етуге, халыққа коммунистік, атеистік дүниетанымды сіңіруге және партияның алға қойған міндеттерін танытуға әрі оған қалың бұқараны жұмылдыруға бағытталды. Осылайша аталған ұйым түрлі үгіт-насихат әдістері арқылы халықты коммунистік тұрғыда қайта тәрбиелеуді өзінің ең негізгі міндеті етіп алды. Советтік жүйе аталған ұйым арқылы түсінігі мен құндылықтары бірдей қоғам құруға күш салды. Ұйымның осы мақсатты жүзеге асырудағы негізгі әдісі түрлі білім, ғылым салалары бойынша барлық салада дәрістер жүргізу болды және сол арқылы халықтың санасына коммунизм идеологиясын сіңірді. Облыс көлемінде жұмыс жасаған халықтық университеттер мен ата-ана лекторийлері де ұйым жұмысының барлық саланы қамтығанының бір дәлелі. Ұйым түрлі кәсіпорындармен келіссөз жүргізе отырып, әріптес мүшелерінің басын біріктіріп дәрістер оқыды. Сонымен қатар, коммунистік партия лекциялық насихат жүргізу қызметін ССРО Мәдениет министрлігінен алып Бүкілодақтық «Білім» қоғамына берді. Осыған орай бұл ұйымға өздерінде дәріс өткізу үшін кәсіпорындар мен мекемелерден келісімшарт бойынша арнайы қаржы аударылып отырды. Оған қоса, штаттық және штаттан тыс қызметкерлердің жалақы қорына ақша аудару ұйымның облыстық бөліміне артылған жауапкершіліктің бірі болды. Ұйымға табыс түсіру үшін әрі лекторларға көмек беру үшін дәрістердің мәтінін брошюра-стенограммалар ретінде басып шығару ісі де қолға алынды. Ұйым халық тұрмысына діннен тыс советтік ғұрыптарды да енгізуге барынша әрекет жасады. Өз қызметінде ұйым мүшелері

үнемі партия тарапынан марапатталып ғана қоймай, атқарған ісіндегі кемшіліктері үшін партия тарапынан үнемі сыналып отырды.

Бүгінгі күні «Білім» қоғамының тәжірибесін бұдан білім беру мен ағартушылық жұмыстарды идеологиялық құрал ретінде емес, адами құндылықтарды, сыни ойлау мен еркін ғылыми көзқарасты дамыту үшін қолдануға болады.

Дереккөздер

ҚОҚСТМА — Қызылорда облысы мемлекеттік архивінің Қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалы
ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві

Sources

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan
BSAKRSH — Branch of the State Archive of Kyzylorda Region for Socio-Political History

Әдебиеттер

Афонин, Бурдаков, 1976 — *Афонин Н.С., Бурдаков Ф.Л.* Лекционная пропаганда: вопросы теории и практики. Саранск: Мордовское книжное издательства, 1976. 128 с.

Берлібаев, т.б. 2014 — *Берлібаев Б.Т., Раджапов А.Ө., Байдильдина С.Х., Жұмағұлов М.Д.* Қазақстан тарихы. Алматы: АУЭС, 2014. 215 б.

Еспенбетова, 2000 — *Еспенбетова А.Т.* Қазақстанның “Білім” қоғамы: қалыптасу тарихы мен қызметі (1947–1990 ж.ж.). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті, 2000. 131 б.

Жолдасұлы, Байжанова, 2022 — *Жолдасұлы Т., Байжанова Г.Н.* Кеңестік Қазақстандағы дінге қарсы үгіт-насихат ұйымының қызметі (1929–1941 ж.ж.). // *Қарағанды университетінің хабаршысы*, 2022. № 1(105). Б. 55–63.

Климович, 1965 — *Климович Л.И.* Ислам. М.: Наука, 1965. 334 с.

Крупская, 1957 — *Крупская Н.К.* О культурно-просветительской работе. М.: Сов. Россия, 1957. 163 с.

Мезенцев, 1972 — *Мезенцев В.А.* Знания- народу. М.: Знание, 1972. 64 с.

Мурашов, 1969 — *Мурашов Н.Н.* Пятидневка и Общества «Знание». М.: Знание, 1969. 32 с.

Неруш, 1978 — *Неруш В.П.* Инициатива, опыт, практика. Алматы: Общество «Знание» Казахской ССР, 1978. 39 с.

Никольская, 2003 — *Никольская Т.К.* Русский протестантизм и государственная власть в 1905–1991 гг. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. СПб.: Российская Академия наук Санкт-Петербургский Институт истории, 2003. 27 с.

Пинаева, 2015 — *Пинаева Д.А.* Партийное руководство научно-просветительской деятельностью в СССР (На примере всесоюзного общества «Знание»). // *Грамота*, 2015. № 11(61). С. 113–119.

Президенты общества «Знание», 2008 — Президенты общества «Знание». // *Наша власть: дела и лица*, 2008. (Спецвыпуск 60 лет обществу «Знание»). С. 32–33.

Селезнев, 2018 — *Селезнев А.В.* Периодизация истории Всесоюзного общества «Знание» на основе сравнительного и функционального анализа эволюции его целевых установок, организационных основ и структуры. // *Человек и культура*, 2018. № 1. С. 1–16.

Сердюк, 2012 — *Сердюк М.Б.* Религиозные организации в советском обществе 1941–1954 гг. (на примере дальнего Востока). Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук. Владивосток: Дальневосточный федеральный университет, 2012. 309 с.

Халимова, 2018 — *Халимова А.С.* Сравнительно-исторический анализ уставов Всесоюзного общества по распространению политических и научных знаний. // *Известия Волгоградского государственного педагогического университета*, 2018. С. 190–194.

Чинённый, 1988 — *Чинённый А.И.* Из истории всесоюзного общества «Знание». М.: Знание, 1988. 59 с.

Keller, 2001 — *Keller Sh.* To Moscow, Not Mecca: The Soviet Campaign Against Islam in Central Asia, 1917–1941. London: Praeger Publishers, 2001. 384 p.

Tasar, 2017 — *Tasar E.* Soviet and Muslim: The Institutionalization of Islam in Central Asia, 1943–1991. New York: Oxford University Press, 2017. 409 p.

Zholdassuly, 2024 — *Zholdassuly T.* Sovyet Kazakistan’ında Tasavvuf: Komünistlerin Yesevilik ve İshanlara Yönelik Faaliyeti. // *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*, Sayı: 109, 2024. Pp. 49–77.

Zholdassuly, Baizhanova, 2022 — *Zholdassuly T., Baizhanova G.N.* Sovyetler’in Kutsal Yerlere Karşı Politikası: Ahmet Yesevi Türbesi Örneği. // *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*, Sayı: 102, Haziran, 2022. Pp. 193–210.

References

- Afonin, Burdakov, 1976 — *Afonin N.S., Burdakov F.L.* Lekcionnaja propaganda: voprosy teorii i praktiki [Lecture propaganda: issues of theory and practice]. Saransk: Mordovskoe knizhnoe izdatel'stva, 1976. 128 p. (In Russ.).
- Berlibaev, Radzhapov, Bajdil'dina, Zhumagulov, 2014 — *Berlibaev B.T., Radzhapov A.Ə., Bajdil'dina S.H., Zhumagulov M.D.* Kazakstan tarihy [History of Kazakhstan]. Almaty: AUES, 2014. 215 p. (In Kaz.).
- Chinjonnyj, 1988 — *Chinjonnyj A.I.* Iz istorii vsesojuznogo obshhestva “Znanie” [From the history of the all-Union society “Education”]. Moskva: Znanie, 1988. 59 s. (In Russ.).
- Espenbetova, 2000 — *Espenbetova A.T.* Kazakstannyn “Bilim” kogamy: kalyptasu tarihy men kyzmeti (1947–1990) [The “Education” Society of Kazakhstan: history of formation and activities (1947–1990)]. Tarih gylymdarynyn kandidaty gylymi darezhesin alu ushin dayndalghan dissertaciya. Astana: L.N. Gumilev atyndagy Eurazija universiteti, 2000. 131 p. (In Kaz.).
- Halimova, 2018 — *Halimova A.S.* Sravnitel'no-istoricheskij analiz ustavov Vsesojuznogo obshhestva po rasprostraneniju politicheskikh i nauchnykh znaniy [Comparative historical analysis of the charters of the All-Union Society for the Dissemination of Political and Scientific Knowledge]. // *Izvestija Volgogradskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta*, 2018, 190–194 s. (In Russ.).
- Keller, 2001 — *Keller Sh.* To Moscow, Not Mecca: The Soviet Campaign Against Islam in Central Asia, 1917–1941. London: Praeger Publishers, 2001. 384 p.
- Klimovich, 1965 — *Klimovich L.I.* Islam [Islam]. Moskva: Nauka, 1965. 334 s. (In Russ.).
- Krupskaya, 1957 — *Krupskaya N.K.* O kul'turno-prosvetitel'skoj rabote [About cultural and educational work]. Moskva: Sov. Rossiia, 1957. 163 p. (In Russ.).
- Mezencev, 1972 — *Mezencev V.A.* Znaniya – narodu [Knowledge is for the people.]. Moskva: Znanie, 1972. 64 p. (In Russ.).
- Murashov, 1969 — *Murashov N.N.* Piatidnevka i Obshhestva “Znanie” [Five-day week and the Knowledge Society]. Moskva: Znanie, 1969. 32 p. (In Russ.).
- Nerush, 1978 — *Nerush V.P.* Iniciativa, opyt, praktika [Initiative, experience, practice]. Almaty: Obshhestvo “Znanie” Kazahskoy SSR, 1978. 39 p. (In Russ.).
- Nikol'skaja, 2003 — *Nikol'skaja T.K.* Russkij protestantizm i gosudarstvennaja vlast' v 1905–1991 gg [Russian Protestantism and State Power in 1905–1991]. Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskikh nauk. Sankt-Peterburg: Rossijskaja Akademija nauk Sankt-Peterburgskij Institut istorij, 2003. 27 p. (In Russ.).
- Pinaeva, 2015 — *Pinaeva D.A.* Partijnoe rukovodstvo nauchno-prosvetitel'skoj dejatel'nost'ju v SSSR (Na primere vsesojuznogo obshhestva “Znanie”) [Party leadership of scientific and educational activities in the USSR (On the example of the All-Union society “Knowledge”)]. // *Gramota*, 2015. No. 11(61). Pp. 113–119. (In Russ.).
- Prezidenty obshhestva “Znanie”, 2008 — Prezidenty obshhestva “Znanie” [Presidents of the Knowledge Society]. // *Nasha vlast': dela i lica*, 2008. (Specvypusk 60 let obshhestvu “Znanie”). Pp. 32–33. (In Russ.).
- Seleznev, 2018 — *Seleznev A.V.* Periodizaciya istorii Vsesojuznogo obshhestva “Znanie” na osnove sravnitel'nogo i funkcional'nogo analiza jevoljucii ego celevykh ustanovok, organizacionnyh osnov i struktury [Periodization of the history of the All-Union society “Knowledge” based on a comparative and functional analysis of the evolution of its goals, organizational foundations and structure]. // *Chelovek i kul'tura*, 2018. No. 1. Pp. 1–16. (In Russ.).
- Serdyuk, 2012 — *Serdyuk M.B.* Religioznye organizacii v sovetskom obshhestve 1941–1954 gg. (na primere dal'nego Vostoka) [Religious organizations in the Soviet society 1941–1954 (on the example of the Far East)]. Dissertaciya na soiskanie uchenoj stepeni doktora istoricheskikh nauk. Vladivostok: Dal'nevostochnyj federal'nyj universitet, 2012. 309 p. (In Russ.).
- Tasar, 2017 — *Tasar E.* Soviet and Muslim: The Institutionalization of Islam in Central Asia, 1943–1991. New York: Oxford University Press, 2017. 409 p.
- Zholdassuly, 2024 — *Zholdassuly T.* Sovyet Kazakistan'ında Tasavvuf: Komünistlerin Yesevilik ve İşanlara Yönelik Faaliyeti [Sufism in Soviet Kazakhstan: Communist Policy with Regard to Yasawism and the Ishans] // *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*, Sayı: 109, 2024. Pp. 49–77. (In Turk.).
- Zholdassuly, Baizhanova, 2022 — *Zholdassuly T., Baizhanova G.N.* Kenestik Kazakstandagy dinge karsy ugıt-nasihät uıymynyn kyzmeti (1929–1941) [The activities of the anti-religious propaganda organization in Soviet Kazakhstan (1929–1941)]. // *Karagandy universitetinin habarshysy*, 2022. No. 1(105). Pp. 55–63. (In Kaz.).
- Zholdassuly, Baizhanova, 2022 — *Zholdassuly T., Baizhanova G.N.* Sovyetler'in Kutsal Yerlere Karşı Politikası: Ahmet Yesevi Türbesi Örneği [Soviet Policy Against Sacred Places: The Example of Ahmad al-Yasawi Tomb]. // *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*, Sayı: 102, 2022. Pp. 193-210. (In Turk.).


ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan
 Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 12. Is. 1, pp. 143-157, 2025
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.91
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_1_143-157

SETTLEMENT COLONIALISM AND THE PALESTINIAN QUESTION: THE POLITICS OF ELIMINATION

*Gabit B. Zhumatay*¹, *Akmaral S. Yskak*²

¹Narxoz University
 (55, Zhandosov Str., 050035 Almaty, Republic of Kazakhstan)
 Assistant Professor of School of Law and Public Policy, Candidate of Historical Sciences
 <https://orcid.org/0000-0003-0468-8538>. E-mail: gabit.zhumatay@narxoz.kz

²Narxoz University
 (55, Zhandosov Str., 050035 Almaty, Republic of Kazakhstan)
 Associate Professor of School of Arts and Social Sciences, Doctor of Historical Sciences
 <https://orcid.org/0000-0003-3998-584X>. E-mail: sakmaral7@gmail.com

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025
 © Zhumatay G.B., Yskak A., 2025

Abstract. *Introduction.* This article explores the historical and ideological roots of the founding of the modern state of Israel and the forced displacement of the Palestinian people. The study also examines how these foundational racial, theological and ethnocentric concepts have shaped Israel’s colonial policies and strategies towards the indigenous peoples of historic Palestine since 1948. Exploring the historical roots of racial Zionist ideologies and discourses allows us to better understand Israeli settler colonialism and the plight of the Palestinian people. *Aims and Objectives of the Study* The main objective of the study is to examine how racial ideologies and discourses have shaped current Israeli settler colonialism and its efforts to oppress indigenous peoples and reshape historic Palestine. Through an analysis of historical sources and relevant literature, the study seeks to establish connections and continuities between early Israeli racial discourses and current Israeli colonial oppressive policies towards the indigenous peoples of Palestine. *Results.* The results of the study show that early Israeli ideologies and discourses have shaped Israel’s ongoing policies and approaches to forced displacement, dispossession, extermination, and racial discrimination against the indigenous population of Palestine. *Conclusions.* The study concludes that key Israeli hegemonic discourses justify and legitimize claims to Palestine, shaping and directing Israel’s colonial policies and strategies towards the Palestinian population.

Keywords: Palestine, Israel, racial oppression, settler colonialism

For citation: Zhumatay G.B., Yskak A.S. Settlement Colonialism and the Palestinian Question: The Politics of Elimination // Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”. 2025. Vol. 12. No. 1. Pp. 143–157. (In Eng.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_143-157

ҚОНЫС АУДАРУ КОЛОНИАЛИЗМІ ЖӘНЕ ПАЛЕСТИН МӘСЕЛЕСІ: ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ШЕТТЕТУ САЯСАТЫ

Габит Бекенұлы Жұматай¹, Ақмарал Сыдығалықызы Ысқақ²

¹Нархоз Университеті

(55-үй, Жандосов көш., 050035 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің ассистент профессоры, т.ғ.к.

 <https://orcid.org/0000-0003-0468-8538>. E-mail: gabit.zhumatay@narhoz.kz

²Нархоз Университеті

(55-үй, Жандосов көш., 050035 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Гуманитарлық мектептің қауымдастырылған профессоры, т.ғ.д.

 <https://orcid.org/0000-0003-3998-584X>. E-mail: sakmaral7@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Жұматай Ғ.Б., Ысқақ А.С., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Бұл мақалада қазіргі Израиль мемлекетінің құрылу тарихы мен идеологиялық негіздері және палестин халқының күштеп қоныс аударылуы зерттеледі. Сонымен қатар зерттеу сионизмнің негізгі нәсілдік, теологиялық және этноцентристік концепциялары Израильдің 1948 жылдан бері тарихи Палестинаның байырғы халықна қатысты отаршылдық нәсілшілдік саясаты мен стратегияларын қалай қалыптастырып, ықпал еткенін қарастырады. Нәсілшіл сионистік идеологиялар мен дискурстардың тарихи тамырларын зерттеу бізге Израильдің қоныс аудару колониализмін және палестин халқының ауыр жағдайын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. *Зерттеудің негізгі мақсаты* – нәсілшіл сионистік идеологиялар мен дискурстардың қазіргі Израиль қоныс аудару колониализмін және байырғы халықтарды басып-жаншу мен тарихи Палестинаны қайта пішіндеу әрекеттерін қалай қалыптастырғанын зерттеу. Тақырып бойынша тарихи дереккөздер мен әдебиеттерді талдай отырып, зерттеу ерте кезеңдегі израильдік нәсілшіл дискурстар мен қазіргі Израильдің отаршыл репрессивті саясаты арасындағы байланысты және сабақтастықты анықтауға ұмтылады. *Зерттеудің нәтижелері.* Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ерте израильдік идеологиялар мен дискурстар Израильдің байырғы палестин халқына қатысты жүргізіп отырған күштеп көшіру, меншік құқығынан айыру, жою және нәсілдік кемсітушілік саясаты мен әдістерінің қалыптасуына негіз болған. *Қорытынды.* Зерттеу Израильдің негізгі гегемонистік дискурстары Палестинаға деген талаптарды ақтап, заңдастырып, палестин халқына қатысты отаршыл саясат пен стратегияларды қалыптастырып, бағыттап отырғанын көрсетеді.

Түйін сөздер: Палестина, сионизм, Израиль, нәсілдік езгі, қоныс аудару колониализмі

Дәйексөз үшін: Жұматай Ғ.Б., Ысқақ А.С. Қоныс аудару колониализмі және палестин мәселесі: құрылымдық шеттеу саясаты // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2025. Т. 12. № 1. 143–157 бб. (Ағылш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_143-157

ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКИЙ КОЛОНИАЛИЗМ ПАЛЕСТИНСКИХ ВОПРОС: ПОЛИТИКА ЭЛИМИНАЦИИ

Габит Бекенулы Жуматай¹, Акмарал Сыдыгалыкызы Ыскак²

¹Университет Нархоз

(д. 55, ул. Жандосова, 050035 Алматы, Республика Казахстан)

Ассистент профессор Школы права и государственного управления, к.и.н.

 <https://orcid.org/0000-0003-0468-8538>. E-mail: gabit.zhumatay@narhoz.kz

²Университет Нархоз

(д. 55, ул. Жандосова, 050035 Алматы, Республика Казахстан)

Ассоциированный профессор Гуманитарной школы, д.и.н.

 <https://orcid.org/0000-0003-3998-584X>. E-mail: sakmaral7@gmail.com

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Жуматай Г.Б., Ыскак А.С., 2025

Аннотация. *Введение.* В этой статье исследуются исторические и идеологические корни основания современного государства Израиль и насильственного переселения палестинского народа. В исследовании также рассматривается, как эти основополагающие расовые, теологические и этноцентрические концепции сформировали колониальную политику и стратегию Израиля по отношению к коренным народам исторической Палестины с 1948 года. Исследование исторических корней расовых сионистских идеологий и дискурсов позволяет нам лучше понять израильский переселенческий колониализм и бедственное положение палестинского народа. Цели и задачи исследования. *Основная цель исследования* — изучить, как расовые сионистские идеологии и дискурсы сформировали нынешний израильский поселенческий колониализм и его усилия по угнетению коренных народов и переформатированию исторической Палестины. Путем анализа исторических источников и литературы по теме исследование стремится установить связи и преемственность между ранними израильскими расовыми дискурсами и нынешней израильской колониальной репрессивной политикой по отношению к коренным народам Палестины. *Полученные результаты.* Результаты исследования показывают, что ранние израильские идеологии и дискурсы сформировали продолжающуюся политику и подходы Израиля к насильственным переселениям, лишению собственности, истреблению и расовой дискриминации по отношению к коренному населению Палестины. *Выводы.* В исследовании делается вывод о том, что ключевые гегемонистские дискурсы Израиля оправдывают и легитимируют претензии на Палестину, формируя и направляя колониальную политику и стратегии Израиля по отношению к палестинскому населению.

Ключевые слова: Палестина, сионизм, Израиль, расовое угнетение, переселенческий колониализм

Для цитирования: Жуматай Г.Б., Ыскак А.С. Переселенческий колониализм палестинских вопрос: политика элиминации // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2025. Т. 12. № 1. С. 143–157. (На Англ.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_143-157

Introduction

Drawing upon historical sources, the relevant literature and studies on settler colonialism, this study explores Zionist settler colonialism in Palestine and the historical roots of exclusion, erasure and elimination of the Palestinian people. Gaining deeper and fresh insights into the historical and ideological roots of Zionism and its efforts to exclude and erase the indigenous Palestinian people is highly relevant in the light of ongoing Israeli genocide of Palestinians in the occupied Palestinian territories, especially in Gaza. Therefore, it is pertinent to examine the historical and ideological roots of Zionism and its hostility towards the native people of historic Palestine. Investigating the roots of Zionism and its rationale for the removal of the natives of Palestine allows us to understand the continuity of Israel's colonial racial oppressive practices and policies vis-à-vis Palestinians. Zionism was born on European soil. Under the strong influence of European theories and concepts of nationalism, Ashkenazi Jewish intellectuals came up with an idea of establishing a homeland for European Jewry who lacked their own country. These Jewish intellectuals in Europe were prominent figures in different fields and even though they encountered religious and racial persecution in Europe, they came to increasingly identify themselves with Europe. The roots of the exclusivist character of Zionism, Zionists and later the state of Israel lied in their strong sense of affiliation with Europe and the West as general. Zionism was and is a European phenomenon and ideology of Jewish nationalism and Zionists believed that they were representing Europe in the East and building a European society in Palestine (Herzl, 1989: 13).

- Magid, 2024a — *Magid J.* Magid J. US slams 'irresponsible' calls by Smotrich and Ben Gvir for emigration of Gazans. January 3, 2024a. URL: <https://www.timesofisrael.com/us-slams-irresponsible-calls-by-smotrich-and-ben-gvir-for-emigration-of-gazans/> (access date: 20.01.2025).
- Magid, 2024b — *Magid J.* 'Joseph strengthened Israel': Herzog hails Biden in last Oval Office visit with US president, 2024. URL: <https://www.timesofisrael.com/strengthened-israel-herzog-hails-biden-in-last-oval-office-visit-with-us-president/> (access date: 30.11.2024).
- Masalha, 1992 — *Masalha N.* Expulsion of the Palestinians. The Concept of Transfer in Zionist Political Thought, 1882–1948. Institute for Palestine Studies, 1992. 241 p.
- Masalha, 2000 — *Masalha N.* Imperial Israel and the Palestinians. The Politics of Expansion. Pluto Press, 2000. 285 p.
- Masalha, 2003 — *Masalha N.* The Politics of Denial. Israel and the Palestinian Refugee Problem. Pluto Press, 2003. 304 p.
- Massad, 2003 — *Massad J.* The Ends of Zionism: Racism and the Palestinian Struggle. *Interventions*, 2003. No. 5(3). Pp. 440–448. URL: <https://doi.org/10.1080/1369801032000113021>
- Morris, 2004 — *Morris B.* The Birth of the Palestinian Refugee Problem Revisited. Cambridge University Press, 2004. 666 p.
- Novak, 2023 — *Novak Y.* The violent lies of Israel's president, 2023. URL: <https://www.972mag.com/herzog-congress-democracy-lies/> (access date: 14.12.2024).
- Pappe, 2006 — *Pappe I.* The Ethnic Cleansing of Palestine. Oneworld, 2006. 336 p.
- Pappe, 2014 — *Pappe I.* The Idea of Israel. A History of Power and Knowledge. Verso, 2014. 288 p.
- Peled-Elhanan, 2012 — *Peled-Elhanan N.* Palestine in Israeli School Books. Ideology and Propaganda in Education. London: I.B.Tauris & Co Ltd, 2012. 268 p.
- Roth, 2025 — *Roth A.* Trump's Gaza plan suggests his pro-settler advisers are in the ascendant, 2025. URL: <https://www.theguardian.com/us-news/2025/feb/07/trumps-gaza-plan-suggests-his-pro-settler-advisers-are-in-the-ascendant> (access date: 10.02.2025).
- Said, 1980 — *Said E.* The Question of Palestine. Vintage, 1980. 265 p.
- Said, 1994 — *Said E.* The Pen and the Sword. Conversations with David Barsamian. Common Courage Press, 1994. 180 p.
- Salaita, 2006 — *Salaita S.* Holy Land in Transit. Colonialism and the Quest for Canaan. New York: Syracuse University Press, 2006. 212 p.
- Sayegh, 1965a — *Sayegh F.* Zionist colonialism in Palestine. Research Center, Palestine Liberation Organization. Beirut, 1965. 78 p.
- Sayegh, 1965b — *Sayegh F.* Zionist Colonialism in Palestine. *Settler Colonial Studies*, 1965b 2:1. Pp. 206–225. DOI: 10.1080/2201473X.2012.10648833
- Shohat, 1988 — *Shohat E.* Sephardim in Israel: Zionism from the Standpoint of Its Jewish Victims. *Social Text*, 1988. No. 19/20. Pp. 1–35.
- The Times of Israel, 2023 — *The Times of Israel.* 'Israel has democracy in its DNA': Full text of Isaac Herzog's address to Congress. 19 July 2023. URL: <https://www.timesofisrael.com/israel-has-democracy-in-its-dna-full-text-of-isaac-herzogs-address-to-congress/> (access date: 18.11.2024).
- Wise, Lloyd, 2016 — *Wise S., Lloyd D.* Stephen Wise and David Lloyd in London and New York in 1931, 2016. URL: <https://www.youtube.com/watch?v=1BMYPi25s-k> (access date: 17.01.2025).

- Wolfe, 2006 — Wolfe P. Settler colonialism and the elimination of the native. *Journal of Genocide Research*, 2006. Vol. 8. No. 4. Pp. 387–409. DOI: 10.1080/14623520601056240
- Yiftachel, 2006 — *Yiftachel O.* *Ethnocracy: Land and Identity Politics in Israel/Palestine*. Philadelphia, University of Pennsylvania Press, 2006. 350 p.
- Yiftachel, 2009 — *Yiftachel O.* “Creeping Apartheid” in Israel-Palestine. *Middle East Report*, 2009, Winter, No. 253. Pp. 7–15.
- Zhang, 2025 — *Zhang S.* Trump’s UN Pick Says Israel Has “Biblical Right” to West Bank Amid Invasion, 2025. URL: https://truthout.org/articles/trumps-un-pick-says-israel-has-biblical-right-to-west-bank-amid-invasion/?fbclid=IwY2xjawH9i9BleHRuA2FlbQIxMQABHVyr6ObBgFI6FGXCr2q5cZSq6jJAjgGD4DkcssCAhg63evKcjQysvguv8g_aem_gjvXFtuuPsBqvYbH_UeHuQ (access date: 18.01.2025).
- Zhumatay, Yskak, 2024a — *Zhumatay G., Yskak A.* The historical-ideological roots of the Zionist-Israeli settler colonialism and ethnic cleansing of Palestine. *Journal of Oriental Studies*. 2024. No. 108(1). Pp. 38–48. <https://doi.org/10.26577/JOS.2024.v108.i1.04>
- Zhumatay, Yskak, 2024b — *Zhumatay G., Yskak A.* A Comparative Analysis of French and Zionist Settler Colonialism in Algeria and Palestine. *Journal of Oriental Studies*, 2024. No. 110(3). Pp. 4–15. <https://doi.org/10.26577/JOS.2024.v110.i3.01>
- Zureik, 2016 — *Zureik E.* *Israel’s Colonial Project in Palestine. Brutal Pursuit*. Routledge, 2016. 278 p.


ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan
Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 1, pp. 158-172, 2025
Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.09.55
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_1_158-172

FORMATION OF THE RUSSIAN-KAZAKH BORDERLAND: ORENBURG BORDER COMMISSION (1799–1859)

*Kupenova Gulmira Ykhlasovna*¹, *Smanova Aigul Moldalievna*²

¹Aktobe Regional University named after K. Zhubanov
(34, Aliya Moldagulova Str., 030021 Aktobe, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
 <https://orcid.org/0009-0009-1223-95514>. E-mail: Gulia_79_79@inbox.ru

²Kazakh National Women`s Teacher Training University
(114, Gogol Str., 050040 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
 <https://orcid.org/0000-0002-8241-9256>. E-mail: aigulsmanova@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025
© Kupenova G.Y., Smanova A.M., 2025


Abstract. *Introduction.* The article examines the history of the creation of the Orenburg Border Commission (1799), one of the most important tasks facing the Orenburg expedition (1737), the first administrative body regulating relations with the Kazakhs of the Younger Zhuz after their official admission to citizenship (1731). *Goals and objectives.* The main purpose of our work is to summarize scientific conclusions, guided by archival documents and special studies that allow us to reflect the activities of the Orenburg Border Commission, the main governing body of the Kazakhs of the Younger Zhuz in the period from the middle of the XVII to the last quarter of the XIX century, as well as Russia's policy in this region. Revealing the structure, main directions of activity of the Orenburg Border Committee, the role of the administration in resolving border and internal contradictions, we set ourselves the task of analyzing the mechanism of strengthening the political course of Russians in the Kazakh steppe. *Results.* It is considered that the Russian government is carefully building relationships with the Kazakhs of the Younger Zhuz, and there was a search for the optimal way to transform the territory inhabited by nomadic people and adapt Kazakh society to the new, imperial management system. It also analyzed the large-scale reforms of the Russian Empire to introduce a new administrative and territorial administration in the territories inhabited by non-Russian peoples. *Conclusions.* After the Orenburg Border Commission became the first administrative and management body of the Kazakhs of the Junior Zhuz, it became a successful manifestation of the management of nomadic peoples. Subsequently, the replacement of traditional administrative structures with imperial ones, which began with the abolition of the khan's power in 1824, strengthened the role of the Orenburg Border Committee, which was transformed from an arbitration body into the main body of governance of the Junior Zhuz.


Keywords: Orenburg expedition, Orenburg Border Commission, Junior Zhuz, Zhangir Khan, Kazakh steppe, Asian Department

For citation: Kupenova G.Y., Smanova A.M. Formation of the Russian-Kazakh borderland: Orenburg Border Commission (1799–1859) // Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”. 2025. Vol. 12. No. 1. Pp. 158–172. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_158-172

ОРЫС-ҚАЗАҚ ШЕКАРАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ: ОРЫНБОР ШЕКАРА КОМИССИЯСЫ (1799–1859 ЖЖ.)

Купенова Гульмира Бхласовна¹, Сманова Айгуль Молдалиевна²

¹Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
(34-үй, Әлия Молдагулова көш, 030021 Ақтөбе, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
 <https://orcid.org/0009-0009-1223-95514>. E-mail: Gulia_79_79@inbox.ru

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(114-үй, Гоголь көш, 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
 <https://orcid.org/0000-0002-8241-9256>. E-mail: aigulsmanova@mail.ru

*Корреспондент автор

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Купенова Г.Ы., Сманова А.М., 2025

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада Кіші жүз қазақтары ресми түрде бодандыққа қабылданғаннан кейінгі (1731) орыс-қазақ қарым-қатынасын реттейтін алғашқы әкімшілік орган Орынбор экспедициясының (1737) алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – Орынбор шекара комиссиясының құрылу (1799) тарихы қарастырылады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* XVIII ғасырдың ортасы мен XIX ғасырдың соңғы ширегі аралығындағы Кіші жүз қазақтарын басқарудың негізгі органы Орынбор шекара комиссиясының қызметін, сонымен бірге Ресейдің бұл өлкедегі саясатын көрсетуге мүмкіндік беретін архив құжаттары мен арнайы зерттеулерді басшылыққа ала отырып, ғылыми қорытынды шығару басты мақсаты болып табылады. Орынбор шекара комиссиясының құрылымын, қызметінің негізгі бағыттарын, шекаралық және ішкі қайшылықтарды шешудегі әкімшіліктің рөлін ашып көрсете отырып, алдымызға орыстардың қазақ Даласындағы саяси бағытын күшейту механизмін талдап көрсетуді міндет етіп қойдық. *Нәтижелер.* Ресей үкіметі Кіші жүз қазақтарымен қарым-қатынасты абайлап қалыптастыра отырып, көшпелі халық қоныстанған аумақты трансформациялаудың және қазақ қоғамын басқарудың жаңа, империялық жүйесіне бейімдеудің оңтайлы жолын іздей бастауы қарастырылды. Сонымен бірге Ресей империясының орыс емес халықтар мекендеген аумақтардағы жаңа әкімшілік-территориялық басқаруды енгізу бойынша жүргізген ауқымды реформалары сараланды. *Қорытынды.* Орынбор шекара комиссиясы Кіші жүз қазақтарының алғашқы әкімшілік және басқару органына айналғаннан кейін, көшпелі халықтарды басқарудың сәтті көрінісіне айналды. Кейіннен, яғни 1824 жылы хан билігінің жойылуымен басталған дәстүрлі әкімшілік салаларының империялық құрылымдармен ауыстырылуы, төрелік органнан Кіші жүздің бас басқару органына айналған Орынбор шекара комиссиясының рөлін күшейтті.

Түйін сөздер: Орынбор экспедициясы, Орынбор шекара комиссиясы, Кіші жүз, Жәңгір хан, Қазақ Даласы, Азия департаменті

Дәйексөз үшін: Купенова Г.Ы., Сманова А.М. Орыс-қазақ шекарасының құрылуы: Орынбор шекара комиссиясы (1799–1859 жж.) // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2025. Т. 12. № 1. 158–172 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_158-172

ФОРМИРОВАНИЕ РУССКО-КАЗАХСКОГО ПОГРАНИЧЬЯ: ОРЕНБУРГСКАЯ ПОГРАНИЧНАЯ КОМИССИЯ (1799–1859 ГГ.)

Купенова Гульмира Ыхласовна¹, Сманова Айгуль Молдалиевна²


¹Актюбинского регионального университета им. К. Жубанова
(д. 34, ул. Алия Молдагулова, 030021 Актобе, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, доцент

 <https://orcid.org/0009-0009-1223-95514>. E-mail: Gulia_79_79@inbox.ru

²Казахский национальный женский педагогический университет
(д. 114, ул. Гоголя, 050040 Алматы, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, доцент

 <https://orcid.org/0000-0002-8241-9256>. E-mail: aigulsmanova@mail.ru

*Корреспондирующий автор

© ИИЭ имени Ч.Ч. Уалиханова, 2025

© Купенова Г.Ы., Сманова А.М., 2025

Аннотация. *Введение.* В статье рассматривается история создания Оренбургской пограничной комиссии (1799), одной из важнейших задач, стоявших перед Оренбургской экспедицией (1737), первым административным органом, регулирующим русско-казахские отношения после официального вступления в подданство казахов Младшего жуза (1731). *Цели и задачи исследования.* Главной целью нашей работы является подведение научных выводов, руководствуясь архивными документами и специальными исследованиями, которые позволяют отразить деятельность Оренбургской пограничной комиссии, основного органа управления казахов Младшего жуза в период с середины XVIII по последнюю четверть XIX в., а также политику России в этом крае. Раскрывая структуру, основные направления деятельности Оренбургского пограничного комитета, роль администрации в разрешении пограничных и внутренних противоречий, мы поставили перед собой задачу проанализировать механизм усиления политического курса русских в казахской степи. *Результаты.* Рассмотрены, что российское правительство осторожно выстраивает взаимоотношения с казаками Младшего жуза, и шел поиск оптимального пути трансформации территории, населенной кочевым народом и адаптации казахского общества к новой, имперской системе управления. Также было проанализированы масштабные реформы Российской империи по внедрению нового административно-территориального управления на территориях, населенных нерусскими народами. *Выводы.* После того, как Оренбургская пограничная комиссия стала первым административным и управленческим органом казахов Младшего жуза, она стала успешным проявлением управления кочевыми народами. Впоследствии, замена традиционных административных структур общеимперскими, начавшаяся с упразднения ханской власти в 1824 г., усилила роль Оренбургской пограничной комиссии, которая из арбитражного органа трансформировалась в основной орган управления Младшим жузом.

Ключевые слова: Оренбургская экспедиция, Оренбургская пограничная комиссия, Младший жуз, Жангир хан, Казахская Степь, Азиатский департамент

Для цитирования: Купенова Г.Ы., Сманова А.М. Формирование русско-казахского пограничья: Оренбургская пограничная комиссия (1799–1859 гг.) // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2025. Т. 12. № 1. С. 158–172. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_158-172

Кіріспе

Ортаазиялық бағыт ұзақ уақыт бойы Ресейдің сыртқы саясатында басты назарда болып қана қоймай, тіпті Кіші және Орта жүздердің ресейлік бодандықты қабылдағаннан кейін де, Петербург билігі қазақ Даласын империяның орталықтан басқарылатын сыртқы аймағы деп санады (Васильев, 2014: 370). Сонымен, қазақтарға қатысты саясатты жүргізу Орынбор әкімшілігіне жүктелді, ол Ресей саясатын жергілікті жерде жүзеге асырып қана қоймай, Далалық өлкені басқару жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу сияқты жұмыстарды атқарып, оның қалыптасуына да айтарлықтай ықпал еткен болатын. Ал қазақтар ресми түрде бодандыққа қабылданғаннан кейін олармен қарым-қатынасты реттейтін алғашқы әкімшілік орган – Орынбор экспедициясының (1737 ж.) алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі орыс елді мекендерін қазақтардың шапқыншылығынан «қорғауды» назарға алып, қазақтар көшіп-қонып жүре алмайтындай белгілі бір шекараларды белгілеу жұмысын қолға алды.

Сондықтан, XVIII ғасырдың ортасынан бастап қазақтардың еркін жүріп-тұруын тежеу керектігін анықтау мақсатында, шекара желісін құру мәселесіарнайы түрде көтеріле бастады. Осыған байланысты Орынбор губернаторы И.И. Неплюев пен генерал фон Штокман 1744 жылы бекітілген «резервтік жоспарды» әзірлейді. Бұл қазақ даласына әскери шептерді біріктіру, оларды өлкенің ішкері аймақтарына қарай біртіндеп ілгері жылжыту және шекараға тұрақты әскерлер менказак гарнизондарын шоғырландыру арқылы қазақ Даласын батыс пен солтүстіктен әскери қоршауға алу жобасы еді (Быков, 2006: 92–97). Нәтижесінде бұл орыстардың сыртқы саясатында бір ғасырдан астам уақытқа созылған стратегиялық бағытына айналды десе де болады.

Сыртқы факторлар отаршылдық жүйені реформалауға түрткі болды, ең алдымен шекаралас аймақ қазақ халқының мәртебесін өзгертіп, отырықшы өмірге көшуге мәжбүрледі. Осыған байланысты Орынбор ведомствосының жанынан алғашқы болып шекаралық органдар құрыла бастады: шекаралық экспедиция, шекаралық сот және ақырында, шекаралық комиссия пайда болды. Бұл Кіші жүзді басқарудың негізгі органына айналған алғашқы әкімшілік модель еді. Комиссия Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментіне тікелей есеп беріп отырды, алайда жедел қызметтің барлығы Орынбор әскери губернаторы арқылы жүзеге асырылды.

Шекаралық органдарының негізгі міндеттері қазақтармен арадағы дауларды олардың өтініші бойынша шешу, ал табиғи нысандар, атап айтқанда көбінесе өзендер әкімшілік орталықтар арасындағы шекараретінде пайдаланылды. XIX ғасырдаалғашқы ірі әкімшілік-территориялық реформалар жүргізілгеннен кейін Орынбор қырғыздарының уездері мен болыстарын құруда аумақтық құрылымдардың шекараларын анықтау қажеттілігі туындады. Бұл 500 жыл бойы қалыптасқан орыс-қазақ шекарасын анықтау бойынша жүргізілген алғашқы кадамдар болатын. Орыстардың бұл саясаттының алғашқы кезеңі ұзаққа созылып барып, тек XIX ғасырдың басында ғана аяқталды. Сонымен бұл қазақтарды империялық құрылымдарға кеңірек енгізу арқылы, Далалық өлкеде жаңа әкімшілік-аумақтық басқаруды енгізуге бағытталған ауқымды реформалардың тағы бір кезеңіне жол ашты.

Материалдар мен зерттеу әдістері.

Зерттеу барысында Орынбор облысының мемлекеттік архивінің Ф. 222 – «Оренбургская пограничная комиссия, г. Оренбург, Оренбургская губерния, 1799–1859 гг», «Правила, изданные Оренбургской Пограничной Комиссией для жителей, проживающих за Оренбургской линией, 1827 г», «Указы Оренбургской Пограничной комиссии о сборах денег с киргизов за кочевание 1850 г», «Указы Оренбургской Пограничной комиссии об отпуске средств на воспитание киргизских детей 1850 г», «О формировании отряда под начальством Лебедева для разсеяния скопищ султана Кенесарова 1844 г» сияқты заңға тәуелді актілерге қатысты (нұсқаулар, ережелер, циркулярлар, анықтамалар және т.б.) материалдары пайдаланылды. Бұл құжаттардан ресейлік әкімшіліктің Даладағы қызметі және оны жүргізу әдістерінің басым бағыттары анықталды.

Іс-қағаздық құжаттарға 1857 жылғы «Приходные указы Оренбургской Пограничной комиссии» материалдары кіреді. Онда комиссия қызметінің барлық уақытында сақталған «іс-қағаздары», отырыстың «күні», «уақыты» және оған «қатысушылардың құрамы» арнайы белгіленген, сонымен бірге олардың әрқайсысы бойынша талқыланған мәселелер мен шешімдердің тұжырымдамаларымәселені анықтауға пайдаланылды.

Сыртқы істер министрлігіне және Орынбор әскери губернаторына тапсырылған Орынбор шекара комиссиясының жыл сайынғы есептері, оның ішінде «Дела о службе хана Внутренней Орды Джангера Букеева Чингизханова, 1842–1847 гг» сияқты материалдар, сондай-ақ, 1840–1860 жылдары үкіметтің қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу ниетіне байланысты қандай да бір нақты мәселені анықтау үшін құрылатын әртүрлі комиссиялардың материалдары құнды дерек болып табылады. Деректердің тағы бір тобын заңдар мен басқа да нормативтік актілер құрайды, атап айтқанда «Штаты Оренбургской пограничной комиссии 1799 и 1828 гг» және «Штат управления оренбургскими киргизами» онда комиссияның құрамын және жергілікті қазақ биліктегілерін ұстауға арналған шығындары туралы мәлімет сақталған. Сонымен бірге 1844 ж. 14 маусымда бекітілген «Положение об управлении оренбургскими киргизами» құжатын да ерекше атап өтуімізге болады, бұл «Ережеде» шекара комиссиясының құрылымы мен құзыреті айқындалды, сот және қаржылық функциялары реттелді, Орынбор шекара комиссиясының басқа ведомстволармен және орталық билікпен қарым-қатынас тәртібі белгіленді. Сөйтіп, зерттеу барысында Ресейдің шығыс саясатын басқаратын және бақылайтын жоғарғы орган «Азия комитеті» мен сыртқы істер, әскери, қаржы министрліктерінің қызметінде «қазақ ісі» басты орын алатын архив құжаттары сараланды. Зерттеу үдерісінінтеориялық-методологиялық динамикасын анықтау мақсатында объективтілік, өткеннің жалпы немесе нақты мәселелерін қарастыруға бағытталған тарихи-жүйелік, проблемалық көзқарасқа негізделген салыстырмалы әдістер пайдаланылды. Ал ғылыми зерттеулерге (отандық, ресейлік, шетелдік) тәнқұндылықты мойындауда көрінетін парадигма бірлігін шығару үшін архив деректеріне сүйене отырып, тарихилық әдісін басшылыққа алдық.

Талқылау

Петербург билігі қазақ Даласын әкімшілік жағынан қайта құру және аймаққа ресейлік басқару жүйесін енгізу ұсынысы қолға алына бастаған кезден бастап-ақ, бұл мәселені зерттеуге назар аударыла бастады. XIX ғасырдың екінші ширегіндегі, яғни революцияға дейінгі тарихнаманың ерекшелігі сол, оның өкілдерінің көпшілігі Орынбор ведомствосында (кейінірек – Орал және Торғай облыстарында) шенеунік немесе офицер қызметін атқарғандар еді. Кіші жүзді басқаруды ұйымдастыру мәселелерін қозғаған алғашқы еңбек А.И. Левшиннің (1798–1879) «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей» (Левшин, 1832: 167) атты монографиясы. Шоқан Уәлихановтың өзі кезінде «Қазақ даласының Геродоты» деп атаған А.И. Левшиннің аталмыш монографиясы қазақ халқының тарихы, әдет-ғұрпы, мәдениеті, тайпалық құрылымы, тұрмыс-тіршілігі туралы энциклопедиялық материалдар жинағы болып табылады. Зерттеудің ерекше құндылығы сол, автор Орынбор шекара комиссиясында дипломатиялық қызмет атқарған кезінде (1820–1822) қазақтармен тікелей байланысының нәтижесінде материалдың басым бөлігін жинағандығында.

А.И. Левшин зерттеуінің бірінші томында XIX ғ. орыс зерттеушілері жүргізген Даланың геодезиялық, топографиялық және гидрографиялық түсірілімдерінің мәліметтерін пайдаланса, екінші томында автор ғылымда алғаш рет өз заманында белгілі Батыс Еуропа және Ресей деректерінің барлығын жүйелеп, XVI–XIX ғғ. аймақтағы саяси оқиғалардың тарихын, қазақтарға қатысты «қырғыз-қайсақ» және «қырғыз» атауларының шығу тегі туралы маңызды пікірлері берілген. Үшінші, этнографиялық бөлімде XVIII–XIX ғғ. бірінші ширегіндегі қазақтардың экономикалық және әлеуметтік дамуының барлық негізгі аспектілері жан-жақты қамтылған. Автор алуан түрлі деректерді пайдалана отырып, сол кезде жинақталған барлық тарихи-этнографиялық мәліметтерді жүйелеп қана қоймай, көшпелілер, олардың мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігі туралы көптеген идеялардың шекарасын айтарлықтай кеңейте алды.

Келесі зерттеу жүргізген Бас штаб офицерлері, Орынбор шекара комиссиясының шенеуніктері және шығыстанушы ғалымдар – Л. Мейер «Киргизская степь Оренбургского ведомства» (Мейер, 1865: 382), А.И. Добросмыслов «Тургайская область. Исторический очерк» (Добросмыслов, 1902: 524), В.В. Григорьев «Русская политика в отношении к Средней Азии» (Григорьев, 1874: 263) атты еңбектерінде өлкенің саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихын, қазақтардың мәдени өмірінің әртүрлі қырларын, сонымен бірге қазақ қоғамындағы этникалық процестер жайында баяндайды.

Кіші жүз қазақтарының тарихына арналған жұмыстардың ішінде С.З. Зиманов «Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков» (Зиманов, 1962: 293) және Б.М. Әбдірахманованың «Органы государственной власти и управления в Казахстане (20-е годы – конец XIX в.)» (Абдрахманова, 1989: 232) еңбектерін атауға болады, онда жергілікті қазақ билігін ұйымдастыруды зерттеуге баса назар аударылады.

Орынбор шекара комиссиясының қазақ Даласындағы орыс әкімшілігінің негізгі органы ретінде XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың екінші жартысындағы тарихына арналған еңбек С.В. Горбунованың «Оренбургская Пограничная комиссия и политика России в Младшем казахском жузе» (Горбунова, 1998: 220) атты зерттеуі болды. Шындығында, бұл Орынбор шекара комиссиясының негізгі қызметі мен Ресейдің осы аймақтағы саяси бағытын дамыту механизміне талдау жасалған жалғыз еңбек болып табылады. Сонымен бірге С.В. Горбунова өзінің келесі зерттеулерінде (Горбунова, 2017: 85–91) Орынбор шекара комиссиясының жұмысына қазақтардың қатысуын қарастырған болса, ал Е.П. Кудрявцева (Кудрявцева, 2018: 52–61) Орынбор шекара комиссиясы құрамындағы Сыртқы істер министрлігінің жұмысына зерттеу жүргізген, А.Ю. Быков (Быков, 2023: 46–54) орыс-қазақ шекарасының проблемасын айта келе, «шекаралық аудандар мен қазақ көшпелілері аумағында орыс қалаларын салу мәселесін қазақ сұлтан-билеушілері әртүрлі түсінді. Егер Кіші жүз билеушілері бекіністерді салуды жалпы қолдап, кейде үкіметке өздері бұл туралы өтініш білдірсе, ал Орта жүз билеушілерінің арасында мұндай бірауыздылық болмады», - дейді (Быков, 2023: 46).

Орынбор шекара комиссиясының қызметін, Орынбор ведомствосының жанынан қазақ бюрократиясын қалыптастыру мәселесін көтеру барысында қазақ ақсүйектерінің патшалық Ресейдің әкімшілік жүйесіне алғаш тартылуы туралы Г.С. Сұлтанғалиева «Казахское чиновничество Оренбургского ведомства: формирование и направление деятельности (XIX)» (Султанғалиева, 2013: 30–35) жан-жақты зерттеді. Автор Орынбор ведомствосының қазақтарын империялық басқару жүйесіне қосылу процесін, қазақ шенеуніктерінің қызметі мен бағытына, олардың білім деңгейі мен әлеуметтік шығу тегін қарастырған. Атап айтқанда, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Орынбор шекара комиссиясының кеңесшілері қызметіне қазақ ақсүйектері өкілдерін сайлау механизмі мен процесін зерттей келе, қызмет пен қадір-қасиет туралы формулярлық (қызметтік) тізімді жасау, оның пікірінше, қазақтарды Ресей империясының қызметіне біріктірудің және оларды мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлеріндегі қызметкерлерді есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізудің бастамасы, яғни жаңа қағидаты болды (Султанғалиева, 2009: 77–101). Ал Орынбор ведомствосында (XIX) қазақ шенеунігінің қызметінің қалыптасуы мен бағыты туралы Г.С. Сұлтанғалиева «Казахские заседатели Оренбургской пограничной комиссии (первая половина XIX в.)» (Султанғалиева, 2009: 27) атты зерттеуінде ұсынған болатын.

Орынбор шекара комиссиясының қызметін қамтитын тағы бір жұмыстың авторы Г.Б. Избасарова, оның «Казахская степь Оренбургского ведомства как объект реформ: опыт Российской империи по управлению окраиной (1731 – сер. XIX века)» (Избасарова, 2018: 51) және «Западный Казахстан в региональной политике Российской империи в XVIII – начале XIX вв» атты монографиялары болып табылады. Автор Орынбор шекара комиссиясының қызметін талдай келе, Орынбор ведомствосының қазақ даласындағы Ресей империясының саясатын, сонымен бірге көшпелілердің билік институтын қабылдауының тұтас бейнесін жасайды. Сонымен өңірлік биліктегі қазақ сұлтандарының саясатын және комиссияның әртүрлі тапсырмаларын орындаудағы «пайдалы қызметін» көрсетеді. Орынбор шекара

комиссиясы қазақтарды басқару органы ғана емес, олардың мүдделерін де білдіретін құрылымға айналды, яғни бұл қазақтарға өз кезегінде «қамқоршылық» жасай отырып қысым көрсету іс-әрекетінен айқын көрінді.

Зерттеу нәтижелері

Ресей империясы мен орыс емес халықтар қоныстанған аумақтар арасындағы жылжымалы «қорған» тұрақты армияның қатысуынсыз-ақ казак-гарнизон әскерлерімен қорғалатын бекіністер түріндегі шекара желісінің құрылуын білдіреді. Бұл «қорған» аумағында икемді ұлттық саясат жүргізіліп, онда орыс тарапы жергілікті халықтардың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сақтап, ал ұлттық элита билеуші таптың құрамына кірді деп сендірді. Қазақтарды империялық бюрократиялық аппаратқа қосудың алғашқы қадамдары шекара органдарының қызметімен байланысты, сондықтан Орынбор шекара комиссиясының бір бөлігін қазақтар құрауы керек болатын. Өйткені, орыс-қазақ шекаралық өлкесінің қалыптасуында қазақтар мен казактар, қазақтар мен башқұрттар және Ресей империясының басқа да этникалық топтары арасындағы қақтығыстар маңызды рөл атқарды. Дәл осы қарама-қайшылықты компоненттер ешқандай шарттармен бекітілмеген, бірақ Ресей үкіметінің көптеген актілерінде қаралып жүрген бұл мәселе орыс-қазақ шекара желісін құру арқылы барлық келіспеушілік шешіледі деп есептейді. Сондықтан бұл мәселенің мазмұны орыс-қазақ шекарасын қалыптастыру кезеңдері, оны жүзеге асыру әдістері, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы реформалардан кейін Даланы әкімшілік-территориялық жағынан қайта ұйымдастыру болып табылды.

Хронологиялық шеңбер 1731 жылы Кіші жүздің Ресей империясы бодандығын қабылдауынан бастап XIX ғасырдың ортасына дейінгі кезеңді қамтиды. Осы уақытқа дейін шеткі мәртебе өзгерді, ол толығымен империяның құрамына енеді, яғни Сыртқы істер министрлігінің бақылауынан Ішкі істер министрлігіне берілді. «Кіші Орда» атауы бұдан былай ресми құжаттарда Орынбор ведомствосының қазақтарының өлкесі болып өзгертілді.

1799 жылы 27 мамырда шекара соты мен шекара экспедициясы негізінде қазақ хандарымен, сұлтандарымен және старшиналарымен байланыс жүзеге асырылып, жаңа басқару органы – Орынбор шекара комиссиясы құрылды (1859 жылы Орынбор облыстық басқармасы болып өзгертілді). Шекара комиссиясы құрамына Ресей тарапынан төраға мен екі шенеунік, ал қазақтар жағынан Кіші жүздің үш тайпалық бірлестігінен (Әлімұлы, Байұлы және Жетіру) үш сайланбалы алқаби (сұлтан және екі старшина) кірді, яғни оларды әр үш жыл сайын ауыстыру шартымен ғана бекітті (Султанғалиева, 2013: 31). 1818 жылы оны тағы екі орыс шенеунігі толықтырды. 1844 жылғы «Ережемен» бекітілген Орынбор шекара комиссиясының нақты құрамына төраға, төрағаның орынбасары, орыстар тарапынан төрт кеңесші және қазақтың төрт алқаби кірді.

Шекара комиссиясының құқықтық мәртебесі мен құзыреті нақты анықталған жоқ, өйткені комиссия қос бағыныштылықта болды – Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментіне (1818 ж.) және Орынбор әскери губернаторына. Комиссия төрағасына Кіші жүздің қырғыздарына қатысты сот ісін жүргізу, сауда және сыртқы саясат сеніп тапсырылды. Ресми құжаттарда «қырғыздар» деп аталып кеткендер, шын мәнінде Орынбордың оңтүстігіндегі аумақтарды мекендеген қазақтар болатын.

Басында шекара экспедициясы мен шекара сотының функцияларын сақтай отырып Орынбор шекара комиссиясы таратылған органдардан айтарлықтай ерекшеленбеді. Оның негізгі міндеттері шекаралық қақтығыстарды шешу және Кіші жүздің ханымен, сұлтандарымен және старшиналарымен байланыс орнату болды. Ал комиссияның негізгі қызметі «Орынбор желісі маңында көшіп-қонып жүрген» қазақтарды басқару, яғни бұл Сыртқы істер министрлігіндегі Азия департаментінің қызметімен теңестірілді. Сонымен XIX ғасырдың ортасына қарай Орынбор шекара комиссиясы – шекаралық қақтығыстарды шешуге және көшпелі элита – ханмен, сұлтандармен, старшиналармен байланысты жүзеге асыруға жауапты бас орган ретінде өз миссиясын орындауға кірісті.

Басқарушылық құрылымды «Орынбор қырғыздарының облыстық басқармасы» деп өзгерткеннен кейін ол жаңа міндеттерді жүзеге асыруға кірісті. Осылайша, Орынбор шекара комиссиясы Кіші жүз қазақтарының аумағына империяның саясатын жүзеге асыратын өңірлік мекеме болды. Орынбор шекара комиссиясының төрағалары Сыртқы істер министрлігінің жергілікті өкілдері, нақтырақ айтқанда орталықтың «көзі» еді (Избасарова, 2022: 32). Комиссия аймақты «қорғау» функцияларын атқара отырып, Ресейдің қазақ Даласына біртіндеп ілгерілеуіне ықпал етті. Бірте-бірте Кіші жүз халқын салық міндеттемесі жүйесіне (1837) енгізуі, бұл оның ресми бодандықтан нақты бодандыққа көшуіне әкелді.

Нормативке келсек, комиссияның штаты ғана реттелді. Комиссияның құрамына 3 қазақ алқабіі кіріп, олар қазынадан 100 рубльден күміс алып ақша алып отырды (Горбунова, 1998: 12). Комиссия Кіші жүздің ханы Айшуаққа (1797–1805) Орда ішінде алқабилерді сайлау мәселесін шешуге ұсыныс білдірген болатын. Бірақ ханның ұсыныстарын күтпестен, алғашқы алқабилер – сұлтан Тәуке Айшуақов, старшина Баязық Күшікбаева және старшина Бекназар Күнчиев тағайындалды (Султанғалиева, 2013: 31). Орынбор шекара комитеті құрылғанда ханның қатысуымен сұлтандардың, билердің, ру старшындарының жиналыстарында үш жыл сайын қазақ алқабилері сайланады деп болжанған. Алайда саяси тұрақсыздық пен ішкі кикілжің жағдайында келісілген шешім күткен нәтижедей болмай шықты, Комиссия құрамына ресми хан ұсынған алқабилер ғана енгізілді. Сонымен бұл тәжірибе 1824 жылы хан билігі жойылғанға дейін жалғасып, одан кейін алқабилерді Орынбор шекара комитеті төрағасының ұсынысы бойынша Орынбор әскери губернаторы тарапынан тағайындала бастады. Комиссияға алқабилердің қатысуынсыз қазақтарға қатысты қандай да бір шешім қабылдауға тыйым салынды. Бірақ XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ алқабилерінің қызметі нәтижелі болмады, өйткені көпшілігі орыс тілін білмеді және төмен жалақыға байланысты олардың комиссия құрамында болуы қалыптасқан қиын жағдай туғызды, атап айтқанда жылына 350 рубль, бұл қалада тұру үшін жеткіліксіз болды (Султанғалиева, 2013: 32).

Қызметке кіріскен әрбір сұлтан Орынбор әскери губернаторынан жарғы, империялық елтаңба бейнеленген ту және сыртқы істер министрлігі жіберген алтын қылыш алды (Избасарова, 2016: 81–86). Шыңғыс ұрпағының сұлтандары Ресей империясының мұрагерлік дворяндарының құрамына кірді, бұл патшалық Ресейдің орыс емес халықтарының аксүйек өкілдерін мемлекеттік қызметке тартудың жалпы схемасы еді.

Орынбор шекара комитеті ол кезде Даладағы тәртіпті бақылайтын, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін күшті құрылым бола алған жоқ. Орынбор шекара комитетінің маңызы көбінесе оның төрағаларының қызметімен айқындалды. XIX ғасырдың бірінші ширегінде бұл қызметте жеті шенеунік ауыстырылды, сирек ерекшеліктерден басқа, оларды Орынборға жер аударылғандар деп қарады, бірақ [әрине] олардың істерін жақсартуға мол мүмкіндіктер бар деп есептеледі. Ал Орта Азия мен Қазақстанның стратегиялық маңызы арта түскен кезде үкімет Орынбор департаментіндегі кадр мәселесіне жауапкершілікпен қарай бастады. Мәселен, 1825 жылдан бастап төрағалық қызметті Г.Ф. Генс, М.В. Ладыженский, В.В. Григорьев, Л.Ф. Баллюзек дәйекті түрде атқарды. Жақсы білімді («орыс шығыстануының атасы» алалып кеткен В.В. Григорьев – Орынбор шекара комитетінің төрағасы және сол кездің өзінде Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болатын), кең ой-өрісі және бай өмірлік тәжірибесімен ол әрдайым Ресей саясатының осы аймақта қандай болуы керек екендігі туралы өзіндік идеяға ие болып, оны қорғауды өзінің міндеті деп санады. Сондықтан олар Орынбор департаментінде қызмет ету кезінде қазақ Даласы үшін маңызды рөл атқарды.

1820 жылы Орынбор шекара комитетінің төрағасы болып тағайындалған В.Ф. Тимковский аймаққа келіп, оның әкімшілігін сынға алады. Ол орталықтан жіберілген нұсқаулар мен олардың жергілікті жерде орындалуы арасындағы сәйкессіздікті анықтай отырып, көшпелі қазақтармен қарым-қатынастағы дағдарыстың басты себебін Орынбор әскери губернаторы (1817–1830), яғни өлкенің бас қолбасшысы П.К. Эссеннің салғырттығынан көрді. Мәселен, П.К. Эссеннің қазақ даласын басқару әдістеріне деген

көзқарасы хан билігін жою позициясында тұрғанын байқайды, сондықтан Далаға жазалаушы экспедициялар жіберуді жақтаған әскери губернатордың пікірін қолдаудан бас тартты. Нәтижесінде В.Ф. Тимсковский П.К. Эссенмен өзара кикілжіндерге байланысты төраға қызметінен кетуге мәжбүр болды.

1824 жылғы «Орынбор өлкесін басқаруды қайта құруға қатысты Азия істері комитетінің мақұлданған пікірі» бойынша Кіші жүз қазақтары өздерінің ішкі басқаруын ақсүйектердің қолында сақтап қалды. Дала әкімшілігін сұлтан-билеушілері жүзеге асыруы керек еді, бірақ реформада биліктің барлық деңгейлерінің жауапкершілігі мен құзыретін ашып көрсеткен жоқ. Осылайша, Орынбор әскери губернаторы П.К. Эссен «Азия комитетіне» сүйене отырып, реформаны жүзеге асыру барысында кеңейтілген құқықтарға ие болды. Ал жергілікті биліктің тірегі ретінде ол «шыңғыстықтарды» сайлау арқылы өзіне тартты. Нәтижесінде үш сұлтан-алқабиі және инженер-полковник Ф.Ф. Бергтің қатысуымен, Орынбор шекара комиссиясының бастығы Г.Ф. Генстің төрағалығымен, П.К. Эссеннің бастамасымен «Орынбор Қырғыз Ордасын бөлу жөніндегі комитет» құрылды (Избасарова, 2018: 30). Орта Азия халықтарының «білгірі» ретінде ол қазақтар туралы еңбектердің авторы бола бастады, онда: Ресей үшін не тиімдірек – оларды империя құрамына қосу немесе олардың өзіндік ерекшелігін сақтап қалу ма? деген сұрақ қойды.

Шекара комиссиясындағы қызмет басқа ведомстволарға қарағанда күрделі және қауіпті болды, сонымен бірге Дала туралы арнайы білімді қажет етті. XIX ғ. 30-жылдарынан бастап Орынбор шекара комитетінің кеңесшілері Даланы жақсы білетін, комиссияның өзінде немесе әскери губернатордың кеңсесінде біраз уақыт қызмет еткен шенеуніктерді ғана тағайындай бастады. Мысалы, Ф. Лазаревский, Н. Баталин, И. Бикмаев, П. Ванеев, Е. Каменский, И. Масленников, көрнекті моңғол ғалымы және түркітанушылар А. Бобровников, Н. Смолянинов, Н. Костромитинов Кіші жүздегі Ресейдің ықпалын нығайтуға айтарлықтай үлес қосты. Төрағасының көмекшісі қызметін әртүрлі уақыттарды А.И.Левшин және В.И. Даль сияқты атақты адамдар атқарды; Н.И. Ильминскийдің өзі 50-ші жылдары Орынбор шекара комитетінде аудармашы болып жұмыс істеді. Бұл туралы Е.П. Кудрявцева «Деятельность Оренбургской пограничной комиссии в качестве подразделения Российского МИД» деген мақаласында: «Расында да, Орынбор шекара комиссияның құрамы «Санкт-Петербургтегі кез келген мемлекеттік мекеменің қызғанышын тудыруы мүмкін», - деп пайымдайды (Кудрявцева, 2018: 54).

Жоғарыда айтылғандай, Орынбор шекара комитетінің негізгі мақсаты Кіші жүздегі шекаралық және ішкі қақтығыстарды реттеу болды. Оның Ресей құрамына кіруі бір жағынан қазақтар, ал екінші жағынан казактар, башқұрттар, қалмақтар арасындағы шекарадағы қақтығыстарды тоқтата алған жоқ. Казактар шекара тұрғындарына шабуыл жасап, мал ұрлап, тұтқынға алуды жалғастыр берді; кейде тіпті Орал казактары қазақ ауылдарын тонап, ойрандатып кетті.

1804 жылы Орынбор әскери губернаторы князь Г.С. Волконский мен шекара комиссиясының атынан Орынбор желісін салуға нақты нұсқаулар мен ережелер енгізілді. Шекара тұрғындарына «кішкентай әрекет үшін дереу және қатаң жазалау қаупімен қорқытып, қырғыз халықтарына қарсы кез келген дұшпандық әрекеттерді» (ООМА. 222-к. 1-т. 7-іс. 2-п.) көрсетуге қатаң тыйым салынады. Өз кезегінде қазақтар басшыларының рұқсатынсыз шекарадан өтуге құқылы емес еді. Шекара аумағына өз бетінше өту кезінде қазақтарды қудалағаны үшін қатаң жазалар да тағайындалды. Бұл әрекеттерді арнайы ережелер бойынша үкіметтік ведомство ғана жүргізе алды.

Башқұрттарға және басқа шеп тұрғындарына Дала халықтарына қарсы кез келген озбыр әрекеттерге тыйым салу бұйырылды, және «егер қырғыздардан бірдеңе тартып алынса, барлығын дереу қайтып беруі тиіс, ондай болмаған жағдайда дене жазасы қолданылады» (ООМА. 222-қ. 1-т. 7-іс. 2–3-пп) делінген болатын. Тіпті, Дала тұрғындарын өлтіру жағдайында башқұрттарға ғана емес, сонымен қатар бұл аймақты бақылауға алған кантондық және әскери бастықтарды жұмыстан босату және жазалау мүмкін болды. Яғни, қазақ даласындағы жанжалды жағдайлардың алдын алу мақсатында Ресей билігі орыс және

империяның басқа да бағыныштылары үшін халыққа көптеген шектеу шараларын белгіледі. Қазақтардың башқұрттармен араздығы одан әрі күшейе түседі. Шекара комиссиясы башқұрттардың Далаға өз бетінше қоныс аударуы кезінде шекара маңындағы қазақтарды қудалау жағдайларын біліп отырды. Бұл ретте олар «қырғыздарға комиссияның рұқсатынсыз шөп шапқаны үшін айыппұл салады, көбінесе бұған тұрғындардың өздері себепші болады» (ООМА. 222-қ. 1-т. 7-іс. 17-п.). Ал комиссия көп жағдайда Орынбор шекара комитетінің мал бағу және шөп сақтау жөніндегі нұсқамасының деректерін орындамаған башқұрттар қазақтардың барымталығы мен шөп шабуына байланысты деп есептеді. Комиссия қазақтардың рұқсатсыз шекарадан өтпейтінін білді, яғни олар кейде сап командирлерінің рұқсатымен өтіп жатқанынан хабардар.

Шекара комиссиясының мәліметінше, қазақтардың шекара аумағынан малды барымталауына башқұрттардың өздері себеп болған, олар «ережермен» белгіленген жерді елемей, малдарын қарулы күзетсіз желінің сыртына қарай айдап жібеген. Сондықтан әскери губернатордың 1815 жылғы 14 қыркүйектегі бұйрығымен жылқы мен ұсақ малды шекара желісінен 15–20 шақырым жақын жерге және жергілікті тұрғындар мен мал иелерінің қарулы күзетінсіз жаюға тыйым салынды. Осы «ережелерді» сақтамай, қазақтар мал ұрлаған жағдайда «...қырғыз ұрыларының барлық сәтті талан-таржы әрекеттері олардың кінәсінен және сол тұрғындардың салғырттығынан жатады; ... содан кейін... үйірлері кімнің иелігінде болса, олар менен қанағаттануды талап ете алмайды және қайтарымызсыз мүлкінен айырылады; ... сонымен қатар, олар өздерінің басшыларымен бірге заңға сәйкес тең айыпталады: қауіпті желілердің бойында өмір сүру үшін барлық сақтық шараларын орындау керек», - (ООМА. 222-қ. 1-т. 7-іс. 4–6-пп.) деп атап өтілді Орынбор шекара комитетінің бұйрығында.

1826 жылы шекара комиссиясының мәліметтері бойынша, башқұрттар жылқыларды шекара аумағына әдейі айдап апарып, қазақтарды барымталауға итермелейтіні байқалды, осылайша болашақта олар «...нақты ұрланған жылқының өтемақысы үшін әлдеқайда көп жылқы талап ету мүмкіндігіне ие болды...» (ООМА. 222-қ. 1-т. 7-іс. 15-п.). Орынбор әскери губернаторы Жоғарғы Орал және Троицк земстволық соттарына осы жағдайларға қатаң бақылау жасауды тапсырды.

Нәтижесінде өзара шабуылдарды тоқтату үшін шекара желісі бойына – бекіністер мен заставалар тізбегі салына бастады. Алайда, негізінен Орынбор және Орал казактары қызмет еткен бекіністердегі шекара желісінің өзі, 1804 жылғы 19 тамыздағы «Ережеде» «жыртқыш қырғыздар» деп аталған, қазақ барымташыларының шабуылының нысанасына айналды. Жауап ретінде «репрессия» (Горбунова, 1998: 13), деп аталаты жазалар қолданылды, оның мәні мынада болды, яғни шабуылдан кейін ұрланған малдарды қайтару және қырғыз барымташыларын жазалау үшін Далаға казактар мен башқұрттардың Қарулы отрядтары жіберілді. Бұл туралы архив материалында: «...қырғыздар сәтті барымталап әкеткен жағдайда, ұрыларды қудалау және жазалау үшін далаға жасақтар жіберіңіз, сондықтан мен барлық коменданттарға сапты үнемі бақылауда ұстауды бұйырдым», - деп көрсетеді (ООМА. 222-қ. 1-т. 7-іс. 4-п.). Барымташылар далада жасырынып үлгергендіктен, көбінесе олар кінәлілерді таппайды, нәтижесінде бейбіт қазақ ауылдары «кек алуға» ұшырап жатты.

Осыдан кейін қазақтарға қарсы әскери әрекеттердің зиянды екеніне көзі жеткен үкімет басқа жолдарды іздей бастады. Қақтығыстардың алдын алу үшін барлық желілік тұрғындарға қарсы рұқсат етілмеген жазалау әрекеттеріне тыйым салынды, Даладағы казактар мен қазақтар арасындағы байланыстар шектелді, барлық даулы мәселелер тек Орынбор шекара комитеті арқылы шешілді; Орынбор мен Орал казактарының өзін-өзі басқаруы менозбырлығын шектеу өте қиын болды, бірақ 20-жылдардың аяғында Орынбор әкімшілігі бұған қол жеткізді.

1824 жылы «Орынбор қырғыздары туралы жарғы» қабылданып, ол Кіші жүзде реформа жүргізудің басты бағдары айналды. Жарғыға сәйкес Кіші жүз үш әкімшілік бөлікке бөлінді – Батыс, Орта және Шығыс, оларды сұлтан-билеушілер басқарды. 1824 жылы Кіші жүздегі хан билігі жойылды, ал бұрынғы хан Шерғазы Айшуақовқа айына 150 рубль күміс (Литвинов, 2023: 64) жалақысы бар Орынбор шекара комитетінде мемлекеттік қызмет ету ұсынылды. Бірақ ол өзінің жаңа қызметін қатты ашумен қабылдады. Хан өз тағдыр тәлкегінің

наразығы туралы Сыртқы істер министрлігінің басшысы К.В. Нессельродқа жазған арнайы хатында (Избасарова, 2016: 110) баяндаған болатын.

1824 жылғы реформадан кейін Ресей әкімшілігі Дала өкілдерінен басқару аппаратын құру бойынша мақсатты түрде жұмыс жүргізуді қолға алды. Сонымен бұл кезеңде құрылған сұлтан-билеушілер институты қазақ бюрократиясының қалыптасуының алғашқы сатысына аяқ басты.

Алғаш рет Орынбор шекара комиссиясының мәртебесі мен құрылымдары 1844 жылғы «Орынбор қырғыздарын басқару туралы ережеде» нақты анықталып, жойылғанға дейін оның қызметін реттейтін негізгі құжат болды. «Ереже» бойынша Орынбор шекара комитетінің құрамы күшейтілді, қазақтардың сот ісін жүргізуіне өзгерістер енгізді, қамқоршылық институты қабылданды, комиссия жанынан қазақ балаларына арналған мектеп ашылды, бірақ Даланы ішкі басқару қазақтардың өз қолында сақталды дегенмен, яғни, қазақтардың азаматтығы әлі де номиналды болып қала берді.

Сөйтіп, 1843 жылы Кенесары Қасымовтың әскерлері Орынбор ведомствосында соғыс қимылдарын бастайды. 1844 жылы 24 наурызда «құпия» таңбасымен танылған № 2002 хат-хабарда Орынбор әскери губернаторы патшалық үкіметтің Әскери министрінің (9.03.1544 ж. № 2332) бұйрығы негізінде ол шекара комиссиясына, яғни «бүлікші сұлтан Кенесары Қасымовқа қарсы» жасақ құру және оны қаржыландыруға 14040 рубль күміс ақша бөлу туралы өтініш жасайды. Осыдан кейін «сенімді және адал» адамдармен Шығыс беткейдегі Орда сұлтаны Тобылдың жоғарғы ағысына жетіп, Ор бекінісінің Орынбор казак әскерімен бірге жорыққа шығуы керек болатын. Ал батыс және орта беткейдің Орда сұлтандары өздері азық-түлікпен қамтамасыз ету бпырысында 100 «біздің үкіметке адал қырғыз азаматтарын таңдап» бөліп көрсетіп, яғни олар 1844 жылдың 26 сәуірінде Орск бекінісінің жанында орналасуы керек еді. Жорыққа аттанған әрбір қазаққа ай сайын 3 рубль күмістен ақша беріп отырды. Экспедицияны Орынбор казак әскерінің бастығы, әскери старшина Лебедев басқарды (ООМА. 222-қ. 1-т. 11-іс. 1-п.).

Сондай-ақ, сұлтандарға 300 түйе ер-тоқыммен, көрпемен және 47 арбамен, әр арбашыға 7 түйеден және айына 6 рубль күміс ақша жалақы бөліп беру тапсырылды. Әр түйені жем-шөппен қамдау үшін айына 5 рубль күміс ақша бөлінді. Бұдан бөлек, әрбір түйешіге күніне 2 пұт жарма мен 1 қадақ ет бөлінді. Шекара комиссиясы бөлінген қаражат соммасын Бас штаб корпусының обер-квартирмейстрі, подполковник Бларамбергке дереу беруі керек болды (ООМА. 222-қ. 1-т. 11-іс. 2-п.).

Шығыс беткейдегі Орынбор қырғыздарының сұлтаны Ахмед Жантөрин өзінің 1844 жылғы 10 сәуірдегі № 354 («құпия» таңбамен) жазған хатында Кенесары Қасымовтың Жезді-Қаңғыр өзенінің бойындағы Ақшіті алқабындағы ауылдарының бірін, үлкен әйелі, қызымен және бүлікші сұлтанның үйір-үйір жылқысымен бірге Сібір желісінің отряды басып алғаны туралы хабарлайды (ООМА. 222-қ. 1-т. 11-іс. 40-п.). 1844 жылғы 27 мамырдағы Орынбор әскери губернаторы, жаяу әскер генералы Обручев араб және орыс тілдеріндегі мәтіні бар парақша беттерінен «...бүлікші сұлтан отрядына кірген қазақ халқына, яғни егер олар оның отрядынан кетуге шешім қабылдаса», кешірім жасау туралы ұсыныс білдіреді. Обручев көтерілісші қазақтарға: «оларға кешірім жасалады, әйелдеріне де, балаларына да, дүние-мүлкіне де, малына да, – ешкім тиіспейді» (ООМА. 222-қ. 1-т. 11-іс. 69-п.) деп уәде берді.

Осыдан кейін, ресейлік бекіністер мен ауылдарына, сауда керуендеріне шабуылдардың тоқтатылуы, Орынбор шекара комитетіне ру-тайпа аралық қақтығыстарды шешуге мүмкіндік берді. 1846–1847 жж. Орынбор шекара комитетінің ұзақ дайындық жұмыстарынан кейін сұлтандар, билер, старшындар съездері өткізіліп, онда Орынбор мен Сібір қазақтарының араздығы тоқтатылды; 1850–1851 жж. әдет-ғұрып құқығы негізінде Кіші жүз рулары арасындағы қатынастар реттелді. Далада бұдан былай ірі қақтығыстар болған жоқ; мысалы, 1846 жылы 68 шабуыл мен тонау тіркеліп, онда 303 адам өлтіріліп, 60 адам тұтқынға алынса, ал 1852 жылы тонау саны 6 есеге дейін қысқарды, 1 адам қаза тауып, 3 адам тұтқынға алынды (Горбунова, 1998: 14).

1842 жылы желтоқсанда Орынбор шекара комиссиясының кеңсесіне генерал-лейтенант Обручевтен, Бөкей Ордасының ханы Жәңгірдің қызметіне (сондай-ақ Орынбор шекара комиссиясының құзырына кіретін) формулярлық тізімін жасау және оған жіберу туралы баянаты келіп түсті, онда Жәңгірге генерал-майор (ООМА. 222-қ. 1-т. 3-іс. 2-п.) атағын беру және 1843 жылы 15 қарашада №1003 «мінсіз қызметінің» ерекшелік белгісін жасау және жіберу туралы айтылған (ООМА. 222-қ. 1-т. 3-іс. 7-п.). Орынбор әскери губернаторына 1842 жылғы 11 желтоқсандағы № 2562 ұсынысында ол 1812 жылдан бастап Орынбор шекара комиссиясында оның (Бөкей-хан – К.Г.) қызметі туралы, ал 1823 жылдан бастап Ішкі Қырғыз Ордасының ханы қызметін атап өтіп, Ұлы Мәртебелі Императордан «мінсіз қызметінің» ерекшелік белгісін алу үшін мақұлдауын сұрайды (ООМА. 222-қ. 1-т. 3-іс. 5-п.). Осы ерекшелік белгісінің өтініші бойынша Жәңгір ханның қызметі туралы тізімде І дәрежелі Әулие Анна ордені, алмазбен көмкерілген алтын Андреев лентасы да көрсетілген (ООМА. 222-қ. 1-т. 3-іс. 8-п.).

Жалпы, Орынбор шекара комитеті өзінің сот қызметінде Сыртқы істер министрлігінің нұсқауларын басшылыққа алды, онда қазақ қылмыскерлерінің жазасы кінәнің дәрежесіне емес, олардың туыстарына қандай әсер қалдыратынына қарай белгіленуі керек. Сондықтан көп жағдайда қылмыстық жауапкершілік жеңілдетілді немесе толығымен жойылды. Соған қарамастан жазасын өтеп жатқан қазақтар болды, өйткені оларды ұстауға Орынбор шекара комитеті қаражат бөлді. Осылайша, 1857 жылы Бүкілресейлік Ұлы Мәртебелі Императордың жарлығымен Орынбор шекара комитетінің қазынашысы, титулдық кеңесші Винерге қырғыз тұтқындарына азық-түлік және қырғыздың «түрме сарайын» жылыту үшін 101 рубль 81 тиын күміс ақша бөлугендігі анықталды (ООМА. 222-қ. 1-т. 21-іс. 2-п.). Қазақтардың арасындағы қылмыстық істер ұзақ уақыт бойы және Кіші жүз Ресей қосылғаннан кейін де «адат» – қарапайым құқық негізінде шешілді. «Адаттың» әрекет ету аясы 1844 жылғы «Орынбор қырғыздарын басқару туралы ережемен» күрт шектелді. Қазақтар арасындағы 50 рубль күміс ақшадан (Горбунова, 1998: 15) асатын талап-арыздар бойынша қаралған қылмыстық істер мен азаматтық істердің басым көпшілігі сұлтандар-билеушілер мен билердің құзырынан алынып, Орынбор шекара комитетіне берілді.

Орынбор шекара комитеті қазақтар арасында ауыл шаруашылығын дамытудың дәйекті бағытын ұстанды. Ресей әкімшілігі ұзақ уақыт бойы көшпенділердің отырықшыландыру оларды «өркениетке» мүмкіндік беретініне күмән келтірмеді. Алайда ХІХ ғасырдың 20-жылдарының аяғында қазақтар Ресейге тек көшпелілер ретінде ғана пайдалы деп есептелетін көзқарас кең тарады. Мысалы, Орынбор әскери губернаторы В.А. Перовский осы «отарлық теорияның» әсерінен 30-шы жылдары Кіші жүз қазақтарына отырықшылыққа көшіп, егіншілікпен айналысуға тыйым салды. Бұл Ресей әкімшілігінің ең үлкен қателіктерінің бірі болды. Орынбор шекара комитеті бұл күлкілі бұйрықтың күшін жоюды жақтады және оған қарсы Далада егіншіліктің дамуын қолдады. Орынбор шекара комитетінің қазақтардың отырықшылық және егіншілікпен айналысу құқығы үшін отыз жылға жуық ресми түрде күресі, тек 1861 жылы оларға «тұрақты отырықшылық» беру туралы жарлықты шығарумен аяқталды.

Қорытынды

Ашаршылық жылдары аң-құс былай тұрсын, құрт-құмырсқа, бақа, жылан, тышқан тәрізді жәндіктер азайып кеткен. Ашыққан халық қолына түскенін жей берген. Мұны 1904 жылы туылған Абай облысы Ақсуат ауданы Қараоба ауылының тұрғыны – Жорғатай Рахметолдин растайды. Ол: «Ашаршылық кезінде қырық жылғы тулақты да қайнатып жегендер болатын, ол жібімейді екен. Сарымсақты да қазып жедік. Өлген адамның тәнін апарып көмген болады, оны таңертеңінде ит жеп қойғанын көрсесің. Ит пен мысықты жеу өте көп болды, соның өзі табылмайтын. Ит пен мысықтың еті қойдан да артық болды. Қарамияның басын қуырып, шай қылды. Қырда сары-ала тышқан болды, соны асып жеді. Жақып деген кісі қырдан екі тышқан әкеліп, соны кешке асып жеген еді. Келесі күні үй ішімен қырылып қалды. Елдің айтуынша бұл тышқандар улы екен», - деп баяндаған (32-нің зұлматы, 2014: 37). Талғажау етерлік нәрселерді таудан, даладан тауып әкелгендерін айтпаған естелік авторлары жоқ десе де болады. Олардың бәрі халық бұрын-соңды тағам ретінде қолданбаған тау және дала өсімдіктерінің барлығын дерлік жегендерін айтқан. Куәгерлердің айтуынша, мысық, ит, егеуқұйрықты жегендердің бет-ауызы ісініп, бастары күп болып ісіп кететін болған. Иттің етін асып жегендер 10–15 күнге жетпей өліп қалған. Тулақ жеген фактіні 1916 жылы Көкпекті ауданы Шұбаршы ауылында дүниеге келіп, «Большевик» совхозында тұрған Қабатай Күмпейісов және т.б. растаған. Оның айтуынша, «1930 жылы су болмай, астық шықпай, мал жоқ, аштық басталды. Ел Үшкелейге барып, балық аулап, етін жеп, ал сүйегін талқан қылып қорек етті. Тулақтың жүнін күйдіріп, суға қайнатып жеген елді көрдім. Кішкене қағып, үйінді жегендер де кездесті. Ол кезде отбасымен аштан өлгендер көп болды. Аштық кезінде өлгендерді көме алғандар көмді, кейбіреулерін шұңқырға тастады» (32-нің зұлматы, 2014: 45).

Мұның өзі жаппай эпидемияға алып келген. 1929–1933 жылдары аштықтан зардап шеккен халықтың белгілі бір бөлігі түрлі індеттер мен жұқпалы аурулардың өршуінен қырылды. Елде іш сүзегі індеті жайлады, ауырғандардың саны жыл сайын өсті. Егер 1929 жылы осы індетпен 5413 адам ауырса, 1932 жылы олардың саны 13119 адамға жетті (ҚР ОМҒТҚА. 85-қ. 1-6-т. 51-іс. 3-п.).

Аштық жылдары канибализмнің орын алғандығын растайтын естеліктер кездеседі. Өз қызының басын таспен мыжып өлтіріп, жеген оқиғалар да орын алған. Бір қызын маяның ішіне бір-екі күн тығып қойып, кейін қорек етуге дайындаса, екіншісін бірден жеген оқиғалар тіркелген. Жол жүріп шаршаған ананың барлық балаларын алып жүруге шамасы келмеген жағдайда қызын ағаштың түбіне, тастардың үстіне қалдырып кеткен кездер болып тұрған. Осындай ақылға сыйымсыз әрекеттердің белең алғандығын дәйектейтін деректер жеткілікті. Солардың бірін Қауажан Тыныбаева да келтірген. Оның айтуынша, «Ел жазғытұрым қар астында қалған бидайды тере бастады. Өкімет жағынан көмек болмады. Таудан сарымсақ, шұғының қазысын әкеліп жейтін. Оны қайнатып, асып жейді. Ақсуатта, ауылдың бас жағында Сағымбай деген ағайынды екі кісі адам етін жеген дейді. Соның үйінің жанынан өтіп бара жатқан кісі қайнап жатқан шәугімге үңілсе, баланың қолын көріпті. Ана кісі сол жерде талып қалады. Есін жиған соң ауылдық советіне айтып, Сағымбайды үй ішімен жер аударып жібереді. Сол кезде аштыққа шыдамай асылып қалған адамдар да болғанын естідік» (32-нің зұлматы, 2014: 28).

Сол бір қасіретті жылдары дала тағылары көбейіп кеткен деседі. Ол жайында да көптеген деректер бар, олардың біразы архивтердің қорларында сақталған. Жергілікті халық қыздарынан гөрі ұлдарын аман алып қалуға ұмтылған. Сол себепті қасқырлар адамдарға шабуыл жасаған кезде олар алдана тұрсын деп қыздарын немесе жүгіруге шамалары келмеген әйелдерін қасқырларға қалдырып, өздері әуірімдеп аман қалған. Осындай төбе шашты тік тұрғызатын оқиғалар ашаршылық жылдары жиі болатын құбылысқа айналған деседі. Бұны 1914 жылы дүние есігін ашқан Абай облысы Көкпекті ауданы Шұғылбай ауылының тумасы – Шәкен Оразбайқызының естелігі дәлелдейді. Оның «Аштықтан тамақ іздеп, «Большевик» совхозына бардық. Ол жақта да аштық. Бала-шағасын лақтырып жібергенді сол

жақта көрдік. Таңертең жас келіншек әлі кетіп бара жатып, Ақсуат суына ұл баласын лақтырып жібергенін көрдік» дегені – айтылғанның дәйегі (32-нің зұлматы, 2014: 43).

Ұлдарын аман алып қалуға барын салған тұрғындардың әрекеттері әртүрлі болды. Бірі баласын уақытша күнкөрісі бар туысқанына қалдырса, енді біреулері жат жерлерге босып кетті. Мұндай көзқарасты әкем Хасеннің ашаршылық туралы әңгімесінен анық байқауға болатын еді. Өзінің аштықтан аман қалғанына Жаратушы иесіне шексіз алғыс айта отырып, ол әңгімесін былайша сабақтайтын: «... ашаршылық басталған тұста мені Матай кентіне әкеліп, нағашымның қолына табыстап, «тірі болса кейінірек алармын. Жағдайың бар ғой, сенде бола тұрсын» депті. Сөйтіп, наубайшының наубайханасында тұрып жаттым. Нанды есептеп аз береді, мен тоймаймын, сондықтан бала болсам да (шамамен 5–6 жаста) қулыққа көштім. Бөлке нан пештен шығарылып, ағаш сөрелерге тізіледі, содан соң өгізге жегілген арбасы бар бір ер адам келіп, оларды қаптарға салып алып кетеді. Нан сөрелерде тұрған кезде байқатпай біреуін ортасынан бөліп, ортасындағы жұмсаған үзіп аламын да, қайтадан екі бөлікті бір біріне жапсырып, орнына қоямын. Осылайша нанды тез жеп алып, түк білмегендей отыра беремін. Мүмкін наубайшы нағашым оны сезіп, көрген де болар, бірақ «ендігәрі бұлай жасама» деп ұрсып көрмепті. Ашаршылықтан әйтеуір бір ер бала болса да тірі қалсын дегені шығар...» (32-нің зұлматы, 2014: 25).

Сталиндік-голощекиндік әпербақан биліктің отырықшылануды зорлап жүргізуі және оның зардаптары қазақ этносының генофонына тікелей әсер етті. Зорлап колхоздастыру – «артта қалған халықтардың капитализмге соқпай социализмге өтуі» зор адам шығынын әкелді. Биліктегілер мұны мойындағысы келмегенімен уақыт куәгерлері шындықты ашып айтты. Абай облысы Жарма ауданы Қаратөбе ауылының 1917 жылғы тумасы Н.П. Русанов өзінің аштық басталғанда 15 жаста болғанын, сол күндердің оқиғалары әлі күнге дейін көз алдында екенін ауыр толғаныспен жеткізген. 1932–1933 жылдары аштықтың орын алғандығын басынан өткен оқиғалар арқылы дәлелдеп берді. «1932 жылы күзде талшықтап жейтін біраз тамағымыз болса да, қыста және әсіресе 1933 жылдың көктемінде нағыз ашаршылық басталды. Тамақтан өткеннің барлығын талғажау еттік. Өлген малдың етін колхоз төрағасы Федор Шатковский қылдай етіп бөліп беретін. Негізінен майы сығылған күнбағыс дәнін, кебекті тамақ қылдық. Адамдар күнделікті өле бастады. Біздің отбасындағы он адамнан тек бесеуі ғана қыстан аман шықты. Бірнеше айдың ішінде ауыл тұрғындарының жартысына жуығы қаза болды» деген баяны - айтылғанның дәлелі (32-нің зұлматы, 2014: 39).

Ашаршылықтың орын алу себептерінің бірі – 1932 жылғы құрғақшылық екендігі даусыз. Мұны ғылыми зерттеулер жүргізген ғалымдар да, зұлмат куәгерлерінің көпшілігі де растаған. Мәселен, Н.П. Русанов: «Ең алдымен ашаршылық болатын қыстың алдындағы жазда – 1932 жылы өте қатты қуаңшылық болып, барлық жерде егін шықпай қалды. Себілген астық пен шөп күйіп кетті. Селонның үстін басып ағатын Жанама өзенінің суы тартылып қалды. Шөлді басу үшін Проводин жырасында құдық қазып, су тартуға мәжбүр болдық», - деп айтқан (32-нің зұлматы, 2014: 38).

Аштықтың екінші себебі - күштеп ұжымдастыру және зорлап отырықшыландыру екендігі сөзсіз. Куәгер Н.П. Русанов «... күштеп коллективтендіру – жаппай аштықты болдырған себептердің бірі. Колхозға қабылданған сәт осы күнге дейін көз алдымда: уәкілдер келіп, тірерге тұяқ қалдырмай жинап алып кететін. Еңбек еткің келсе, колхозға кіресің, ал кірмесең аштан өлесің. Сондықтан колхозға адамдар өз еркімен кірді деген сөз жалған», - деп, ақиқатты жайып салды (32-нің зұлматы, 2014: 38). Колхоздастырудың ауыр зардаптары туралы А. Нұрсапина да «1932 жылдың қысында нағыз ашаршылық басталып, адамдар аштықтан ісініп, түрлі ауруларға шалдықты. Малдардың барлығы колхозға өткізілді, осы кезде менің ата-анам, 5 бауыр-сіңлілерім аштан өлді, тіпті кейбір көршілерімнің бас көтерер кісілері де болмай, түгелдей қырылды», - деп еске алған (32-нің зұлматы, 2014: 41). Шынтуайтында мал мен құсқа дейін колхозға өткізуді талап еткен билік пен оның шолақ белсенділері бұдан өткен асыра сілтеулер мен қателіктерге жол берді. Ұжымдастыру мерзімі Қазақстан сияқты республика үшін өте аз болды. Тіпті кейіннен Сталиннің жеке нұсқауы бойынша бұл мерзімдер қайта қаралып, қысқартылды. Отырықшыландыру барысындағы өрескел

кателердің бірі көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларының ерекшеліктері ескерілмей, олар бірден өндірістік кооперацияның жоғары түрі – колхозға, коммунаға тартылуы еді. Мұның өзі советшілдік, волонтаристік әдістер арқылы іске асырылып, ақыры «қақаған қыста айдалаға көше-көше ғып киіз үй тіктіріп, әр көшеге партия көсемдерінің атын беріп, сол үйлерге жергілікті қазақтарды күшпен кіргізіп, бұлар болса көсем атындағы үйде тұрып, мәдениетті болып кетпей, киіз үй ішінде қарап жатып, қатып өлген (Омарбеков, 1994: 42–43). Алысқа бармай-ақ Бейімбет Майлиннің «Күлпаш» деген әңгімесін мысалға келтірсек те жетеді. Үйіне тамақ алып келген Күлпаштың Мақтұм деген ері мен баласының өлі денелерін көрген әйелдің халі нешік болғаны Бейімбет пен ашаршылықты көзімен көргендерге ғана аян. Зұлмат куәгері Балақан Күмісбаев «Балқаш ауданындағы 60 000 адамнан 12 000-ы ғана қалды. Адам өлімі мал өлімі құрлы болмады. Көптеген үйлер қаңырап бос қалды. Өлген адамдарды бос үйлердің, шеңгел, ши түбінен шашылып жатқанын көретінбіз», - деп айтқанынан аштық құрбандарының аз болмағандығын аңғару қиын емес (32-нің зұлматы, 2014: 60).

«Мың рет айтқаннан бір рет көрген артық» дегендей аштықтың қасіретін көзбен көргендер бас сауғалап, жан бағу үшін Қазақстаннан алыс және жақын елдерге босып кеткендігі жөнінде шынайы орын алған жағдайды айтып берген куәгерлер де аз емес. Билік тұрғындардың малдарын тартып алып жатқан тұста Қытайға қашқандар да болды. Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Қойтас ауылында 1907 жылы өмірге келген Арғынбек Салықов: «Мал мен адам колхозға біріктіріліп жатқанда кейбір байлар шет жаққа, Қытайға қашты. Оларға кейбір кедей-жалшылар да қосылды. Үкімет оларды «банды» деп атады. «Бандыны» құрғандар малды Қытайға айдап әкетіп отырды. Олар өлімнен қашқан азаматтар еді. Олар кей отбасыларға аштан өлмесін деп, түнде малды айдап әкеліп беріп жүрген» деген мәлімет берген (32-нің зұлматы, 2014: 51). «Банда» аталғандардың барлығы бірдей билік берген атауға сәйкес келетіндер емес екендігін тарихшылар зерттеп, өз бағаларын берген. Ақылға сыйымсыз аграрлық реформаларды қолдамаған, өз құқықтарын қорғай алмаған кінәсіз шаруаларды совет органдарының «ұлтшыл», «бандит», «контрреволюционер» деген жалған жалалармен жаппай қуғын-сүргенге ұшыратуы қазақ шаруаларын босқыншылыққа ұрындырды.

1932 жылы алапат ашаршылық Қазақстанда кеңінен таралғанда жағдай тіптен ауырлап, көршілес өлкелерге қазақтардың жаппай босулары орын алды. Исаев пен Орымбаевтың 1932 жылғы 11 мамырда Мәскеудегі Халық Комиссарлары Кеңесіне жолдаған мамұндама хатта көрсетілген аталған жылдың 1 ақпанына дейінгі мәлімет бойынша, «қоныстан ауу мен қоныс аудару есебінен кеміген қожалықтардың саны 300 мыңнан асып кеткен. Бұл орта есеппен алғанда 1 млн. 500 мың адам (Омарбеков, 1997:258). Сонымен қатар шекараға жақын орналасқан ауыл тұрғындарының бір бөлігі Қытайға көшіп кеткендігі – шындық. Бұл да қазақтардың басынан кешкен шынайы үрдіс болатын. Т. Рысқұловтың 1932 жылғы 29-қыркүйекте И. Сталинге жазған хатында «өз аудандарынан қазақтар қожалықтарының жартысы көшіп кетті», - деп көрсетілген (Рысқұлов, 1997). Мұнан өзге Т.Рысқұловтың Сталинге Л.Кагановичке, В.Молотовқа 1933 жылдың 9-наурысында жазылған хатында енді қазақтардың елдің ішінде емес жат жерлерге көшіп кетіп жатқандары туралы ашық айтылған. «...Қонысын тастап Қазақстанмен көршілес өлкелерге көшкен қазақтардың мекен жайларынан келіп түскен, шамамен алынған соңғы деректерге қарағанда: қазір Орта Еділде 40 мың, Қырғызстанда 100 мың, Батыс Сібірде 50 мың, Қарақалпақстанда 20 мың, Орта Азияда 30 мың қазақ бар. Қонысынан ауғандар қалмақ жерінде, Тәжікстанға, Солтүстік өлкеге және басқа да осы сияқты шалғай жерлерге де көшіп кетті. Байлар бастаған бір қауым Батыс Қытайға ауды... Бұл – қазақтардың көші-қоны (әдетте жаз айларында қолында бар малын жайлауға шығарып, өріс ұзатқан сияқты) емес, көп ретте адамдардың талғажу іздеп, бас ауған жаққа кетуі. Кейбір аудандарда қонысынан ауғандардың саны сол аудандарда тұратын барлық халықтың 40–50 пайызына дейін жетеді...» (Рысқұлов, 1994). Шындығында да аш тұрғындар ашаршылық пен босқыншылық жайлаған республика тұрғындары өздерімен шекаралас республикалар мен мемлекеттерге босып кетті.

Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдерінде тарыдай шашылған қазақтардың өмір сүруінің бір ұшы осы ашаршылыққа келіп тіреледі.

Қазақтардың Қытайға қашуының бір себебі аштық болса, екіншісі ауқатты адамдардың үгіт-насихаты еді. Оқиға куәгері 1910 жылы туылған, Абай облысы Көкпекті ауылының тұрғыны – Мұсахан Жақыпов Қаражал деген тауда Ақсуат, Аягөз, Абай, Шар, Абралы, Жарма, Шұбартау аудандарынан кәмпескеленген байлардың бала-шағасының, ұрпақтарының жиналып, банда құрғандығы жөнінде баяндаған. Куәгердің айтуынша, олардың басшылары Ақанғали, Серікбай деген сыбан жігіттері болды. Уақыт өте Қаражал бандысы күшейіп алды. Олар халыққа совет өкіметі көп тұра алмайтындығы туралы әңгіме айтып, «шетел әскерлері билікті жуық арада жояды, советтер толық жойылғанша біз Қытайға барып тұра тұрамыз» деп халықты сендіруге тырысқан. Бандының бәрінде мылтық болған еді. Халықты өздерімен бірге ала кетпекші болды» (32-нің зұлматы, 2014: 47). Осындай бандыдан қорыққан қыз-келіншектер 1910 жылғы Ақсуат ауданының тумасы Нұркамал Рустамованың жеткізуінше, үйден алыс шықпайтын болған. Түнде есік алдындағы тезекті ойып, сонда түнейтін еді. Ақпарат беруші: «Жаяу-жалпы ашыққандар, босқындар көп еді, олар Қытай жаққа бет алып бара жататын. Оның қаншасы жолда өлгенін кім біледі. Қурап қалған адамдардың сүйектері шашылып жатқан кез болды», - деп жадында жатталған оқиғаны қынжыла еске алды (32-нің зұлматы, 2014: 49).

Қазақстанның оңтүстігінде өмір сүргендер Өзбекстанға, Тәжікстанға қоныс аударған. Осыны өз көзімен көрген 1915 жылғы Қызылорда облысы «Красная звезда» совхозы Жайылма бөлімшесінің тұрғыны Әсілбек Қилыбаев: «Біз колхозға біріккен соң мақта, аздап бидай, тары ектік», - деп сөзін бастаған. Қызыл қырғынның куәгері сөзін әрі қарай сабақтай отырып, мына жайттарды айтып берген: «Сол уақытта ауданнан уәкілдер қаптаған заман еді. Малды, құрал-сайманды, бәрін ортаға жинатты. Салықтың түрі де көбейді. Жиналған аз өнімді түгелдей алып кетіп отырды. Ол аз болса, есіктің алдына еккен мардымсыз жүгерімізді де алып кететін». Халықтың қолында азық ететіннің бәрі тегіс салық ретінде ауданға жіберілгенен кейін тұрғындар аштыққа ұшырай бастаған. Ашаршылық келе жатыр дегенді естіп, қолында күші барлар Өзбекстанға, Тәжікстанға көшіп кеткен (32-нің зұлматы, 2014: 101). Өзбекстанға көшкендердің бірі 1912 жылы дүниеге келген бұрынғы Оңтүстік Қазақстан қазіргі Түркістан облысы Ленин ауданы Ленин ауылының тұрғыны Әбдікерім Тоғаев еді. Оның жеткізуінше, «Аштық басталғанда кетуге шамасы келгендер кетті, шамасы келмегендер үйлерінде қалып қойды. Біз амалдап Өзбекстанға барып, күн көріп келдік. Оған барғанда да колхоз, сельсоветтен документ болса ғана сыясың, болмаса сыймайсың... Ауа райы жақсы еді. Жаңбыр бар, жерден өніп тұрды... Бізде колхозға істесең де ашсың, істемесең де ашсың. Кәмпеске, колхоз, аштықты қосқанда 3–4 жылдың ішінде адамдардың жартысынан көбі жоқ болып кетті. Осындай жағдайларды жиналыста айтайын десе айдатып жібереді» (32-нің зұлматы, 2014: 117). Бір жағынан үкіметтің директивалары, екінші жағынан ауылдағы шолақ белсенділердің асыра сілтеулері халықты биліктің айтқанына көнетін, айдағына жүретін жағдайға жеткізді. Саяси қуғын-сүргіннің қанды құрығынан қорыққан тұрғындар жұмған ауыздарын ашпады.

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының тұрғыны 1916 жылы Алтынбек Төлеков те өзбек еліне кеткендердің бірі еді. 15 жастағы жетім бозбала 1931 жылы Хиуада күнкөріс бар деген соң, соған кеткен. Маусым айында Хиуа тауларында орналасқан әскери бөлімге тап болып, полкке қабылданған. 1934 жылға дейін сонда қызмет еткен. Бөлімнің жазғы лагері Ташкенттен 30 шақырым жердегі Троицк елді мекенінде орналасатын. «Жиі-жиі жорыққа шығып тұратынбыз. Сонда өз көзіммен көрген сұмдықтарым. Керегесі шетінеген қазақтың үйлері, далада өліп жатқан қазақ отбасылары. Ташкент қаласында босып жүргендер – 5–14 жастағы қаракөздер еді. Олар әскерилерден қалған тамақ қалдығына таласатын, төбелесетін. Ас пісірушілер оларды қуып жүретін. Олар ит құсап әр жерге барып шоқиып тұратын да, көп ұзамай қайтып келетін» деген естелігінен аш босқын балалардың қасіретін көруге болады (32-нің зұлматы, 2014: 135). Архив құжаттары аштық жылдары панасыз балалардың шамадан тыс көбейгендігін дәлелдейді. Қалалар мен ауылдар қамқорсыз қалған жеткіншектерге толды.

Бұдан 1930-жылдары Қазақстанда орын алған саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайды анық көруге болады. Тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі төмендеп, денсаулықтары нашарлаған. Мұндай жағдайдың орын алу себептерін Жамбыл облысы Жуалы ауданының тұрғыны Момынкүл Пірәліұлы атап көрсеткен. Оның пікірінше, «Бірімен бірі байланысқан үш себеп болды: біріншіден, мемлекет тарапынан, атап айтқанда Мәскеу басшылары мен Қазақстан басшыларының зұлматы. Екіншіден, мал мәселесінде облыс, аудан уәкілдерінің «ұлтанқұл» белсенділердің мал басын қысқартуда жүргізген зиянды әрекеті. Үшіншіден, егіншілікке тигізген ішкі және сыртқы әсерлер. Осылар 1931–1933 жылдар аралығындағы аштыққа әкеп соқты» (32-нің зұлматы, 2014: 125). Куәгердің пайымы тәуелсіздік жылдары жүргізіген зерттеулердің нәтижесінде ғылыми тұрғыда толық дәйектелді. «Жұт – жеті ағайынды» демекші аштыққа ауыр эпидемиялық ахуал қосылды. Себебі қолына түскенді азық ретінде қолданған тұрғындар түрлі жұқпалы ауруларға ұшырады. Республиканың денсаулық сақтау жүйесі де күйреудің аз-ақ алдында тұрды. Медициналық көмек көрсету былай тұрсын, дәрі-дәрмек, аураханалар, мамандар жетіспеді. Осылардың бәрі елдің демографиялық жағдайын күрт нашарлатты.

Ашаршылықтың халықтың генофонына тікелей әсер еткендігін дәлелдейтін естеліктер кездеседі. Солардың бірі - Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Бірлік ауылының тұрғыны Т. Іңкәрбековтың мәліметі. Аштық басталғанда 11–12 жастағы жас өспірім бала өзінің көзімен көрген мына бір оқиғаны есіне түсіріп, айтып берген: «Біз тұрған көшеде балалар үйі бар болатын. Сол жетімхананың балалары көп өлді. Олардың денелерін күнделікті ат-арбамен ауыл шетіндегі арнайы қазылған үлкен апанға таситын» (32-нің зұлматы, 2014: 128).

Қазіргі Павлодар облысы Ақсу ауданында тұрған, 1918 жылы туылған Әшім Жұмабайұлы Қайыпбердиннің айтуынша, ашаршылық кезінде «адамдардың қолында шанасы немесе қабы болады. Баласын жетектеп, қалаларға барып келеді. Көшеде суықта отырып қатып қалғандары да болды. Балаларының ыңырсып, айналып жүргенін көзіміз көрді. Сол балаларды жинап жетімдер үйіне өткізетін» (32-нің зұлматы, 2014: 142). Жетімдер үйінің жағдайы да көңіл көншітер емес еді. Оларда азық-түлік тапшы болды. Дегенмен үкімет және жергілікті билік органдары балаларды аштық пен эпидемиядан аман алып қалуға тырысты.

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының тұрғыны, 1923 жылы туылған Аят Базарбаев: «1932–1933 жылдары аштық басталғанда әкем қайтыс болды. Анам бізді Түрікменстанның Ташауз облысындағы балалар үйіне тапсырды. Өзі бір қызымен жергілікті түрікмендерге жалданып, күнін көрді», - деп, жетімдіктің дәмін татқан кездерін еске түсірді (32-нің зұлматы, 2014: 130). Жаңаөзен қаласының өзге тұрғыны, 1922 жылы туған Жетеу Нұрманов негізгі ата-мекені Ақтөбе облысының Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылы болғанын, 1930–1931 жылдары Бесқалаға (Қоңырат) қоныс аударғандарын әңгімелеген. Басына түскен ауыр жағдайды былай баяндаған: «1932 жылдың аяғы мен 1933 жылдың басында жаппай аштық басталғанда қазақтар балаларын тастап, бастары ауған жағына шұбырды. Сол, 1933 жылы ағам – Смағұл, өзім, қарындасым – Аружан, інім – Базарбай бәріміз Қоңыратта балалар үйіне орналастық. Шешем туыстарымен бірге Әмудария жағасымен Түрікменстанға кетті». Балалар үйінде көптің бірі болып, мұнда да аштық тауқыметін тартқанын ұзақ уақыт өтіп кетсе де, көкірегі қарсы айырылып, есіне алған. Сөзін қинала сабақтаған Жетеу қария: «Қоңыратта Смағұл ағам басшылардың біреуінің үйінде қызмет жасап, Қарақалпақстанның сол кездегі астанасы Төрткүл қаласына бір жылдық мұғалімдер дайындайтын курсқа кетті. Мен, інім, қарындасым балалар үйінде қалдық. Балалар өте көп еді. Аштықтан өлген балаларды жетімхана жанындағы шұғырлау жерге 2–3 бел, күрек қағып, бір шұқырға көме салатынбыз. 1933 жылдың ортасында інім мен қарындасымды өз қолыммен жерледім», - деп мәлімдеген (32-нің зұлматы, 2014: 131). Балалар үйінде азық-түліктің жетіспеуінен жеткіншектер жаппай қырылған. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» демекші арасында Жетеу сияқтылар тірі қалған. Он жасар Жетеудің көзімен көрген мына бір оқиға адамның төбе шашын тік тұрғызбай қоймайды. Куәгер оны былайша сипаттаған: «1933 жылы аштық өзінің шегіне жетті. Төмендегідей жағдай – бұған толық дәлел. Балалар үйінің 4–5 күшігі бар қара-ала ит бір түнде жоқ болып кетті, ашыққандар ұрлаған. Балалар

үйінің алдынан Қоңыратқа апаратын үлкен жолда есекпен базарға кетіп жатқан адамдарды аңдып, жол шетіндегі арықта отырған пышақтары бар адамдарды көретінбіз. Олар базарлап жүрген адамның итінің, есегінің қарнына пышақ тығып алатын. Ішек-қарны шұбатылған есек құлағанда, 10–15 адамдай топ, кәдімгі қара қарғаларға ұқсап, жабылып, қолына ілінген жерлерін кесіп алып жататын» (32-нің зұлматы, 2014: 131).

Тарихтан белгілі 1920–1930-жылдары советтер елінде, соның ішінде Қазақстанда панасыз балалар көбейген. Көше кезіп, нан тауып жеп жүрген панасыздарды балалар үйіне орналастырған. Бала кезінде сондай панасыз балалар туралы тарихи деректерге негізделген құжаттық фильмдер мен «Ташкент – город хлебный» деген кинофильмін көрмеген қазіргі аға ұрпақтың өкілі жоқ шығар. Бала болса та әбден арып-ашып, тоз-тоз болған баланың Ташкенге барып, пана тауып, ашаршылықтан аман қалуы кім кімді де бей-жай қалдырмайтын. Алайда аман қалмағандарының саны аз еместігі аян. Мемлекеттің адами ресурсы, өскелең ұрпақтың аштықтан қырылуы 1937, 1939 халық санақтарының мәліметтерінде балалар санының азаюынан көрінгенімен одан кейінгі уақыттарда оның орны толмас шығын екендігі анық байқалды.

Қорытынды

Осылайша тарихи-этнологиялық экспедиция материалдарын, яғни алапат аштықты көздерімен көргендердің, сол кездегі оқиға куәгерлерінің естеліктері талданды. Аштық куәгерлерінің басынан кешкендері – бір-біріне ұқсас. Барлығы бірдей ашаршылықтың 1932–1933 жылдары орын алғандығын, оның себептерін ұжымдастырумен, салықтың түрлерінің көбеюімен, құрғақшылықпен, жергілікті биліктегілердің «шаш ал десе, бас алған» асыра сілтеулерімен түсіндірген. Аштық кезінде қолдарына іліккендерді талғажау етіп, ит, мысық, тышқан, қасқыр тәрізділермен қоса тауда, далада өсетін өсімдіктерді қазып, теріп әкеліп жегендерін жеткізген. Бұларды уақытша азық еткендерімен аз уақыт ішінде түрлі ауруларға ұшырап, қырылып қалғандарын айтқан. Адам етін жеудің де белең алғандығын көрсеткен. Осылайша тұтастай отбасы мүшелері немесе олардың жартысы аштық пен жұқпалы аурулардан көз жұмған. Көрші елдерге жан сауғалап, босып кеткендерінің қатары аз болмаған.

Аштықтың ел басына түсірген ауыртпалығы мен зардабы ұмытылмай, тағлымы жадтан өшпей келеді. Өйткені ол «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарынан кейінгі қазақ тарихындағы «қызылтабан шұбырынды» еді. Мұндай зұлматты өткеннен өшіру мүмкін емес, керісінше болашақ даму үшін одан сабақ алу қажет.

Ашаршылықтың орын алғанына жүз жылға жуық уақыт болып қалды. Ашаршылық құрбандарының рухына тағзым етіп, жыл сайын 31 мамыр күні оларды бүкіл республика тұрғындары еске алады.

Дереккөздер

ҚРОФТҚА — ҚР Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві.

Sources

CSASTDRK — Central State Archive of Scientific-Technical Documentation of the Republic of Kazakhstan

Әдебиеттер

Абылхожин және т.б., 1991 — *Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б.* Қазақстанская трагедия // Вопросы истории, 1989. № 7. С. 53–72.

Алимбаев, 1984 — *Алимбаев Н.А.* Историография опыта Коммунистической партии по осуществлению сплошной коллективизации сельского хозяйства Казахстана (конец 20-х – начало 80-х гг.). Алма-Ата, 1984. 199 с.

Асылбеков, Галиев, 1991 — *Асылбеков М.Х., Галиев А.Б.* Социально-демографические процессы в Казахстане (1917–1980). Алма-Ата: Ғылым, 1991. 185 с.

Аубакирова, Алексеенко, 2020 — *Аубакирова Ж.С., Алексеенко А.Н.* «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде. Демографиялық тарих контексіндегі қазақтар. Нұр-Сұлтан: «Шаңырақ медиа ЖШС», 2020. 200 б.

Грозин, 2014 — *Грозин А.В.* Голод 1932–1933 годов и политика памяти в Республике Казахстан. М.: ИВ РАН, 2014. 178 с.

- Дахшлейгер, 1969 — *Дахшлейгер Г.Ф.* Историография Советского Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1969. 191 с.
- Дэвис, Уиткрофт, 2011 — *Дэвис Р., Уиткрофт С.* Годы голода: сельское хозяйство СССР. 1931–1933 / Пер. с англ. О.Ю. Вздорик; под ред. Л.Ю. Панфиной. М.: РОССПЭН, 2011. 539 с.
- Жумабеков, 1973 — *Жумабеков Ж.* Ленинской дорогой. Руководство КПСС. Вовлечение трудового крестьянства Казахстана в строительство социализма. Алма-Ата: Казахстан, 1973. 288 с.
- Камерон, 2020 — *Камерон С.* Голодная степь: Голод, насилие и создание Советского Казахстана / Пер. с англ. М.: НЛЮ, 2020. 277 с.
- Киндлер, 2017 — *Киндлер Р.* Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане. М.: Политическая энциклопедия, 2017. 382 с.
- Козыбаев, 1992 — *Козыбаев М.* Ақтандақтар ақиқаты. Алматы, «Қазақ университеті», 1992. 272 б.
- Койгелдиев, Омарбеков, 1993 — *Койгелдиев М., Омарбеков Т.* Тарих тағлымы не дейді? Алматы: Ана тілі, 1993. 208 б.
- Қоңыратбаев, 1994 — *Қоңыратбаев О.* Тұрар Рысқұлов. Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі: Түркістан кезеңі. Алматы: Қазақстан, 1994. 448 б.
- Мұхатова, 1999 — *Мұхатова О.* Қазақстандағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы. Алматы: Ғылым, 1999. 177 б.
- Омарбеков, 1994 — *Омарбеков Т.* Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру тарихы мен тағлымы. Т.ғ.д. ... диссертацияның қолжазбасы. Алматы, 1994. 387 б.
- Омарбеков, 1997 — *Омарбеков Т.* 20–30-жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы: Санат, 1997. 320 б.
- Омарбеков, 2019 — *Омарбеков Т.* Ашаршылық. Алматы: «Арыс» баспасы, 2019. 80 б.
- Рыскулов, 1998 — *Рыскулов Т.* Собрание сочинений в трех томах. Т. 3. Алматы: Қазақстан, 1998. 444 с.
- Тәтімов, 1993 — *Тәтімов М.* Қазақ әлемі (Қазақтың саны қанша? Қазақ қашан, қайдан қуылған, қырылған және атылған?). Алматы: Қазақстан-Атамұра, 1993. 160 б.
- Тәтімов, 1996 — *Тәтімов М.* Голощекиндік геноцид // «Заң» газеті. 1996. 12 б.
- Төлепбаев, 1989 — *Төлепбаев Б., Осипов В.* Тарихи шындық тұрғысынан // Социалистік Қазақстан, 1989. 11 б.
- 32-нің зұлматы, 2014 — *32-нің зұлматы* (Профессор Қ.М. Атабаев жетекшілік жасаған тарихи-этнологиялық экспедиция деректері). Құраст.: Төлебаев Т.Ә., Сәбденова Г.Е. Алматы: «Қазақ университеті», 2014. 308 б.
- Norman, 2019 — *Norman M. Naimark.* Stalin's Genocides. Princeton University Press, 2010. 163 p.
- Robert Conquest, 2012 — *Robert Conquest.* The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-Famine. L., 2012. 412 p.

References

- Abylhojin et. al, 1991 — *Abylhojin J.B., Kozybaev M.K., Tatimov M.B.* Kazahstanskaya tragediya [The Kazakh tragedy] // *Voprosy istorii*, 1989. No. 7. Pp. 53–72. (In Russ.).
- Alimbaev, 1984 — *Alimbaev N.A.* Istoriografiya opyta Kommunisticheskoy partii po osushchestvleniyu sploshnoj kollektivizatsii selskogo hozyajstva Kazahstana (konec 20-h – nachalo 80-h gg.) [Historiography of the Communist Party's experience in implementing the continuous collectivization of agriculture in Kazakhstan (late 20s – early 80s)]. Alma-Ata, 1984. 199 p. (In Russ.).
- Asylbekov, Galiev, 1991 — *Asylbekov M.H., Galiev A.B.* Socialno-demograficheskie processy v Kazahstane (1917–1980) [Socio-demographic processes in Kazakhstan (1917–1980)]. Alma-Ata: Gylym, 1991. 185 p. (In Russ.).
- Aubakirova, Alekseenko, 2020 — *Aubakirova J.S., Alekseenko A.N.* “Ruhani jangyru” bagdarlamasy shenberinde. Demografialyq tarih konteksindegi qazaqtar [Within the framework of the program “Ruhani zhangyru”. Kazakhs in the context of demographic history]. Nur-Sultan: «Shanyraq media JSHS», 2020. 200 p. (In Kaz.).
- Dahshlejger, 1969 — *Dahshlejger G.F.* Istoriografiya Sovetskogo Kazahstana [Historiography of Soviet Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka, 1969. 191 p. (In Russ.).
- Devis, Uitkroft, 2011 — *Devis R., Uitkroft S.* Gody goloda: selskoe hozyajstvo SSSR. 1931–1933 [The Famine Years: agriculture of the USSR. 1931–1933] / Per. s angl. O.Yu. Vzdorik; pod red. L. Yu. Pantinoj. M.: ROSSPEN, 2011. 539 p. (In Russ.).
- Grozin, 2014 — *Grozin A.V.* Golod 1932–1933 godov i politika pamyati v Respublike Kazahstan [Famine of 1932–1933 and the policy of memory in the Republic of Kazakhstan]. M.: IV RAN, 2014. 178 p. (In Russ.).
- Jumabekov, 1973 — *Jumabekov J.* Leninskoj dorogoj. Rukovodstvo KPSS. Vovlechenie trudovogo krestyanstva Kazahstana v stroitelstvo socializma [Lenin road. The leadership of the CPSU. Involvement of the working peasantry of Kazakhstan in the construction of socialism]. Alma-Ata: Kazahstan, 1973. 288 p. (In Russ.).
- Kameron, 2020 — *Kameron S.* Golodnaya step: Golod, nasilie i sozdanie Sovetskogo Kazahstana [The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Creation of Soviet Kazakhstan] / Per. s angl. M.: NLO, 2020. 277 p. (In Russ.).
- Kindler, 2017 — *Kindler R.* Stalinskie kochevniki: vlast i golod v Kazahstane [Stalin's Nomads: Power and famine in Kazakhstan]. M.: Politicheskaya enciklopediya, 2017. 382 p. (In Russ.).
- Muhatova, 1999 — *Muhatova O.* Qazaqstandagy agrarlyq ozgerister tarihnamasy [Historiography of agrarian changes in Kazakhstan]. Almaty: Gylym, 1999. 177 p. (In Kaz.).

- Omarbekov, 1994 — *Omarbekov T.* Qazaq sharualaryn jeke menshik qozhalyqtarynan ajyru jane yzhymdastyru tarihy men taglymy [History and history of collectivization and deprivation of private property of Kazakh peasants]. // T.g.d. ... dissertaciyanyn qoljazbasy. Almaty, 1994. 387 p. (In Kaz.).
- Omarbekov, 1997 — *Omarbekov T.* 20–30-jyldardagy Qazaqstan qasireti [The tragedy of Kazakhstan in the 20–30s]. Almaty: Sanat, 1997. 320 p. (In Kaz.).
- Omarbekov, 2019 — Omarbekov T. Asharshylyq [Famine]. Almaty: «Arys» baspasy, 2019. 80 p. (In Kaz.).
- Qoigeldiev, 1993 — *Qoigeldiev M., Omarbekov T.* Tarih taglymy ne dejdi? [What does history say?]. Almaty: Ana tili, 1993. 208 p. (In Kaz.).
- Qonyratbaev, 1994 — *Qonyratbaev O.* Tyrar Rysqylov. Qogamdyq-sayasi jane memlekettik qyzmeti: Turkistan kezeni [Tyrar Rysqylov. Socio-political and public activities: Turkestan period]. Almaty: Qazaqstan, 1994. 448 p. (In Kaz.).
- Qozybaev, 1992 — *Qozybaev M.* Aqtandaqtar aqiqaty [The truth of excuses]. Almaty, «QazaQ universiteti», 1992. 272 p. (In Kaz.).
- Robert Conquest, 2012 — *Robert Conquest.* The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-Famine. L., 2012. 412 p.
- Ryskulov, 1998 — *Ryskulov T.* Sobranie sochinenij v trekh tomah [Collected works in three volumes]. Vol. 3. Almaty: Qazaqstan, 1998. 444 p. (In Russ.).
- Tatimov, 1993 — *Tatimov M.* Qazaq alemi (Qazaqtyn sany qansha? Qazaq qashan, qajdan quylgan, qyrylgan jane atylgan?) [Kazakh world (what is the number of Kazakhs? When, where was the Kazakh expelled, killed and shot?)]. Almaty: Qazaqstan – Atamyra, 1993. 160 p. (In Kaz.).
- Tatimov, 1996 — *Tatimov M.* Goloshchekindik genocide [Goloshchekin genocide] // «Zan» gazet. 1996. 12 p. (In Russ.).
- Tolepbaev, Osipov, 1989 — *Tolepbaev p., Osipov V.* Tarihi shyndyq tyrgysynan [From the point of view of historical reality] // Socialistik Qazaqstan, 1989. 11 p. (In Kaz.).
- 32-nin zylmaty, 2014 — *32-nin zylmaty* (Professor K.M. Atabaev jetekshilik jasagan tarihi-etnologiyalyq ekspediciya derekteri) [32 (data of the historical and ethnological expedition led by Professor K.M. Atabayev)]. Qurast.: Tolebaev T.A., Sabdenova G.E. Almaty: «Qazaq universiteti», 2014. 308 p. (In Kaz.).

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan
 Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 12. Is. 1, pp. 217-231, 2025
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_1_217-231

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.29.00

HOUSE MUSEUMS: CONCEPTS AND VIEWS

*Zhuldyz Sakhi*¹, *Amina Karzhaubayeva*^{2*}

¹Istanbul Ticaret University
 (88/2, Sutluce, 34445 Beyoglu, Istanbul, Republic of Turkiye)
 PhD, assistant professor
 <https://orcid.org/0000-0002-8608-7498>. E-mail. zsakhi@ticaret.edu.tr

²Al-Farabi Kazakh National University.
 (71, al-Farabi Ave., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
 PhD student
 <https://orcid.org/0009-0009-9795-5033>. E-mail. amina-almaty.kz@mail.ru

*Corresponding author

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025
 © Sakhi Zh., Karzhaubayeva A., 2025

Abstract. *Introduction.* Current studies identify house museums – where collections are preserved in their original form – as cultural objects that reflect the architectural and social conditions of their era. House museums not only narrate the lives and activities of historical figures but also preserve, study, and promote valuable historical and cultural artifacts. *Goals and objectives.* This study aims to examine how Western historiography defines the contradictions between house museums’ interaction with society and their adaptation to modern changes and to compare this with domestic experience. *Results.* Various aspects of house museums have been analyzed within the framework of contemporary scholarly concepts. Their differences have been identified, and their functions in modern society, as well as their historical development, have been described. By systematizing the concepts, ideas, and views of researchers in Western historiography, this study highlights the evolving significance of house museums – not only as places for preserving historical relics but also as spaces that create unique experiences by showcasing new traditions and cultures to visitors. *Conclusion.* The findings indicate that house museums contribute to enhancing national consciousness by depicting the lives and activities of historical figures. Their educational and instructional roles facilitate a deeper understanding of historical events, cultural heritage, and art.


Keywords: Historiographical review, house museums, residential buildings, museology, exposition, museum, complex

For citation: Sakhi Zh., Karzhaubayeva A. House museums: concepts and views // Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”. 2025. Vol. 12. No. 1. Pp. 217–231. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_217-231

МУЗЕЙ-ҮЙЛЕР: ТҰЖЫРЫМДАР МЕН КӨЗҚАРАСТАР

Жұлдыз Сахи¹, Амина Каржаубаева^{2*}

¹Стамбул Тиджарет университеті
(88/2-үй, Sutluce, 34445 Бейоглы, Стамбул, Түркия Республикасы)
PhD, ассистент профессор
 <https://orcid.org/0000-0002-8608-7498>. E-mail. zsakhi@ticaret.edu.tr

²Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
(71-үй, Әл-Фараби даңғылы, 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
PhD докторант
 <https://orcid.org/0009-0009-9795-5033>. E-mail. amina-almaty.kz@mail.ru

* Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Сахи Ж., Каржаубаева А., 2025


Андатпа. *Кіріспе.* Қазіргі зерттеулерде музей-үйлері, коллекциялары алғашқы қалпында сақталып, өз дәуірінің сәулеттік және әлеуметтік жағдайын көрсететін мәдени нысан ретінде анықталады. Музей-үйлер – тарихи тұлға өмірі мен қызметін баяндаумен қатар, құнды тарихи және мәдени жәдігерлерді сақтап, зерттейді және оларды насихаттайды. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері.* Музей-үйлерінің қоғаммен өзара әрекеттесу және заманауи өзгерістерге бейімделу арасындағы қайшылықтарды батыс тарихнамасында қалай анықтайтындығын айқындап, отандық тәжірибемен салыстыру. *Нәтижелер.* Заманауи авторлардың музей-үй жайында жарияланған тұжырымдамалары аясында музей-үйлерінің әр түрлі аспектілері талданды. Олардың айырмашылықтары анықталып, қазіргі қоғамдағы қызметі, даму тарихы баяндалды. Батыс тарихнамасындағы зерттеушілердің тұжырымдамалары, идеялары мен көзқарастарын жүйелеу нәтижесінде музей-үй тек тарихи мұраларды сақтайтын орын ғана емес, сонымен қатар, көрермендерге жаңа дәстүрлер мен мәдениетті көрсетудің көмегімен қайталанбас әсерлер тудыратын кеңістік болып, жаңа мағынаға ие болады. *Қорытынды.* Зерттеу нәтижелері бойынша, музей-үйлер тарихи тұлға келбетін, өмірі мен қызметін көрсету арқалы, ұлттық сана-сезімді арттыруға ықпал етеді. Музей-үйлердің білім беру және тәрбиелік ролі тарихи оқиғаларды, мәдени мұраларды және өнерді терең түсінуге мүмкіндік береді.


Түйін сөздер: Тарихнамалық шолу, музей-үйлер, тұрғын үйлер, музейлендіру, экспозиция, музей, тұрғын үй, кешен

Дәйексөз үшін: Сахи Ж., Каржаубаева А. Музей-үйлер: тұжырымдар мен көзқарастар // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2025. Т. 12. № 1. 217–231 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_217-231

ДОМ-МУЗЕИ: КОНЦЕПЦИИ И ВЗГЛЯДЫ

Жұлдыз Сахи¹, Амина Каржаубаева^{2*}

¹Стамбульский университет Тиджарет
(д. 88/2, Sutluce, 34445 Бейоглы, Стамбул, Турецкая Республика)
PhD, ассистент профессор
 <https://orcid.org/0000-0002-8608-7498>. E-mail. zsakhi@ticaret.edu.tr

²Казахский Национальный университет им. аль-Фараби
(д. 71, проспект аль-Фараби, 050010 Алматы, Республика Казахстан)
PhD докторант
 <https://orcid.org/0009-0009-9795-5033>. E-mail. amina-almaty.kz@mail.ru

* Автор-корреспондент

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Сахи Ж., Каржаубаева А., 2025

Аннотация. *Введение.* В современных исследованиях дом-музеи рассматриваются как культурные объекты, коллекции которых сохраняются в своем первоначальном виде и отражают архитектурные и социальные условия своей эпохи. Дом-музеи не только рассказывают о жизни и деятельности исторических личностей, но и сохраняют, исследуют и пропагандируют ценные исторические и культурные артефакты. *Цели и задачи исследования.* Определить, как в западной историографии выявляются противоречия между взаимодействием дом-музеев с обществом и их адаптацией к современным изменениям, а также сравнить это с отечественным опытом. *Результаты.* В рамках концепций современных авторов, опубликованных о дом-музеех, были проанализированы различные аспекты этих музеев. Выявлены их различия, описаны функции в современном обществе и история развития. В результате систематизации концепций, идей и взглядов исследователей западной историографии, дом-музеи обретает новое значение не только как место хранения исторических реликвий, но и как пространство, создающее неповторимые впечатления благодаря демонстрации новых традиций и культур зрителям. *Заключение.* На основе результатов исследования дом-музеев, показывая образы исторических личностей, их жизнь и деятельность, способствуют повышению национального самосознания. Образовательная и воспитательная роль дом-музеев способствует глубокому пониманию исторических событий, культурного наследия и искусства.

Ключевые слова: Историографический обзор, дома-музеи, жилые дома, музеефикация, экспозиция, музей, жилой дом, комплекс

Для цитирования: Сахи Ж., Каржаубаева А. Дом-музеи: концепции и взгляды // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2025. Т. 12. № 1. С. 217–231. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_217-231

Кіріспе

Әлемнің қай елі болмасын зерттеушілер де, саяхатшылар да тарихи ғимараттарды сол мемлекеттің басты нысаны санап, елдің мәдениеті, тарихымен танысуға мүмкіндік беретін орын ретінде қарайды. Музей ісі, тарихи-мәдени туризм нысанында музей-үйлердің адам өмірінің өткенін, дәстүрлері мен ойларын сақтайтын орын ретінде ерекше маңызға ие. Музейлердің атқаратын қызметі мен қор, экспозициядағы мұра жинағына қарай бірнеше профилдік топтарға бөлінетіні белгілі, олардың қатарында музей-үйлер жеке бағытты құрайды, мысалы: тарихи музейлер (тарихи-өлкетану, кешенді, археологиялық, этнографиялық т.б.), өнер музейлері, жаратылыстану музейлері, әдебиет музейлері, архитектуралық, техникалық музейлер, мемориалдық музей-үйлер (Сапанга, 2012: 2). Аталған музей топтарының ішінде тарихи оқиғалармен, жеке тұлғамен байланысты немесе дәстүрлі мәдениет үлгісі ретіндегі музей-үйлер өзіне келушілердің назарын ерекше аударады. Оның өзге музей топтарынан ерекшелігі экспозицияларының күрделілігінде (үй иесінің коллекциясы), шынайлығында (үй иесінің шеберханасы т.б.) және бір ғасырға тән тарихи оқиғаларды, тұлғалар өмірімен белгілі бір дәуірді және саяси кезеңдерді көрсететіндігінде. Отандық музеология ғылымында музей-үйлердің зерттеу объектісі ретіндегі тарихнамасы талданбаған. Әрі отандық музеология ғылымында «музей-үйлер» мемлекеттің тарихы мен мәдениетінде маңызды орын алатын тұлғаның өмірімен байланысты қалыптасқанын ескерсек, «музей-үйлерді» жан-жақты зерттеудің өзектілігі жоғары болып табылады және оларды мәдени орын ретінде ерекше қорғауды қажет етеді.

Шетелдік музейтанушы ғалымдар арасындағы көп зерттелген мәселе үй музейлерінің заманауи тұрмыстық кеңістікті қалай көрсетіп, музей ғимараттарының тарихи келбетін сақтау шараларын қалай жүргізетіндігі болып табылады. Заманауи музей-үйлерін тақырыптық-экспозициялық жобалау барасында қолданылатын көрме әдістері бойынша зерттеушілер арасында бір-біріне қайшы көзқарастарда кездеседі. Кей зерттеушілер дәстүрлі көрме техникасын қолдаса, басқалары заманауи техникалардың жетістіктерін пайдаланып, интерактивті және цифрлық технологияларды енгізуді қолдайды.

Тақырыпқа қатысты зерттеулерге шолу жасау барысында музейтанушылар үй музейлерін басқа музей топтарынан кем емес, маңызды нысан деп санайды, ал екіншілері олардың рөлі мен маңыздылығын төмендетеді. Сонымен қатар, батыс зерттеушілері музейлердің білім беру және мәдени орталық ретінде рөлін атап көрсетсе, кейбір зерттеушілер заманауи нарыққа сай музей-үйлердің тартымдылығын арттыру үшін коммерциялық тәсілдерді қолдануды қолдайды.

Батыс тарихнамасында «музей үйі» терминін екі негізгі «үй» және «музей» сөздеріне бөліп қарау арқылы, зерттеушілер олардың қабылдайтын мағыналары төңірегінде жаңа тарихи көзқарастармен пікірталастар тудырады. Музейтанушылардың осы тақырып аясындағы жұмыстары ішінде ерекше бөліп қарайтын тұжырымдамаларының бірі музей-үйлерді, «қызығушылық тудыратын кабинеттер» деп қарастыруы. Бұл тұжырымдаманы олар сирек кездесетін, әрі адамдардың назарын бірден өзіне аударатын, ерекше әрі қызықты заттар жиналған музейлер деп түсіндіреді (Hodge, Veranek, 2011: 97–101). Музей-үйлермен байланысты шетелдік ғалымдардың қайшылықты көзқарастары мен музей үйлерді классификациялау ісіндегі тәжірибелері біздің отандық музей-үйлерді классификациялауымызға, әрі қарастырумызды салыстырмалы сараптауға алып келді.

Материалдар мен әдіс-тәсілдер

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында тарихнама, сәулет және музейтану ғылым салаларында қолданылатын әдіс-тәсілдер мен принциптерге ден қойылды. Сонымен қатар заманауи батыстық авторлардың музей-үй жайында жарияланған тұжырымдамалары осы мақаланың теориялық негізіне алынды. Аталған тақырып аясында ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу барасында музей-үйлерінің әр түрлі аспектілерін түсінуге салыстырмалы-тарихи зерттеу әдісі қолданылып, ол музей-үйлердің айырмашылықтарын анықтап, қазіргі қоғамдағы тиімділігін, даму тарихын зерттеуге мүмкіндік береді.

Музей-үй жайында батыс тарихнамасындағы түсініктермен концепцияларды және музейтану саласының ғылыми негіздерін түсінуге теориялық әдіс қолданылды. Ол деректерді жүйелеу мен жіктеуге мүмкіндік беріп, музей-үйлерінің негізгі принциптерін, олардың білім беру, мәдени және ақпараттық функцияларын түсінуге септігін тигізді. Батыс тарихнамасындағы зерттеушілердің тұжырымдамалары, идеялары мен көзқарастарын жүйелеуде хронологиялық және салыстырмалы сараптау әдісі қолданылды. Қазіргі батыс тарихнамасын зерттеушілер «жеке тұрмыстық кеңістік» тұжырымдасына ортақ мағына беруді көздейді. Олар, XIX–XX ғасырлар аралығында салынып, кейін музейлендірілген тұрғын үйлердің көмегімен жеке тұрмыстық кеңістікті «мәдени нысан» түрінде қарастырады. Музей-үйде қазіргі адамдар өмір сүретін органы көрсетудің маңыздылығына тоқталып, оларды сақтау мәселесін көтереді.

Музей-үйлердің мазмұны мен атқаратын қызметі, қоғамдағы алатын орнына қарай типтерін анықтау мәселесіне қатысты шетелдік музеология ғылымында әртүрлі пікірлер, тұжырымдардың, ғылыми зерттеулердің қалыптасуына 1998 жылы құрылған «Халықаралық үйлер, музейлер және тарихи ғимараттар» комитетінің (DemHist) ықпалы зор болды. Италияндық ғалымдар Дж. Пинна, Р. Павони (Pinna, 2001: 25–32; Pavoni, 2010: 157), американдық зерттеушілер П. Уокермен Т. Грэм, Л. Янг, Д. Райан, Ф. Ваньон (Walker, Graham, 2000: 488; Young, 2007: 59–77; Vagnone et al., 2015: 97–111) еңбектері өзіне назар аударады. У. Спринг, Дж. Шиманский, Т. Аарбакке, А. Тонкин зерттеулерінің музей үйлердің типін талдауда маңызы зор (Spring et al., 2021: 348; Tonkin, 2021: 171).

Отандық музеология ғылымында музей-үйлерге қатысты заттай материалдар музей-үйлердегі иесіне қатысты түпнұсқа экспонаттар болса, музеографиялық материалдар музейлік каталог, жолсерік-буклеттер болып табылады (Алматы қаласы музейлер, 2023: 256). Қазақстандағы тарихи-өлкетану бағытындағы музейлері ішінде құрылған киіз үй экспозициясын, қыстық баспананың макет-экспозициясын ішінара қамтыған еңбектің бірі Ө. Жәнібековтың «Жолайрықта» кітабы (Жәнібеков, 1995: 110). «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар, атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық этнографиялық энциклопедияға енген дәстүрлі баспаналар туралы мақалалар желісіне отандық музей қорлары мен экспозициясындағы киіз үйлер экспозициясы мен қордағы материалдар негіз болады (Қазақтың этнографиялық, 2017: 225–262). Бұл энциклопедияға енген материалдар дәстүрлі баспаналар төңірегінде жүргізілген этнографиялық, этноархеологиялық зерттеулер нәтижесін қамтиды, ішінара Ғани Мұратбаевтың мемориалдық музейі, Нартай Бекежановтың мемориалдық өнер музейінің этнографиялық коллекциялары енген. Музейлік этнография саласындағы музеографиялық басылымдардағы киіз үй экспозициясы «музей үйлер» типіне толық жауап бермейді, ал тұрақты баспаналар музей ішілік экспозиция материалдарынан тыс теориялық-практикалық зерттеулерді қамтиды, сондықтан да, ғимараттық музей үйлерді зерттеу нысанына айналдыру маңызды. Отандық ғылыми еңбектер желісі тарихи дәуірлердегі қала, қоныстардағы баспаналар жүйесінің ашық аспан астында сақталуы немесе баспананың бір бөлігінің ашылуын қамтығанымен, байырғы баспананың ашық экспозицияда музейлендіру тақырыбын талдамайды (Жилище народов Средней Азии и Казахстана, 1982: 238). Дәстүрлі баспана үлгілерін, ашық аспан астындағы тарихи баспана үлгілерінің орны, қалдықтарын музейлендіру ісіне қатысты арнайы ғылыми зерттеу бағытын қалыптастыру үшін осы бағыттағы тұжырымдар мен көзқарастарды талдау маңызды. Мақалада отандық музей үйлер кешені типіне, қорғалуы мен пайдалануына қарай топтастыруға Алматы қаласы музейлер бірлестігіне (бұдан әрі – АқМБ), Батыс Қазақстан облыстық Хан Ордасы тарихи-мәдени, архитектуралық-этнографиялық музей-қорығына – (бұдан әрі – «Хан Ордасы» қорық-музейі) енген музей-үйлер негізге алынды.

Талқылау

XX ғасырдың соңында Италияда тарихи үйлер және музей-үйлердің ерекшелігі мен құндылықтары айқындалған «Қала тұрғындарының тарихы: тарихи музей-үйлер» тақырыбындағы конференция өтті. Осы конференциядан кейін, 1998 жылы Халықаралық музейлер кеңесінің шешімімен, жеке зерттеу нысаны ретінде «Халықаралық үйлер, музейлер және тарихи ғимараттар» комитетінің (DemHist) негізі қаланды. Музейлер және тарихи ғимараттар комитетінің негізін салушыларының қатарында болған, бүгінде осы салада қызмет атқарып келе жатқан, Италияндық ғалым Дж.Пинна тарихи үйлерге алғашқылардың бірі болып анықтама берген. Ол тарихи үйлерді «бұқараға ашық және онда тұрған адамдар пайдаланған тұрмыстық заттар мен коллекциялар алғашқы қалпында сақталып, қайта құрылмаған», - деген анықтама берген (Pinna, 2001: 1).

Дж.Пиннаның анықтамасын Американдық зерттеушілер П. Уокермен Т. Грэм жалғастырады. Олардың пікірі бойынша тарихи үйлер музейге айналған ғимараттар болған кезде ғана сақталады. Қазіргі кезде де үй музейінің негізгі қызметі, сол үйде өмір сүрген адамдар жайында естеліктерді сақтау. Сонымен қатар, тұлғалардың өмір жолдарын қайта жаңғырту, олардың музейлік заттарын жинақтау. Үй музейінің басқа музейлерден ерекшелігі жылы әрі жайлы атмосфераны сақтай алатындығында (Walker, Graham, 2000: 488).

Американдық тарихнамашылардың ішінде, осы тақырып төңірегінде бірнеше көлімді жұмыстарды жазып, басқа зерттеушілерге анықтамалық нұсқаулық ұсынып, қазірде музей-үйлерін зерттейтін ғалымдардың бірі Л. Янг. Ол әлемдегі көп кездесетін музейдің түрін «музей-үйлер» деп санайды. Оны күтіп ұстау басқалармен салыстырғанда күрделі әрі қымбатқа түсетіндіктен ішіндегі барлық заттарымен бірге ауқымды объектіге теңестіреді (Young, 2007: 59–77). Автор алғашқылардың бірі болып, XIX ғасырдың соңында

«жеке тұрмыстық кеңістік» терминін қалыптастырады және музей-үйі, үйден мәдени орынған айналу үшін тұрғын үй сияқты әртүрлі типтерден іріктеліп алынатындығын айтады.

Зерттеуші көзқарастарының ішінде үй музейіне ерекше анықтама берген пікіре де бар: «Үй коллекцияларды жинақтаған музей болуы да мүмкін және үйдің өзі толыққанды музейді құрауы да мүмкін» деген. Ескі ғимараттарды мемориалдандыру барысында үйлер музейге айналады, оларды мемориалдық музейге айналдыру адамдарды өнерге жақындатып, ағартушылық қызметін де атқарады. Ал, мемориалдандыру жайында автор: «Адамдар немесе оқиғалар туралы заттай естеліктерді сақтап, болашақа жеткізу» - деп анықтаған (Young, 2006: 11).

Американың солтүстігінде орналысқа Каролин университетінің оқытушылары Д. Райан, Ф. Ваньон заманауи ортаға тартымды және өзекті болу үшін музей-үйлердің даму бағыттарын ұсынып, бүгінде музейлер әртүрлі жастағы адамдарға ыңғайлы және қолжетімді болу керектігін ескеріп, оған жету жолдарын қарастырады. Келушілерге музей-үйлердің тарихы және экспозициялық бөлмелерінің ерекшеліктерімен танысуға мүмкіндік беруді көздеп: «музей-үй әлі күнге дейін онда үйдің иесі тұрып жатқан кеңістікке ұқсауы керек» деген анықтама береді. Ондағы периодтық бөлмелер қоғамдық естеліктерді сақтайтын орын. Музей-үйлердің фрагменттері шынайы болғандықтан, олар ұлттық мәдениетке ерекше үлес қосады (Vagnone et al., 2015: 97–111).

Тарихи баспаларды музейлендіру тәжірибелері алғаш Италиядан бастау алған. Ондағы орта ғасырдағы сарайлар жекеленген әулеттерге тиесілі болып, киін сарайлар отбасылардың тарихынан хабар беретін нысан ретінде музейлендірілді. Музейлендіру бағытын зерттеушілердің бірі доктор Р. Павони музей-үйлердің құндылығы мен музейленуін, өз жұмыстарында айқындайды. Ол жеке бөлмелердің үшкі құрылымы мен сыртқы бейнесі тұтас болғаны дұрыстығын айта келе, оның міндеттері мен мақсаттарын зерделейді (Pavoni, 2010). Тарихи музей-үйлер басқа типтегі коллекцияларды көрсету үшін пайдаланылмайды және олардың құрылымы мен онда тұрған адамдардың пайдаланылған заттары сақталған үйлер деген жоғарыдағы авторлардың пікірлеріне қосылады.

Өткен ғасырдағы танымал және шығармашылық тұлғалардың үйлерін музейлендіру мәселелерін профессорлар У.Спринг, Дж.Шиманский, Т.Аарбакке талдайды. Олар тұрғын жайлар жеке тұлғаға тиесілі заттарды көрсету арқалы музейге айналғаннан киін, тарихи шынайылықты көрсетіп, түпнұсқалықты терең түсінуге септігін тигізеді деген пікірде. Осылайша, музейге келген қонақтарға түсінікті болу үшін жаңа форматтаға дәрістер мен көрмелер және әдеби кештер өткізуді ұсынады. Олардың пікірі бойынша бұрынғы тұрғын үйлерді ішкі экспозициясын сақтай отырып, қазіргі уақытқа сай реэкспозициялау, жаңа ұрпақтың қызығушылығын арттырады (Spring et al., 2021: 348).

XIX ғасырда Еуропа тұрғындары арасында тарихи жәдігерлер қарқынды түрде жинау, коллекцияларды өз үйлерінде көрсету үдерісі қалыптасады. Бұл үдеріс үйлерді «музейлендіру» жұмысына да негіз болады. Сондықтан да қазіргі уақытта көптеген музейлер, келушілерге көрмелерді адамдар өмір сүріп жатқан белгілі бір кезеңдегі тарихи ортаға ұқсатып жасайды. Халықаралық тарихи үйлер, ғимараттар және музейлер (DemHist) комитетінің әкімшілік хатшысы, доктор Р. Павони музейлік жәдігерлерді жинау мен оларды музей үйлерінде көрсету кезеңдеріне ерекше назар аударады (Pavoni, 2001: 26–27). Аталмыш нысанның ерекшелігі иесіне тиесілі заттарды сақтау мазмұнында болып табылады, онда «сарайлар, үйлер, пәтерлер» арасындағы байланыспен олардағы тұрақты экспозициялық коллекциялар, жиһаздар мен сәндік заттар арасындағы байланысты көрсетедігі жөнінде айтылған.

Осы тақырып аясында жазылған соңғы уақыттағы диссертациялық жұмыс Сидней технологиялық университетінде қорғалған, оның авторы А.Тонкин. Аталған жұмыста музей-үйлерді бүгінгі заманауи тұрмыстық кеңістікке сай бейімдеу және қайта пайдаланумен сақтау бағыттарында зерттеу жүргізген (Tonkin, 2021: 171). Автордың диссертациясында музей-үй тақырыбындағы әртүрлі көзқарастармен пікірталастар талқыланады, сонымен қатар, заманауи ғалымдардың қазіргі көрме әдістері туралы ойларының сәйкес келмейтіндігі

айтылады. Онда автор негізгі екі көзқарасты бөліп қарастырады. Бірінші көзқарас бойынша музей-үйлердегі шынайлықты сақтау. Яғни, тарихи оқиғаларды көрме әдістерін шынайылыққа жақындатқан кезде, сол оқиға болған кезеңдегідей, бұрынғы уақыт контекстінде көруге болады деген. Ал, екінші көзқарас бойынша қазіргі технологиялардың озық жетіктері интерактивті технологияларды қолдаушылар болып табылады. Олардың пікірінше интерактивті технологияларды пайдаланып қосымша ақпарат көздерін табуға болады және тақырыптық экспозициялық жобалау кезінде цифрлық жүйелерді қолдану жастарды көбірек қызықтырып, олардың түсінігіне ерекше әсер ете алады. Автор өзінің докторлық жұмысында мәдени мұраны қызықты әрі көпшілікке қолжетімді нысан ретінде көрсетуге күш жұмсап, негізгі факторлерге тоқталады.

Отандық музей-үйлер экспозицияларын ұйымдастыру кезінде екі негізгі принцип қолданылады: тақырыптық және хронологиялық.

Тақырыптық-экспозициялық жобалау барысында бір тақырып аясында экспозиция жабдықталып, сол тақырыпты ашуға ерекше назар аударылады. Мысалы, белгілі бір тарихи оқиға мен тұлға өміріне арналған тақырып болуы мүмкін. Бұл келушілерге музей-үй жайында толық ақпарат алуға мүмкіндік береді. Ал, хронологиялық жобалау барысында экспозиция тарихи хронология бойынша жобаланады. Мысалы, белгілі бір кезеңнің тарихи оқиғаларын ретімен көрсету. Хронологиялық принциптің артықшылығы – келушілерге тарихи оқиғалардың дамуын, уақыт ағымын түсінуге көмектесуі.

Музейге айналған баспаналар материалдық мәдени мұраны қоса сақтайды. Бүгінгі батыс тарихнамасында көп зерттелген тақырыптардың бірі ретінде музей-үйлердің ішкі экспозицияларын жабдықтау мен онда заманауи тұрмыстық ортаны қоса көрсету және оның иесіне қатысты дүниелерді сақтау мәселелері. Ғалымдар арасында музей-үйді насихаттау ісіндегі көрме әдістері бойынша қарама-қарсы көзқарастар бар. Негізгі екі көзқарастардың бірін жақтаушылар музейге айналған бұрынғы үйдегі көрме әдісін қолдаса, екіншілері заманауи жағдайда басқа категориядағы музейлер секілді жаңа технологиялардың жетістіктерін пайдаланып, интерактивті және цифрлық технологиялармен музей-үйлердегі көрмелерді жабдықтауды ұсынады.

Нәтижелер

Музей-үйлер типтері

Батыс тарихнамасында тарихи музей-үйлерінің толыққанды классификациялары жоқ. Бүгінде халықаралық тарихи үйлер, музейлер мен ғимараттар комитеті музей-үйлерді толыққанды мәдени нысан ретінде тыжырымдамаға келу жұмыстарын қарастырып жатыр. Сол тұжырымдамаға келу үшін тарихи құрылыстардың мақсаттары мен міндеттерін айқындап, олардың ерекшеліктері мен типологияларын қарастыру қажеттілігі туындайды. Бұл негізінен олар туралы жан-жақты ізденіспен терең білімді талап етеді. Алғашқылардың бірі болып, 1993 жылы Л. Янг тарихи үйлерді үш негізгі категорияларға жіктеу туралы ұсыныс айтады:

Біріншісі, музей-үйлер сол үйдің иесі болған тұлғаның өмірін, қызметін, шығармашылығын танытады, үй иесі арқылы келушілердің қызығушылығын тудырады. Ондағы жиһаздар мен заттар түпнұсқа болуы керек, оған қоса экспозиция бастапқы қалпында орналастырылуы маңызды делінеді (Young, 2012: 12). Салыстырмалы түрде Қазақстанда бұл музей-үйлердің санатына Алматы қаласындағы Дінмұхамед Қонаев, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Ғазиза, Ахмет Жұбановтар, Ә.Қастеев музей-үйлерін жатқызуға болады (Алматы қаласы музейлер, 2023: 144–207). Д.А.Қонаевтың музей-үйі екі ғимараттан тұрады. Соның біріншісі композитор Латыф Абдулхаевич Хамиди тұрған пәтерінен алғаш, 2002 жылы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа арналған музей-пәтері ашылды, дегенмен онда Д.А. Қонаевтың өзі тұрған жоқ. Бірақ, ішкі экспозициясы мен экспонаттары Д.А. Қонаевтың барлық жеке пайдаланған заттарының негізінде жасалған. Кейіннен, 2012 жылы Д.А. Қонаевтың өзі тұрған пәтері музей-үй ретінде ашылды. Бұл музей-үйдің ешқандай реэкспозицияланбаған түрін көрсетеді. Өзі тұрған үй, үйдің ішкі көрінісі: жиһаз

және бөлмелер барлығы мемлекет және қоғам қайраткері сол үйде өмір сүрген уақыттағы көріністен өзгертілмеген (Алматы қаласы музейлер, 2023: 144–173).

Екінші, тарихи музей-үйлер иесінің өмір сүрген кезеңі мен оның ортасын, иесінің өмір сүру салты және ұстанымдарын құжаттайды деп қарастырады. Сондықтан да, мұндай музейлерге түпнұсқа емес экспонаттарды да қолдануға болады. Олар түпнұсқа заттардың көшірмелері және музейге тиесілі емес, басқа заттарды пайдалануға болады. Ондай заттар кез-келген көшірме немесе сатып алынған, иесі өмір сүрген кезең мәдениетіне тән, сол кезеңді баяндайтын заттар болуы мүмкін. Қазақстанда музей-үйдің бұл типіне «Хан Ордасы» музей-қорығындағы Жәңгір ханның резиденция-үйі сәйкес келеді. Жәңгір ханның резиденция-үйі 2001 жылы жылы Бөкей Ордасының (Ішкі Орда) құрылғанына 200 жыл толуына орай қайта қалпына келтіріліп, музей ретінде қайта ашылды. Резиденция Жәңгір ханның әкімшілік Ордасы, әрі тұрғын үйі қызметін қоса атқарған. Музей ретінде қалпына келтірілгенде экспозиция үшін ХІХ ғасырға саятын түпнұсқа жиһаздар, тұрмыстық бұйымдар, кітаптар, т.б. заттар сатып алынған, ал Жәңгір хан, Фатима ханша киімдері музейлік көшірме-реконструкция нәтижесі (Картаева т.б., 2023: 183-191). «Хан Ордасы» музей-қорығындағы Жәңгір ханның резиденция үйімен қатар және осы қорық-музейге енетін басқа да жеке тұлғаға қатысты үйлер «музей-үйлердің» осы санатына енеді. Олар ескерткіштердің «ансамбльдер мен кешендер» санаты бойынша Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енген мұра ретінде қорғалады (Республикалық маңызы бар тарих, 2025).



1-сурет. Жәңгір ханның резиденция үйі. «Хан Ордасы» қорық-музейі.
[Fig. 1 Residence of Zhangir Khan. «Khan's Orda» Reserve-Museum]

Үшіншісі, тарихи-танымдық, тәрбиелік, эстетикалық, мәдени-танымдық мақсатта құрылған музей-үйлер. Музейдің бұл түріндегі заттар үйдің өзіне де, оның тарихына немесе онда өмір сүрген тұрғындардың өміріне жанама түрде де қатысы болады. Онда көбінесе тек жеке коллекциялар көрсетіледі. Музей-үйдің осы үшінші типіне Қызылорда облысы, Қазалы қаласындағы Ғани Мұратбаевтың мемориалдық музей-үйі сәйкес келеді. Ғани Мұратбаевтың мемориалдық музейі, Ғани Мұратбаевтың өзіне тікелей тиісті емес, ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың бас кезіне саятын бұрынғы депутаттар кеңесі үйі ғимаратынан ашылған. Музейде Ғани Мұратбаевқа тиесілі түпнұсқа экспонат оның комсомолдық үйлену тойына сыйланған түкті кілем. Музей экспозициясы Ғани Мұратбаев өмір сүрген кезеңдегі Қазалының тарихы мен мәдениетін баяндайды. Музей ғимараты «Қазалы қала құрылысы кешені Қазалы қаласының тарихи бөлігі, ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың басы» атауымен ескерткіштің «ансамбльдер және кешен» типі бойынша Республикалық маңызы бар ескерткіш ретінде қорғауға алынған (Республикалық маңызы бар тарих, 2025). Ғани Мұратбаевтың музей үйі «Ғани кезеңіндегі дәстүрлі тұрмыс» тақырыбын насихаттау мақсатында киіз үйдің ішкі жабдықталуының аймақтық ерекшелігін қоса экспозициялайды (Қазақтың этнографиялық, 2017: 1 т.: 567–569).

Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы Заңына сәйкес тарихи-мәдени мұра объектілері республикалық және жергілікті маңызы бар ескерткіштердің тізіміне енген кезден бастап, тарихи және мәдениет ескерткіштері мәртебесіне ие болады делінген. Олар төмендегідей түрлерге бөлінеді:

археология ескерткіштері, қала құрылыс және сәулет ескерткіштері, ансамбльдер және кешендер, киелі объектілер, монументтік өнер құрылыстары. Музей-үйге айналған дәстүрлі баспаналар немесе тұрғын үйлер тарихи мәдени ескерткіштердің «қала құрылыс және сәулет ескерткіштері» немесе «ансамбльдер мен кешен» тобына қарасты. Аталған барлық ескерткіштер Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен оларды пайдаланудың, меншік құқығының өзгертудің және мәртебесінен айырудың ерекше құқықтық режиміне ие. Осы заңға сәйкес музей-үйге айналған баспаналар да облыстық және республикалық маңызы бар ескерткіш мәртебесін алғаннан киін, ерекше қорғауға алынады (Тарихи-мәдени мұра, 2025).

Абай облысындағы Абай Құнанбайұлы тұрған үй (Анияр Молдабаевтың үйі), қазіргі – «Алаш арыстары – М. Әуезов» музейі, (XIX ғасырдың соңы), Абай Құнанбайұлы тұрған үй (Анияр Молдабаевтың үйі), қазіргі – «Алаш арыстары – М. Әуезов» музейі (XIX ғасырдың соңы), Мұхтар Әуезов дүниеге келген үй (XIX ғасырдың II-ші жартысы) Республикалық маңызы бар тарихи мәдени мұра ретінде қорғалады, әрі музей-үй ретінде жұмыс жасайды, музей-үй ғимаратының ашық аспан астындағы «қала құрылысы және сәулет» ескерткіштері санатын құрайды. Алматы қаласындағы Ахмет Байтұрсыновтың музей-үйі де «қала құрылысы және сәулет» санатында Республикалық маңызы бар ескерткіш ретінде қорғалады (АқМБ). Ал, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылында орналасқан «Жамбыл музей-үйінің кешені, 1938–1946 жылдар» деген атаумен Республикалық маңызы бар ескерткіштер тізіміне «ансамбльдер мен кешендер» санаты бойынша қорғауға алынған (Республикалық маңызы бар тарих, 2025). Ахмет Байтұрсыновтың музей-үйі музеолог ғалым Л.Янг ұсынған музей-үйі классификациясының екінші типіне сәйкес келеді. 1917 жылы салынған қалалық баспана үлгісінің ұлт лидері Ахмет Байтұрсыновқа тиесілі, бірақ сәулетшісі белгісіз екенін ескерсек бұл музей-үйдің арнайы зерттеуге сұранып тұрғанын айғақтайды (Республикалық маңызы бар тарих, 2025).

Қазақстанда 2024 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойында 275 музейдің 65-сі мемориалдық, музей-үйлер немесе музей пәтер болып саналады, олардың барлығы дерлік мемлекеттің меншігіне өткен (Ұлттық статистика бюросы, 2025).

1997 жылы өткен Генуядағы конгресте классификациялаудың екінші тәсілін Р. Павонимен О.Сельвафол ұсынады. Аталған авторлор музей-үйлерге жаңа анықтама берудің қажеттілігін айтып, ескі анықтаманы жаңартуды көздейді. Музей-үйлердің ішкі санаттарын анықтайды. Олар «билеушілердің сарайлары», «белгілі адамдар тұрған үйлер», «коллекциялар жиналған тұрғын үйлер», «үй қызметін қоса атқарған тарихи ғимараттардың топтамалары», «отбасылық үйлер» деп музей-үйлерінің өзін бірнеше топқа бөліп қарастырады.

«Халықаралық тарихи үйлер, музей және ғимараттар» комитеті бірнеше жылдар көлемінде музей-үйлерді интеллектуалды тұрғыдан ұйымдастыру жөніндегі мәселелерді шешумен айналысады. Соған байланысты бірнеше жаңа санаттар ойлап тапқандықтан, оның қайсысының пайдалы екендігін анықтау қажеттілігі туындайды. Дегенмен, оларды құрудың шарттары әртүрлі болғандығына қарамастан, негізгі шарттары музейлер сол уақыттағы қоғам құндылықтарын бейнелейді, оның негізін қалаушы музейге арналған пәннің басты нысанына айналады.

Л. Янг музей-үйлерді құру шарттары уақыт өте келе өзгеруі мүмкін деп, Ұлыбритания, Америка Құрама Штаттары және Австралия сияқты дамыған батыс елдеріндегі музейлердің алты жүзге жуық түрлеріне зерттеу жүргізеді. Сол жұмыстардың негізінде музей-үйлерді бірнеше топтарға бөліп қарастырады. Оның бірінші түрі тұлғаға арналып, яғни, онда маңызды тұлға өмірінің қандай бір кезеңдері көрсетілуі керек. Кейіннен, коллекциялар жинағы сол үйде тұрған адамдар қалыптастырған күйінде, бастапқы орындарында орналасқандығы дұрыс. Сонымен қатар, дизайн эстетикалық тұрғыдан жаңа технологияның жетістіктерін пайдаланғандығы маңызды. Оған қоса, тарихи оқиға, немесе тарихи маңызды нәрсе болуы керек. Бұл жерде көне уақытты дәріптеу, немесе жеке тұлғаларды ұлықтау сияқты да қызмет атқарады. Онда үйдің ішкі құрылымы, коллекцияларымен бақтары бірдей деңгейде дамығандығы, олардың ғимараты мен коллекциялар жиынтығын сақтау мен көрсету және оны

түсіндіруге ерекше әсер етеді (Young, 2018). Нысан адамзат құндылықтарының сол замандағы немесе белгілі бір мәдени кеңістікте, сәулетте немесе технологияда, монументтік өнерде, қала жобалары немесе ландшафт үлгілеріндегі өзара зор әсерінің куәгері болып табылады.

Халықаралық мұра ретіндегі музей-үйлер кешені

ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұралар тізіміне қала немесе ауылдың тұтастай енуіне дәстүрлі баспаналар жүйесінің сақталуы мен олардың осы күні де пайдалануының маңызы зор. Халықаралық мұра тізіміне ену үшін ЮНЕСКО талыбы бойынша тарихи-мәдени ғиматтар, соның ішінде баспаналар адамзат тарихының маңызды дәуірінің айрықша құрылымдық, сәулеттік немесе технологиялық ансамблінің немесе ландшафттық үлгісі болып табылуы қажет. Тарихи ғимараттар мен нысандар ЮНЕСКО-ның ерекше назарында және тұтастай бір қала үйлері де оның қорғауына өзінің қайталанбас ерекшеліктерімен кіре алады. Баспаналарды музейлендіру ісінде озық тәжірибе қалыптастырған мемлекеттің бірі – Түркия. 1994 жылы Түркияның Карабүк провинциясында «Сафранболу қаласы» атауымен тұтастай бір қаласы енген. Бұл қаладағы үйлердің барлығы музей-үй мәртебесіне ие екендегін көрсетеді. Қалада Осман дәуіріндегі үйлердің сақталып қалуы, тарихи үйлердің бүгінде тұрғын-үй ретінде қолданыста болуы, олардың әрқайсысының қаладағы ашық аспан астындағы музей-үй-ғимарат ретіндегі сақталуы, елдің тарихи-мәдени туризмін дамытып отыр (UNESCO world heritage in Turkey 2016: 224–251).

Түркия мемлекеті тарихи кезеңдерден қалыптасқан дәстүрлі түрік үйлерін сақтау және қорғау ісінде озық тәжірибе қалыптастырған. Соның бірі ЮНЕСКО қорғауына 2014 жылы «Бурса және Жұмалықызық: Оттоман империясы ескерткіштері» атауымен енген мұра. Жұмалықызық ауылы дәстүрлі түрік үйлерімен қатар, дәстүрлі түрік мәдениеті қоса дүниежүзілік қауымдастық назарын аудартады. «Қала-музей», «музей-ауыл», «архив-ауыл», «этноауыл» терминдерінің қалыптасуындағы тарихи үйлердің дәстүрлі келбетінің сақталуымен тікелей байланысты. Жұмалықызық ауылында дәстүрлі түрік үйлерін сақтай отырып, пайдалану бұл ауылды «музей-ауыл» ретінде Халықаралық қорғау дәрежесіне көтерді (UNESCO world heritage, 2016: 314–341).



2-сурет. ЮНЕСКО қорғауындағы Жұмалықызық ауылының тас көшелері, тарихи үйлерінің тас дуалдары.

[Fig. 2. The stone streets of the village of Jumalyqyzik, protected by UNESCO, and the stone walls of its historic houses]

Сондықтан да, Түркиялық зерттеушілер аталған тақырыпқа ерекше қызығушылық танытады. Осындай жұмыстардың ішінде Түркиялық ғалым А.Гюджанның диссертациялық жұмысының маңызы зор. Ол заманауи кезеңге дейін сақталған тарихи баспаналарды музейлендіру кезеңдеріндегі архитектуралық ерекшеліктерін зерттеуді нысан ретінде алады және оның ішіндегі әртүрлі топтардағы коллекцияларды стратегиялық тұрғыдан басқару шараларын ғылыми тұрғыдан баяндайды. Автор өзінің жұмысында «үй» мен «музей» терминдеріне бөлек анықтама береді. Оның пікірінше үй адамдар мекендейтін күнделікті кеңістік болып анықталады. Ал, музей тарихи нысан және мәдени көпшілікке қолжетімді мекеме. Осыған сай, «музей» және «үй» терминдерін жеке қызығушықты оятатын кабинеттерден тұратын екі объект ретінде анықтайды (Günhan, 2011: 9–13).

Зерттеушінің жұмысы бойынша музей-үйді классификациялаумен оны көрсету кеңістігінің ерекшеліктерін бүгінгі музей-үйлердің бастауы ретінде қарайды. Аталған жұмыста өзекті мәселе «үй» және «музей» болып, олардың көрме жобалау ерекшеліктерінің әртүрлі бағыттарын анықтаған. Үй ешқандай қосымша жабдықталған кабинеттерді талап етпейді, кіреберістен басталып, тұрмыстық бөлмелерді ғана қамтиды, керісінші музей қосымша жабдықталған кеңістікпен бөлмелерден тұрады. Автор, үйді музейлендірген уақытта қандай көрме кеңістігін келушілерге ұсынған дұрыс? – деген сұраққа жауап іздейді. Толығырақ айтқанда, бұрынғы үй баспана қалпында сақталып қалса, музей өз мүмкіндіктерін келушілерге толық көрсете алмайды. Ал, жаңа көрме кеңістігін ұсынса, яғни үйді музей ретіндегі қолданысқа айналдырса, үйдің бөлмелеріне қосымша қызметкерлер отыратын кеңсе, техникалық бөлмелер, дүкен, кафе сияқты функцияларды қосу керек болады. Бурса қаласындағы Ататүріктің аңшылық үйі қазіргі таңда «музей-үй» қызметінен, кеңейтілген музей қызметі басым үй-музейге, мекемелік үйге айналған. Ауласында Бурса қаласының тарихымен таныстыратын ашық аспан астындағы ашық экспозициялық мәтін бағаналар орнатылған. Келушілерге сервистік қызметтер көрсетін ресторан, кафе, демалыс орындары ашылған.



3-сурет. Ашық экспозициялық бағандар, ресторан, кафе қызметтерін қоса алған «Ататүріктің аңшылық үйі» музейі

[Fig. 3. The Atatürk's Hunting House Museum, which includes open exhibition columns, restaurant, and café services]

Көптеген мемориалдық музейлердің аумағының тарлығына байланысты тек «кеңсе» кеңістігін қосумен ғана шектеледі. Алайда, әрбір дамыған музейлерде келушілер мен қызметкерлерінің, өзін музейде жайлы сезінуге жағдай жасалуы керектігі айтылады. Дегенменде, кейбір функциялар кіреберіс бөлме сияқты үй де және музейде де болуы мүмкін, осы функциялардың бір-бірінен айымашылығымен ұқсастықтарын зерттеу жұмысының негізгі мақсаты етіп алумен қатар, ол, осы функциялар бірдей болған жағдайда, қарапайым үйді музейге айналдырған жағдайда, қандай өзгерістерге ұшырайтындығымен қатар, үй мен музейге әсер ететінді. Ожал Огуз, Метин Езги және Ф.Морменекше Анкара қаласында Түркияның дәстүрлі баспананы тұрғызу, оның баспананы тұрғызуда жергілікті табиғатты дәстүрлі пайдалану, дәстүрлі баспананың ландшафтпен үйлесімділігі, дәстүрлі баспананы

келесі ұрпаққа сақтап жеткізудегі халықтық білімдер жүйесін құжаттаған. Дәстүрлі үйлерді қолдану, яғни сонда тұру, тіршілік ету арқылы сақтап, соның негізінде тұтас бір ауылды, тұтас бір қаланың тарихын келбетін сақтау, музейлендіру ісінің маңыздылығын көрсетеді (Oguz Ocal et al., 2007: 160). Ожал Огуз және Туба Салтық авторлығымен жарық көрген «Қалалар және бейнелер» атты кітабы, қалалардағы үйлердің әртүрлі өнер және мәдениет формаларында қалай көрсетілетіндігін баяндап, Түркия тарихындағы ашық аспан астында сақталуын, дәстүрлі үйлердің тарихи мәдени туризм нысаны ретіндегі қызметін сипаттайды (Oguz, Özkan, 2004: 239).

Отандық музей ісінде дәстүрлі баспаналарды «этномузей» бағытында экспозициялайды, соның бірі Түркістандағы «Этноауыл» ашық аспан асты музейі, онда «ашық экспозиция» киіз үйлер типтеріне қарай құрылған. Ал, тұтас бір әкімшілік ауылды «тарихи-мәдени мұра» тізіміне алу тәжірибесі қалыптаспаған, дегенмен күнделікті тұрмыстағы тіршілікті дәстүрлі баспанада (тоқал там, қоржын там, киіз үй) өткізіп, қолданып, сақтап отырған ауылдар қатарында Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Кекірелі, Шопанқазған ауылдық округтерін атауға болады. Бұл аталған ауылдар шартты түрде «архив ауыл» ретінде құжатталған (Этнографиялық экспедиция, 2021-2022).

Қорытынды

Музей-үйлер топтамасы, коллекциялар жинағына қарай жіктелуі туралы ғылыми тұжырымдар, қайшылықты пікірлердің болуы жеке тұлғамен байланысты қалыптасқан музейлерді зерттеудің әлемдік музеология ғылымда және тарих ғылымының «тұлғатану» бағытында өзекті мәселе екенін дәлелдейді. Әлемге немесе мемлекетке танымал тұлғаны мәңгі есте қалдыруда музей-үйлер, ондағы экспозицияның атқаратын қызметі зор. Тарихи тұлғамен байланысты баспананы музейлендіру арқылы, оның өмір жолдарын мұрағаттау, оны насихаттау музейлік туризм бағытын дамытуға да тигізетін әсері зор. Қазіргі заманғы музей ісіне деген өскелең талап музей-үйлерді заманауи ортада қалай жаңа форматта жабдықтауды талқылаудың маңыздылығын көрсетеді. Сонда, тарихи мұраларды сақтайтын орын ғана емес, сонымен қатар, көрермендерге жаңа дәстүрлер мен мәдениетті көрсетудің көмегімен қайталанбас әсерлер тудыратын кеңістік болып жаңа мағынаға ие болады. Музей-үйлерді атқаратын қызметіне қарай «кешенді музей» деп қарауға болады, бұл типтегі музейлер жеке тұлға арқылы мемлекет, қоғам тарихы мен мәдениетін қоса насихаттайды. Музей-үйлердің иесінің өз ұрпағы, отбасы болса да, сол үйдің иесінің халық адамы болуына орай, оның мұрасының мұрагері халық іспетті. Мұрагер халық оның үйін музейге айналдыру арқылы, оның өмірі мен қызметіне құрмет көрсетеді. Алайда, бүгінде музей-үйді тек тарихи дәуірдің көзі немесе немесе атақты адам үйін сақтау деп қарайтын адамдар кездесетіні рас. Сондықтан да музей-үйлер келушіге жақсы әсер қалдыру үшін, оны жаңа бағытта дамытуды көздеген маңызды. Батыс тарихнамашылардың еңбектеріндегі тұжырымдамалар музей-үйлерді танымал етуге, оның бастапқы үй қалпынан, музей-үй қалпына айналдыру тәжірибелерін талдайды. Музей-үйлердің әлемдік музейтану ғылымында зерттеу нысанында болуы, оның музей типінің маңызды бағыты екенін дәлелдейді сонымен қатар, материалдың тарих-мәдени мұраны тұлғалар арқалы көпшілікке насихаттайды.

Отандық музей ісінде «музей-үйлер», «мемориалдық музейлер» топтамасында қарастырылады. Отандық музей үйлердің қызметіне қарай келесідей типтерге бөліп қарастырамыз:

- тұлғаның өмір жолы мен өмірінің барлық кезеңі немесе белгілі бір өмір жылдары (сол баспанада дүниеге келген, нақты бір жылдары тұрған немесе өмірінің соңғы жылдары тұрған) өткен түпнұсқа баспана, экспонаттары тұлғаның өмірімен байланысты шынайы заттардан құралған (Д. Қонаев, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Н. Тілендиев мемориалдық музейлері т.б.);

- тұлғаның өмір жолдары мен қызметіне тиесілі, бірақ экспонаттары жаңадан жинақталған музей ретінде қайта құрылған баспана, тұрғын жайлар («Хан Ордасы» қорық музейіндегі Жәңгір ханмен байланысты музейлік кешендер, т.б.);

- тұлға тұрмаған, бірақ тұлғаны насихаттау мақсатында жаңадан «музей үй» ретінде құрылған мемориалдық музейлер (Ғ.Мұратбаев мемориалдық музейі, Д. Шоқпарұлы музейі, Н.Бекежанов мемориалдық өнер музейі т.б.);

- тұлғаның өмір жолының бір кезеңі өткен, танымал тұлға арқылы ол өмір сүрген кезең, қоғам тарихымен таныстыратын, экспонаттары қайта жабдықталған музейлер (А.Байтұрсынов, І.Жансүгіров музей үйлері т.б.);

- ғимараты «қала құрылысы және сәулет ескерткіші» ретінде қорғауға алынған, бірақ «музей үй» емес басқа мақсатта пайдалануға берілген ашық аспан астындағы баспана үлгілері (Алматы қаласындағы көпес Г. Шахворостовтың үйі, қазіргі – Қазақстан Республикасындағы Америка Құрама Штаттарының консулдығы ғимараты, сәулетші А.П. Зенков, 1890 жыл; көпес М.А. Гавриловтың үйі, сәулетші А.П. Зенков, XX ғасырдың басы, т.б.);

- тұрғындары дәстүрлі баспаналар үлгісін сақтаған, дәстүрлі баспанада тұратын, ашық аспан астындағы «архив ауыл» экспозициясын құрайтын ауылдар (Солтүстік Қызылқұм, Кекірелі, Шопанқазған ауылдық округтері);

- дәстүрлі үйлерді экспозициялайтын «этноауыл» ашық аспан асты музейлері;

- ашық аспан астында сақталған, Республикалық немесе жергілікті маңызы бар ескерткіш ретінде қорғауға алынған, қазіргі кезеңде тұрғындардың қолданысынан шыққан, тарихи дәуірлердегі баспана үлгілері («діни тұрғын-үй» кешендері, «ансамбльдер мен кешендер» санатындағы үйлер).

Музейге айналған тұрғын үйлер немесе музей ретінде қайта құрылған мемориалдық музейлерді атқаратын қызметі мен пайдалануына қарай топтастыру, музей үйлерге жаңа ғылыми нысан ретінде қарауға мүмкіндік береді. Музей үйлерді ғылыми зерттеу нысанына алу отандық музеология ғылымында жаңа бағыт қалыптастырады.

Дереккөздер

АқМБ — Алматы қаласы музейлер бірлестігі

«Хан Ордасы» қорық-музейі — Батыс Қазақстан облыстық Хан Ордасы тарихи-мәдени, архитектуралық-этнографиялық музей-қорығы

Sources

АқМБ — Association of the museums of Almaty

Museum-reserve «Khan Ordasy» — Western Kazakhstan Region the Khan Horde is Historical and Cultural, Architectural and Ethnographic museum-reserve

Әдебиеттер

Алматы музейлер бірлестігі, 2023 — *Алматы қаласы музейлер бірлестігі*. Фотоальбом. Алматы, 2023. 256 с.

Жәнібеков, 1995 — *Жәнібеков Ө. Жолайрықта*. Алматы: Рауан, 1995. 110 б.

Жилище народов Средней Азии и Казахстана, 1982 — *Жилище народов Средней Азии и Казахстана* / Под ред. М. Н. Левина и Л. А. Мошковой. М.: Наука, 1982. 238 с.

Картаева т.б., 2023 — *Картаева Т., Даубаев Е., Алтынбекова Э.* «Хан Ордасы» қорық-музейіндегі құндықты қайта қалпына келтіру тәжірибесі. // Edu.e-history.kz, 2023. Т. 10. № 1. С. 179–194. DOI: 10.51943/2710-3994_2023_33_1_179-193

Қазақтың этнографиялық, 2017 — *Қазақтың этнографиялық* категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 5 томдық. 3-том. Редакторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Әлем Даму интеграция, 2017. 856 б.

Республикалық маңызы бар тарих, 2025 — *Республикалық маңызы бар тарих* және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығы. [Электронный ресурс] // Әділет АҚЖ, 2025. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020397> Қаралған күні: 02.01.2025

Сапанга, 2012 — *Сапанга И. А.* Анализ музейных проблем. Вопросы музеологии, 2012. Т. 1. С. 15–20.

Тарихи-мәдени мұра, 2025 — *Тарихи-мәдени мұра* объектілерін қорғау және пайдалану туралы. 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 288-VI ҚР Заңы [Электронный ресурс] // Әділет АҚЖ, 2025. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000288>. Қаралған күні: 02.01.2025

Ұлттық статистика бюросы, 2025 — *Ұлттық статистика бюросы*. Элеуметтік статистика, 2025. [Электронный ресурс] <https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/stat-culture/publications/157598/> Қаралған күні: 02.01.2025

Этнографиялық экспедиция, 2021–2022 — *Әл-Фараби* атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Археология, этнология және музеология кафедрасының «Солтүстік Қызылқұм: этнографиялық экспедициясы, 2021–2022.

- Gunhan, 2011 — *Gunhan A.* From houses to house museums: Architectural representation of different narrations. METU, 2011. 110 p.
- Hodge, Beranek, 2011 — *Hodge C.J., Beranek C.M.* Dwelling: Transforming narratives at historic house museums. *International Journal of Heritage Studies*, 2011. Vol. 17. No. 2. Pp. 97–101.
- Oguz Ocal et al., 2007 — *Oguz O., Metin E., Mormenekse F.* Geleneksel Mimari. Gazi Üniversitesi Türk Halkbilimi Araştırma ve Uygulama Merkezi (THBMER), 2007. 160 p.
- Oguz, Saltık Ozkan, 2004 — *Oguz M.O., Saltık Ozkan T.* Kentler ve imgeler. Gazi Üniversitesi Fen Edebiyat Fakültesi Gazi Türk Halkbilimi Topluluğu, 2004. 239 p.
- Pavoni, 2001 — *Pavoni R.* Towards a definition and typology of historic house museums. *Museum International*, 2001. Vol. 53. No. 2. Pp. 25–32.
- Pavoni, 2010 — *Pavoni R.* House museums in Italy: New cultural itineraries: Poetry, history, art, architecture, music, arts & crafts, tastes and traditions. Gangemi Editore, 2010. 157 p.
- Pinna, 2001 — *Pinna G.* Introduction to historic house museums. *Museum International*, 2001. Vol. 53. No. 2. Pp. 25–32.
- Spring et al., 2021 — *Spring U., Schimanski J., Aarbakke T.* Transforming Author Museums: From Sites of Pilgrimage to Cultural Hubs. Berghahn Books, 2021. 348 p.
- Tonkin, 2021 — *Tonkin A.C.* Please Remove Your Shoes: Four Case Studies of House Museums. University of Technology Sydney, 2021. 171 p.
- UNESCO world heritage, 2016 — UNESCO world heritage in Turkey, 2016. 452 p.
- Vagnone et al., 2015 — *Vagnone F.D., Ryan D.E., Cothren O.* The Anarchist Guide to Historic House Museums: Evaluation Methodology for Historic House Museums. *The Public Historian*, 2015. Vol. 37. No. 2. Pp. 97–111.
- Walker, Graham, 2000 — *Walker P. C., Graham T.* Directory of historic house museums in the United States. AltaMira Press, 2000. 488 p.
- Young, 2006 — *Young L.* House Museology: Houses as museums in the age of heritage. Demeures Historiques (ICOM), Valletta, Malta, 2006. 11 p.
- Young, 2007 — *Young L.* Is There a Museum in the House? Historic Houses as a Species of Museum. *Museum Management and Curatorship*, 2007. Vol. 22. No. 1. Pp. 59–77.
- Young, 2012 — *Young L.* House museums are not all the same! Understanding motivation to guide conservation. 'The artefact, its context and their narrative' conference, ICOM-Demeures Historiques and ICOM-CC, The Getty Centre, Los Angeles, 2012. 12 p.
- Young, 2018 — *Young L.* Historic house museums. In *A Companion to Public History*. Wiley-Blackwell, 2018. Pp. 321–332.

References

- Almaty kalasy muzeiler, 2023 — *Almaty kalasy muzeiler* birlestigi. Fotoalbum [Association of the museums of Almaty. Photo album]. Almaty: 2023. 256 p. (In Kaz.).
- Etnografialyq ekspeditsiya, 2021–2022 — *Al-Farabi* atyndagy Qazaq Ulıttıq yniuersiteti, Arheologiya, etnologiya jane muzeologiya kafedrasynyn «Soltustik Qyzylqum: etnografialyq ekspeditsiyası, 2021-2022 jıldar. (In Kaz.).
- Gunhan, 2011 — *Gunhan A.* From houses to house museums: Architectural representation of different narrations. METU, 2011. 110 p.
- Hodge, Beranek, 2011 — *Hodge C.J., Beranek C.M.* Dwelling: Transforming narratives at historic house museums. *International Journal of Heritage Studies*, 2011. Vol. 17. No. 2. Pp. 97–101.
- Kartaeva et al., 2023 — *Kartaeva T., Daubaev Ye., Altynbekova E.* «Khan Ordasy» koryk-muzeiindegi kudukty kaita kalpyna keltiru tazhibesi. [The practice of well reconstruction in the “Khan Ordasy” museum-reserve] // *Edu.e-history.kz*. 2023. Vol. 10. No. 1. Pp. 179-194. DOI: 10.51943/2710-3994_2023_33_1_179–193 (In Kaz.).
- Kazaktyn etnografialyq, 2017 — *Kazaktyn etnografialyq* kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhiesi. Enciklopediya. T. 4 [Traditional system of ethnographic categories, concepts and names of Kazakhs. Encyclopedia. Vol. 3. Editer Nursan Alimbay]. Almaty: Alem Damu integrasiya, 2017. 856 p. (In Kaz.).
- Oguz Ocal et al., 2007 — *Oguz O., Metin E., Mormenekse F.* Geleneksel Mimari. Gazi Üniversitesi Türk Halkbilimi Araştırma ve Uygulama Merkezi (THBMER), 2007. 160 p. (In Turk.).
- Oğuz, Saltık Ozkan, 2004 — *Oguz M.O., Saltık Ozkan T.* Kentler ve imgeler. Gazi Üniversitesi Fen Edebiyat Fakültesi Gazi Türk Halkbilimi Topluluğu, 2004. 239 p. (In Turk.).
- Pavoni, 2001 — *Pavoni R.* Towards a definition and typology of historic house museums. *Museum International*, 2001. Vol. 53. No. 2. Pp. 25–32.
- Pavoni, 2010 — *Pavoni R.* House museums in Italy: New cultural itineraries: Poetry, history, art, architecture, music, arts & crafts, tastes and traditions. Gangemi Editore, 2010. 157 p.
- Pinna, 2001 — *Pinna G.* Introduction to historic house museums. *Museum International*, 2001. Vol. 53. No. 2. Pp. 25–32.
- Respublikalyk manyzybar tarikh zhane madeniet eskertkisherinin memlekettik tizimin bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Madeniet zhane sport ministriginin 2020 zhilgy 14 sauirdegi No. 88 buyrygy. [Order of the Minister of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan dated April 14, 2020, No. 88 On approval of the State List of Historical and Cultural Monuments of Republican Significance]. [Elektronny resurs] / Adilet» AKZH. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020397> (Date: 14.02.2025) (In Kaz.).

- Sapanga, I.A. 2012 — *Sapanga I.A.* Analiz muzeinykh problem. [Analysis of museum problems]. Voprosy muzeologii. 2012. T.1, Pp. 15–20. (In Russ.).
- Spring et al., 2021 — *Spring U., Schimanski J., Aarbakke T.* Transforming Author Museums: From Sites of Pilgrimage to Cultural Hubs. Berghahn Books, 2021. 348 p.
- Tarikh-madeni mura obektlerin, 2025 — *Tarikh-madeni mura obektlerin* korghau zhane paidalanu turaly Kazakstan Respublikasynin 2019 zhilgy 26 zheltoksandagy No 288 Zany [On the protection and use of historical and cultural heritage sites. Law of the Republic of Kazakhstan dated December 26, 2019, No. 288-VI]. [Elektronny resurs] / «Adilet» AKZH. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000288> Date: 14.02.2025. (In Kaz.).
- Tonkin, 2021 — *Tonkin A.C.* Please Remove Your Shoes: Four Case Studies of House Museums. University of Technology Sydney, 2021. 171 p.
- Uttuk statistika byurosy, 2025 — *Uttuk statistika byurosy.* Aleumettik statistika. статистика [National Bureau of Statistics. Social statistics]. [Elektronny resurs] URL:<https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/stat-culture/publications/157598/> Date: 14.02.2025. (In Kaz.).
- UNESCO world heritage, 2016 — UNESCO world heritage in Turkey. 2016. 452 p.
- Vagnone et al., 2015 — *Vagnone F.D., Ryan D.E., Cothren O.* The Anarchist Guide to Historic House Museums: Evaluation Methodology for Historic House Museums. *The Public Historian*, 2015. Vol. 37. No. 2. Pp. 97–111.
- Walker, Graham, 2000 — *Walker P.C., Graham T.* Directory of historic house museums in the United States. AltaMira Press, 2000. 488 p.
- Young, 2006 — *Young L.* House Museology: Houses as museums in the age of heritage. Demeures Historiques (ICOM), Valletta, Malta, 2006. 11 p.
- Young, 2007 — *Young L.* Is There a Museum in the House? Historic Houses as a Species of Museum. *Museum Management and Curatorship*, 2007. Vol. 22. No. 1. Pp. 59–77.
- Young, 2012 — *Young L.* House museums are not all the same! Understanding motivation to guide conservation. Paper presented at 'The artefact, its context and their narrative' conference, ICOM-Demeures Historiques and ICOM-CC, The Getty Centre, Los Angeles, 2012. 12 p.
- Young, 2018 — *Young L.* Historic house museums. In *A Companion to Public History*. Wiley-Blackwell, 2018. Pp. 321–332.
- Zhanibekov, 1995 — *Zhanibekov O.* Zholairykta [At the intersection of roads]. Almaty: Rauan, 1995. 110 p. (In Kaz.).
- Zhilishche narodov Srednei Azii, 1982 — *Zhilishche narodov Srednei Azii i Kazakhstana* / Pod red. Levina M.N. i Moshkovoi. L.A. M.: Nauka, 1982. 238 p. (In Russ.).

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
 Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 12. Is. 1, pp. 232-249, 2025
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_1_232-249

“FROM SPECIAL COMMISSION TO SPECIAL COMMISSION”: FROM THE HISTORY OF THE RETURN OF KAZAKH REFUGEES FROM CHINA (1924–1926)

Yerkin Stamshalov¹

¹Al-Farabi Kazakh National University
 (71, Al-Farabi Ave., 050040 Almaty, Republic of Kazakhstan)
 Master of Humanities
 <https://orcid.org/0000-0003-4663-6349>. E-mail: kun2013@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025
 © Stamshalov Ye., 2025


Abstract. *Introduction.* The return of Kazakh peasants forced to flee to China because of the national liberation uprising in Turkestan and persecution in the first years of Bolshevik power was carried out within the framework of the structures of special commissions of the Soviet model. *Goals and objectives of the article.* To highlight the nature, significance and mechanism of the work in 1924–1926 on the re-evacuation of the population of the Zhetysu region, especially affected by the refugee movement. The *objective* of the study is to systematize and evaluate the progress of the work on the return of Kazakh refugees to their homeland and the activities of the members of the special commission. *Results.* In the process of deploying the transfer of the Zhetysu and Syr Darya, the so-called Turkestan regions from the Turkestan Autonomous Republic to the Kazakh Autonomous Republic, the former special commission on the return and resettlement of refugees under the TurkCEC and the Turksov People's Commissariat ceased to exist. By the end of 1925, another special commission began to deal with the issue of Kazakh refugees - the special commission on land management in the Turkestan regions of Kazakhstan and the Kirghiz Autonomous Region under the All-Russian Central Executive Committee. Created in the center, as an emissary body, this structure, in addition to land management issues in the region that became part of Kazakhstan, dealt with the refugee issue and set itself the task of a “radical solution” to the re-evacuation issue. Having reviewed the activities of the previous special commissions created under the government structures of the Republic of Turkestan and the Kazakh ASSR, the new commission, which ensured the priority of the People's Commissariat of Foreign Affairs and a special commission from the center in the issue of re-evacuation of Kazakhs-Kirghiz, determined the composition, number of refugees and the amount of assistance to be provided to re-emigrants from Western China. *Conclusion.* The transfer of the solution to the issue of the return of refugees in the Zhetysu region, which became part of Kazakhstan from the Turkestan ASSR, from the local special commission to the special commission on land management, created under the All-Russian Central Executive Committee, was carried out within the framework of the policy of management and regulation of labor immigration, emigration and re-emigration to the USSR. The special commission, headed by M. Serafimov, which dealt with the issue of land management in the Turkestan regions of Kazakhstan and Kirghizia, was dissolved in September 1926 due to the tension of the interethnic situation in the region and the discontent of local national personnel, and the issue of refugees was again transferred to the authority of the agricultural agency of the Kazakh ASSR.

Keywords: Re-evacuation of refugees, re-emigrants, food points, land management, quarantine and security zone

For citation: Stamshalov Ye. “From special commission to special commission”: from the history of the return of kazakh refugees from China (1924–1926) // Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”. 2025. Vol. 12. No. 1. Pp. 232–249. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_232-249

«ЕРЕКШЕ КОМИССИЯДАН» «ЕРЕКШЕ КОМИССИЯҒА»: ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫН ҚАЙТАРУ ТАРИХЫНАН (1924–1926)

Еркін Иманғазыұлы Стамшалов¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(71-үй, Әл-Фараби даңғ., 050040, Алматы, Қазақстан Республикасы)
Гуманитарлық ғылымдар магистрі
 <https://orcid.org/0000-0003-4663-6349>. E-mail: kun2013@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Стамшалов Е.И., 2025


Аңдатпа. *Kіріспе.* Түркістандағы ұлт-азаттық көтеріліс салдарынан және большевиктер билігінің алғашқы жылдарындағы қуғын-сүргіннен Қытай жеріне босып кетуге мәжбүр болған қазақ шаруаларын қайтару кеңестік ерекше комиссиялар аясында жүзеге асырылды. Мақаланың *мақсаты мен міндеттері.* 1924–1926 жылдарда босқыншылыққа айрықша ұшыраған Жетісу өңірінің халқын қайтару бойынша жұмыстардың сипатын, маңызын, механизмін саралау. Зерттеудің міндеті қазақ босқындарын туған мекеніне қайтару жұмыстарының барысын, қатысқан тұлғалар қызметін жүйелеу және бағалау. *Нәтижелер.* Жетісу мен Сырдария облыстарының Түркістан автономиялық республикасы құрамынан Қазақ автономиялық республикасына берілуі жағдайында Түркістан ОАК мен халық комиссарлары кеңесіне қараған босқындарды қайтару және орналастырумен айналысатын бұрынғы ерекше комиссия өз қызметін тоқтатты. 1925 жылдың аяғына қарай босқындар мәселесімен басқа бір ерекше комиссия – Қазақстанның Түркістандық облыстары және Қырғыз автономиялық облысында жерге орналастыру ерекше комиссиясы айналыса бастады. Орталықтан құрылған эмиссарлық сипаттағы орган босқындар мәселесін Түркістан АССР-і құрамынан Қазақстан құрамына кірген өңірдегі жерге орналастыру мәселесімен қоса айналысып, өз алдына босқындар мәселесін «түбегейлі шешу» міндетін қойды. Түркістан республикасы, Қазақ АССРі үкіметтік құрылымдары жанынан құрылған ерекше комиссиялар қызметін қайта тексеру арқылы қазақ-қырғыздардың реэвакуациясы мәселесінде сыртқы істер халық комиссариаты мен орталықтан келген ерекше комиссиясының басымдығын қамтамасыз еткен жаңа комиссия Батыс Қытайдан қайтарылуға тиіс халық құрамын, санын, көрсетілуге тиісті көмек мөлшерін анықтады. *Қорытынды.* Түркістан АКСР-нен Қазақстанға қосылған Жетісу облысында босқындарды қайтару мәселесін шешу жергілікті ерекше комиссиядан БОАК жанынан құрылған жерге орналастыру бойынша ерекше комиссиясы құзырына берілуі КСРО-дағы еңбек имиграциясы, эмиграциясы және реэмиграциясын басқару мен реттеу саясаты аясында жүзеге асты. Қазақстан мен Қырғызстанның Түркістандық облыстарындағы жерге орналастыру мәселесімен айналысқан М. Серафимов басқарған ерекше комиссия өңірдегі ұлтаралық жағдайды шиеленісуіне алып келіп, жергілікті ұлттық кадрлардың наразылығын туғызуы салдарынан 1926 жылдың қыркүйегінде жойылуы, босқындар мәселесінің Қазақ АССР жер органдарына қайтадан берілді.

Түйін сөздер: Босқындар реэвакуациясы, реэмигранттар, тамақтандыру пункттері, жерге орналастыру, күзет-карантиндік белдеу

Дәйексөз үшін: Стамшалов Е.И. «Ерекше комиссиядан» «ерекше комиссияға»: Қытайдағы қазақ босқындарын қайтару тарихынан (1924–1926) // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2025. Т. 12. № 1. 232–249 бб. (Қазақш.).
DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_232-249

«ОТ ОСОБОЙ КОМИССИИ К ОСОБУЮ КОМИССИЮ»: ИЗ ИСТОРИИ ВОЗВРАЩЕНИЯ КАЗАХСКИХ БЕЖЕНЦЕВ ИЗ КИТАЯ (1924–1926)

Еркин Имангазиевич Стамшалов¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(71, просп. Аль-Фараби, 050040 Алматы, Республика Казахстан)
 <https://orcid.org/0000-0003-4663-6349>. E-mail: kun2013@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025
© Стамшалов Е.И., 2025

Аннотация. *Введение.* Возвращение казахских крестьян, вынужденных бежать в Китай из-за национально-освободительного восстания в Туркестане и гонений в первые годы большевистской власти, осуществлялось в рамках структур особых комиссий советского образца. *Цель и задачи статьи.* Выделения характера, значения и механизма работы 1924–1926 годах по реэвакуации населения Жетысуйского региона, особенно пострадавшего от беженства. Задача исследования – систематизировать и оценить ход работы по возвращению казахских беженцев на Родину и деятельность членов особой комиссии. *Результаты.* В процессе развертывания передачи Жетысуйского и Сырдарьинского, так называемого Туркестанских областей из состава Туркестанской Автономной Республики в состав Казахской Автономной Республики прежняя особая комиссия по вопросам возвращения и расселения беженцев при ТуркЦИКе и Турксовнаркоме прекратила свое существования. К концу 1925 года вопросом казахских беженцев стала заниматься другая особая комиссия – особая комиссия по землеустройству в Туркестанских областях Казахстана и Киргизской автономной области при ВЦИК. Созданный в центре, в качестве эмиссарского органа это структура, помимо вопросов землеустройства в вошедшей в состав Казахстана региона, занималась вопросом беженцев и ставила перед собой задачу «коренного решения» вопроса по реэвакуации. Пересмотрев деятельность прежних особых комиссий, созданных при правительственных структурах Республики Туркестана и Казахской АССР, новая комиссия, обеспечившая приоритет наркомата иностранных дел и специальной комиссии из центра в вопросе реэвакуации казахов-киргизов, определила состав, численность беженцев и объем помощи, подлежащей оказанию реэмигрантам из Западного Китая. *Заключение.* Передача решение вопроса возвращения беженцев в Жетысуйской области, вошедшей в состав Казахстана из Туркестанской АССР из местной особой комиссии в особую комиссию по землеустройству, созданную при ВЦИК, осуществлялось в рамках политики управления и регулирования трудовой иммиграции, эмиграции и реэмиграции в СССР. Особая комиссия, возглавляемая М. Серафимовым занимавшаяся вопросом землеустройства в Туркестанских областях Казахстана и Киргизии, была распущена в сентябре 1926 года из-за напряженности межэтнической ситуации в регионе и недовольства местных национальных кадров, а вопрос беженцев вновь был передан в ведение органа земледелия Казахской АССР.

Ключевые слова: Реэвакуация беженцев, реэмигранты, пункты питания, землеустройство, карантинно-охранная зона

Для цитирования: Стамшалов Е.И. «От особой комиссии к особую комиссию»: из истории возвращения казахских беженцев из Китая (1924–1926) // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2025. Т. 12. № 1. С. 232–249. (На Каз.).
DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_1_232-249

Кіріспе

XX ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ босқындарының Қытайдан реэвакуациясы тақырыбы Қазақстанның кеңестік кезеңіндегі аз зерттелген тақырыптардың бірі саналады. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс салдарынан, 1918 жылдағы Түркістанда кеңес өкіметін орнату кезеңіндегі азаматтық соғыс жылдарыда аштық пен зорлық-зомбылықтан қашып Батыс Қытайды паналаған мыңдаған қазақ босқындарының тағдыры жүйелі талдауды қажет ететін тақырып.

XX ғасырдың бірінші ширегінде босқындарды тарихи Отанына қайтару мен орналастыру бағытында кеңестік үлгідегі бірнеше ерекше комиссиялар жұмыс істеді. Ерекше комиссиялардың мәртебесі мен құзыреті большевиктік биліктің босқындар мәселесіне қатысты ұстанымының түрленуіне тәуелді болды. КСРО-ның Орта Азия аумағындағы территориялық межелеу жұмыстары жүргізіле бастауы босқындар мәселесін шешу бағытындағы қаржыландыру мөлшерін кемітіп, жергілікті босқындар жөніндегі ерекше комиссиялар жұмысын тоқтату қауіпі туды.

Ұсынылып отырған мақалада Қытайдан қазақ босқындарын қайтару процесінің жергілікті ерекше комиссиялар құзырынан тыс КСРО-ның жоғары заң шығарушы билік құрылымы БОАК тарапынан эмиссарлық орган – жаңа ерекше комиссия қарауына өту тарихы жан-жақты талданып отыр.

Материалдар мен әдістер

Жаңа тарихи жағдайда Қытайдағы қазақ босқындарының реэвакуациясы тарихының эволюциясын айқындау, зерттеу нысанын анықтау үшін тарих ғылымындағы салыстыру, болжам жасау, сараптау сияқты тәсілдер пайдаланылды. Босқындар реэвакуациясы үдерісіндегі олардың қабылдаушы социумда қауымдасып өмір сүру кезіндегі топ ретіндегі сипаттамасын көрсету үшін дескриптивті тәсіл пайдаланылды. Бұл әдістің өзі Қытайдан қайта оралушы қазақ шаруаларының қауымдасқан тұрмыс-тіршілігін саралауға жәрдемдеседі. Сонымен қатар реэмигранттық топтардың туған мекеніне қайтуы барысын құрылымдық функционалдық тұрғыда саралаудың да маңызы зор. Босқындардың біртұтас кеңістікте өзара әрекеттесу арқылы өмір кешетін әрқилы жүйедегі құрылымдардың үйлесімінде жүзеге асқандықтан, бұл тәсіл арқылы реэвакуация барысындағы тіршілік дағдылары сарапталды. Жалпылай алғанда, әдістерінің плюрализміне басымдық берілді.

Төмендегі мақаланы дайындау кезінде босқындардың Батыс Қытайдан реэвакуациясына қатысты мемлекеттік құрылымдар құжаттары сақталған өңірлік, орталық және шетелдік архивтер материалдары пайдаланылды. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (ҚРОМА) (Алматы қ.) 938: «БОАК-нің Қазақ ССР Түркістан облысы және Қара-қырғыз автономиялық облысында жерге орналастыру жөніндегі ерекше комиссиясы», 74: Қазақ АССР-і жер өңдеу халық комиссариаты сияқты қорларының деректері ғылыми айналымға енгізілді. Сонымен қатар ғылыми зерттеуде Жетісу облысының мемлекеттік архивінің (Талдықорған қ.) (ЖОМА) 751: Лепсі уездік атқару комитетінің Қытайдан қайтқан босқындарды орналастыру жөніндегі ерекше комиссиясы (1920–1926) қоры, Алматы облыстық мемлекеттік архивінің (Қарасай ауданы, Алмалыбақ ауылы) (АОМА) 489: Жұмысшы, қызыл әскер, шаруа және мұсылман депутаттары кеңесі Жетісу облыстық, қалалық атқару комитеті қоры құжаттары қолданылды. Қазақ босқындары реэмиграциясына қатысты маңызды деректер Ресей Федерациясы архивтерінде қордаланған. Ұсынылып отырған мақаланы жазу барысында Ресейдің әлеуметтік-саяси тарихының мемлекеттік архивінен (РФ, Москва қ.) (РЭСТМА) 17: БКП (б) орталық комитеті қоры деректері пайдаланылды. Пайдаланылған архив құжаттары кеңестік ерекше комиссиялардың нұсқаулары, басқарушы және бағынышты мекемелер хат-хабарлары, сараптама материалдар және қаржылық есеп-қисап деректерін құрайды.

Талқылау

Ішіне босқындар да кіретін қазақ шаруаларына жер бөліп беруге бағытталған жер-су реформасы негізінен бұрынғы қоныс аудару бойынша чиновниктерден тұрған жергілікті жер органдарының үнсіз қарсыласуынан салдарынан іске аспай қалғаны туралы Ж. Қыдыралинаның еңбегінде айтылған (Қыдыралина, 2009: 65) Қытайтанушы Н. Мұхаметханұлы өз зерттеуінде Қытай тарихының республикалық кезеңі саналатын 1912–1949 жылдар аралығында Синьцзянь билігінде милитаристік генерал-губернаторлар болғанын атап көрсеткен (Мұхаметханұлы, 2021: 65). Тарихшы Б. Ж. Атанатаеваның еңбегінде: «1920 жылдардан бастап Кеңес өкіметі Қытайдан 1916 жылдардағы оқиғаларға орай қашып кеткен босқындарды қайтаруға, қабылдауға көңіл бөліп, оларға қарсы ешқандай жазалау шараларын жүргізбеуге міндеттеніп, оларды жаңа мекендерінде орналастырып, мал-мүлкін қайтарып берді» - деп атап өтеді. Алайда, тарихшы қайта оралған иммигранттардың болжамды санын анықтау архив деректерінің әрқилылығына орай мүмкін емес екендігін баса көрсеткен (Атанатаева, 2008: 28).

XX ғасырдың 20-жылдарындағы Қытайдан оралушы репатрианттар статистикасының қарама-қайшылықты түрде екенін миграциялық үдерістерді зерттеген Ресейлік тарихшы Н.Н. Аблажей атап көрсеткен (Аблажей, 2014: 31). Зерттеуші Ресей Федерациясы сыртқы саясат архивіне сілтеме жасай отырып, КСРО НКВД-тің (Сыртқы істер халық комиссариаты) Құлжадағы консулдығының мәліметі бойынша 1921–1927 жылдар аралығында Синьцзянның Іле округінен өздерінің бұрынғы мекендеріне 17 373 адамнан кем емес мөлшерде босқындар оралғанын көрсеткен. Н. Аблажей Батыс Қытайдың Іле округінде көрсетілген кезде әлі де 2630 босқындар жанұясы қалғанын атап өтеді (Аблажей, 2014: 31).

XX ғасырдың 20-жылдарындағы КСРО-дағы еңбек реэмиграциясы тарихының маманы М. Галас елдегі еңбек миграциясы саясаты экономикалық тиімділік пен әлеуметтік-таптық ерекшелік принципі негізінде жүзеге асырылғанын сипаттайды (Галас, 2011). Қытайдың батыс бөлігіндегі түрік және басқа мұсылман халықтардың КСРО-ның шекаралас жатқан республикаларына тартылуы көшпелі халықтарға қатысты кеңестік саясатты жеке талдаған тарихшы Ф.Л. Сенициннің еңбегінде талданған (Сеницын, 2019).

Ресей тарихшысы В. А. Бармин 1924 жылдың 31 мамырында Қытай Республикасы мен КСРО арасындағы «КСР Одағы мен Қытай Республикасы арасындағы мәселелерді реттеудің жалпы принциптері туралы келісімге» қол қойылғанынан кейін Үрімжі, Қашқар, Құлжа, Шәуешек және Алтайда КСРО консулдықтары, Ташкент, Алматы, Семей, Зайсан және Әндіжанда қытай консулдықтары ашылғанын көрсеткен (Бармин, 1998:70). Синьцзян мен Ресейдің экономикалық әрі саяси байланыстарын қарастырған тағы бір ресейлік зерттеуші Т.А. Шаметованың монографиясында екіжақты шекара саудасы терең талданған. Тарихшының зерттеуі Синьцзян-Ресей қарым-қатынастарының экономикалық аспектісіне басымдық бере отырып, тараптардың саяси байланыстарын да назарда ұстағанымен құнды (Шаметова, 2024).

Ал қырғызстандық тарихшы Д.М. Будянскийдің зерттеуінде Түркістан ОАК қарасты босқында жөніндегі ерекше комиссия қызметі біршама жете зерттелгенімен, БОАК жанынан Түркістандық қазақ-қырғыз облыстарында жерге орналастыру бойынша М. Серафимов басқарған ерекше комиссияның босқындар проблемасын шешу бағытындағы қызметі қарастырылмаған (Будянский, 2007).

Синьцзян өлкесінің Шәуешек аумағында орыс эмигрантының отбасында туған В.И. Петровтың естелігі автордың өмірбаянымен үйлесе баяндалуымен құнды (Петров, 2003). Тәжікстандық тарихшы К.Н. Абдуллаевтың іргелі зерттеуінде Синьцзяннан босқындардың қайтуы жайы талданған (Абдуллаев, 2009). К.Н. Абдуллаев Синьцзянь билігінде Ян-Цзень-Синь болған 1918–1928 жылдар аралығында Қытай тарабы ең алдымен орыстардың кеңестік биліктің рахымшылық жасауының аясында Отанына оралуларына мүдделі болғанын көрсеткен. БОАК 1924 жылдың 9 маусымында қабылдаған арнайы қаулысымен унтер офицерден жоғары емес ақгвардияшыл әскерилерге рахымшылық жарияланды. К.Н. Абдуллаев ресейлік зерттеуші Е. Комиссарованың дерегіне сүйене отырып, 1921 жыл мен

1927 жыл аралығында Синьцзяннан Россияға 17373 адам ресми рұқсат негізінде, осы санға шамалас адам бейресми жолмен оралғанын көрсеткен (Абдуллаев, 2009:510). Кезең бойынша архив құжаттары бұл сандық мәліметтердің тым төмендетіліп көрсетілгенін көрсетіп отыр.

Батыс тарихшыларының арасынан қырғи қабақ соғыс кезеңінің өзінде социалистік лагерде жарық көрген румын тарихшысы Кзгелди Каролидің еңбегінің өзгешелік болғанын атап өту керек (Czegledy, 1969). Ал Қытай тарихының Республикалық дәуіріндегі Орта Азия мұсылмандары жағдайын қамтыған толыққанды зерттеу жүргізген ағылшын тарихшысы Эндрю Форбсты ерекше атап көрсетуге болады (Forbes, 1986).

Соңғы жылдары зерттеу тақырыбына қатысты деректер қоры саяси Қазақстан Республикасының Президентінің бастамасымен құрылып қыруар жұмыс атқарған саяси қуғын-сүргін құрбандарды толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссиясының материалдары түрінде жарық көрген реэмиграция тақырыбын арқау еткен құжаттар жинақтарымен толықты (Саяси қуғын-сүргін құрбандарын, 2022; Саяси қуғын-сүргін құрбандарын, 2022-1). Көрсетілген құжаттар мен материалдар жинақтарында 1924–1926 жылдарға қатысты деректер кездеседі. Алайда, жинақтарда саяси қуғын-сүргінді көрсететін құжаттарды жинақтап жариялауға басымдық берілгендіктен, ерекше комиссиялар тарихын көрсететін деректер ішінара берілген.

Нәтижелер

Түркістан АССР-і Орталық атқару комитеті тарапынан Жетісуға, туып-өскен мекеніне оралған босқындарды қамтамасыз ету бойынша жұмыстардың тығырыққа тірелгені туралы мәліметтер 1924 жылдың басында түсе бастады. 1924 жылдың 3 наурызында Жетісу облыстық атқару комитеті төрағасына облыстық босқындарды орналастыру жөніндегі комиссия төрағасының қатынас хатында облысқа қарасты Лепсі уездік босқындар жөніндегі комиссиясы бұрынғы құрамы шалағайлығына орай дайындау кеңсесінен 10586 пұд бидай түспей, комиссия ешқандай астықсыз қалғаны көрсетілген. Қалыптасып отырған жағдай 1924 жылдың 31 қаңтарында облыстық босқындар жөніндегі комиссия уездік комиссияның барлық қызметіне тексеру жүргізуді шешкен. Жетісу облыстық босқындар комиссиясы төрағасының міндетін атқарушы Янгулатов 1924 жылдың 3 наурызындағы облыстық атқару комитетін ТуркОАК алдына Лепсі уездік комиссиясына берілмей қалған 1058 пұд 35 фунт бидайды қайтадан бөлуді сұраған. (АОМА 489 қор, 1-тізім, 771-іс, 17, 17(а)-парақтар) Жетісу облыстық партия комитеті 1924 жылдың 12 ақпанында ТКП орталық комитетіне облкомның қаулысы негізінде Қытайдан келген босқындарды өткен 1923 жылы келген ауыл шаруашылық салығынан босатуды «табанды түрде» сұраған. (АОМА 489 қор, 1-тізім, 771-іс, 1-парақ). 1924 жылы Жетісу облыстық реэвакуация комиссиясы 18690 сом алтын бөлді (Будянский, 2007: 179).

Сыртқы істер халкомы босқындар мәселесінің саяси сипатын назардан шығарған жоқ. ОГПУ-дің Орта Азия тұрақты өкілдігінің басшысы Бельскийге 1924 жылдың 9 желтоқсанында жолданған № 3707 НКВД-тің Орта Азиядағы агенті Германның хатында: «1916 жылы, азамат соғысы жылдарында Жетісудан Батыс Қытайға қашқан қырғыз (қазақ), дүнген және басқа да халықтарды КСРО-ға өткізу мәселесіне... қатысты босқындарды қашқан мерзіміне байланысты категорияларға бөлуге ешқандай негіз жоқ» - деп көрсеткен. Германның пайымдауынша 1918 жылдар және одан кейінгі уақыттағы азамат соғысы шарпыған аймақтардағы халықтың ауа көшуінің себептері бірдей болғандықтан, оларды бірін бірінен айрықша қарастырудың себебі жоқ. Сол себептен «НКВД агенттігі барлық қырғыздарды (қазақтарды) қайтаруға ешқандай кедергі жоқ деп санайтыны» көрсетілді (ЖОМА 751-қор, 1-тізім, 78-іс, 2-парақ). Хатта Кеңес өкіметіне қарсы ақ армия немесе басқа да жаулардың сапында белсенді әрекет еткен жекелеген тұлғалар мен топтарды кері өткізбей ұстап қалуға байланысты шаралар өткізу пункттерінде атқарылып жатқаны баяндалған. Қытайдан босқындарды қайтаруға байланысты Кеңес үкіметі шығындары тек қазақ (қырғыз) босқындарға ғана емес, дүнген, тараншылар үшін де жұмсалып жатқаны айтылады (ЖОМА 751-қор, 1-тізім, 78-іс, 2 (а)-парақ).

Босқындар мәселесіне қатысы бар мемлекеттік құрылымдардың реэмигранттар тағдырына мән беріп, үдерістің ішкі мәселелерін түсінуі әртүрлі деңгейде болды. Ерекше комиссия мен оның құрылымдық бөлімшелерінің басшылық құрам үнемі өзгеріп отырды. 1924 жылдың 21 қыркүйегінде Түркістан коммунистік партиясы Жетісу обкомы секретариатының мәжілісінде бұған дейін босқындар комиссиясы төрағасы қызметін атқарған Киссевтің «бақылау комиссиясы мен жұмысшы-шаруа инспекциясы бағытындағы жұмысының көптігіне орай» босқындар бойынша комиссия басшылығынан босату туралы өтінішін қарап, оның орнына Ы. Көшкіновты тағайындауға шешім шығарылды (Шілдебай, Оразов, 2022: 57). Араға ай өтпестен Ы. Көшкінов комиссия құрамында мүше ретінде қалдырылып, комиссияға төрағалыққа Айдарбеков тағайындалды.

Босқындар бойынша уездік комиссиялардың жұмысы жіті қадағаланып, олар түрлі тексерулердің объектісі болды. 1924 жылдың 20 қазанында Жетісу облыстық босқындарды Қытайдан реэвакуациялау және орналастыру жөніндегі комиссия мәжілісінде оның төрағасы Айдарбеков, мүшелері Ы. Көшкінов, Әлімбаев, Ерохина, хатшысы Сафаровтар қатысқан мәжілісте Жаркент және Қарақол уездік босқындар комиссияларына жүргізілген тексеру нәтижелері туралы облыстық комиссия мүшесі Ступниковтың жазбаша баяндамасы тыңдалды. Осы мәжілістің № 10 хаттамасына сәйкес орталық босқындарды реэвакуациялау және орналастыру жөніндегі комиссиядан Қытайдан босқындарды қайтару жұмыстарына 80 000 сом қаржы бөлу сұралды. Хаттаманың екінші пунктінде босқындарға заттай көмек беруді тоқтату, азық-түлік пен заттардың босқындар уездік комиссиясындағы қорын дереу саудаға шығарып, түскен қаржыны уездік комиссияның ағымдағы есебіне беру шешілді. Мемлекеттік несиеден жұмсалмай қалған 2592 сом қаржы 1924–1925 жылдар есебінде қалдыру сұралды (ЖОМА 751-қор, 1-тізім, 79-іс, 1-парақ).

1925 жылдың басында Жетісу губерниялық босқындарды реэвакуациялау және орналастыру комиссиясы төрағасы Ы. Көшкіновтің комиссияның құрылымдық бөлімшелеріне құпия қатынас хатында босқындардың атамекеніне оралуы көктем мезгілінде жанданатыны ескертілді. 1925 жылдың 21 қаңтарындағы бұл құпия хатта жергілікті босқындар жөніндегі құрылымдардың губерниялық босқындар комиссиясымен байланысын жандандыру, тіркелген босқындар туралы мәліметті ай сайын жолдап тұру тапсырылды. Губерниялық комиссияның сандаған бұйрық-нұсқауларына қарамастан, Лепсі комиссиясы ешқандай есеп бермегені сыналды. Ы. Көшкіновтің хатында: «Қытай аумағында қазір отанына жетуге жанталаса ұмтылып отырғандар ең кедей босқындар, Кеңестік республика азаматтары қалғаны» баса көрсетілді (ЖОМА 751-қор, 1-тізім, 79-іс, 25-парақ). Босқындарды әлеуметтік тегі, ауа көшу себептеріне қарай қабылдау, көмек беру туралы тапсырма губерниялық босқындар комиссиясы тарапынан да беріліп тұрды. 1925 жылдың тамыз айының шамамен 27-де өткен мәжілісінде «басмашылардан қашқан Өзбек Республикасының Жетісу губерниясы арқылы Ферғанаға бара жатқан сарттарға қаржылық көмек беру» туралы мәселе қаралады. Бұл мәселе жөнінде босқындар комиссиясының қабылдаған қаулысында: «Жол шығыны, тәулік ақы, бір мәрте жәрдемақы берілмесін. Жәрдемақы тек қана 1916 жылғы қырғыз-қазақ көтерілісінен қашқан босқындарға берілсін. Ал 1918 жылғы босқындар бойынша ауқатты бай және жайсыз элементтер болмауы үшін комиссия арнайы сүзгіден өткізсін» - делінген (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 51-іс, 47, 47(а)-парақтар).

Қытайдан келуші босқындарды орналастыру жөніндегі Лепсі уездік комиссиясы баяндамасына сәйкес 1925 жылы Мақаншы болысына қарасты Еміл ауылына 55 түтін босқындар келіп орналасқан. Уездік атқару комитеті президиумының 1925 жылдың 28 шілдедегі № 41 хаттамасына сәйкес, Қытайдың Тарбағатай өлкесінен 1200, Іле аймағынан 1000 шаруашылықтар бойынша босқындарды сатып алу үшін Мұхаметжановты жіберу туралы губерниялық партия комитеті мен босқындар жөніндегі комитетіне ұсыныс жолданған. Алайда, аталған хатқа 1925 жылдың 27 тамызында жауап қайтарған губерниялық босқындар жөніндегі комитет жауабында: «Қытайдағы босқындарды реэвакуациялаумен КСРО консулдығы айналысатындықтан, Мұхаметжанов жолдасты Қытайға жіберуден бас тартылсын» - делінеді (ЖОМА 751-қор, 1-тізім, 69-іс, 1-парақ). Көріп

Кеңестік саяси органдар босқындарды категорияларға бөлмеу туралы ұстанымы ортақ болғанымен, босқындарға таптық көзқарас туралы нұсқаулар болмай қалмады. 1925 жылдың 26 тамызындағы облыстық босқындар комиссиясы төрағасы Бусаков қол қойған № 259 циркуляр хатында «босқындар жөніндегі комиссияның жергілікті органдары тарапынан түсіп жатқан материалдарға сәйкес Қытайға өз шаруаларымен өтіп кеткен босқын категориясына жатпайтын қашқындарға көмек көрсетудің көптеген фактілері анықталғанына байланысты босқындарға көмек беруге қатаң қарап, бұрын шығарылған бұйрықтарды басшылыққа алу» тапсырылды. Осы нұсқауда босқындарға арналған көмекті 1916 және 1918 жылдардағы көтерілістер қатысушыларына ғана көрсету керектігі баса айтылды. Сондай-ақ, 1918 жылдарда Отанынан кетушілерді босқындар комиссия тарапынан тиянақты сүзгіден өткізіп, бай және жау элементтер еніп кетпеуін қадағалай тапсырылды. «Жағымсыз элементтер» ГПУ комендатурасына баруға міндетті болды (ЖОМА 751-қор, 1-тізім, 78-іс, 11-парақ).

Қытайдағы кеңестік консулдық өкілдері Қытай өкіметінің босқындардың Кеңестер еліне реэвакуациясына үнсіз қарсылық жасап отырғанын да атап көрсеткен. 1925 жылдың 10 қазандағы Шәуешектегі консулдың күнделігінде босқындардың кері қайтарылуының үш себебі, әуелі реэвакуацияға қажетті қаржының болмауы, екіншісі консулдардың арасында реэвакуацияның бірыңғай жүйесі келісілмеуі, үшінші, ең басты себеп, босқындарға рұқсатнама бергісі келмей тұрған «қытай өкімет орындарының баяу қарсылығы» екенін көрсеткен. Консулдың пікірінше қазақ-қырғыз кедейлерін қытай чиновниктерімен қатар мұндағы ауқатты тұрғындардың экономикалық жағынан қанауы реэвакуацияның басты кедергісі болған (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 28-парақ).

1925 жылдың 8 қыркүйегінде РСФСР халкомкеңесінің мәжілісінде жерге орналастыру жөніндегі БОАК ерекше комиссиясының өкілі Оболенскийдің Қытайдан реэмигранттарды қайтару және орналастыру мақсатында 602 310 сом бөлу туралы ұсынысына байланысты резервтік қордан бұл мақсатта 1925-1926 бюджеттік жылға 100000 сом бөлу туралы қаулы қабылданды (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 79-парақ).

1925 жылдың аяғына қарай қазақ босқындарды Қытайдан қайтару жұмыстарын үйлестірумен БОАК-нің Қазақстанның Түркістандық облыстары және Қырғыз автономиялық облысында жерге орналастыру ерекше комиссиясы айналыса бастады. Босқындарды қайтару жұмысының ауқымын анықтау үшін жаңадан құрылған ерекше комиссия реэвакуация жұмыстары бойынша арнайы зерттеу жүргізіп, 1925 жылдың 21 қарашасында Қытайдағы босқындарды сатып алу, КСРО-ға жіберу және орналастыру мақсатында арнайы смета жасаған. Осы орталықпен бекітілмеген смета есебінде 100 000 сом реэмигранттардың мекендерін табу мен санын анықтау мақсатына бөлінген. Босқындарды қайтаруға шығындарының БОАК ерекше комиссиясы төрағасы М. Серафимов, жерге орналастыру бөлімі меңгерушісі Корсак, бас бухгалтер Левашевтер бекіткен смета бойынша Қытайдағы жұмыс істейтін қызметкерлердің 6 штаты анықталған. Қызметкерлер қатарында уәкіл (біреу), хатшы (біреу), мұсылманша аудармашы (біреу), қытай тілінен аудармашы (біреу), қызыләскер күзетші (он), қытай күзетші (он) қарастырылған. 50 қытай теңізін 10 кеңестік сомға тең деп есептегенде қызметкерлер штатының 4 айға айлығына 46000 теңіз, 9200 сом қаралған. Босқындар мәселесін шешуде операциялық шығындарға (14 ат, канцелярлық товарлар, шетелдік паспорт визасы) жалпы мөлшері 56 600 теңіз немесе сомға айналдырғанда 11320 сом белгіленген. Осы шығындар қатарында «онсыз болуы мүмкін емес» деген ескертпемен қытай чиновниктеріне параға, губернатор, уездік бастық, әскери губернатор және басқаларға сыйлық үшін арнайы 15000 теңіз қарастырылған. Алдын ала ойластырылмаған шығындар есебінде қарызға батып, құлдыққа түскендерді сатып алу және басқа мақсаттарға 4480 теңіз белгіленген (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 3(а)-парақ).

Босқындар реэвакуациясы бойынша смета осы жылдың 17 қаңтарындағы жер өңдеу басқармасы бастығының міндетін атқарушы Надежиннің баянхатына негізделген. Надежин көшпелі босқындардың қарызға батуы өміріне қауіпті екенін, Сибай, Солон, Чекарп сияқты қытай тайпаларының ауылдарында 100 теңіз (20 сом) қарыз өмір бойы құлдыққа, өмір бойы

түрмеге отыруға немесе аштан өлуге дейін апаратынын жазған. Надежиннің мәліметінше Каш өзені мен Іле өзенінің Құлжадан басталатын жоғарғы ағысының аңғары, Құлжа, Сүйдін және Чипандзындағы қытай поселкелері, Текес және Көксу өзендерінің аңғарындағы қалмақ қоныстары, үлкен және кіші Жұлдыз өзен аңғарындағы қалмақ қоныстары босқындар қарызға барынша батқан аймақтар саналған (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 51-іс, 17-парақ). Смета бойынша, жалпы алғанда штаттар ұстау мен операциялық шығындарға 25000 сом немесе 125 000 тецз есептелді (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 3-парақ). Ақсу, Қашқар, және Үштүрфан аудандарын зерттеу жұмыстарына 50000 сом межеленді. Босқындарды қайтару жұмыстарының ішіндегі қаржы көп жұмсалатын қарыздары үшін еркінен айрылғандар мен әйелдер мен балаларды сатып алу болды. Қытайға арнайы жіберілген уәкілдің есептеуінше Іле өлкесіндегі қарызға батқан 500 жанұя үшін 50000 тецз, Іле аймағындағы 600 әйелдер мен балаларды сатып алу үшін 60000 тецз, Қашқар-Үш-Түрфан және Ақсу аудандарында 1000 әйел және балаларды сатып алу үшін 2000 тецз қажет болды. Босқындарды қарыз тұтқыны мен құлдықтан құтқаруға жалпы мөлшері 310000 тецз немесе 62000 сом белгіленді. Қазақ-қырғыз босқындарды Отанына жіберу шығындары қатарында 2300 жанұяға жүк артатын 2300 түйе немесе ат сатып алу үшін, әр көлікті 50 сомнан есептегенде 115000 сом, 2300 жанұяны орта есеппен 20 күнде жанұя басына 20 сомнан есептегенде 46000 сом, босқындардың жолында 2 тамақтандыру пунктін жасақтау үшін 10000 сом, жалпы шығын 171 000 сом межеленді. Босқындар бойынша сметаның түсініктемесінде келушілер пайдаланатын көлік олар мекендеріне оралғаннан кейін жәрдемақы есебінде олардың иелігінде қалатыны айтылған. Қазақ-қырғыз босқындарды шаруашылық жағынан орналастыру мақсатында күзде жиналатын астыққа дейін тамақтандыру үшін 8 ай мөлшерінде бидай сатып алуға 2300 жанұяға 20 пұттан есептегенде 46000 сом, әр босқын жанұясының 2 десятина жерге 8 пұт егін егуіне 36800 сом қарастырылды (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 3(а)-парақ).

Босқындар мәселесін «түбегейлі шешуді» жоспарлаған М. Серафимовтің жер жөніндегі ерекше комиссиясы Қытайға жіберілген уәкілдердің мәліметтеріне сүйеніп 2300 шаруашылық қалғанын анықтаған. Ал НКИД-тің Құлжадағы консулдығы мәліметінде Батыс Қытайдың Іле округінде 2630 босқындар отбасы қалып отырғаны көрсетілген. Консулдық мәліметінше бұл қалған босқындардың 1150 түтінін қазақ босқындары құрайды (Аблажей, 2014: 31). Босқындардың егін себуіне, киіміне байланысты 2300 шаруашылыққа есептегенде керекті жалпы қаржы сомасы 269100 сомды құрады. Қазақ-қырғыз босқындарды Қытайдан шығарып әкелуге байланысты шаралардың жалпы сметасы 602 310 сомды құрады. Қытайдан шығарылатын әрбір босқын отбасына кететін шығын 261 сом 88 тиынға тең болды. 2300 босқындар жанұясының 850-і Қазақстанға, 1450-і Қырғызстанға тән болды. Тиісінше, қырғыз босқындарға 379720 сом, қазақ босқындар үшін 222 590 сом жұмсау көзделді (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 4-парақ).

Қытайдың Іле аумағына барып келген Б. Солтанаевтың баяндамасына сай босқындар негізінен 3 категорияға бөлінді: 1) Бір үзім нан үшін сатылған жас балалар мен әйелдер. Б. Солтанаевтың мәліметі бойынша мұндайлардың саны 600 жанды құрап, олардың жартысы Қытайдың ішкері аудандарына әкетілген. 2) Әртүрлі қарыз қыспағымен еркінен айрылғандар, олардың саны 500 жанұяны құрайды. 3) Жергілікті саудагерлер мен ірі жер иеленушілерге кіріптар болып қалғандар, олардың саны 400 жанұяны құрайды. Б. Солтанаевтың анықтауынша, үш категорияға тән босқындардың 300 түтіні – Лепсі, 150-ге жуық түтін – Қапал, 400-ге жуық түтін – Жаркент, 210-ға жуық түтін – Қарақол және 8 түтін – Пішпек уездерінен. Бұлардың жалпы саны 1068 түтін. Б. Солтанаевтың мәліметінше Қашқар-Үштүрфан ауданында 100 жанұя болса, құлдыққа сатылған балалар мен әйелдер сан 100-ді құрайды. Қашқар-Үштүрфан ауданындағы босқындар негізінен Қарақол, Пішпек және Нарын уездерінен барған қарақырғыздар (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 51-іс, 1, 1 (а)-парақтар). М. Серафимов ұсынған смета мен оның түсініктемесінде Қытайдағы босқындар жағдайын анықтау жұмысы бірінші кезекке қойылды. Осы мақсатта 1925 жылдың 28 қарашасында М. Серафимовтың атына Өміралин, Корсаков, Хлыновскийлер қол қойған хат жолданып,

ерекше комиссияның Қазақстандағы уәкілі Әлімбаев Қытайдағы қазақтар мен қырғыздар орналасқан аудандарда зерттеу жұмыстарын жүргізетін үміткерлер ретінде Үрімжі ауданыны – Төлетбек Тастеміров, Шәуешек ауданына Базарбай Мамбетовтерді ұсынды. Семей губерниясының қазақ-босқындары орныққан Шара-Сүме ауданына Семейден өкіл шақыру ұсынылды. Қырғыз-босқындар арасында анықтау жұмыстарын жүргізуге лайықты үміткер ретінде Қырғызстан обкомы мен облатқарукомы Құлжа ауданына – партия мүшелері Пахритдин Саиыпбаевты, Қашқар ауданына – Құлұмбаев Құрманалыны ұсынған (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 8-парақ). Алматыдан Ташкентке жерге орналастыру бойынша ерекше комиссияға Жетісу облыстық атқаруком төрағасы Күдербеков пен жер жөніндегі ерекше комиссия мүшесі Әлімбаев, НКВД агенті Д. К. Ступниковтер 1925 жылдың 23 қарашада жолданған жеделхатта «партия мүшесі Тастеміров Төлетбек губерниялық деңгейде жұмыс істейтіні» көрсетілген. Ал Шәуешекке ұсынылған Базарбай Мәмбетовке «партия мүшелігінде жоқ, Кеңес өкіметіне шынайы ықыласты, 20-жылдардан кеңес органдарында жұмыс істеген, аумақты жақсы білетін, босқындармен туыстық жағынан байланысты және олардың арасында беделді» - деген мінездеме берілген (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 10-парақ). Қытай аумағына босқындар мәселесін зерттеу мақсатында жіберілетін уәкілдерге арнайы нұсқаулық жасалды. «Күпия» белгісі қойылған нұсқаулыққа сай, өкілетті өкіл Қытайға бара салысымен консулға жолығып, одан тиісті тапсырмалар мен қаржы алуға тиісті. Консулдың көмегімен уәкілге Қытай аудандарын еркін аралауға мүмкіндік беретін қытай өкімет органдары беретін ашық құжат алынады (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 14-парақ).

Жерге орналастыру жөніндегі БОАК ерекше комиссияның Қытайға жіберілген уәкілі аптасына бір мәрте консулдық арқылы Ташкентке арнайы үлгіге сай жазылған ақпар жіберіп тұруға тиіс болды. Уәкілетті өкіл босқындарды қайтарудың мүмкін боларлық бағыттарын анықтаумен айналысты. Босқындарды арнайы жасақталған жинау пункттерге жинау міндеттелді. Жинақтау пунктіне келген босқындар арнайы медициналық тексеруден өтетін болды. Босқындардың жүру бағытына орай тамақтану пункттері құру көзделді.

Қытайдан келген босқындарға бір мәрте берілетін жәрдемақы көлемінің тым мардымсыздығы, олардың бұрынғы атамекенінде орнығу кезіндегі күнделікті қажеттіліктеріне жетпейтінін комиссия басшылығы да мойындаған. Жетісу губерниялық босқындар жөніндегі комиссияның жаңа төрағасы Камыниннің 1925 жылдың 6 сәуірдегі қатынас хатында жергілікті өкімет орындарын осы себептен босқындарға оларды бұрынғы мекен-жайына орналастыру, орман материалдарын тегін немесе жеңілдетілген бағамен беру, жұмысқа орналастыру, астық себуге ұрықпен қамтамасыз ету, босқындардың топталып немесе жеке еңбекке керек ірі қара алуына керекті ұсақ несие беру түрінде қолдау тапсырылды (ЖОМА 751-қор, 1-тізім, 79-іс, 40-парақ). Топталған көш түрінде оралған босқындарға ортақ құжат берілді. Мысал үшін келтірсек, ОГПУ Жетісу облыстық бөлімшесі шекара комендантының 1925 жылдың 14 қазандағы 2-Шекара участкесінің коменданты Михайлевский мен коменданттың арнайы ерекше бөлім бойынша көмекшісі Романов, уәкілетті өкіл Шаховтар қол қойған анықтамасында осы жылдың 28 қыркүйегінде Жатқамбай Тайлақов бастаған Лепсі уезі, Мақаншы болыстығы, Қарағаш мекенінің бұрынғы тұрғындары: 225 жан, 52 киіз үймен Лепсі уезінің Тоқты шатқалында тұруға орналастырылғанын хабарлаған (ЖОМА 751-қор, 1-тізім, 79-іс, 65-парақ).

«Босқындар мәселесін түпкілікті шешу» туралы 1925 жылдың жартысынан кейін мемлекеттік құрылымдарда көтеріле бастады. Бұған КСРО аумағында ауыл шаруашылық, өнеркәсіп, еңбек иммиграциясы, эмиграциясы және реэмиграциясын басқару, реттеу және әлеуметтік-құқықтық қолдау үшін 1925 жылдың 17 ақпанында Еңбек және қорғаныс кеңесінің тұрақты комиссиясының құрылуы тікеле әсер етті (Галас, 2011: 143).

Босқындарды қайтару БОАК жерге орналастыру жөніндегі ерекше комиссиясы құзырына өткеннен соң Батыс Қытайдан келушілердің еңбек құрал-жабдықтарын алып өтуіне жағдай жасалды. Осы мақсатта 1925 жылдың 23 желтоқсанында жерге орналастыру ерекше комиссиясы КСРО еңбек пен қорғаныс кеңесінің Орта Азиядағы өкілетті өкіліне жолдаған

қатынас хатында батыс Қытайдан келетін реэмигранттарға қатысты Ауғанстаннан келетін түркімен, тәжік, өзбек босқындарға қатысты қолданылған ережені қолдануды ұсынды. Еңбек пен қорғаныс кеңесі 1925 жылдың 9 шілдесінде бекіткен елге ауылшаруашылық құрал-жабдықтарды енгізу бойынша нұсқаулықта көрсетілген мөлшерден жоғары реэмигранттарға бір киіз үй, құрал-жабдықтар мен үй жиһаздарын әр адамға шаққанда 800 килограмнан алып өтуге рұқсат ету сұралды. Қатынас хатта Батыс Қытайдан келетін реэмигранттарға ерекше жағдай жасау туралы кеден мекемелеріне НКВД-тің Қытайдағы өкілдігі тапсырма беруі сұралды (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 36-парақ).

Босқындарды қайтаруға байланысты жұмыстар жерге орналастыру ерекше комиссиясына берілуімен сабақтас Қытайдағы босқындарды қайтару жұмыстары НКВД консулдары арқылы қаржыландырылды. Өңірлік жерлерге оралушы босқындардың көмек көрсету бойынша атқарукомдарда тиісті қаржы болмай қалды. Осы жөнінде 1925 жылдың 22 желтоқсанында КАССР ОАК мен жерге орналастыру жөніндегі ерекше комиссия президиумына Жетісу губерниялық босқындар комиссиясы төрағасы Күдербековтің хатында қыс түскелі Қытайдан қайтып келіп жатқан босқындар толқыны үдегені, тек 1-13 желтоқсан аралығында босқындар жөніндегі комиссия Алматы уезінде 16 шаруашылыққа жататын 89 жанды қабылдағанын көрсеткен. Келушілерге 270 сом бір мәртелік жәрдемақы берілген. Алматы уезінен Қытайға босқындардың қалдырған үй-жайлары 1918 жылы өртелгендіктен, бір бөлігінің үйлері қирағандықтан, олар баспанасыз, аш жағдайда қалған. Губерниялық босқындар комиссиясы есебінде 3000 сом ғана қалғандықтан, келушілерді орналастыру жұмыстары аяқсыз қалған (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 42, 42(а)-парақтар).

Босқындарды қайтару бойыншы жұмыстар 1926 жылы да жалғасып жатты. 1926 жылдың 8 қаңтарында БОАК арнайы қаулысында «ҚазАССР аумағына оралған жер өңдеу және мал шаруашылығымен айналысатын барлық реэмигранттарды аталған республика аумағына кіргеннен бастап бес жылға бірыңғай ауылшаруашылық салығынан босатылсын», - делінген. Осы қаулының екінші бабында бұл жеңілдікті келушілердің шаруашылық жағдайына қарай шектеу құзыреті БОАК мен РСФСР халкомкеңесінің құзырында екені көрсетілген. Қаулыға БОАК төрағасы А. Черьяков пен КСРО халкомкеңесі төрағасы А. Рыков және БОАК хатшысы А. Енукидзе қол қойған (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 130-парақ). Босқындар мәселесін үйлестіру берілген жерге орналастыру ерекше комиссиясы губерниялық босқындар комиссиясына қаржылық көмек бере алмайтын еді. 1926 жылдың 18 қаңтардағы ерекше комиссия төрағасының міндетін атқарушы Корсақтың жауабында «РСФСР халкомкеңесінің № 43 хаттамасынан үзіндісіне сәйкес жерге орналастыру ерекше комиссиясының ұсынысымен бөлінген қаржы Батыс Қытайдағы реэмигранттарды сатып алу және елге қайтару шығындарына ғана арналғандықтан, сіз сұраған босқындарды орналастыруға қатысты соманы жібере алмаймыз» - делінген. Корсак өз жауабында Батыс Қытай аумағындағы реэмигранттарды анықтау және Отанына қайтару жұмыстары жерге орналастыру ерекше комиссиясына жүктелгенін, сол мақсатта комиссия Қытайға өз уәкілдерін жіберетінін хабарлаған (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 48-парақ). Жергілікті кадрлардың наразылығын тудырған себепті кейін жабылған М. Серафимов құрған жерге орналастыру жөніндегі ерекше комиссия босқындар жөніндегі комиссия қызметіне үсті-үстіне тексеру ұйымдастырып, босқындар мәселесінде барлық инициативаны өзіне алуға тырысқаны байқалады. Батыс Қытайдағы босқындарды анықтау жұмыстарына байланысты негізгі рольді НКВД консулдарына беру арқылы ерекше комиссия ұлттық кадрларды барынша шектеуге тырысқанын байқау қиын емес. Москваға бағынатын эмиссарлық орган босқындар проблемасына бөлінетін қаржыны жергілікті атқарушы комитетке қарасты босқындар комиссиясына емес тек НКВД органдарына жіберіп отырды. 1926 жылдың 18 қаңтарында НКВД-тің Өзбекстандағы уәкілі А. Знаменский БОАК жерге орналастыру бойынша ерекше комиссиясы төрағасы міндетін атқарушы Корсакқа жолдаған құпия хатында Синьзяндағы консулдықтарға бөлу үшін өз атына жалпы мөлшері 20000 сом қаражат аударуды сұраған. Хатта қаржының 2500 сомы Үрімжідегі бас консулдығына, 5000 Қашқардағы бас консулдыққа, 5000 сом Құлжадағы консулдыққа, 2500 Шәуешектегі консулдыққа бөлініп

беріліп, 5000 НКВД уәкілінде резерв ретінде сақталатыны баяндалған (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 53-парақ). Ал осы жылдың 26 қаңтарында Корсак А. Знаменскийге жауап хатында 20000 сом қаржының оған аударылғанын хабарлаған (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 24-парақ). Қытайдан қазақ-қырғыз босқындарды қайтару шараларында белсенді тұлғаға айналған А. Знаменский БОАК жерге орналастыру ерекше комиссиясына 1926 жылдың 26 қаңтарда құпия ілеспе хат арқылы «тиісті инстанцияларда бекітілген» Синьцзяннан босқындарды реэвакуациялау жөнінде және босқындардың мүліктерін өткізу туралы нұсқаулықтарды жолдаған. Жаңа нұсқаулықтың кіріспесінде: «Батыс Қытай аумағынан бұрын Кеңестер одағында (Қазақстан мен Қырғыз автономиялық облысы) тұрған босқындарды реэвакуациялауды дайындау мен жүргізу және оларды кеңестік территорияда шарушылық жағынан орналастыру БОАК-нің Қазақстан мен Қырғызстанның Түркістандық губернияларында жерге орналастыру жөніндегі ерекше комиссияның құзырына кіреді», - делінген (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 57-парақ). Мазмұны жоғарыда көрсетілген екі нұсқаулықтан бөлек «Синьцзяннан босқындарды анықтау және реэвакуациялау бойынша алдын ала қаражатты алу мен жұмсау тәртібі туралы» тағы бір нұсқаулық қабылданған. Бұл нұсқаулықтың 1-пунктіне сәйкес, босқындар орналасқан аудандарды зерттеу және оларды реэвакуациялаудың операциялық шығындарына қаражат БОАК жерге орналастыру ерекше комиссиясынан консулдарға алдын ала төлем ретінде беріліп, соңғылардың ерекше комиссия алдында алынған қаржы бойынша есеп беретіні көрсетілген (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 61-парақ). М. Серафимов басқаратын комиссияның барлық өкілеттікті иеленуі Жетісу губерниялық босқындар комиссиясының қалыпты қызметін жоққа шығарды. 1926 жылғы 17 қаңтардағы губерниялық босқындар комиссиясының мәжілісінде Сафаровтың ағымдағы жұмыс барысы туралы хабарламысын тындағаннан кейін «бұдан әрі губерниялық босқындар комиссиясы уәкілдерін Қытайға жіберудің қажетсіздігін ескеріп, реэвакуацияға қатысты барлық жұмыстар консулдықтарға тапсырылсын» - деген қаулы қабылданды. Қытайдағы кеңестік консулдардың тікелей қызмет міндеттерінен бос еместігіне орай босқындар комиссиясы Қытайға жіберілген Д.К. Ступниковты босқындар мәселесімен айналысуға міндеттеді. Өз кезегінде Д.К. Ступниковқа губерниялық босқындар комиссиясымен тығыз байланыста болу тапсырылды. Осы мақсатта Д. К. Ступниковқа Қытайға 500 сом қаржы жіберілді (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 65-парақ). Босқындар мәселесінде жергілікті комиссия құзыретінің тарылуы әрі эмиссарлық жерге орналастыру жөніндегі ерекше комиссияның басым құқ иеленуі ұзақ жылдар бойы қалыпты жұмыс істеген босқындар мәселесі бойынша құрылымдардың жұмысын тығырыққа тіреді.

1926 жылдың 23 қаңтарында Серафимов басқаратын комиссияға РСФСР жерхалкомынан мүше болған Н.С. Сильвестров ерекше БОАК төралқасының С. Асфендияров басқарған комиссиясына жолдаған ерекше пікірінде: «Ерекше комиссияны жойылуы уақытқа сай емес. Осы комиссияны құра отырып БОАК федерациялық жер комитетімен қоса комиссияға көшпелі және жартылай көшпелі халықты орналастыру жөніндегі басқару функциясын берген болатын. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерді аяқтағанша оны жою дұрыс емес», - деп көрсеткен. Сильвестров комиссияның міндеттерін өзгертіп, оған атқару құзыреті емес, көшпелі және жартылай көшпелі халықты жерге орналастыру және мемлекеттік жер қорын анықтау мәселелерінде басқару және жоспарлау құзыреті берілу керектігін жақтаған (РМҚЗТА, 3-қор, 61-тізім, 163-іс, 56-парақ).

1926 жылдың 15 ақпанында БОАК жер жөніндегі ерекше комиссиясының № 15/с қаулысында босқындарды реэвакуациялау және орналастыру жөніндегі комиссияны қайта құру туралы шешім қабылданады. М. Серафимов өзі төрағалық еткен мәжіліске осы ерекше комиссия мүшесі Әлімбаев, жерге орналастыру бөлімі меңгерушісі Корсак, хатшы Хлыновскийлер қатысқан (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 73-парақ). М. Серафимов комиссиясының реэвакуация бойынша өкілетті уәкілі Н.В. Сатаев әзірлеген түсініктеме хатта босқындар мәселесіне орай қалыптасып отырған жағдай сараланып, реэвакуацияның жаңа тәртібі түсіндірілген. Н.В. Сатаев түсіндірме хатта босқындарды реэвакуациялаудың сәтті болуы оларды шекарадан өткенде қалай қарсы алынуына тікелей байланысты екенін ескеріп,

Жаркент пен Қорғасқа ерекше комиссияның арнайы уәкілін жіберуді ұсынған. Жерге орналастыру бойынша ерекше комиссия уәкілінің міндетіне шекарадан заңсыз өтетін босқындардың да есепке алынып, тиісті көмек көрсетілуін қадағалау кірді. Жерге орналастыру жөніндегі ерекше комиссиясының 1925 жылдың 17 ақпанында Жетісу облыстық босқындар комиссиясына жолдаған хатында босқындардың реэвакуациясын «жерге орналастыру партиясын қатыстыра отырып қайта құру үшін» осы комиссияның реэвакуация жөніндегі уәкілі Н.В. Сатаевтың жіберілгенін, оған осы міндеттерді атқаруына барынша көмек көрсетуді сұраған (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 82, 82 (а)-парақтар). Н. Сатаевтың босқындар жөніндегі құрылымды «қайта құруының» шын мәнісі босқындар жөніндегі бұрынғы комиссияны жою болды. 1926 жылдың 2 наурызында БОАК жерге орналастыру жөніндегі ерекше комиссиясының төрағасының міндетін атқарушы Өміралиннің, жерге орналастыру бөлімі меңгерушісі Корсак, іс басқарушы Хлыновский қол қойған ҚАССР жер халкомы жерге орналастыру басқармасының жерге орналастыру басқармасы орталығының бастығы Қаратілеуов, жерге орналастыру бөлімі меңгерушісі Божановтардың 23 ақпандағы № 700 сауалына жауап ретінде жолданған хатта босқындарды реэвакуациялау бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы мәлімет берілген. Хатта: «қазіргі сәтте ерекше комиссия төрағасы Серафимов жолдас және реэвакуация жөніндегі уәкіл Н. Сатаев Алматы қаласын бұрынғы босқындар комиссиясын жою және босқындар комиссиясы жұмыс істегеннен бергі қаржының қайда кеткенін, осы уақытқа дейін келген босқындар санын, қайда орналасқанын, қандай көмектер алғанын анықтауға кетті», - делінген (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 98, 98(а) -парақтар).

1926 жылдың 6 наурызында Жетісу губерниялық босқындарды реэвакуациялау және орналастыру жөніндегі комиссия мәжілісі хаттамасында «жерге орналастыру ерекше комиссияға мұсылман босқындарды реэвакуациялау, оларды таңдаған мекендеріне орналастыру және Қытайдан оралып жатқан босқындарды бақылау-қабылдау пункттері арқылы қабылдау бойынша барлық жұмыстар өтетін болғандықтан... губерниялық босқындар комиссиясы және уездік босқындар комиссияларының бұдан әрі жұмыс істеуі қажетсіз болғандықтан, осы жылдың 15 наурызынан бастап, босқындар жөніндегі комиссиялар жойылып, бұдан арғы жұмыстар мен босқындарды таңдаған мекендеріне орналастыру ісіне басшылықты жер жөніндегі ерекше комиссиясы уәкілетті өкіліне тапсырылсын», - делінген (ЖОМА 751-қор, 1-тізім, 70-іс, 7-парақ). Осы қаулыға сәйкес, уездік комиссиялар және консулдықтарға губерниялық босқындар комиссиясынан жолданған қаражаттың қалғанын жер жөніндегі ерекше комиссия қорына қайтару талап етілді. 8 наурызда губерниялық босқындар жөніндегі комиссия төрағасы Күдербековтың құрылымдық бөлімдерге «босқын органдарының қызметі жер жөніндегі ерекше комиссияға беріледі. Дереву телеграф арқылы губерниялық босқындар комиссиясы қаржысын жер жөніндегі ерекше комиссияға жіберіңіздер» - деген деген мазмұндағы жеделхаттар жолданды (ЖОМА 751-қор, 1-тізім, 70-іс, 1-парақ). Өз кезегінде 14 наурызда Лепсі уездік босқындар комиссиясы мәжілісінде жоғарыдағы губерниялық босқындар комиссиясы төрағасы жеделхатын орындау мақсатында телеграф шығынын қоса есептегенде 1920 сом 50 тиын қаржы қалғаны анықталған. Уездік комиссия төрағасы Жылысбаев, «Қосшы» одағы төрағасы Оразов, жер басқармасы меңгерушісі Мәдиев, ОГПУ коменданты Ивлиевтер қатысқан мәжіліс қаулысында губерниялық органдардан бұдан әрі уездік комиссияға түсіп жатқан қаржылық көмек сұраған босқындар өтініштерін, көктемге қарай ағылатын босқындардың келуіне байланысты жағдайларда не істеу керектігін сұрау ұсынылған (ЖОМА 751-қор, 1-тізім, 70-іс, 2-парақ).

Синьцзяннан босқындардың ағылуына орай қабылдау жұмыстарын лайықты ұйымдастыру мақсатында шекара бойында жаңа өткізу пункттері ашылды. Жерге орналастыру жөніндегі ерекше комиссия реэвакуация бойынша уәкілі Н. Сатаевтың 1926 жылдың 26 мамырдағы баяндамасында Нарынқолда тамақтандыру пунктін ашу туралы шешім 22 сәуірде қабылданғанын көрсеткен. № 49 Нарынқол шекара заставасы ақпары бойынша Текес өзені бойында Қазақстанға өту мақсатында 600 түтін қазақ-қырғыз, 60 түтін орыс, 30 жанұя тараншы босқындар шоғырлана қоныстанған. Олардың шекарадан

өтуіне алдымен түпкілікті баратын жерінің шалғайлығы және Қытай өкімет орындарының Нарынқол арқылы өтуге рұқсат етпеуі кедергі болған. Сол себептен қауіп пен қатерге толы Нарынқол тұсында босқындардың шекарадан жасырын өту фактілері орын алған. Д.К. Ступниковтың Құлжаға баруымен, оның Н. Сатаевпен жан-жақты талқылауы нәтижесінде Нарынқолда тамақтандыру пунктін ашу мәселесі шешілген. Қытай өкімет орындарының кеден салығын төлеу туралы талабын орындау арқылы Нарынқолдан басқа да жерлерде өткізу пункттерін ашу мүмкін болған. Лепсі уезіне Боротола арқылы 57 жанұя қазақ малшылар өткен. Н. Сатаевтың баяндамасында Құлжаға тері сатып алушы бейнесімен жасырын агент жіберіліп, оған босқындар арасында Отанға оралу туралы жасырын үгіт-насихат жүргізу тапсырылған. Нарынқолға барар жолда Жаркентте Ташкенттен оралып келе жатқан Құлжа консулы Вазоновпен жолыққан Сатаев екеуара әңгімеде босқындар мәселесін шешуде тамақтандыру пункттерін ашудың маңызын талқылаған. Консул Вазонов Кеңес өкіметінің босқындарға қамқорлығын көрсететін тамақтандыру пункттерінің ашылуы Отанына оралушылардың көбеюіне әсер ететінін айтқан. Н. Сатаев Шәуешекте қытай өкімет орындарының босқындарға рұқсатнама беруге тыйым салуы реэвакуация жұмыстарын азайтқан. Сол себепті Бақтыда тамақтандыру пунктін ашуға қазірше қажеттілік туып тұрмағанын көрсеткен. Ал Қорғастағы тамақтандыру пункті шекарадан заңсыз өткен босқындарды да түнде қабылдап, ГПУ органдары арқылы олардың босқын екені анықталғаннан кейін оларға тиісті көмек көрсетіліп, қоныстарына жіберіліп отырған. Шекараны заңсыз өтушілердің басым бөлігі кедейлер, кейбірінің әйел-бала шағасынан басқа жеке заттары да жоқ болған. Мұндай жолмен болмаса олардың Қытайдан шығуы неғайбыл болған (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 151-156 парақтар). Босқындардың Қытай өкімет орындарының заңдарын бұзу арқылы өткізу кеңестік органдар тарапынан орын алған жалғыз заң бұзушылық емес. ОГПУ органдары босқындар арасындағы кейбір кеңестер билігіне жау ниеттегі «керекті адамдарды» ұрлап әкету арқылы, КСРО-ға әкелу тәжірибесі орын алған. Босқындар қоныстарында кейде адамдардың ұшты-күйлі жоғалып кетуі туралы В.И. Петров өз анасының естелігіне сүйеніп баяндайды. Оның көрсетуінше Тарбағатай округінде шекараға жақын қоныстарда арнайы қонақ күтетін кештер ұйымдастырылған. Чекистер агенттері ұрлап әкету міндеттелген керек адам масаң тартқан кезде тыныстау үшін «таза ауаға» шығарылып, ары қарай ат арба, шанамен Бақты заставасына алып кетіп отырғанын жазады (Петров, 2003: 326).

Қазақ-қырғыз босқындардың тарихи мекеніне оралуы Сынцзяндағы басқа халықтардың қызығушылығын туғызған. 1926 жылы Құлжадағы кеңес консулдығының хатшысы Д.К. Ступников жергілікті қалмақтардың «Батыс Қытайдан КСРО-ға өтіп жатқандарға қосылғысы келіп» қызығушылық жасағанын, барған жағдайда халыққа жер беріле ме, малдан айырмай ма, шаруашылықты дамытуға жағдай жасалатынын білгісі келгенін хабарлаған (Синицын, 2019: 33).

М. Серафимов тобына Қазақ АССР мен Қырғыз автономиялық облысы жергілікті кеңес-партия органдарының қарсылығы жағдайында 1926 жылдың 24 мамырда БОАК жерге орналастыру жөніндегі ерекше комиссиясының атқарған жұмысын қанағаттанарлық деп бағалап, құрылымның «ары қарай жұмыс істеуінің қажеті жоқ деп тауып», жойылуын жақтап қаулы қабылдады. Ерекше комиссияның жұмысын тоқтатуының ақырғы шегі 1926 жылдың 1 тамызы болып белгіленді (РМӨСТА, 17-қор, 85-тізім, 102-іс, 31-парақ).

1926 жылдың 18 маусымында БОАК жерге орналастыру ерекше комиссиясы Қытайдан оралған реэмигранттарды орналастыру бойынша шаралар үшін қосымша қаржы бөлу туралы өтінішін қараған РСФСР халкомкеңесі: «Серафимов жолдастың татар, тараншы, қырғыз және дүнген реэмигранттардың бұрынғы мекендеріне оралғаннан кейін жер аудару және орналастыруға бөлінген несиені игеретінін ескеріп, РСФСР ХКК қосымша қорынан босқындарды жеткізуді аяқтау мақсатында 50 000 сом қаржыны БОАК ерекше комиссиясына Қытайдан оралған реэмигранттар үшін бөлуге» қаулы шығарды (ҚРОМА 938-қор, 1-тізім, 50-іс, 231-парақ).

Жер жөніндегі БОАК ерекше комиссиясының босқындар реэвакуациялау жөніндегі өкілетті уәкілі Әлімбаев уездік атқару комитеттері, жерге орналастыру партияларына, Алматы қалалық кеңесін 1926 жылдың 10 шілдесінде жолдаған циркулярлық қатынас хатында «БОАК жер жөніндегі ерекше комиссиясы биылғы жылы Қытайдан барынша көп босқындарды реэвакуациялау міндетін қойып отырғанын» атап өткен. Босқындарға көмекті уақытымен көрсетуге қажетті қаржыны өз уақытында сұрап алу үшін келген босқындар мен келіп жатқандардың дәл саны керек болды. Осы мақсатта босқындарға көмектесу жұмысының жоспарлылығын бұзбау үшін келіп жатқан босқындар туралы, олардың әлеуметтік жағдайы туралы жалпылама емес, нақты мәліметтердің жолдануы талап етілген (ЖОМА 751-қор, 1-тізім, 70-іс, 9-парақ).

1926 жылдың 2 тамызында БОАК төралқасының мәжілісінде БОАК бұрынғы Қазақ АССР-і мен Қырғыз автономиялық облысының бұрынғы Түркістан АССР-не қараған аудандарындағы көшпелі және жартылай көшпелі халықты жерге орналастыру жөніндегі ерекше комиссиясының несиелерін бөлісу туралы федералдық жер комитеті баяндамасы тыңдалды. Қаралған мәселе бойынша ерекше комиссияны таратудың мерзімі 1926 жылдың 1 қыркүйегіне дейін созылды. Қабылданған қаулының 3-пунктінде: «Қытайдан босқындарды реэвакуациялау жұмыстарын жүргізуді Қазақ ОАК мен Қырғыз облатқарукомы тиісті органдарына берілсін. Қазақ АССР-і аумағында тамақтандыру пункттерін Қазақ АССР тиісті органдарына, Қырғыз автономиялық облысыныкіні – соның органдарына берілсін. Босқындарды реэвакуациялау бойынша несие қалдығы Қазақ ОАК мен Қырғыз облатқарукомы арасында тең бөлінеді және жоспарланған қаржыландыру көлемі РСФСР ХКК тарапынан осы екі автономияларға бөлек берілетін болады» - делінген. 4- пунктке сай, зерттеу отрядын ұстауға кететін қаржы қалдығы, жер жөніндегі ерекше комиссияның осы отрядқа қатысты құқықтары мен міндеттері Қазақ АССР жер халкомына беріледі (РМҚЗТА, 3-қор, 61-тізім, 163-іс, 60-парақ). Жалпы, М. Серафимов басқарған ерекше комиссияны жою бірден іске асқан жоқ. Алдымен БОАК президиумының ерекше комиссияны жою туралы қаулысын жүзеге асыру тәртібі белгіленді. Ерекше комиссияны 1926 жылдың 1 тамызына дейін жою мүмкін болмады. 2 тамыз күнгі БОАК президиумы № 55 қаулысына сәйкес ерекше комиссияны жою осы жылдың 1 қыркүйегіне дейін шегерілді. Қаулыға сай «Қытай аумағынан босқындарды реэвакуациялау жұмыстарын жүргізу Қазақ ОАК және Қырғыз облатқарукомы тиісті органдарына берілсін. Қазақ АССР аумағындағы тамақтандыру пункттері Қазақ АССР тиісті органдарына» берілді. (ҚРОМА 74-қор, 4-тізім, 519-іс, 2, 2(а)-парақтар) Ерекше комиссияның есепшотында қалған 71 000 сомы Қазақстан, 71000 сомы Қырғызстанға тиесілі 142 000 сом қалғаны көрсетілді. (ҚРОМА 74-қор, 4-тізім, 519-іс, 6 (а) - парақ) Ерекше комиссияны жою туралы мәселе 1926 жылдың 18 қыркүйегіндегі мәжілісте талқыланды. Мәжілісте ерекше комиссияны несие бөліске түсті. Ерекше комиссия есеп шотындағы 53502 сом 94 тиынның Қырғызстан автономиялық облысына 18251 сом 47 тыйын, Қазақстанға 35251 сом 47 тыйын бөлінді. Осы жылдың 1 қазанынан бастап босқындарды қайтаруға байланысты ерекше комиссия қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді Қазақ АССР мен Қырғыз автономиялық облысы есебінен беру шешілді. Қаулының 4-тармағында босқындарды реэвакуациялау бойынша уәкілдер Н. Сатаев, Симоновтарды «ерекше комиссияның жойылғанынан хабардар ете отырып», олардың бұдан әрі колдарындағы қаржының есебін беру үшін Қазақ АССР және Қырғызстан үкіметтеріне хабарласуы керектігі көрсетілді (ҚРОМА 74-қор, 4-тізім, 519-іс, 20 (а), 21-парақтар).

БОАК жанынан құрылған ерекше комиссияның жойылуы бұрын Түркістанға қараған Сырдария мен Жетісу облыстарындағы шаруаларды жерге орналастыруда орын алған біржақтылықты тоқтатты. М. Серафимов комиссиясының босқындар мәселесін жергілікті биліктің құзырынан шығарып, орталықтан келген кең құзыретті құрылым арқылы шешу жұмыстарының сәтсіздікке ұшырағанын көрсетті.

Қорытынды

Батыс Қытайдан қазақ босқындарының реэвакуациясының 1924–1926 жылдардағы кезекті толқыны КСРО аумағындағы еңбек иммиграциясы, реэмиграция мәселелелерін «түпкілікті шешу» ұраны аясында жүзеге асырылды. Түркістан АССР-і үкімет органдары бөлімшелерінің тарапынан жүргізіліп келген босқындарды қайтару және бұрынғы мекендеріне орналастыруға қатысты шаралар тиісті қаржыландырудың жетімсіздігі себепті тығырыққа тірелді. Орта Азия республикаларындағы ұлттық-жерлік межелеу саясаты аясында Қазақ АССР-і мен Қара қырғыз АО құрамына кірген облыстар аумағына босқындар реэвакуациясын ұйымдастырумен кеңестік орталық биліктің тағы бір эмиссарлық органы – БОАК жанынан құрылған жерге орналастыру жөніндегі комиссия айналысты. М. Серафимов басқарған ерекше комиссия Қытайдағы қазақ-қырғыз босқындарының жағдайын анықтап, көшуге пейілді реэмигранттарды анықтау мақсатында Синьцзянға өкілдер жіберді. Ерекше комиссия өкілдері қатарында босқындардың арасына беделді ұлттық қызметкерлер Белек Солтанаев, Базарбай Мәмбетов, Төлетбек Тастеміров, Құрманәлі Құрымбаев, Н. Сатаев, Әбдірахман Әміровтер жіберілді. Уәкілетті өкілдер Қытайдағы қайтуға ниетті қазақ-қырғыз босқындар саны 2300 шаруашылықты құрайтынын анықтады. Ендігі жерде босқындар реэвакуациясын қаржыландыру КСРО сыртқы істер халық комиссариатына қарасты Батыс Қытайдағы консулдар арқылы жүзеге асырылды. Арнайы өкілдер қайтарылуға тиісті шаруалар санын анықтап, олардың шекарадан еңбек құрал-жабдықтарымен, малдарымен өтуіне жағдай жасауға тиіс болды. Шекара өткізу пункттері жанында күзет-карантиндік белдеуі, реэмигранттарды тамақтандыру пункттері құрылды. Босқындарды қарыз тұтқыны мен құлдықтан құтқаруға арнайы қаржы бөлінді. М. Серафимов бастаған жерге орналастыру жөніндегі ерекше комиссия өзінің негізгі жұмыс бағыты бойынша жер өлшеу, тұрғындарды орналастыру бойынша Түркістан құрамынан Қазақстан мен Қырғызстанға берілген облыстардағы қалыптасқан жағдайды шиеленістіріп жіберді. Мәселе, Жетісудағы орыс-украин шаруалары қоныстанған аумақта Калинин атындағы автономиялық облыс құру туралы М. Серафимов комиссиясының ұсынысынан кейін тіпті ушығып кетті. Жергілікті кадрлар, атап айтқанда, С. Асфандияров партиялық-кеңестік жоғары билік тармақтарына жерге орналастыру бойынша ерекше комиссияны жою керектігін арнайы хатпен жеткізді. М. Серафимовтың БОАК бойынша жақтастары арнайы комиссияны жою, оның міндеттерін жергілікті жер өңдеу комиссариаттарына беру туралы шешімнің орындалуын барынша кешіктіріп бақты. 1926 жылдың қазан айына қарай арнайы комиссия жойылып, оның босқындарға қатысты құзыреті Қазақ АССР жер халық комиссариатына берілді.

Дереккөздер

АОМА — Алматы облыстық мемлекеттік архиві
 ЖОМА — Жетісу облысының мемлекеттік архиві
 КРОМА — Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архиві
 РӨСТМА — Ресейдің әлеуметтік-саяси тарихының мемлекеттік архиві

Sources

ASAR — State Archives of Almaty Region
 CSARK — Central State Archives of the Republic of Kazakhstan
 RSASPH — Russian State Archive of Socio-Political History
 ZhSAR — State Archive of Zhetysu Region

Әдебиеттер

Абдуллаев, 2009 — *Абдуллаев К.Н.* От Синьцзян до Хорасана. Из истории среднеазиатской эмиграции XX века. Душанбе: Ирфон, 2009. 571 с.
 Аблажей, 2014 — *Аблажей Н.Н.* Казахский миграционный маятник «Казахстан-Синьцзян» Эмиграция. Репатриация. Интеграция. Караганды: «Болашақ-Баспа», 2014. 273 с.
 Атанатаева, 2008 — *Атанатаева Б.Ж.* Казахстанско-китайские межгосударственные миграции в середине XIX – начале XXI вв. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук. Алматы, 2008. 51 с.
 Бармин, 1998 — *Бармин В.А.* Советский Союз и Синьцзян (Региональный фактор во внешней политике Советского Союза). Барнаул: Изд-во БГПУ, 1998. 214 с.

- Будянский, 2007 — *Будянский Д.М.* История беженцев-кыргызов (1916–1927 годы). Бишкек, 2007. 196 с.
- Галас, 2011 — *Галас М.* Государственный механизм регулирования трудовой иммиграции и реэмиграции в СССР в 20-е гг. // *Власть*, 2011. № 3. С. 139–146.
- Кыдыралина, 2009 — *Кыдыралина Ж.У.* Нация и история. Астана: Елорда, 2009. 304 с.
- Мұхаметханұлы, 2021 — *Мұхаметханұлы Н.* Халықаралық феномен: қазақ халқының бөлінуі мен тұтастану үдерісі: монография. Алматы: Қазақ университеті, 2021. 250 б.
- Петров, 2003 — *Петров В.И.* Мятежное «сердце» Азии: Синьцзян: краткая история народных движений и воспоминания / Василий Игнатьевич Петров. Москва: Крафт, 2003. 525 с.
- Саяси қуғын-сүргін құрбандарын, 2022 — *Саяси қуғын-сүргін құрбандарын* толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20–50 жылдары) – Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессии (20–50 годы XX века). Т.5: Вынужденные беженцы. Сборник документов и материалов / Составители: К.Н. Балтабаева, Р.К. Айдарбаева, Ш.Б. Тлеубасев, Қ.Ж. Нұрбай, Р.Е. Оразов/ Под общей редакцией Е.Т. Карина. Астана, 2022. 640 с.
